

Ата әс-Сынбати  
Мұхитдин Исаұлы

# ОТБАСЫ ҒЫЛЫМХАЛЫ

(ХАНАФИ МӘЗҒАБЫНЫҢ  
НЕГІЗІ БОЙЫНША)



«Нұр-Мұбарак»  
баспасы  
Алматы, 2011

УДК 297  
ББК 86.38  
И 83

*Қазақстан мұсылмандары  
діни басқармасының сараптау  
комиссиясы мақұлдаған*

***Пікір жазғандар:***

**Мухаммәд Махфуз**

*Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Исламтану  
факультетінің деканы, Ислам ақида ғылымының докторы, профессор*

**Мухаммәд әл-Жунди**

*Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің аға оқытушысы,  
Ислам Құран ғылымның докторы*

Исаұлы М.

И 83 Отбасы ғылымхалы - Алматы: «Нұр-Мұбарак»  
баспасы, 2011 - 360 бет.

ISBN 978-601-7071-15-8

Қос автордың бұл еңбегінде Ислам дініндегі «халал мен ха-  
рамдар және отбасына қатысты бала мен ерлі-зайыптылардың  
өзара құқықтары және неке, талақ туралы түсіндіріліп, көкейтесті  
сан алуан сауалдарға ғылыми тұрғыдан жауап беріледі.

Кітап жоғары оқу орындарына, имамдарға және жалпы  
мұсылман қауымға арналған.

***Редакторлары:***

*Кұлпара Жұмағали, Дәкібай Айдарбекұлы*

УДК 297  
ББК 86.38

ISBN 978-601-7071-15-8

© Исаұлы М., 2010

## АЛҒЫ СӨЗ

Күллі мадақ пен мақтау барша ғаламды жаратқан Аллах Тағалаға тән!

Адамзатты қараңғы қапастан құтқарып, мәңгілік бақытқа жеткізу мақсатымен рақым етіп жіберілген адамзатты ақырғы елшісі – Мұхаммедке сәлем жолдап, мың сан салауат айтамыз!

Біздің алдымызда екі ғалымның аса құнды кітабының қолжазбасы жатыр. Кітап авторлары исламдағы фикһ саласының мамандары. Дінде орта жолды ұстана білген әрі дінге жаны ашыр жандар.

Бұл кітап «Исламдағы адамдардың жағдайлары» атты еңбектің кіріспесі болып табылады. Отбасы болудан бастап барлық қарым-қатынастарды қамтитын кітап. Осы кітап сырға салу, неке қию, бала тәрбиелеу, отбасындағы нәпақа мәселесі, жұбайлардың арасындағы қарым-қатынас, олардың өз ара болатын міндеттері мен хақтары, жұбайлардың бірге өмір сүруге мүмкіндігі болмағандығы нәтижесінде туындайтын «талақтың» ажырасу үкімдері және сол секілді әр отбасында зор орын алатын маңызды тақырыптарды қамтыған.

Бұл кітапта фикһ-шариғат ғылымының докторы Ата әс-Сынбати мен Құран (тәпсір) ғылымының докторы Мұхитдин Исаұлы көптеген дәлелдерді жинап бар күш-жігерін салып, көптеген қажетті мағлұматтарды қамти отырып жазғандығы көрініп тұр. Менің көзқарасым бойынша бұл кітаптың өзекті тақырыптарында «фәтуа» үкім шығаратын имамдарға, сол секілді қазақ халқының арасында Ислами іліммен сусындаған шәкірттерге көптеген

пайда алып келеді. Сонымен қатар отбасындағы қарым-қатынастар мәселесінде шариғи ілімге қол жеткізем деген қарапайым сабырлы оқырман кітапты оқу арқылы айтарлықтай жетістікке жетеді.

Шын мәнінде бұл әрбір отбасы үшін аса қажет әрі құнды кітап, бір жағынан алғанда бұл отбасының рухани шежіресі іспетті. Мәселен кітаптағы бір ғана тарауды мысалға алалық.

«Отбасы ғылымхалында» қос ғалым әрбір пенденің ата тек шежіресіне қатысты арнайы тарау берген. Бұл тақырыптың Ислам әдебиеттерінде, ғықпта үлкен маңызға ие екені мәлім. Кітапта тек яғни нәсәбтің қандық және туыстық ерекшеліктері бүге шігесіне дейін ғылыми негізде қарастырылған. Әуелі осы сөздің терминдік ерекшелігіне кеңінен тоқталған соң, төмендегідей тақырыптарда бұл мәселені тереңдеп ашып берген. Әрбір қарастырылған тақырып аятпен нақтыланып отырады:

Аллаһ Тағала Құранда:

وَهُوَ الَّذِي خَلَقَ مِنَ الْمَاءِ بَشَرًا فِجَعَلَهُ نَسَبًا وَصِهْرًا وَكَانَ رَبُّكَ قَدِيرًا

«Судан адам жаратып, оны ұрпақ және туыстыққа (қан және үйлену арқылы) айналдырған Сол. Раббыңның барлық нәрсеге күші жетеді»<sup>1</sup>.

فَإِذَا نُفِخَ فِي الصُّورِ فَلَا أَنْسَابَ بَيْنَهُمْ يَوْمَئِذٍ وَلَا يَتَسَاءَلُونَ

«Сұр үрленген кезде сол күні адамдар арасындағы туыстық қатынас жоғалады. Олар бір бірлерінің ата тек-

<sup>1</sup> Фуркан сүресі, 54.

терін сұрамайды»<sup>2</sup>. Бір адамнан тараған нәсілге «ұрпақ» деп айтады. Құранда

يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنَّا خَلَقْنَاكُمْ مِنْ ذَكَرٍ وَأُنْثَىٰ وَجَعَلْنَاكُمْ شُعُوبًا  
وَقَبَائِلَ لِتَعَارَفُوا

«Ей, адамдар Біз сендерді бір еркек пен бір ұрғашыдан жараттық»<sup>3</sup>. «Аллаһ Адамды, Нұхты, Ибраһим отбасын және Имран отбасын таңдап әлемдерге үстем етті. Бұлар бір бірінен тараған ұрпақтар»<sup>4</sup>.

Сонымен қатар, осы нәсәбқа қатысты тарауда төмендегідей мәселелер арнайы зерттеліп, оқырманға ұғынықты тілмен баяндалғанын атап өткен жөн:

Баланың ата тегінің айқын болу жолдары; Үйленудегі ата тектің дұрыс болуы; Ер кісінің әке бола алатындай ерекшелігі болуы; Туудың үйлгенген соң алты ай мен жүктіліктің ең ұзақ мерзімі арасында жүзеге асуы; Некелескен соң ерлі зайыптылардың қосылуларына мүмкіндіктің болуы; «Фасид» жарамсыз үйлену; Күмәнді төсек қатынасы; Ата текті анықтаудың жолдары; Сүт ему және сүт туыстығы; Үйленуді харам еткен сүт емудің шарттары; Сүт ему жолы арқылы үйленуге тыйым салу мәселесі. т.б.

Кітаптағы «Исламда атастыру, сөз салу, құда түсу» тарауы да қазіргі таңдағы аса өзекті мәселе. Жалпы әлем халықтарының ішінде қан тазалығы жағынан қазақ халқы оқ бойы озық тұр. Қазақ халқының үйлену дәстүріндегі жеті атадан кейін барып қосылу мәселесі шын мәнінде үлкен тектіліктің айғағы екені күмәнсіз. Осы мәселе ая-

<sup>2</sup> Муминун сүресі, 101.

<sup>3</sup> Хұжұрат сүресі, 13.

<sup>4</sup> Әли Имран сүресі, 33.

сында қос ғалымның еңбегін ерекше айтып кету керек. Кітап авторлары дәстүрдің озығы мен оның діни, шариғи қисындарына да кеңінен тоқталып, бұл тақырып барысында:

Үйленетін ермен әйелдің бір-бірін көруі; Күйеу жігіт пен қалыңдыққа тыйым салынған нәрселер; Құда түсіп, атастырудың пайдасы; Құда түскісі келетінін «исти-хара» (намазын оқығанға) және келісімге дейін жасыра тұру; Құда түсіп қойған қалыңдыққа басқа адамның құда түсуінің үкімі; Үйленудің заңдылығына қатысты дәлелдер; Жасырын, құпия некенің үкімі; Қан туыстығы; Қайын жұрттық (сихри) туыстық; Сүт туыстығы; Дін айырмашылығы; Үш талақтан туған үйлену кедергісі; Көп әйелге қатысты үйлену кедергісі тәрізді мәселелерді жеке жеке таратып, жан жақты талдайды.

Еңбектің ғылыми негізі дәйекті әрі терең, фықһ ілімінің жүйесін ұстанған. «Отбасы ғылымхалы» әрбір мүміннің үйінің төрінен табылатын еңбек деп сенемін.

Сөз соңында, қазақ қоғамы қазіргі таңда осы кітап қамтыған тақырыптарды оқудағы қажеттілігінде сөз жоқ. Хақ Тағала игі істерімізді қабыл етіп бұл кітап иелерінің амал дәптерлеріне мол сауап жазуын жалбарына сұраймын. Аллаһ Тағала барлығымызға һидаят бергей!

### **Рида әд-Дақиқи**

*Ислам (ақида) ғылымының докторы, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің Ашық сабақ беру және мәдениет орталығының директоры, Исламтану кафедрасының ұстазы*



## I БӨЛІМ

# ХАЛАЛ МЕН ХАРАМ

*«Бүгін сендерге жақсы нәрсе халал етілді»*

*«Бақара» сүресі*

*«Аллаһ жер бетіндегі барлық нәрсені сендер үшін жаратты»*

*«Бақара» сүресі*







## ХАЛАЛ МЕН ХАРАМНЫҢ АРАЖІГІ

Аллаһ Тағала жер бетіндегі барлық жаратылысты адам игілігі үшін жаратқан. Бұл оның адамзатқа деген ерекше шарапаты. Бұл туралы Құранда:

هُوَ الَّذِي خَلَقَ لَكُمْ مَا فِي الْأَرْضِ جَمِيعًا ثُمَّ اسْتَوَىٰ إِلَى السَّمَاءِ  
فَسَوَّاهُنَّ سَبْعَ سَمَوَاتٍ وَهُوَ بِكُلِّ شَيْءٍ عَلِيمٌ

**«Аллаһ жер жүзіндегі барлық нәрселерді сендер үшін жаратты»<sup>5</sup>**, - деп тікелей айтылады. Бірақ осы жер бетіндегі нәрселердің бәрін адамзат пайдаланса да, ішім-жемге келгенде солардың ішінен халалын ғана ішіп-жеуге тиісті. Алайда адам баласы қайсысының халал, қайсысының харам екенін біле алмайды. Сол себепті Хақ Тағала шарифат заңында сол халал мен харамды ажыратып бөліп көрсеткен. Яғни жер бетіндегі жеуге қатысты нәрселердің қайсысын Құдай Тағала «халал» деп көрсеткен болса, онда ол халал, қайсысын «харам» деп көрсетсе, ол харам болмақ. Жаратқан Жаппар Иеге иман келтірген бір мұсылман әсте «мынау нәрсе маған пайдалы, ендеше, бұл халал болуы керек, мына нәрсе пайдасыз, ендеше, харам болуы керек» демей, Аллаһтың шарифатына мойынсұнуы парыз. Пенде білмейді, Жаратқан біледі. Сондықтан «Маида» сүресінде: **«Бүгін сендерге жақсы нәрсе халал етілді»<sup>6</sup>**, - десе, «Ағраф» сүресінде **وَيُحِلُّ لَهُمُ الطَّيِّبَاتِ وَيُحَرِّمُ**

<sup>5</sup> «Бақара» сүресі, 29.

<sup>6</sup> «Мәида» сүресі, 5;

عَلَيْهِمُ الْخَبَائِثُ «Жақсы нәрселерді халал, жаман нәрселерді харам қылады»<sup>7</sup>, - деп айқындап берген.

Ендеше Құран мен хадистерде халал мен харам еттер туралы үкім айтылған. Осы заңдылыққа толықтай көз жүгіртетін болсақ, Құран мен сүннетте еті халал жан-жануарлардың тізімін емес, тек қағида өлшемдермен ғана шектелгенін байқаймыз. Олай болса, шарифатта айтылмаған жан-жануарлар сол өлшемдерге қатысты халал мен харам болып бөлінбек.

### Құрлықтағы жан-жануарлар

Еті халал жан-жануарлар.

1. Сиыр, қой, ешкі, түйе, қоян, тауық, қаз, үйрек, күркетауыз түріндегі үй жануарлары.
2. Киік, арқар, ақбөкен, бұғы, тауешкі, зебра секілді жабайы жануарлар. Көгершін, торғай, бөдене, қырғауыл, қараторғай, тырна тәрізді құстардың еттерінің халалдығы жөнінде ғұламалар арасында ауызбірлік бар. Осы айтылғандардың бір бөлігінің халалдығы туралы Құранда айтылса, қалғандары Құрандағы «жендер» деген қағидаға сай жақсы және таза топтан саналған. Бұлардың жыртқыш болмағаны, яғни азуларында ұзын және үшкір немесе шеңгелімен ұстап аң ауламайтыны және өздерін қорғана алмайтыны айқындалған.

Бұл жерде аққу құс та халалға жатады.

Бірақ қазақ халқы оны ежелден пәктігіне және адалдығына қарай «киелі құс» санап жемеген. Тіпті «аққуды атпа, досыңды сатпа» деп, оны ату досын атқанмен бірдей деп қараған. Ендеше бұрынғы

---

<sup>7</sup> «Ағраф» сүресі, 157.

қазақ ғұламалары әлдебір хикметке сай пәтуәсін берсе керек...

3. Шегіртке де сүннетте жеуге болатыны туралы үкім болғандықтан халал жануарлар тобынан орын тепкен<sup>8</sup>.

Ғалымдар арасында еттерінің харам екендігіне ауыз бірлігі бар жан-жануарлар болса, үш топқа бөлінеді.

1. Доңыздың харамдығына қатысты Құранда ашық үкім бар<sup>9</sup>. Құранда түр ретінде тыйым салынған тек осы доңыз ғана.
2. Аллаһтан өзге бір нәрсенің атымен бауыздалған жануарлардың еттерінің харам екендігіне де Құранда ашық үкім бар. Ислам діні – тәухид діні. Барлық жандыны да жансызды да, жаратқан Аллаһ Тағала. Ендеше мал сойғанда тек Жаратқанның атымен сою – парыз. Оған серік қосуға болмайды.

### ***Құрметті қонаққа және марқұмға арнап мал союға бола ма?***

Кейбір салтанаттарда, я болмаса шалғайдан қадірлі қонақ келсе соған арнап мал союға болады. Құранда хазіреті Ибраһим пайғамбардың үйіне періштелер адам бейнесінде қонақ болып келгенде соларға арнап бұзау шалғаны мәлім. Сондықтан шалынған малдар Аллаһтың атымен аталып шүкіршілік мақсатпен және өмірден қайтқан кісіге сауабын бағыштау әрі оның күнәларына кәффарат садақа ниетімен шалынатын болса, мұның ешбір ағаттығы жоқ. Алайда әлдебір кісіні киелі тұтып, яки әулиенің басына барып малды тікелей соған арнап, сол

<sup>8</sup> Бухари, «Зәбәих», 13; Муслим «Зәбәих», 52.

<sup>9</sup> Доңыздың харам етілгеніне қатысты қараңыз: «Бақара» сүресі, 173.

кісінің аруағынан медет күтіп, Аллаһ Тағала емес соған жақындайын деген ниетпен Аллаһтың атымен шалса да бұл жерде жасырын серік қосу болғандықтан, шарифатқа қарсы шыққан болып есептеледі. Қашан да үкім берерде Хақ Тағаланың өлшемімен қарау парыз.

3. Сондай-ақ мұсылмандық әдеп бойынша сойылмаған не болмаса өз-өзінен өлген малдың еті харам екендігі де Құранда ашық айтылған. «Бақара» сүресінде: *«Шынайы түрде сендерге өлексені, (арам өлген малды), қанды, доңыз етін және Аллаһтан басқаның атымен бауыздалғанды харам етті»<sup>10</sup>*, - деп айтылса, «Маида» сүресінде: *«Сендерге өлексе, аққан қан, доңыз еті және Аллаһтан басқаның атымен бауыздалған мал харам етілді. Сондай-ақ, буынып, ұрылып, құлап, сүзіліп өлген малдар және жыртқыш аң жеп кеткен мал да – харам. Бірақ (жаны шықпай) бауыздағандарың бұған жатпайды. Және тігілген тасқа (пұтқа) арнап бауыздалған мал ... сендерге харам етілді»<sup>11</sup>*, - деп айтылып, аяттың үкімін айқындаған.

Әуелгі аятқа көз салсақ, үш түрлі мал етінің харамдығы айтылған. Атап айтқанда, өлген малдың еті, доңыз еті және Аллаһтан басқаның атымен бауыздалған малдың еті. Екінші аятта осылар қайталануымен қатар бұдан бөлек алты бап берілген. Бірақ осылардың бесеуі (буынып, ұрылып, құлап, сүзіліп өлген және жыртқыш аң жеп кеткен мал) негізінде алғашқы аяттағы бірінші бапқа жатады. Яғни бұлар да өлексе тобына кіреді. Ал алтыншы бап (тігілген тасқа, пұтқа арнап бауыздалған мал) бірінші

---

<sup>10</sup> «Бақара» сүресі, 173.

<sup>11</sup> «Маида» сүресі, 3.

аяттың ақырғы бабына жатады. Яғни Аллаһтан басқаның атымен бауыздалғандар. Осы аяттарда көрсетілген мал еттерінің харам екендігі тұрғысында барлық Ислам ғұламаларының ауызбірлігі бар.

Осы топтардан басқа жан-жануарлардың еттерінің халал мен харамдығы туралы ғұламалар арасында түрлі көзқарастар бар.

1. Жыртқыш аңдар тобына жататын, яғни астыңғы мен үстіңгі жағындағы төрт ұзын және үшкір тістерімен тістеп аулайтын және өзі де осы жол арқылы қорғанатын (қолға үйренсе де, үйренбесе де) қасқыр, арыстан, қабылан, барыс, маймыл, шибөрі, ит, мысық сияқты жануарлар мен шеңгеліне бүріп аулайтын бүркіт, сұңқар, күшіген сияқты жыртқыш құстар сонымен қатар дәл осындай ерекшелікте болмаса да, жалпы алғанда, өлексе жейтін құзғын, қарға сияқты құстар, жаратылысы тұрғысынан жиіркенішті көрінген тышқан, жылан сияқты жәндіктер, шаян, шыбын, өрмекші тәрізді ұсақ жәндіктер ғұламалардың басым көпшілігінің көзқарастарында харам саналған.
2. Сондай-ақ түлкінің еті ханафилерден Әбу Жүсіп және Имам Мұхаммед бойынша халал саналса да, ханафиде көбінесе Имам Ағзам бойынша харам саналған. Ежелден қазақ халқы да Әбу Ханифаның көзқарасын ұстанып терісін алғанымен етін жеменген. Сонымен қатар аю да Ханафи және Шафиғи мәзһабында харамға жатады. Әрі тауыс құсы мен тотықұс Шафиғи мәзһабына қарай харам болғанмен қалған үш мәзһаб бойынша халал саналған. Ал кірпі болса Ханафи мен Ханбалилер бойынша харам,

Шафиғи мен Мәликилердің көзқарастарында халал саналған.

Сонымен қатар Ханафи бойынша тиін, бұлғын, кәмшәт, құндыз, қорқау, кесіртке, ақ тышқан (сусар тұқымдас), лашын, кезкүйрық, құзғын, жапалақ, қаршыға, тасбақа, көртышқан, ұлу, құрт-құмырсқа, шыбын-шіркейлер түгел харам.

Сондай-ақ хадисте бар яки бір хадиске қатысты халал немесе харамдығына сай қилы көзқарастары бар жан-жануарлар да бар. Олар төмендегіше:

**Бірінші:** Қоян еті төрт мәзһаб бойынша халал болумен қатар кейбір сахаба мен табиғиндардың көзқарастарында және мүштәһид имамдардан ибн Әбу Ләйлә бойынша тахримән мәкрүһ саналған.

**Екінші:** Жылқы еті төрт мәзһабтың жалпы көзқарасына қарай халал саналған. Имам Ағзамға келсек, тахримән мәкрүһ саналған. Бұл жерде жылқы етінің мәкрүһ саналуы жылқының лас болуында емес, керісінше жылқының соғыста мінілетіндігіне қатысты екендігін көптеген ғалымдар алға тартады. Әйтсе де кейбір деректе Әбу Ханифа жылқы етін тахримән (харамға жақын) емес, тәнзиһан (халалға жақын) мәкрүһ деген көзқарасын білдірген. Яғни Ибн Аббас, Имам Мәлік және Әбу Ханифа секілді кейбір ғұламалар Құрандағы

وَالْخَيْلَ وَالْبِغَالَ وَالْحَمِيرَ لِتَرْكَبُوهَا وَزِينَةً وَيَخْلُقُ مَا لَا تَعْلَمُونَ

*«Жылқыларды, қашырларды және есектерді мініс, әрі зейнет үшін жаратты»<sup>12</sup>* аятын негізге ала отырып, жылқы етін жеуді мәкрүһ санаған. Олардың көзқарастары

---

<sup>12</sup> «Нахыл» сүресі, 8 аят.

бойынша осы аятта тағам туралы айтылмайды. Алайда осы аяттан алдыңғы аяттағы малды жеу туралы айтылған.

Сондай-ақ жылқы етін мәкрүһ санаған Әбу Ханифа сынды ғұламалар осы аяттан басқа Халид ибн Уәлидтен бізге жеткен мына хадисті дәлел етіп көрсетеді. Хадисте: «Аллаһ елшісі жылқы етіне тыйым салды»<sup>13</sup> деп айтылады.

Жылқы етін ешқандай мәкрүһ емес, халал деп баға бергендерге келсек, олар да хадиске жүгінген. Атап айтқанда Бухаридағы мына хадисте:

حَدَّثَنَا الْحُمَيْدِيُّ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ حَدَّثَنَا هِشَامٌ عَنْ فَاطِمَةَ عَنْ أَسْمَاءَ  
قَالَتْ نَحَرْنَا فَرَسًا عَلَى عَهْدِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ  
فَأَكَلْنَاهُ

Әби Бәкірдың қызы Әсмә (р.анһа): «Біз Аллаһ елшісінің заманында бір жылқы сойдық. Сол кезде біз Мәдинада болатынбыз. Бәріміз соны жедік»,<sup>14</sup> – деп Мәдина қаласында жылқы сойып жегендерін анық айтқан. Егер жылқы еті мәкрүһ, яки харам болғанда Пайғамбарымыз тыйым саялар еді. Алайда Хақ елшісі олардың сойып жегендерінен хабары болса да ләм-мим демеген.

Және Бухаридағы бір хадисте сахаба Жабир:

عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ قَالَ نَهَى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ  
عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوْمَ خَيْبَرَ عَنْ لُحُومِ الْحُمْرِ وَرَخَّصَ فِي لُحُومِ الْخَيْلِ

<sup>13</sup> Әбу Дәууд, Нәсәи, Ибн Мәжә Халид ибн Уәлидтен жеткізген. Насбур-Рая, 4/196.

<sup>14</sup> Бухари, Саид, 24, 27; Муслим, Саид 36; Нәсәи, Дахая, 33.

*«Хайбардың (жеңісі кезінде) кезінде Аллаһ елшісі үй есегінің етін жеуге тыйым салды. Бірақ жылқыға рұқсат берді»,<sup>15</sup>* – деп жеткізеді.

Осы хадистер Бухари мен Муслимде бар болғандықтан, алғашқыдан – дәрежесі жоғары. Және Құранда жылқы туралы айтылғанмен етін жеуге тыйым салмаған.

Осы хадистерге көз салсақ, жылқы етін Мәдина кезеңінде жегені айтылған. Ал Мекке кезінде жылқы еті туралы ешқандай дерек жоқ. Әрі Пайғамбарымыз жылқы етін жеуге рұқсат берсе де, өзі жылқы етін жемеген.

Меніңше, бұл жерде мынадай хикмет бар секілді. Егер Аллаһ елшісі өзі де жылқы етін жегенде қуатты сүннет болып Мәдинада жылқы етін жеу дағдыға айналар еді. Алайда Мәдина кезеңі – жиһадтың басталған кезеңі. Ол кезде сахабаларда жылқы аз болатын. Сондықтан аттарды соғыста мінетін болғандықтан, оларды көбейту, бағу кезек күттірмес мәселе еді. Әрі сахабалар жылқыны Хайбар қамалын алғаннан кейін жейді. Бұл кезде мұсылмандар мықты мемлекет болған кезі еді. Һәм сол арқылы Пайғамбарымыз жылқының халалдығын да алға тартқан.

Екінші мәселе – жылқы етінің мықтылығы. Жалпы жылқы етін көбінесе суық жақта тұратындар көбірек жейді. Мысалы, қазақ халқының өзі ежелден жылқы етін жазға қарағанда соғымға сойып, көбінесе қыс кезінде жеп келген. Өйткені жылқы еті, қазы-қарта, жал-жая суық күнде адам бойын қуаттандырып, денесін қыздырып отырады. Қыстың қақаған аязында жылқының сорпасын ішкен адамның өзі суықтың не екенін сезе бермейді. Өзбекстанда күн ыстық болғандықтан өзбек халқы жылқы етін көп жемейді. Ал

---

<sup>15</sup> Бухари. Сайд. Әбу Дәууд, Әтимиә 26; Нәсәи, Саид, 32; Тирмизи, Әтимиә, 5.



енді осындай қазы-қартаны сіз Меккеге барып күннің 60 градус аптапты ыстығында жейтін болсаңыз, халіңіздің не болатынын ойлап көріңіз. Айтқандай-ақ, қай бір жылы қазақтың кейбір қажылары Меккеге жылқы етін апарып асып жеп ыстықтан күйіп кете жаздаған. Сондықтан араб халқы жылқы етін жемейді<sup>16</sup>. Меккеге қарағанда Мәдина әлдеқайда салқынырақ. Сондықтан сахабалар қыстың салқын күндері жеген де болуы мүмкін. Жылқының осындай ерекшеліктеріне орай Пайғамбарымыз өзгелерге рұқсат беріп, өзі жемей әр түрлі елдердегі үмбетіне ерік берсе керек. Ал Халид ибн Уәлидтің *«Пайғамбарымыз жылқы етін жеуге тыйым салды»*, – дегеніне келсек, шамасы Аллаһ елшісі сол сөзін аптапты ыстық күндердің бірінде яки ғазауат кезінде айтқан болуы да мүмкін. Әрі Әбу Ханифа да осы хадистегі *«тыйым салды»* дегенді харам деп емес, тәнзиһан мәкрүһ деп ұққанын ескерсек осы пікірді қуаттағанын аңғарамыз. Дұрысын – бір Аллаһ біледі.

**Үшінші:** Үй есегінің етіне келсек, төрт мәзһабтың бәрі бірдей харам деп үкім берген. Әрі оған жоғарыдағы *«Аллаһ елшісі үй есегінің етін жеуге тыйым салды»*<sup>17</sup>, – деген хадис дәлел.

---

<sup>16</sup> Анадолы түріктерінің жылқы етін мүлде жемеуіне келсек шамасы олар арабтармен етене араласқандықтан яки жергілікті халықтың салтына сай туындаса керек. Әрі осыдан мың жылдай уақыт бұрын сол жаққа қоныс аударған жауынгер ата-бабаларының аттарды соғыста аса қажетті болғаны үшін жеуге тыйым салған дәстүрінен туындаған да болуы мүмкін.

<sup>17</sup> Сонда.

### **Борсықтың майын ем ретінде ішуге бола ма?**

Борсық – жұмыр денелі, сүт қоректі, сусар тұқымдас жыртқыш аң<sup>18</sup>. Жалпы атам қазақ борсықты жақсы аңға баламаған. Мысалы, «борсықтай ұрған сайын семіреді» (мақал), «борсықша сорды» т.б. Тіпті ауыспалы мағынада: «Ел үстінен күн көрген арамтамақ» деп айтылған. Ендеше, ежелден қазақ халқы борсықтың харамдығын жақсы білген. Ал бір хайуанның еті харам болса, оның майы да харам болмақ. Ендеше, борсықтың майы халал емес. Ал, зәрулікке келсек, ол басқа мәселе. Бүгінгі таңда оның орнын басатын өзге дәрі-дәрмек жоқ деудің қисыны келмейді.

### **Судағы жан-жануарлар**

Құранда теңіздегі жан-жануардың халал екендігі айтылған. «Маида» сүресінде: *أَحِلَّ لَكُمْ صَيْدُ الْبَحْرِ وَطَعَامُهُ*: **«Сендерге теңіз аңы және оны жеу халал етілді»**, – деп айтылса<sup>19</sup>, «Фатыр» сүресінде: *وَمِنْ كُلِّ تَأْكُلُونَ لَحْمًا طَرِيًّا*: **«... Әрбірінен жас ет (балық) жейсіңдер»**,<sup>20</sup> – деп берілген. Аллаһ елшісінен де теңіз жайлы сұралғанда: «Оның суы таза, өлісі халал», – деп жауап берген<sup>21</sup>.

Ислам ғұламалары осы аят пен хадистерді негізге ала отырып пікір білдірген.

1. Балық түрлері барлық мәзһабтар бойынша халалға жатады. Оларды бауыздап жатудың қажеті жоқ. Алайда Ханафилер бойынша, суда өздігінен өліп су бетінде қалықтап жүрген балықтар жеуге жа-

<sup>18</sup> Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2 том. 374 бет. 1976. Алматы.

<sup>19</sup> Қараңыз; «Маида» сүресі, 96 аят.

<sup>20</sup> «Фатыр» сүресі, 12 аят.

<sup>21</sup> Әбу Дәууд, Тахарат, 41; Тирмизи, Тахарат, 52.

рамайды. Ханафилер осы көзқарасты денсаулық жағынан сақтық үшін айтқан. Бірақ су қайнап, яки қатты суық болып не болмаса мұздарға қысылып және су тартылып қайраңда, яки құрлықта қалып өлген балықтарды жеуге болады.

2. Балық түрінен бөлек (құрбақа, шаян) секілді су жануарларын жеу – Ханафилер бойынша халалға жатпайды. Ал қалған үш мәзһаб бойынша тек қана суда өмір сүретін барлық жан-жануарлар өздіген өлсе де, жеуге жарайды. Яғни халал.

### **Әрі құрлықта, әрі суда өмір сүретін жан-жануарлар**

Суда да, құрлықта да өмір сүретін құрбақа, тасбақа, шаян, жылан, крокодил сияқты жан-жануарлар туралы үш түрлі көзқарас бар. Ханафилер мен Шафиғилар бойынша, бұларды жеуге болмайды. Мәликилерге қарасақ мұндай жануарларды жеуге болады. Ал Ханбалилер бойынша, крокодил, құрбақа және жыланды жеуге болмайды. Ал қалғандары халал болып табылады. Бірақ бұлардың ішінде қаны ағатын (тасбақа, су сиыры) жануарлар сойылуы тиіс. Қаны ақпайтындарды союдың қажеті жоқ.

### **Жан-жануардың еттеріне қатысты кейбір мәселелер**

Азыққа халал саналған бір малды мұсылмандық әдеппен сою не аулау жолымен ұсталатын болса, бұл жағдайда да діни шарттарға сәйкес әрекет етілуі қажет.

Еті халал болумен қатар, лас нәрсе жеген құрлықтағы малдарды дереу сойып жеуді барлық мәзһаб мәкрүһ санаған. Ахмед ибн Ханбәлдың мәкрүһ және харам деген

екі көзқарасы бар. Мұндай лас нәрсе жеген малдарды бір мезгіл таза қорекпен бағып, етіндегі жаман иістің кетуіне жағдай жасалуы қажет. Фикһ кітаптарында бұл жағдай тауықтар үшін үш күн, қойлар үшін төрт күн, сиыр және түйелер үшін он күндей күту қажет деп айтылса да, негізінде малдағы жаман иістің кететіндей мезгіл күтілуі тиіс.

Балықтардың таза емес суларда болуы еттерінің жеуіне кедергі келтірмейді. Балықтың жұтқан балығы да (егер бөлшектеліп кетпеген болса) жеуге жарайды.

Сондай-ақ, халал болған тірі малдан сойылмай тұрып жұлынған, яки кесіп алынған ет бөлшегі өлексеге жатады. Мұндай етті жеу барлық мәзһаб бойынша харам саналған. Шарифатқа сай сойылған малдардың да жеуге болмайтын харам саналған кейбір мүшелері бар.

Жан-жануарлардың жұмыртқасы мен сүті еттерінің үкіміне қатысты. Сондықтан Ханафи мен Шафиғиларда етін жеуге болмайтын жануардың жұмыртқасы да халал емес. Сүт те төрт мәзһаб бойынша еттің үкіміне қатысты. Ал адам еті Құранда айтылғандай ардақты етіп жаратылғандықтан харам етілген. Ана сүті харам емес.

### **Бие сүті мен қымыздың үкімі қандай?**

Биенің саумалы – халал. Өйткені жылқы еті жоғарыда айтылғандай төрт мәзһаб бойынша, халал болып саналады. Еті халал малдың сүті де адал болмақ. Тіпті бие сүтінің өзге мал сүтіне қарағанда пайдасы молырақ. «Бие сүтінің химиялық құрамы пайыз есебімен алғанда мынадай болып келеді: сүттегі қант – 6,7, жалпы белок – 2,0, казеин – 50,7 альбумин және глобулин – 49,3, минералды тұздар – 0,3, құрғақ заттар 11,0 пайыз. Бие сүті өзінің химиялық құрамы жағынан басқа малдардың сүтіне қарағанда өзгеше болады.

Ол, әсіресе, лактозаға бай. Оның құрамында 120-ға жуық әр түрлі химиялық заттар болады, оның ішінде 25 түрлі амин қышқылы, 20 түрлі минералды заттар, 7 фермент, 4 түрлі сүт қанты, 3 түрлі гормондар, липоидтер, лимон қышқылы және т.б бар. Биелерді өріске жайған жағадайда В витаминінің мөлшері шамамен 2 есе артады. Сүттің химиялық құрамы мал жеген шөптің түрлеріне қарай да өзгеріп отырады. Бие сүтінің майында өзге малдың сүтінде кездеспейтін октодекадиен және басқа да қышқылдар болады. Бие сүтінде фосфор, калий және кальций, магний тотығы мол кездеседі. Сиыр сүтіне қарағанда бие сүтінде лактоза – 1,5 есе, С витамині 10 есе көп болады. Бие сүті сондай-ақ В, А, Е тобындағы витаминдерге және басқа да биологиялық заттарға бай»<sup>22</sup>.

Ал биенің қымызына келсек, оның да пайдасы зор. «Қымыздың әсерінен асқазан сөлінің бөлінуі жақсарады, тәбеті артады, астың қорытылуы жақсарады. Қазіргі медицинада қымызды антибиотиктермен және басқа да дәрі-дәрмектермен байланыстыра отырып, өкпе, сүйек және бүйрек туберкулезін, ішек-қарын және жүрек, қан тамырлары ауруларын емдегенде, сондай-ақ витаминдер жетіспегенде, зат алмасу бұзылғанда қолданады». Сондай-ақ «қымызды жүйелі түрде қабылдаудың әсерінен өкпенің сыйымдылығы, кеуде клеткаларының шебері ұлғаяды, тыныс алу, зат алмасу жақсарады, қан құрамындағы гемоглабин мөлшері артады, ақ қан түйіршіктері, егер олар жоғары болса, қайта қалпына келеді, ал, қызыл қан түйіршіктерінің шөгу реакциясы жиілесе қайта төмендейді. Нерв жүйесі де қымыздың әсерінен тыс қалмайды. Қымыз ішкен адамның бойында сергектік пайда болады»<sup>23</sup>.

<sup>22</sup> Б. Асылбеков. Қымыз шипалы сусын. 12-13 беттер. Алматы, 1986.

<sup>23</sup> Сонда, 7-8 беттер.

Осындай пайдалы қымызды халал емес деп айтуға болмайды. Хақ Тағала әрбір нығметін адамның пайдасына берген. Мысалы қауын-қарбыз жазда жеуге арналған. Оны қыста рахаттанып жей алмайсыз. Сол сияқты да түйе мен жылқының орындары әр басқа. Соған орай қазақ халқының өзінде түйені көбінесе ыстық аймақта өмір сүргендер бағып, шұбатын ішеді. Өйткені шұбат күннің аптапты күндерінде ішсеңіз шөліңізді басады. Ал жылқы көбінесе суық жақта өмір сүретіндер бағып, қымызын ішеді. Өйткені қымыз суыққа жақсы. Қымызды аптапты ыстық жерде ішсеңіз шөліңізді баспайды, қайта шөлдете беруі мүмкін. Сондықтан шөлде өмір сүретін арабтар да бие сүтін ішпейді. Ыстық жерде қымыз тез бұзылады. Өйтсе де қазақ халқы сонау сақтар дәуірінен бері жылқы етін жеп, қымызын ішкен соң мінезі де соған ұқсап осынау байтақ жерді қызғыштай қорғап келген. Алайда қазақ елінде соңғы ғасырда тың иігеріліп жылқы азайып, қазақ аттан түскенде, қымыздың орнына ішімдіктің түр-түрін ішкенде өзінің ақсүйектік геніне балта шапқандай күй кешкені мәлім. Ал қазіргі заманда «жығылғанға жұдырық» дегендей жылқы еті –мәкрүһ, қымызында спирт бар десек онда біздің ұтылғанамыз. Иә, қымыздың құрамында спирт бар. Әлсіз қымызда – 1 пайыз, орташа қымызда – 1,5 пайыз, күшті қымызда – 1,75-тен 3,0 пайызға дейін спирт болады. Бірақ бұл спирт шараптың құрамындағы спиртен мүлде бөлек. Қымыздағы спирт табиғи жолмен пайда болған спирт. Әрі химиялық молекуласы өзгеше пішінде. Ал адамды мас қылып ақылынан айыратын ішімдіктер жасанды жолмен бұзылу арқылы пайда болған спирт.

«Қымыздың құрамында спирт бар, ендеше оны ішуге болмайды» деген адам сиырдың айранын, түйенің шұбатын да ішпеуі тиіс. Өйткені, екеуінде де қымыздікімен бір-

дей спирт түрі бар<sup>24</sup>. Әрі айран мен шұбат біздің елге қарағанда Араб түбегінің аптапты ыстығында тез әрі қатты ашиды.

Шараптың харам болуының бір хикметі де ішкен адамды есінен адастыру әрі адам организміне аса зиянды нәрсе. Ал қымызға келсек әсте олай емес. Атам қазақтың жылдан бері қымыз ішіп келеді. Тарихта пәлен жерде қымыз ішіп мас болып, есінен таныпты. Яки, қымыз ішіп ақыры өмірі қор болып, отбасын ойран етіп өліпті дегенді естіп-білген жан бар ма екен?! Қайта қазақтың қазақ болып ұзақ өмір сүруіне арқау болған. Егер қымыз шараппен тең болғанда бұдан мың жыл бұрын-ақ қазақ топырағынан шыққан фикһ ғұламалары харам деп тыйым салар еді де бұл қазаққа салт болып қалар еді. Алайда ешбір кітапта ондай пәтуа кездеспейді.

Бірақ қымыз бен бозаны тең тұтуға мүлде болмайды. Боза ішімдіктің бір түрі. Көшпенді қазақ халқы қымыз тұрғанда бозаға қарамаған. Әрі мұсылман болғандықтан, оның харам екенін де білген. Өйткені оның әсері шараптай болмаса да сырадай болғандықтан көп ішкен адамды есінен алжастырады.

Әрі жоғарыда жылқы етінің халал екендігін, ал есек етінің харамдығын айтып, дәлелдеп өттік. Есектің еті харам болғандықтан оның сүті де харам. Ал жылқы еті халал болғандықтан сүті де адал болмақ. Жылқының сүтінің адалдығына қатысты ғалымдар арасында ауыз бірлік бар. Өйткені, Ислам дінінде «Бір жануардың еті халал болса, онда оның сүті де халал, ал еті харам болса сүті де харам» деген қағида бар. Ендеше осы қасаң қағидаға сай жылқының еті халал болғандықтан оның сүті де халал болмақ.

---

<sup>24</sup> Hәм картопта да осыған ұқсас спирт бар.

Һәм жылқының сүтінің ашуы яки бұзылуы арқылы ішімдікке ұқас спиртке айналар бір мәселесі болғанда сөзсіз Пайғамбарымыз тыйым салар еді. Алайда хадистерде жылқының етіне рұқсат берілгені айтылып, сүті жайында ешбір хадис кездеспейді.

Һәм атам қазақ кеше яки бүгін ғана мұсылман болған халық емес. Қазақ халқының мұсылмандық тарихы мың жылдан асып жығылады. Осы ғасырларда түркі топырағында жүз мыңдаған ғұламалар шыққан. Егер қымыздың адамды аз да болса мас қылатын бір әсері болғанда сөзсіз түркі жұртының ғалымдары «харам» дер еді. Қазақ топырағынан шыққан әс-Сығынақи тәрізді фақиһ ғұламалар харам мәселесіне келгенде бізден әлде қайда сақ әрі тақуа һәм ілімі ұшан теңіз болатын. Алайда бұл туралы кітаптарда «харам» деген пәтуа тұрмақ «мәкрүһ» деген үкімдері де жоқ. Имам Ағзамның өзі жылқы етін «мәкрүһ» десе, жылқының сол заманда «соғыс көлігі» етуіне байланысты айтқан. Имам Ағзамның жылқы сүтінің яки қымыздың мәкрүһтігіне қатысты үкімі кітаптарда кездеспейді.

### **Малдың сойылуы**

Сойылатын мал сөзсіз тірі болуы қажет. Ғұламалардың басым көпшілігі мал соярда малдың қарекет етуі және қанының ағуы қажеттілігін алға тартады. Әбу Ханифа бойынша, малдың тірі екендігінің білінуін ал Ахмед ибн Ханбәл болса, қанының ағуын жеткілікті санайды.

Малды соятын адамның ақыл-есі толық, есін білетін, мұсылман және әһлі кітаптан болуы (христиан мен яһудей) һәм ихрамда (қажылық кезі) болмауы, малды Аллаһтың атымен бауыздауы қажет. Мал соятын адамның әйел, яки ер болуы шарт емес. Екеуі де мал соятын мүмкіндігі бар.



Әрі әйелдің хайыз кезі де оның мал союына кедергі келтірмейді. Әйелдің мал союына мына хадис дәлел. *«Қағб ибн Мәліктің күңі Сел тауында қой бағып жүреді. Осы қойлардың бірі аяқ астынан жарарақаттанып қалады да, оны көрген әлгі күң қолына тас алып әлгі малды бауыздайды. Қағб Пайғамбардан (аләйһис-саләту уәс-саләм) осы жайлы сұрағанда ол: «Жеңдер» деп жауап береді»<sup>25</sup>. Қазақ халқында мал сою ер кісінің ісі болғандықтан, әйел соймайды. Бұл дәстүрге, әдептілікке қатысты жайт. Өйткені әйелдің жаратылысы қашан да нәзік. Сондай-ақ, мал соятын адамның балиғат жасына да жетуі шарт емес. Аллаһ атымен союды ұға алатын ес білетін жасқа келсе болғаны.*

Ғұламалар ақыл-есі жарым не мас адамның сойған малы халал еместігін алға тартады. Өйткені бұлар есін білмеген баладай не істеп қойғандарын білмейді.

Әһлі кітапқа келсек, оларға христиан мен яһудейлер жатады. Хақ Тағала оларды мүшрік пен пұтқа табынушылардан бөлек қарап қыздарына үйленуге, сойған малдарын жеуге мұсылмандарға рұқсат еткен. Құранда:

الْيَوْمَ أُحِلَّ لَكُمْ الطَّيِّبَاتُ وَطَعَامُ الَّذِينَ أُوتُوا الْكِتَابَ حِلٌّ لَكُمْ  
وَطَعَامُكُمْ حِلٌّ لَهُمْ

**«Бүгін сендерге жақсы нәрселер халал етілді. Әһлі кітаптардың да тамағы (бауыздағандары) сендерге, сендердің де тамақтарың оларға халал етілді»<sup>26</sup>** – деп айтылады. Олардың жейтін тамақтарынан доңыз, шарап сияқты астарын жеуге болмайды. Олардың сойған малдары Аллаһтың атымен сойғаны айқын болмаса да, яки

<sup>25</sup> Ахмед пен Бухари жеткізген. Нәйлул-әутәр, 5/139.

<sup>26</sup> «Маида» сүресі, 5 аят.

сол мал шіркеулері мен мейрамдарына қатысты шалса да мұсылмандардың жеуіне болады. Ибн Аббас: *«Яһудей мен христиандардың сойған малдарының халал болуы тек қана олардың Тәурат пен Інжілге сенгендері үшін»*,<sup>27</sup> – дейді.

Алайда олар малды әдейі «хазіреті Исаның атын атап», яки Аллаһтан өзге басқа біреудің атымен шалатын болса, мұндай малдың харам екендігін барлық ғұламалар растайды<sup>28</sup>.

Мұсылман мал соярда «Бисмиллаһ» деп айтуы шарт. Егер мал соярда әдейі Аллаһтың атын атамаса онда ол малды жеуге болмайды. Ал егер мал сойған адам бір жағдаймен «Бисмиллаһты» айтуды ұмытып кететін болса, онда ол Аллаһтың атын айтқан болып есептеледі. Өйткені Аллаһ елшісі: *«Үмбетім қателесу, ұмыту және зорлықпен жасағандарынан жауапкер емес»*,<sup>29</sup> – деген. Бұл көзқарас Әбу Ханифа мен Имам Мәлікке тиесілі.

Ал Имам Шафиғи секілді бір топ ғұламалар мұсылман адам малды әдейі біліп тұрып «Бисмиллаһты» айтпай сойса да оның сойған малы халал дейді. Өйткені мұсылман адам әсте Аллаһ Тағалаға сенгендіктен сөзсіз малды соның атымен шалады. Сондықтан Хақ Тағалаға сенген адамға мал сойғанда айтатын «Бисмиллаһ» парыз да, шарт та емес, тек сүннетке жатады. Ал сүннетті тәрк ету харамға жатпайды. Олар дәлел ретінде Аллаһ елшісінің мұсылман қашан да Аллаһ атымен соятынын, Аллаһ атын айтса да айтпаса да сойған малының халал екендігін,<sup>30</sup> сойған малдың «Бисмиллаһ» айтып сойғаны белгісіз болса, онда

---

<sup>27</sup> Уәһби Зуһайл, а. а. е. 4/436.

<sup>28</sup> Сонда.

<sup>29</sup> Бухари, Худуд, 22; Әбу Дәууд, Худуд, 17.

<sup>30</sup> Қараңыз; Зәйләи, Насбур-рая, 4/183.

«Бисмиллаһ» деп сол малдың етінен жеуге болатыны туралы хадистерді<sup>31</sup> негізге алады. Бірақ Шафиғиларда малды сойғанда «Бисмиллаһты» айтпау – мәкрүһке жатады.

Мал сойғанда қарнынан шыққан төл тірі және аяқбасы толық болса, сойып жеуге болады. Алайда мүшелері толық болмаса, жеуге болмайды. Ал төл ішінен өлідей шығып, бұның енесін соймай тұрып өлгені белгілі болса, жеуге болмайды. Ал оның өлуі енесінің сойылуымен байланысты болса онда жеуге болады. Бұған Аллаһ елшісінің *«Енесінің сойылуы ішіндегі төлінің де сойылуы деген сөз»*,<sup>32</sup> – деген хадис дәлел.

### Мал союдың сүннеттері

1. Шафиғилар бойынша, «Бисмиллаһ» деп айту және тәкбір айту. «Бисмиллаһи уаллаһу әкбәр».
2. Малды күндіз сою. Ханафилер бойынша, түнде мал сою тәнзиһән мәкрүһке жатады. *«Ол түн ішінде құрбан шалуға және егін жинауға тыйым салды»*,<sup>33</sup> – деген хадисті дәлел етіп көрсетеді.
3. Малды құбыла жаққа бұру. Мал сою да ғибадат амалға жатады. «Пайғамбар құрбан шаларда оны құбылаға қаратып: *«Уәжжәһту уәжһи»* деп басталатын (*«Әнғам»* сүресінің) аяттарын оқыды»<sup>34</sup>. Алайда ұмытып яки әлде бір себеппен құбылаға қаратпайтын болса, мұндай сойылған малдың етін жеуге болады.
4. Малдың басын жоғары қаратып сол жағынан жатқызу. Егер солақай адам болса, онда оң жағына

<sup>31</sup> Бухари, Тәухид, 13; Зәбәих, 21; Әбу Дәууд, Әдәһи, 13, 19.

<sup>32</sup> Әбу Дәууд, Әдәһи, 18; Гирмизи, Әтимиә, 2.

<sup>33</sup> Табәрани. Ибн Аббастан жеткізген.

<sup>34</sup> Ибн Мәжә, Жәбирден жеткізген.

жатқызуына болады. Сонымен қатар, солақай адам оң қолымен соя алмайтын болса, оның союы – мәкрүһ. Ол басқа біреуге жол беруі, яки құрбан болса, өкілдігін беруі қажет.

5. Түйе сол тізесі байланып аяқта сойылады. Сиыр мен қой сол жағына жатқызылып бауыздалады. Оң аяғы еркін жіберіліп қалған аяқтары байланады. Бухари мен Муслимде *«Аллаһ елшісі қойды жатқызып сойды»*, – деп айтылған.
6. Малдың мойнындағы кесілуі тиіс барлық тамырларды кесу және тез арада іске асыру. Кейбірінің кесіліп, кейбірінің кесілмеуі – мәкрүһ. Өйткені жанының шығуы қажет.
7. Мал соярдан бұрын алдымен қажетті пышағын мал жоқ жерде қайрау керек.
8. Малды жерге қатты алып ұрып қиянат жасамағаны дұрыс.

### **Қазіргі қасапханалардағы мал сою**

Малды қинамай оның күшін азайтатын кейбір құралдарды пайдаланып союдың ешбір сөкеттігі жоқ<sup>35</sup>. Яғни Исламда соймай тұрып кейбір әлсірететін тәсілдерді пайдалануға болады. Алайда тапаншамен атып, есінен тандырып жерге құлату яки шокпар, балта, кубал сияқты нәрселермен, не болмаса электр тогы арқылы жолдарды пайдалану харамға жатады. Өйткені малдың жанын қинауға шарифат тыйым салған. Осындай жолдар арқылы малды азаптап соятын болса және сол сояр алдында малдың денесі қимылдап жаны шықпаса онда сол сойылған малдың етін жеуге ешқандай кедергі жоқ.

---

<sup>35</sup> Уәһбә Зуһаил, 4/467.

Сондай-ақ ауыр соққымен ми жүйкелерін жойып жіберу Мәликилер бойынша, етін жеуге болмайды. Өйткені өлетін жерінен соққы алды. Бірақ оның әлі де жанды екеніне көзі жетіп сол кезде бауыздайтын болса етін жеуге болады. Сондай-ақ, Ханафилер бойынша, сол кезде дереу малды тамырынан бауыздап жіберетін болса, жеуге болады. Яғни қазіргі ғұламалар қасапханада әр түрлі жолдар арқылы күшін азайтып яки есінен тандырған соң дереу соютын болса, онда ол малды жеуге болатыны туралы пәтуа берген<sup>36</sup>.

### **Тақуаның әңгімесі...**

Тақуа кісілер қашан да Хақ Тағалаға деген сағынышын Оның кәләм-сөзін оқып, көз жасын төгумен басады. Әшәб ибн Әбділәзиз Имам Мәлік туралы былай дейді: «Бірде ел жатқан уақытта сыртқа шықтым. Малик ибн Әнәстің үйінің жанынан өтіп бара жатып, оның намаз оқып жатқанын байқап қалдым. «Фатиханы» оқып болған соң, «Тәкәсүр» сүресіне көшті. *«Сол күні берілген ырыс-береке мен несібелерден сөзсіз сұраласыңдар»* аятына жеткен кезде кемсендеп, жылай бастады. Әлгі аятты қайта-қайта қайталап жылай берді. Мен баратын жеріме де бармай, одан көз алмай тыңдап тұрдым. Осылайша ол таң намазына дейін жылады. Шапақ атқанда ғана рүкүфке барып, намазын бітірді. Мен де үйге барып, дәрет алып, таң намазын оқу үшін мешітке келдім.

Әні міне дегенше күн шығып, айнала жарыққа бөленгенде оның айналасына ілім алқасы жиналды. Мен жақындап барып жүзіне қарағанымда, жүзі нұр шашып тұрды. Сол кезде мен *«Түнгі намазы көп болғанның күндіз жүзі нұрлы болады»* деген хадисті есіме алдым<sup>37</sup>.

---

<sup>36</sup> Сонда; ИСАМ, Ғылымхал, 2/50.

<sup>37</sup> Геже ибадеті, Абдулхаким Юже, Измир, 49-50.

## Аң аулау

Аңдар да жер бетіндегі барлық жан-жануарлар да адамның игілігі мен рахатына берілген. Құрандағы «Бақара» сүресінде: *هُوَ الَّذِي خَلَقَ لَكُمْ مَا فِي الْأَرْضِ جَمِيعًا* «**Аллаһ жер бетіндегі барлық нәрсені сендер үшін жаратты**»<sup>38</sup> және «Жасия» сүресінде: *وَسَخَّرَ لَكُمْ مَا فِي السَّمَاوَاتِ وَمَا فِي الْأَرْضِ جَمِيعًا مِنْهُ* «**Сендерге көктер мен жердегі барлық нәрсені бағындырды**»<sup>39</sup> аяттары осыған айқын дәлел болмақ. Сонымен қатар аң аулаудың халал екендігін «Маида»<sup>40</sup> сүресінде ашық айтқан.

Алайда Құран мен сүннет адам баласының жер бетіне өз бетімен, ойына келгенін істеп жүруге келмегендігін айтып, мақсатсыз жүріс-тұрысын қаламаған. Сондай-ақ Аллаһ елшісі көптеген хадистерінде жүрегіндегі мейірімі мен рақымын жоғалтқандарға ауыр сөздер айтқан. Ислам діні – рақым және шапағат діні. Дін адамға жер бетіндегі барлық тіршілік атаулыға мейіріммен қарауды және Аллаһ жаратқан сұлулықты сақтауды әмір етеді. Сол себепті ешқандай пайдасы болмаған және тек қана аңдарды қинап, азаптап соны қызықтау үшін аң аңлау Исламның негізгі қағидаларына қайшы. Аллаһ елшісі бір хадисінде: *«Кімде-кім торғайды жазықсыз өлтіретін болса, сол құс қиямет күні Аллаһ Тағалаға шағым айтып: «Я, Раббым! Пәлен деген кісі тектен-текке мені өлтірді» дейді*»,<sup>41</sup> – деп айтады. Басқа бір хадисте де Хақ пайғамбар кеудесінде жаны бар бір тіршілік иесін нысанаға алуға тыйым салған<sup>42</sup>.

<sup>38</sup> Қараңыз; «Бақара» сүресі, 29 аят.

<sup>39</sup> «Жасия» сүресі, 13 аят..

<sup>40</sup> Аң аулаудың халалдығы үшін қараңыз; «Маида» сүресі, 94/96.

<sup>41</sup> Нәйлүл-әутәр. 8/155-156.

<sup>42</sup> Бухари, Зәбәих, 25; Муслим, Саид, 58.

Мәликилер аң аулауда беске бөліп қарайды. Күнкөріс үшін аң аулау – мүбаһ, бала-шағаның нәпақасын көбейту мақсатымен аулайтын болса, мәндүп, қажеттілік үшін аулайтын жағдайда – уәжіп, көңілін өзгеге аударып, көңілі тыныштану мақсатымен болса, мәкрүһ ал ешқандай мақсатсыз жәй ғана сейіл құрып, қызықтау үшін болса харам болмақ. Өйткені тектен-текке жан-жануарларды қинауға тыйым салынған. Сондай-ақ ғұламалар спорт және соған ұқсас мақсатпен аңға шығуға да дұрыс қараған. Бірақ шектен шығып, мейірім сезімдерін өшіруді мәкрүһ көрген.

### **Аңшы және аулауға қатысты шарттар**

Ауланған бір аң етінің халал болуы үшін аңшы мен аулауға қатысты шарттарды бес бапқа бөліп айтуға болады.

**Бірінші:** Аңшының мұсылмандық тұрғыдан аңды соя алатын болуы керек. Сондықтан ер жеткен мұсылман адамның аулаған аңы – халал.

**Екінші:** Аңшының аңға ниет етуі, яки жүгірген аңға қарай үйретілген жануарын салуы қажет. Егер осы шарт жүзеге аспаса, мысалы бір аңды тәжірибе мақсатымен немесе мергендігін дәлелдеу үшін ататын болса не болмаса аңшылық иті өз бетімен аңға қосылып, оны өлтіретін болса, мұндай аң халалға жатпайды. Бірақ әлгі тазысы өз бетімен аңға қарай кетіп бара жатқанда аңшы дереу Аллаһтың атын атап қосса Ханафи және Ханбали мәзһабына қарай халалға жатады.

**Үшінші:** Аңшы мылтығын, яки садағын тартқанда не болмаса үйретілген тазысын саларда Аллаһтың атын айтуы қажет. Мұны мал соярдағы секілді әдейі ұмытпауы қажет. Ал көптеген ғұламалар ұмытпай, бірақ, айтпаса

ешқандай әбестігі жоқтығын алға тартады. Ол мұсылман болған соң, «Бисмиллаһ» айтқанмен тең. Алайда Ханафи бойынша «Аллаһтың атын айтпаған малды жеңмендер» аятына жүгініп «Бисмиллаһты» айтпаған адамның аңын жеуге болмайды. Бұл жерде көптеген ғұламалардың және Шафиғи мәзһабының көзқарасымен амал етіп, жеңілдіктен пайдалануға болады<sup>43</sup>.

**Төртінші:** Аңшы садағын тартқанда, яки құмай тазысын салғанда осылайша қуған аңын қолға түсіру кезінде аңшы басқа бір іспен айналысып кетпеуі қажет. Өйткені жаралаған аңына тезірек жетіп, бауыздауы қажет. Алайда немқұрайдылық танытып кешігіп барғанда аңы өліп қалатын болса, оның етін жеуге болмайды.

**Бесінші:** Аң аулаған адамның сол кезде қажылық үшін ихрамда болмауы қажет.

### Ауланатын аңға қатысты шарттар

**Бірінші:** Ауланған аң етінің халал болуы үшін еті халал аңдар тобына жатуы тиіс. Ал етін жеуге болмайтын аңдарға келсек, олардың терісі мен қылы және сүйектерін пайдалану мақсатымен, не болмаса кесірінен сақтану үшін аулауға болады.

**Екінші:** Ауланатын аңның жаратылысынан жабайы аңдар түріне жатуы тиіс. Алайда негізінде үй жануары болып кейіннен тауға, жазыққа қашып жабайыға айналған малды аулау мәселесіне келсек, бұл мәселеде ғалымдар арасында екі түрлі көзқарас бар. Мәликилерден бөлек басқа мәзһабтар бойынша мұндай үй жануарларын аулауға болады.

---

<sup>43</sup> ИСАМ, Ғылымхал, 2/55.



**Үшінші:** Ауланған аң бауыздалмай жатып өліп кететін болса немесе басқа бір себептен өлетін болса оның еті жеуге жарамайды. Жараланған соң суға құлап тұншығып өлген яки жардан құлап өлген аңның да еті харам. Ал сол жаралы аң омақаса жерге құлап, не болмаса бір нәрсеге соқтығып өлетін болса, бұл аң аулаудың нәтижесі болып саналады. Сондықтан аңшы атқан аңының соңынан қуып таба алмай кейіннен өлідей табатын болса, мұндай жағдайда сол аңның халал болуы үшін үш шарт қажет.

1. Аңшы тапқан аңын өзінен басқа бір себеппен өлмегеніне күмәні болмауы керек. Мысалы, жардан құлап, яки суға тұншыққандай.
2. Сол аңның өзге біреудің атпағанын яки бөгде біреудің тазысы ауламағанын анықтауы қажет.
3. Ауланған аң еті бұзылмаған және денсаулыққа зияны болмауы тиіс. Егер еті сасып денсаулыққа зияны тиетін болса, жеуге болмайды<sup>44</sup>.

**Төртінші:** Ауланған аң жаралы күйде қолға түсірілсе союға болады. Оны бауыздауға мүмкіндігі бола тұра бейжай қарап соймайтын болса, сөйтіп сол күйінде өлетін болса онда оның етін жеуге болмайды.

### Аңшылыққа үйретілген хайуан

Құранда:

يَسْأَلُونَكَ مَاذَا أَحَلَّ لَهُمْ قُلْ أَحَلَّ لَكُمْ الطَّيِّبَاتُ وَمَا عَلَّمْتُمْ مِنَ  
الْجَوَارِحِ مُكَلَّبِينَ تَعَلَّمُونَهُنَّ مِمَّا عَلَّمَكُمُ اللَّهُ فَكُلُوا مِمَّا أَمْسَكْنَ  
عَلَيْكُمْ وَادْكُرُوا اسْمَ اللَّهِ عَلَيْهِ وَاتَّقُوا اللَّهَ إِنَّ اللَّهَ سَرِيعُ الْحِسَابِ

<sup>44</sup> Зуһайли. 3/60. Ихтияр.

**«Аллаһтың сендерге үйретіп аң аулай алатын халге келтірген хайуандардың сендер үшін ұстағандарын да жеңдер және Аллаһтың атын айтып аңға салыңдар»,<sup>45</sup>** – деп айтылып аңшылыққа үйретілген хайуанмен аң аулауға болатыны білдірілген. Олардың ерекшеліктері:

1. Үйретілген хайуан ретінде итті пайдалануға болатыны туралы ғалымдар арасында ауызбірлік бар. Сонымен қатар қабылан секілді жыртқыш аңдар да бүркіт секілді жыртқыш құстарды да аңшылыққа үйретуге болады.
2. Осы хайуандар аң үшін үйретілген болуы қажет. Мұның белгісі, мысалы, үйретілген құмай тазыны аңға салғанда, ұстаған аңын жемеуі және бүркітті аңға салғанда сол қашқан аңға қарай ұшуы қайта шақырғанда келуі арқылы болады.
3. Ғалымдардың көпшілігі бойынша үйретілген хайуан ұстаған аңын жемеген күйі иесіне алып келуі қажет. Егер ұстаған аңын жейтін болса, ол өзі үшін саналып аңның еті халал болмайды. Бір хадисте Адий ибн Хатим: *«Пайғамбарым! Мен итімді салғанда, «Бисмиллаһ» деп айтайын ба?»*, – дегенде ол: *«Егер итіңді жіберіп, «Бисмиллаһ» деп айтып аңды ұстап оны өлтірсе, одан же. Егер ұстаған аңнан ол жеген болса, жеуші болма. Өйткені, ол өзі үшін ұстағаны»,* – деп жауап берді. Және: *«итімді қосқанда онымен бірге басқа бір итті көріп қаламын. Және әлгі аңды қайсысы ұстағанын білмеймін?»*, – деп сұрап едім. Ол: *«Онда жеуші болма. Өйткені сен өз итіңді қосқан кезде «Бисмиллаһ» деп айттың, ал өзге ит*

---

<sup>45</sup> «Маида» сүресі, 4 аят.

үшін айтпадың», – деп жауап берді»<sup>46</sup>. Ханафилер жыртқыш құстарға байланысты мұндай шарттарды алға тартпайды.

4. Ғұламалардың көпшілігіне қарай аңшылыққа үйретілген хайуан аңын жаралап өлтіруі қажет. Егер буып, яки қатты соққымен өлтіретін болса, жеуге болмайды. Шафиғилер бойынша егер аңшы хайуан ұстаған аңының үстіне мініп салмағымен өлтіретін болса жеуге болады.
5. Аңшы хайуанды иесі аңға қосуы қажет. Өздігінен қосылып ұстайтын болса, жеуге болмайды.
6. Үйретілген хайуан мен үйретілмеген хайуан ортақ болмауы қажет. Бірнеше үйретілген хайуанның ұстағанын жеудің ешбір әбестігі жоқ<sup>47</sup>.

### Ішімдік және сусын түрлері

«Ішімдік» сөзі араб тілінде «хамр» және «мускир» деп аталады. Араб тілінде бұл сөздер азы немесе көбі ішкен кезде мас қылатын ішімдіктерге айтылады. Ислам діні барлық мас қылатын ішімдіктерді харам етіп, ішуге тыйым салған. Құранда:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِنَّمَا الْخَمْرُ وَالْمَيْسِرُ وَالْأَنْصَابُ وَالْأَزْلَامُ  
رِجْسٌ مِّنْ عَمَلِ الشَّيْطَانِ فَاجْتَنِبُوهُ لَعَلَّكُمْ تُفْلِحُونَ. إِنَّمَا يُرِيدُ  
الشَّيْطَانُ أَنْ يُوقِعَ بَيْنَكُمُ الْعَدَاوَةَ وَالْبَغْضَاءَ فِي الْخَمْرِ وَالْمَيْسِرِ  
وَيَصُدَّكُمْ عَنْ ذِكْرِ اللَّهِ وَعَنِ الصَّلَاةِ فَهَلْ أَنْتُمْ مُنْتَهُونَ

<sup>46</sup> Бухари, Зәбәих, 2; Муслим Сайд.

<sup>47</sup> Зуһайли, 3/675.

*«Ей, иман келтіргендер! Арақ, құмар, тігілген тастар (нұттар) және бал ашатын оқтар – лас, шайтанның істерінен. Одан сақтаныңдар. Сонда ғана бақытқа жете аласыңдар. Негізінен шайтан да, арақ та және құмар да араларыңа дұшпандық әрі кек салып, Аллаһты еске алудан және намазға кедергі болуды қалайды. Ал сонда тыйылмайсыңдар ма?»<sup>48</sup>* деп айтылады.

Аятта арақ-шарапқа тыйым салған себебін ашық айтқан. Қазіргі медицина барлық ішімдіктің адам денсаулығына зиян екендігін мойындауда. Көптеген елдер де ішімдікке тыйым салуының, яки ішпеуге үгіт-насихаттау жасауының себебі еліне ішімдіктің экономикалық, қоғамдық жағынан зиянды екендігінен туындап отыр. Қашыққа бармай-ақ кейбір көрші елдердің халқы көз алдымыздан жылдан-жылға құрып бара жатқаны дәлел ретінде жетіп жатыр. Қазақ халқының да жетпіс жыл арақ-шарапқа әуестігінің кесірінен өзінің мың жылдық жақсы дәстүрлі қасиетінен ажырап қала жаздағаны да рас. Ішімдікке салынудан өз ата-анасына қол жұмсағандар, ажырасқандар, қаншама жетім қалған бүлдіршіндер толып жатыр.

Ғалымдардың тұжырымы бойынша, аз мөлшері де, көбіде мас қылатын барлық ішімдік түрі аятта айтылған «хамр» ұғымына жатады. Муслимнің *باب بَيَانِ أَنَّ كُلَّ مُسْكِرٍ* «Барлық мас қылатын нәрсе хамр. Ал барлық «хамр» харамға жатады» деген бабындағы бір хадисте Аллаһ елшісінен осы жайлы сұралғанда ол *(аләйһис-саләту уәс-сәләм):* *كُلُّ شَرَابٍ أَسْكَرَ فَهُوَ حَرَامٌ* «Әрбір мас қылатын нәрсе харамға жатады», – деп жауап берген.

<sup>48</sup> «Маида» сүресі, 91 аят.

Аз ғана ішіліп адамды мас қылмайтын болса онда ішуге болады деп ешкім айта алмайды. Құранда ішімдікті «лас» деп үкімін берген. Ендеше лас нәрсенің және шайтанға жақындататын нәрсенің азын да ішуге болмайды. Сол себепті Ислам дінінде көбі мас қылатын нәрсенің азын да ішуге тыйым салған. Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*): «Көбі мас қылатын нәрсенің азы да харам», «бір «фарақы»<sup>49</sup> мас қылатын нәрсенің бір алақаны да харам»,<sup>50</sup> – деп харамдығын айтқан.

Сондай-ақ, геройн, наша т.б соған ұқсас нәрселердің бәрі де «хамрдың» ұғымына жататындықтан олар да харам тобына жатады.

### **Ішімдікпен емделудің харамдығы**

Төрт мәзһаб имамдарының пәтуасына қарай ішімдіктің кез-келген түрлерімен емделу және осы мақсатта (майда, тағамда, бір дәріні ерітуде) пайдалану харам. Өйткені Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*): «Аллаһ сендерге харам еткен нәрселерде шипа жаратқан емес»<sup>51</sup>, – дейді. Бір кісі де Пайғамбарымызға «мен шарапты емдік мақсатта пайдаланып жүрмін» дегенде, ол: «Ол ем емес, керісінше дерт»,<sup>52</sup> – деп жауап береді.

Ханафилерде егер шипа беретіні айқын білінетін болса және оның орнына басқа бір дәрі болмайтын болса, онда спирт қосылған, яки спирт арқылы ерітілген дәріні пайдалануға болатыны айтылады. Бірақ, бұл әлбетте зәру жағдайда ғана. Егер шипа болатыны күмәнді болса, онда болмайды. Сондай-ақ Шафиғилар да ішімдік бір дәрінің

---

<sup>49</sup> Фарақ; шамамен 43,5 кг бір ыдыс.

<sup>50</sup> Тирмизи, Әшрибә, 3; Әбу Дәууд, Әшрибә.

<sup>51</sup> Бұл хадисті Бухари Ибн Мәсғұдтан жеткізген.

<sup>52</sup> Муслим.

ішіне араласып жоғалмайтын болса және тек ішімдік болып тұрса ғана харамдығын алға тартқан. Яғни басқа дәрі болмаған жағдайда спирті еріп басқа нәрсеге айналған немесе жоғалған дәріні пайдалануға болатынын айтады<sup>53</sup>.

### ***Ішімдік қойылатын тойларға баруға бола ма?***

Дастарханға арақ-шарап қойылған тойларға баруға болмайды. Өйткені Пайғамбарымыз: *«Аллаһ Тағалаға және ақырет күніне иман келтірген адам ішімдік қойылған дастарханға әсте отырушы болмасын»*<sup>54</sup> деп қатаң айтқан.

Қазақ халқының «топырақты өлімнен, торқалы тойдан қалма» дейтіні бар. Сондықтан қазақ халқының Совет-тажалдың құрсауынан босанып, қол-аяғын жия бастағанына жиырма жылдай болса да әлі де ішімдіктен толық арыла қойған жоқ. Тіпті, құда-құдағи болып жарысып ішіп жараса қалатын «өнерлері» де әлі күнге дейін біреулерге «өнеге» болуда. Егер осындай қатып қалған түсініктегі ағайын-туысыңыз тойына шақырып, сіз бармай қалсаңыз қатты ренжитіні тағы бар. «Араласпасаң жат боларсың» деген мәтел тағы бар. Сол себепті «мен тақуалыққа бет бұрдым» екенмін деп ағайыннан ат құйрығын үзісіп, туыс-бауырдан жырақ жалғыз өмір сүре алмайсыз. Сіз білгеніңізді оларға айтпасаңыз олар кімнен біле алсын?! Айтпай кетсеңіз күн ертең ғарасат майданында «бізге неге естіртпедің?» деп жағаңыздан алары тағы бар. Ислам дінінде ағайыннан амандық сұрасып, қарым-қатынас жасаудың парыздығы тағы бар.

Сондықтан тойдан бұрын сол ағайынмен амандық сұрасып, «арақ – атадан қалған ас еместігін» білдіріп,

---

<sup>53</sup> Уәһбә Зуһаили, 4/334.

<sup>54</sup> Тирмизи, Әдәб, 43; Әбу Дәууд, Әтимиә, 18.

ата-бабасының ұстанған дінін насихаттаған жөн. Һәм бұл күндері қазақ халқының басым көпшілігі тойды ішімдіксіз өткізетін болған. Егер сол ағайын сізді түсінбей Советтің «мирасынан» бас тартпаймын десе, сіз сабыр сақтап, жылылық қалпыңызды бұзбай тойға атағаныңызды алдын-ала беріп, шаңырағыңызға қайтқаныңыз жөн. «Тойға қатыспасам ағайыннан ұят болады» деп Алладан ұялуды, Алладан қорқуды ұмытуға болмас!

Сөзімді қытайдың бір ұйғыр жігітінің осыдан бір-екі жыл бұрын басынан өткен әңгімесімен аяқтайын.

*«Бірде қытайдың он жігіті мұсылман болды. Жастары отыз-қырық шамасында еді. Бәрі де іскер, бай-дәулетті еді. Содан көп өткен жоқ. Олар бір күні маған: «Біз Меккеге барып Қазбаны, Мәдинаға барып Пайғамбардың мешітін көргіміз келеді. Қанекей, жол баста!», деді. Бәріміз бірге жолға шығып ұшаққа мінгенде, мен оларға «Фатиха», «Ықылас» сүрелерін жаттатып намазды үйрете бастадым. Олар Қазбаны алғаш көргенде қатты қайран қалды. Бейне бір жылдар бойы жете алмай сағыныштан көкірегі қарс айырылып жүрген мұсылманша, Қазбаны құшақтап сүйіп, ұзақ жылады. Олардың осы көз жастары Қазбаны тауап еткенде де, намазға тұрғанда да, сәждеге жығылғанда да үдей түспесе, азая қойған жоқ. Оларға сол күнге дейін ұстаз болып жол бастап барған мен, бірте-бірте олардың қасында аласарып, оларға шәкірт болып бара жаттым. Жүріс-тұрыстары, құлшылықтары күннен-күнге салихалықтың биігіне қадам басты. Әсіресе, араларындағы біреуі өзгелерден ерекше болды. Танымастай болып өзгеріп сала берді. Тура тумысынан Меккеде өскендей. Аздап әзілкеш болатын. Сол қылығынан жұрнақ та қалмапты. Күн ұзаққа Қазбаның жанынан бір елі ажырамай, көп*

намаз оқып, кейде сағаттарша содан көзін алмай жылап отыратын болды. Бір күні мен қонақ үйден келсем, тағы да Қазғбаның жанында қолын жайып дұға етіп, көз жасын көл етіп отыр екен. Қасына жайлап барып отырдым. Бір кезде ол маған қарап: «Бауырым! Осы Ислам дінінде арақ-шараптың үкімі қандай?», -деп сұрады. Оның Қытайда үлкен арақ фабрикасы бар болатын. Іштей «Шындықты айтсам күмәданып жүре ме» деп ойлап, «Енді, былай ғой» деп күмілжси жауап бере бастап едім ол менің ойымды оқып қойғандай: «Күмілжімей шындықты айт!» деді. Мен оған арақтың дінімізде харамдығын және оның хикметін әңгімелеп айтып бердім. Сол мезет ол Қытайдағы інісіне телефон соғып: «Інім, арақ Ислам дінінде харам екен. Сондықтан арақ фабрикасын бүгіннен бастап жауып таста!», деп бұйырды. Інісі: «Оны жабатын болсақ біз тақырға отырамыз» дей беріп еді ағасы, «Жап, деген соң жап! Барған соң өзім реттеймін» деп сөзді қысқа қайырды. Ертеңіне ол мені тағы әңгімеге тартып: «Бауырым! Ислам дінінде әйелдердің бет-әлпетін бояудың үкімі қандай?», -деп сұрады. Мен кешегі оқиғадан соң не дерімді білмей тұр едім ол: «Қане, шындықты айт!», - деді. Мен Ислам дінінде харамдығын айтып бердім. Ол тағы да інісіне телефон шалып: «Інім, сәндік салондардың бәрін жап, Ислам дінінде ол да харам екен», - деп айтып салды. Телефонның арғы жағындағы дауыс «Онсыз-да кешегіден соң жағдай қиындап тұр» дей беріп еді, оның сөзін тиып тастап: «Уайымдама! Барған соң өзім реттеймін» деді. Мен де оған: «Бәрін бұлай бірден жауып тастап тақырға отыруға болмайды. Оның жолдары былайша», - дей беріп едім ол: «Бауырым! Сен араласпа!», деп сөзімді тиып тастады.



Бірнеше күннен соң біз Мәдинаға жол тарттық. Біз Мәдинаға жақындағанда ақшам уақыты болатын. Олар қазіргі емес, бұдан он бес ғасыр бұрынғы Мәдина қаласына келе жатқандай, аздан соң алдарынан Аллаһ елшісі (аләйһис-саләту уәс-сәләм) шығып қарсы алатындай күйде еді. Сол кезде менің есіме мына хадис оралды: Бір күні Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Бауырларыма сәлем!» дейді. Сонда сахабалар: «Уа, Аллаһтың елшісі! Біз сенің бауырларың емеспіз бе?» деп сұрайды. Ол (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Сендер менің сахабаларымсыңдар. Бауырларым кейін келеді» дейді. Міне, дәл қазір сол бауырлары келе жатқандай еді.

Тіке Пайғамбарымыздың мешітінде намаз оқыған соң түн ауа қонақ үйге қайттық. Бірақ әлгі жігіт қана мешітте қалып қойды. Таңертең келгенімізде біз оның әлі Пайғамбарымыздың «Менің қабірім мен мінберімінің арасы жаннат бақтарының бірі» деп көрсетіп кеткен жерде жасыл кілемнің үстінде намаз оқып отырғанын көрдік. Түні бойы Пайғамбарымызбен бірге отырғандай еді. Бір сәт ойға шомдым. «Мұсылманбыз» деп, көкірек қағып жүрген біз кім, бұлар кім? Бұлар Қытайдан келген жаңа мұсылмандар ма, әлде «Асхабул-Кәһф» үңгірінен үш жүз жылдан соң оянып шыққан жігіттер ме, әлде Пайғамбар заманынан келген жас ансарлықтар ма?..

Бір кезде қамат келтіріліп, намазға тұрдық. Алғашқы сәждеге барып, қайта тұрғанымызда оның сәждеден басын көтермегенін байқадым. Біз қиямға тұрғанымызда ол сол басын көтермеген бойы жатыр еді. Мен іштей: «түні бойы көз ілмеді ғой, ұйықтап кеткен болар» деп топшыладым. Намаздан соң сәждеде жатқан оны оятпақ болып қозғап көріп едім оянбады. «Тұр, бауырым! Намазыңды толықтыр. Сәждеде дәрет бұзылмайды», - деп сыбырлап едім ешбір өзгешелік болмады. Бір жігіт тамырын

ұстап көріп еді, өңі бұзылып кетті де: «Жүрегі көтере алмапты» деді. Сөйтсек, сәждеде жатып қайтыс болған екен. Біз оны моргеке алып бардық. Одан ары не істерімді білмей тұр едік, бір кезде қаланың әкімшілігінен жоғары лауазымды бір адам келе қалды. Үстінде ұзын аппақ көйлек. Басына жапқан орамалы беліне жетеді. Ол: «Сендер қытайсыңдар ма? Осында бүгін бір қытайдың жаназасы келмеді ме?» деп сұрады. Біз аңтарылып мән-жайды айттық. Сол кісінің көмегімен әлгі жігіттің жаназа намазын оқып, Пайғамбар мешітінің жанындағы «Жаннатул-бақи» деген мазаратқа арулап жерледік. Әлгі лауазымды кісі болған соң ба қайдам, халық көп жиналды. Бәрі біткен соң әлгі лауазымды кісі бізге қарап: «Сендер менің бұл ісіме түсінбей тұрған боларсыңдар. Ендеше басынан айтайын. Бүгін түнде таңға таяу бір гажайып түс көрдім. Түсімде Пайғамбарымызды (аләһһис-саләту уәс-сәләм) анық көрдім. Бұл менің алғашқы көруім. Ол маған қарап: «Пәленше! Бүгін таңертең менің бір қытай бауырым қайтыс болады. Сен соның басы қасында болып жақсылап арулап жерле», - деді. Ояна кетсем түсім екен. Аң-таң болып айтқан жерге келсем расында солай екен», - деді. Ол бізді жібермей бірнеше күн қонақ етті. Осыдан соң мен тоғыз жігітті ертіп, елге қайттым».

Міне, бұл болған оқиға. Ендеше, тойына арақ қойғыш мұсылман бауырларымызға да осы әңгімені жеткізерсіз. Ол өзіңіздің еншіңізде. Уәс-сәләм.

### ***Алкогольсіз сыра және квасты ішуге бола ма?***

Кейде адам баласы Аллаһ Тағаланың мыңдаған халал тағамы тұрғанда неге соның ішінен санаулы харамына құмбыл тұрады? Әрбір күнә өзінен кейінгі үлкенірек күнәның хабаршысы. Күнәлар баспалдақ тәрізді бірінен

соң бірі жетелеп күпір жарына түскенге дейін пендені жетелей бермек.

Жалпы сыра деген не нәрсе өзі? Оның шыққан жері, ата-тегі не? Сыра әу баста шыққанда харам болып шыққан. Бейне бір казино ойындары тәрізді. Ендеше бұл сұрақ маған «казиноға барып, ондағы рулетка ойынын ақша тікпей ойнасам бола ма?» деп естілгендей болады. Мұндай ойындардың шығу мақсаты – адамды азғырған шайтанның тұзақтарының бірі ретінде рулетка ойынын ойнамақ тұрмақ сол казиноның ішіне де кіруге болмайды. Асылы сіз бүгін өзіңізге пәтуа шығарып сол рулетканы теңге тікпей ойнағанмен күндердің күнінде ақша тіккеніңізді де байқамай қаласыз.

Яки бұл сауал маған «кұлағалы тұрған үйде тұруға бола ма?» дегендей естіледі. Құранда Аллаһ Тағала зинаға қатысты «зина жасамаңдар» демейді. «Зинаға жақындамаңдар» деп бұйырады. Өйткені зинаға жақындаған адам кез-келген сәтте соның арбауына түсіп қалуы мүмкін.

Исламда «Сәд зара'и» деген қағида бар. Бұл қазақ тілінде «харамға жетелейтін кез-келген нәрседен қашық тұру» дегенге саяды. Мысалы Құранда Аллаһ Тағала: *«Аллаһтан басқасына табынғандарға һәм олардың пұттарына тіл тигізуші болмаңдар. Өйткені олар да уәж қайтару мақсатымен не дегендерін білмей Аллаһ Тағалаға тіл тигізулері мүмкін»*<sup>55</sup> дейді. Яғни бұл аятта мүшріктердің пұттарына тіл тигізуге тиым салынған. Негізінде пұттарды қор санау дұрыс іс-әрекет. Бірақ Аллаһ Тағалаға тіл тигізуге жол ашу жағынан тиым салынып тұр.

---

<sup>55</sup> «Әнғам» сүресі, 108.

Ендеше, сіздің «алкогольсіз сыраңыз» да осыған ұқсайды. Яғни сол сырада спирт болмағанмен, ішкен адамды мас қылмағанмен бұл сыра түбінде өзінің тегіне тартып, сізді сол еліне қарай жетелеуі мүмкін. Бүгін алкогольсіз сыраны ішкен күн ертең кәдуілгі сыраны ішпесіне кім кепіл? Әрі бір күні елімізде халал шарап, алкогольсіз коньяк, халал шампан да шығуы мүмкін<sup>56</sup>.

Бұған «шайтанның адамға оң жағынан жақындауы» деп айтылады. Шайтан бір мұсылманға келіп: «халал арақ-шараптан, коньяктан іш, харамынан ішпе! Өйткені сен тақуасың» дейді. Ал соны ішіп әбден үйреніп алған кезде шайтан оған: «Заты бөлек болса да аты бірдей ғой. Енді сенің таңдайтындай не қасиетің қалды» дейді.

Ал Пайғамбарымыз (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*): «*Кімде-кім бір елге ұқсайтын болса, онда ол солардан болады*» дейді. Ішімдік атаулы мұсылманға жат өзге дін өкілдерінің ішімдігі. Һәм шайтанның айла тәсілінің қолтаңбасы. Атам қазақтың «арақ – атаңнан қалған ас емес» дегені де сол.

Сондықтан алкогольсіз сыра адамды мас қылмаса да шыққан тегіне қатысты «Сәд зара'и» қағидасы тұрғысынан харамға жатады.

Әрі Пайғамбарымыз (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*): «*Көп мөлшері мас қылатын ішімдіктің аз көлемі де – харам*»<sup>57</sup> дейді. Сондықтан алкогольсіз сыраны спирттен кенде деп айта алмайсыз. Басқа хадисте: «*Мас қылатын әрбір ішімдік – харам. Фарақ*<sup>58</sup> *мөлшеріндегі мас қылатын ішімдіктің*

---

<sup>56</sup> Иә, бұл күндері кейбір мұсылман елінде дәл осындай ішімдік түрлері жасала бастаған.

<sup>57</sup> Тирмизи. Сахих хадис.

<sup>58</sup> Фарақ дегенміз – 9,3 л.

алақанды толтырар мөлшері де – харам»<sup>59</sup> деп айтылады.

Ендеше, қазіргі кездегі ғұламалардың бірі – Усама Абдулкарим әр-Рифағи араб елдерінде шығарылатын алкогольсіз сыранның құрамын арнайы лабораторияға барып тексергенде оның құрамында 0,004 г спирттің бар екенін анықтаған. Олай болса, бұл сыра да кәдуілгі сыранның бірі. Сол себепті ол – харамға жатады.

Ал, квасқа келсек, егер ол шекер арқылы ашытылатын болса, ішуге болмайды. Өйткені шекер арқылы құрамында спирт пайда болады.

### Темекінің үкімі

Исламның алғашқы үш кезеңінде темекі деген нәрсе жоқ болатын. Ол алғаш рет XVI ғасырда пайда бола бастаған. Темекі Ислам әлеміне әсер ете бастағанан бастап бұл туралы әр ғасырдың мүштәһид ғұламалары өз пікірін білдірген. Ендеше осылардың көзқарастарын үшке бөліп қарауға болады.

**Бірінші:** Алғашқы кездері темекінің қаншалықты адам ағзасына зиянды екеніне қатысты тәжірибесі аз болған кейбір мүштәһидтер темекі туралы дінде нақты ашық үкім болмағанын алға тартып, мүбаһ екендігін білдірген.

**Екінші:** Кейбір ғалымдар болса, темекі шегудің жақсы еместігін алға тартқанмен, айқын дәлел болмаған соң мәкрүһ деп үкім білдірген. Ислам әлемінде кейінгі жылдарға дейін осы мәкрүһ үкімі кең тарап келді.

**Үшінші:** Бұл топтағы ғалымдар темекінің денсаулыққа зияндығын алға тартып және экономикалық тұрғыдан

<sup>59</sup> Тирмизи. Сахих хадис.

ысырап екендігін сонымен қатар нәпақа жауапкершілігіне кері әсерін тигізетінін айтып, харам деп, пәтуа берген.

Қазіргі таңда осының бәрін есепке алып және бүгінгі таңдағы темекенің қаншалықты зияндығының анықталғанын да алға тартып былай деуге болады. Алдымен Хақ Тағаланың ол туралы тыйым салған үкімі жоқ деп айтуға болмайды. Құран мен сүннетте келтірілген үкімдер белгілі бір ұстанымдар мен мақсаттарға бағытталған. Мысалы, Аллаһ Тағала ішімдікті харам еткен. Құранда бұл «хамр» сөзімен берілген. Ендеше сіз Құранда сыра, коньяк деген сөз жоқ ендеше ол мүбаһ дей алмайсыз. Мас қылатын барлық спирт түрлері сол «хамр» тобына жатады. Олай болса темекіні де Құрандағы негізгі қағидаларға жатқызуға әбден болады. Атап айтқанда, Құранда: وَيُحِلُّ لَهُمُ الطَّيِّبَاتِ وَيُحَرِّمُ عَلَيْهِمُ الْخَبَائِثِ «*Оларға пайдалы пәк нәрселерді халал етіп, зиянды нахош нәрселерді харам етеді*», – деген<sup>60</sup> аят бар. Ендеше денсаулыққа қатерлі барлық нәрсе – харам. Темекі бастан-аяқ зиянға толы. Оның ешбір нәрсесі адамға да, қоғамға да пайдалы емес. Ғалымдар темекенің зияндылығын үшке топқа бөлген.

**Бірінші:** Зияндылық: Темекіні бүгінгі таңда ешкім «зиянсыз», қайта «пайдалы» деп айта алмайды. Тіпті оның қорабының сыртында адам ағзасына аса зиянды екенін жазып қояды. Бүгінде ғалымдар жалпы зерттеудің нәтижесінде, темекіден өкпе рагы, жүрек ауруы, амфизем, тыныс жолдары қабынуы сияқты аурулар пайда болатынын дәлелдеген. Сондай-ақ дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) мәліметіне сүйенсек, Жер шарындағы 1,8 миллиард 10-24 жас аралығындағы

<sup>60</sup> «Ағраф» сүресі, 157 аят.

жеткеншектер темекінің түтінімен уланған. Дүниежүзі ғалымдарының зерттеуінше, өкпе рагы ауруларының 90 пайызы темекі тартатындардың үлесіне тиеді екен. Әлемде әр 13 секунд сайын бір адам, әр 65 секундта бес адам темекі кесірінен көз жұмады. Жылына үш миллион адам темекіден пайда болған кеселдердің нәтижесінде қайтыс болатын көрінеді<sup>61</sup>.

Өкпе рагы сырқатының 90 пайызы осыдан пайда болатын болса және онымен қоймай жылына жер бетіндегі Аллаһ Тағаланың ардақты етіп жаратқан пендесінің үш миллионын жалмайтын болса, мұндай тажалдың зияндылығын, жай зиян емес, «Дәжжәлдің қылышы» деп әбден атауға болмай ма?! Ендеше темекіні сіз қалайша «мүбаһ», яки «мәкрүһ» деп айта аласыз? Егер бұған мәкрүһ деп баға беретін болсаңыз басқаға не деп пәтуа айта аласыз? Әрі темекі шеккен адам өзіне ғана емес жанындағыларға да зиянын тигізеді. Әрі көпшілік ортасында бір адам шылым шеккенде оның иісі зиян берсе, барлық адамға кісі ақысы өтеді. Әрі өзі шеккенмен қоймай өзгеге, әсіресе, жас ұрпаққа үйретіп жарнамалағаны үшін өзімен қоймай солардың бәрінің күнәсін арқалайды. Соның кесірінен кейінгі ұрпақ жаппай темекі шегіп миллиондаған адам өліп, қоғам құлдырайды. Құранда кімде-кім бір адамды жазықсыз өлтірсе, жер бетіндегі барлық адамды өлтіргенмен бірдей деген қағида бар. Ендеше, бір емес өзінің миллиондаған ұрпағының өліміне себеп болғандар ақыретте сөзсіз есепке тартылып, Хақ Тағаланың құзырында жауап беріп, солардың күнәсін жүз еселеп өздеріне артады.

<sup>61</sup> Бұл туралы кеңірек мәлімет үшін қараңыз; Қайрат Жолдыбайұлы, Дін мен Діл. 90-93 беттер. Алматы. 2010.

Әрі ақыр соңында темекенің кесірінен сырқаттанып өлген адам өз-өзіне қол жұмсап өлгенмен тең. Құранда:

وَلَا تُلْقُوا بِأَيْدِيكُمْ إِلَى التَّهْلُكَةِ

«Өздеріңді өз қолдарыңмен қатерге итермеңдер»<sup>62</sup>,

وَلَا تَقْتُلُوا أَنْفُسَكُمْ

«Өздеріңді өздерің өлтірмеңдер», –<sup>63</sup> деп айтылған. Кейбір улар бар, адамға бірден әсер етеді. Ал кейбір улар болса, адамға көп уақыттан соң әсерін тигізеді. Ал енді кім никотинді «у емес» деп айтуға дәті барады.

Сондықтан да Мысырдағы «әл-Әзһар» университетінің жанындағы «Пәтуә комитеті» 1979 жылында «темекі харама» деген үкім шығарған.

**Екінші:** Ысырап: Құранда Аллаһ Тағала:

وَكُلُوا وَاشْرَبُوا وَلَا تُسْرِفُوا إِنَّهُ لَا يُحِبُّ الْمُسْرِفِينَ

«Жеңдер, ішіңдер. Бірақ ысырап етпеңдер»,<sup>64</sup> – деп бұйырған. Аллаһ елшісі де үнемі үмбетін ысырапшылдықтан сақтандырған. Ендеше темекіге келсек ысырапшылдықтың негізін қалауға арқау болушылардың бірі.

**Үшінші:** Нәпақа жауапкершілігі: Отбасының асыраушысы Исламда ер кісі. Ол өзінің әйелі мен балашағасының нәпақасын тауып беруге міндетті. Осындай адам бала-шағасының нәпақасынан жырып, өз нәпсісінің

<sup>62</sup> «Бақара» сүресі, 195.

<sup>63</sup> «Ниса» сүресі, 29.

<sup>64</sup> «Ағраф» сүресі, 31.



бас пайдасына пайдалануы дінде адамгершілік және мінез-құлық тұрғысынан әдепсіздік жағдай болып табылады.

Сөз соңында, осы үш мәселеге терең көз салсақ, темекінің үкімі қандай екені өзінен-өзі біленеді деген ойдамыз.

### ***Насыбай мен қорқор туралы не дер едіңіз?***

Насыбай да қорқор да темекіге ұқсас. Бүгінгі таңда еліміздің денсаулық сақтау министрлігі де насыбайдың табак пен әктен және басқа да зиянды нәрселерден жасалып, оның адам ағзаларына зиян екендігін айтуда. Тіпті бұл зияндылық рак секілді аурулардың тудыруға апаратынын айтады. Қорқорды да ғалымдар темекімен бір екендігін ескеретін болсақ бұл екеуінің де харам екендігі айқындалады.

### **Жібек киім мен жібек матаны пайдалану**

Ислам діні әр салада орта жолды ұстанғанындай киім кию тұрғысынан да орта жолды көрсеткен. Құранда арнайы шеңберден шықпай әрекет ету, тапқан байлығын ел-жұртқа көрсету үшін шашып төгуге жол бермеу насихатталған. Хазіреті Пайғамбар (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) да өмір бақи таза және қарапайым, әрі әсем киініп әрқашан орта жолды сақтаған. Ислам діні киім киюде оны таңдауда адамдардың еркіне маңызбен қарап тек кейбір тыйымдар ғана қойған. Сондықтан да діннің киінуге қатысты шектеулері санаулы ғана болған. Осылардың бірі – жібек киімге қатысты тыйым.

Аллаһ елшісі жібек киімді киюге әйелдерге ерік бергенмен ерлер үшін шектеулер қойған. Адам баласы алтын, күміс, інжу-маржан, жібек секілді бағалы заттарға қатты қызыққандықтан Құранда жаннат өмірін суреттегенде

осы заттарды жиі айтқан. Мысалы, «Кәһф» сүресінде: **«Міне бұлар үшін астарынан өзендер ағатын Ғадын жаннаттары бар. Олар онда алтыннан білезіктермен безенеді. Олар жұқа әрі қалың жасыл жібектен киімдер киеді»**,<sup>65</sup> – деп жаннат әлемі суреттеліп айтылған. Ал бұл дүниеде жібек киімге қатысты тікелей айтылған Құранда аяттар жоқ. Хадистерде ерлерге қатысты кейбір тыйымдар қойған.

Жібекке қатысты хадистердің біразынан мысал беріп айтуға болады.

1. عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ مَنْ لَبَسَ الْحَرِيرَ فِي الدُّنْيَا فَلَنْ يَلْبَسَهُ فِي الْآخِرَةِ «Жібекті дүниеде киген ақыретте кие алмайды».<sup>66</sup>

2. Хұзайфа деген сахаба Мәайын деген бір жерде болған кезінде шөлдеп жергілікті халықтан су сұрайды. Сонда сол жердің лауазымды бір адам оған күміс ыдыспен су ұсынған кезде ол әлгі ыдысты лақтырып жіберіп «Аллаһ елшісі (аләйһис-саләту уәс-сәләм):

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الذَّهَبُ وَالْفِضَّةُ وَالْحَرِيرُ  
وَالدِّيَابِجُ هِيَ لَهُمْ فِي الدُّنْيَا وَلَكُمْ فِي الْآخِرَةِ

<sup>65</sup> «Кәһф» сүресі, 31 аят. Осыған қатысты басқа да сүрелердегі аяттар; «Хаж» сүресі, 23; «Фатыр» сүресі, 33; «Дұхан» сүресі, 53; «Инсан» сүресі, 12-31. «Кәһф» сүресі, 31 аят. Осыған қатысты басқа да сүрелердегі аяттар; «Хаж» сүресі, 23; «Фатыр» сүресі, 33; «Дұхан» сүресі, 53; «Инсан» сүресі, 12-31.

<sup>66</sup> Бухари, Либас, 25; Муслим, Либас, 2; Тирмизи, Әдәб, 1.

«Алтын, күміс, жібек және «дибаж» бұл дүниеде олар үшін, ал ақыретте сендер үшін» – деп айтқан», – дейді<sup>67</sup>.

3. «Жібек пен алтын үмбетімнен әйелдерге– халал, ал еркектерге – харам»<sup>68</sup>.
4. Хазіреті Омар сатылғалы тұрған бір жібек киімді көріп, Пайғамбарға қарап: «Пайғамбарым! Мына киімді сатып алып, сізге арнайы қонақтар келгенде және жұма күндері кисеңіз» дейді. Аллаһ елшісі сонда: «Мұны тек нәсібі жоқ адамдарға ғана ки-еді», – дейді. Хазіреті Пайғамбар (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) осы оқиғадан біраз өткен соң Омарға жібек киім жібереді. Хазіреті Омар «Жібек киім туралы өткендегі сөзіңіз бар еді. Сөйте тұра маған мына жібекті жібердіңіз бе?» деп сұрағанда Аллаһ елшісі: «Мен мұны саған сатарсың не болмаса біреу-ге берерсің деп жібердім»<sup>69</sup> деп жауап береді.
5. Кейбір деректе хазіреті Пайғамбар (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) Зухайр және Абдрахманға тері сырқатына байланысты жібек киім киюге рұқсат бергені айтылады<sup>70</sup>.

Ислам ғұламалары да осы хадистерге байланысты жібек киім киюдің харамдығын алға тартқан. Ханафи мәзһабының үш үлкен имамы еркектер үшін соғыстан тыс жібек киім киюдің харамдығын айтады. Сондай-ақ, Ханафилерде жібекті жастық етіп жастануға болады. Өйткені мұнда жібекке немқұрайлы қарау бар. Һәм Ханафилер бойынша соғыста да соғыстан тыс та жібек

<sup>67</sup> Бухари, Либас, 25.

<sup>68</sup> Бухари, Либас, 30.

<sup>69</sup> Бухари, Либас, 25, 30.

<sup>70</sup> Бухари, Либас, 29.

араласқан киім киюдi мүбаһ санаған. Бірақ жібек аз болуы керек. Аздық қашан да маңызсыз саналады. Басқа да ғалымдар Ханафилер секiлдi аздықты негiзсiз санаған. Бұған мына екi хадистi дәлел етiп көрсетедi. «Аллаһ елшiсi (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) еш нәрсе араласпаған таза жібектен жасалған киiмге тыйым салды», Ибн Аббас: «Оның жiбiнiң жібек болуына келсек ешбiр әбестiгi жоқ»,<sup>71</sup> – дейдi.

Сонымен қатар кiмде-кiм жібек киiм киiп намаз оқитын болса оның намазы дұрыс болады. Қайта оқудың қажетi жоқ.

Сөз соңында, хадистерге қарап назар салғанда жібек киiмнiң харам болуының сыры оның аса бағалы мата болып тәкаппарлануға себеп болып кедейлердiң көңiлдерi қалуына жол ашқаны үшiн тыйым салды деп түсiнуге болады. Ақиқаты Аллаһқа аян.

### Алтын-күмiс тағу

Ерлер үшiн жібек киiм секiлдi алтын жүзiк тағу да – харам. Бірақ әйелдер үшiн алтын жүзiк – халал. Өйткенi Аллаһ елшiсi (*саллалаһу аләйһи уәссәләм*) «*Алтын мен жiбек үмбетiмнiң әйелдерiне – халал, еркектерiне – харам*»<sup>72</sup>, –деп айтқан. Хазiретi Әлиден жеткен бiр хабарда Аллаһ елшiсi алтын жүзiкке тыйым салған<sup>73</sup>. Ибн Аббастан жеткен бiр хадисте: «Аллаһ елшiсi бiр адамның қолынан алтын жүзiк көрiп қалып, оны қолынан шығарып лақтырып жiберiп: «*Сендердiң қайсы бiрiң қолына шоқты ұстай алады?*»,<sup>74</sup> – дейдi.

---

<sup>71</sup> Ахмед пен Әбу Дәуiт жеткiзген.

<sup>72</sup> Ибни Әбу Шәйбә, Зәйд ибн Әркәмнан жеткiзген.

<sup>73</sup> Бухаридан тыс жамағат жеткiзген.

<sup>74</sup> Муслим жеткiзген.

Бірақ мәзһаб имамдары ер кісіге күміс жүзік тағуын бұдан тыс қараған. Күміс жүзік тағуды аз болу халінде мүбаһ санаған. Ханафилер бойынша мұның аз мөлшері бір мысқал (2. 975 гр.) яки бұдан да төмен. Сондай-ақ күміс жүзік туралы Кутубу-ситтә имамдары Әнәс ибн Мәліктен «Аллаһ елшісі Хабаши көзі бар күмістен бір жүзік тақты. Оған «Мухаммадун Расулуллаһ» деген сөзді нақыштады» дегенді жеткізеді.

Нәм үй заттарында алтын мен күмісті пайдалануға болмайды. Атап айтқанда, алтын мен күміс ыдыстардан су, ас ішу, әтірді пайдалану, дәрет алу, т.б. Сондай-ақ алтын мен күмістен сағат, қалам, айна, әшекей заттар да дұрыс емес. Үйлерді алтын мен күміспен әшекейлеу де жақсы емес. Өйткені Пайғамбарымыз (*аләйһис-саләту уәс-саләм*): «Алтын мен күміс ыдыстардан ішпеңдер, алтын мен күміс ыдыстардан тамақ жемеңдер. Өйткені олар бұл дүниедегі олардыкі (мүшіріктер), ақыретте болса сендердікі»<sup>75</sup>. Басқа бір хадисте:

عَنْ أُمِّ سَلَمَةَ زَوْجِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ الَّذِي يَشْرَبُ فِي إِنَاءِ الْفِضَّةِ إِنَّمَا يُجْرَجُ فِي بَطْنِهِ نَارَ جَهَنَّمَ

«Күміс ыдыстан су ішкен адам қарнын жаһаннам отымен толдырды деген сөз»<sup>76</sup> дейді.

Алтын мен күміс зәру жағдайларда пайдаланса, харам болмайтынын кейбір ғұламалар алға тартады. Атап айтқанда, кесілген мұрын мен түскен тістің орнына алтын мен күмісті пайдалану. Бұл көзқарас – арасында Ханафи

<sup>75</sup> Бұл хадисті Бухари мен Муслим Хузайфа ибн әл-Ямәннан жеткізген.

<sup>76</sup> Бухари мен Муслим. Умму Сәләмәден жеткізген.

ғалымдарынан Имам Мухаммад кейбір деректе Әбу Жүсіп те қосылған көптеген ғалымдардың көзқарасы. Ал Әбу Ханифа болса тістер алтын емес күміспен тағылатынын айтқан. Сондай-ақ, ол жүзіктің көзін бекіту үшін алтынды пайдаланудың әбестігі жоқтығын айтады. Алайда Шафиғи: «Жүзіктің ұясын алтыннан жасау ер кісіге харам», – дейді. Сондай-ақ ерітілсе де таза болмай өзге шикі заттармен араласқан күміс пен алтынды кейбір құралдарға пайдалануға болады.

Сонымен қатар Әбу Ханифа күміспен әшекейленген ыдыстан су ішуге, дәрет алуға және күміспен әшекейленген ер-тоқымға отыруға болатынын айтады. Иәм Ханафи мәзһабына қарай күнделікті істерде пайдаланбау шартымен үй ішінде әшекей мақсатымен алтын мен күмістен заттарды қойып қоюға болады.

Жақұт, інжу-маржан, бақыр, мыс, агат, хрусталь, т.б осы секілді әр түрлі асыл тастардан жасалған ыдыстарды пайдалануға болады. Өйткені бұлар алтын мен күміс мағынасына келмейді. Оның үстіне Пайғамбарымыз (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) мыс ыдыстан дәрет алған<sup>77</sup>.

Аллаһ елшісінің алтын мен күмісті ерлерге харам етуі мен әйелдерге халал етуінің хикметтері бар. Оның кейбірі төмендегіше:

1. Алтын мен күміс әсіресе ғасырлар бойы алтын ақша болып экономикада үлкен рөл ойнаған. Бұларды ерлердің әшекей ретінде пайдалануы экономикаға кері әсерін тигізеді.
2. Бұларды әшекей бұйым етіп қоғамнан тыс қалтарыста қалдырып қоюы елдің қазына қаржысына үлкен залалын тигізеді.

---

<sup>77</sup> Бухари, Муслим.

3. Ер кісінің табиғаты алтын мен жібекпен сәнденуге лайық емес.
4. Үсті басын түгелдей алтынмен аптап, күміспен қаптап ел алдында жүру қоғамдағы әділдікке кері әсерін тигізіп, елді «бай» деп, «кедей» деп, екіге жаруы мүмкін.

Әйелге келсек оның табиғаты сәнденуге әбден лайық. Өрқашан еркекке – жігіттік, әйелге – әсемдік жарасады.

### **Шаш, сақал және мұрт қоюдың үкімі**

Құран мұсылмандарға бірліктен айырылмай біртұтас болуын және мүшріктермен, кәпірлермен дос болмай, тіпті олардың мәдениетінің әсерінен аулақ болуды насихаттаса, хазіреті Пайғамбарымыз (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) да үмбетін сенім және мінез-құлық тұрғысынан және киім-кию, жүріп-тұру жағынан да мүшріктерге ұқсамауға ынталандырған.

Пайғамбар заманында яһудей мен христиандардың егде кісілері ағарған шаштары мен сақалдарын боямайтын. Ақырғы пайғамбар қарт сахабаларға оларға ұқсамасын деп шаш пен сақалдарын бояуды насихаттаған<sup>78</sup>. Сонымен қатар мүшрік пен мәжусилерге ұқсамас үшін мұрттарын қысқартып, сақалдарын ұзартуға әмір мен насихат айтқан. Мысалы Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*): «*Мұрттарыңды қысқартыңдар, сақалдарыңды ұзартыңдар*»<sup>79</sup>, «*мұрттарыңды қырқыңдар, сақалдардыңды ұзартып, мәжусилерге қарсы келіңдер*»<sup>80</sup>, «*Мүшріктерге қарама-қайшылық танытып сақалдарыңды көбейтіп,*

<sup>78</sup> Бухари, әл-Әнбия, 50; Муслим, Либас.

<sup>79</sup> Бухари, Либас, 64.

<sup>80</sup> Муслим, Тахарат, 16.

мұрттарыңды кесіңдер»<sup>81</sup>, «мұртынан алмаған бізден емес»<sup>82</sup> деп насихаттаған.

Ғалымдар осы хадистерге сүйене отырып діни көріністе сақал қойып, мұртты алу Исламның әмірі мен рәмізі болғаны, яки болмағаны туралы түрлі көзқарастар айтқан. Әрі сақал қырудың харамдығы туралы да әр түрлі пікірлер айтқан. Бірақ ғұламалардың басым көпшілігінің көзқарасы бойынша сақал қыруды харам деп санаған. Шафиғилардан Ғазали, Рафий, Нәуәуи және Мәликилерден Қади Ияз секілді ғалымдар болса, сақал қыруды харам емес, мәкрүһ деген пікір білдірген.

Әбу Дәуудтің хадистерін талдап түсініктеме жазған Хаттаби хазіреті Пайғамбардың (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) он нәрсенің адам жаратылысының табиғатынан екенін айтып сақал қоюды да осылардың арасына жатқызған хадисінің түсініктемесінде ғалымдардың көбісінің бұл жердегі хадисте айтылған «табиғатты» (фитрат) «сүннет» мағынасында дегенін жазады. Жалғасында да осы ерекшеліктердің солардың ішінде әсіресе сақал қоюды да біздің іске асыруымыз қажеттігін және оның хазіреті Пайғамбардың (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) сүннеттерінен екендігін айтады<sup>83</sup>.

Сақал қыруды харам екенін айтқан ғалымдар жоғарыдағы айтылған хадистердегі әмірлерді діни әмір ретінде түсініп, Хақ пайғамбар мен сахабалардың сақал қойғандарын да осылай жорамалдаған. Бұған қосымша ретінде Құранда Пайғамбарымызға бағынуды әмір еткен аяттардың барлық тақырыпта болғанындай, осы сақал қою тақырыбында да оған бағынуды қамтығанын және сақал қою мұсылманның рәмізі екенін айтады. Сонымен қатар

---

<sup>81</sup> Муслим, Тахарат, 16.

<sup>82</sup> Бухари, Либас, 63-65; Тирмизи, Әдәб, 6.

<sup>83</sup> Мәалимус-сунән. 1/44.



сақал қыру әйелге ұқсау және Аллаһтың жаратқан жаратылысын бұзу екенін және бұл жөніндегі тыйым салудың сақал қыруды да қамтитынын білдіреді.

Мәликилер мен Ханбалилер сақал қыруды харам деп қабылдаса Ханафилер тахримән мәкрүһ деп санаған.

«*Аллаһ елшісі сақаланын ені мен ұзындығына қарай алатын еді*»,<sup>84</sup> – дейді. Ғалымдар сақалдың өлшемі туралы түрлі көзқарас білдірген. Имам Мәлік сақалдың өте ұзарып кетуін мәкрүһ санаған. Кейбір ғалымдар бір тұтамды жеткілікті санап артығын кесуге үкім берген.

Сақалдың бір тұтам болуы туралы көзқарас хазіреті Омарға тиесілі. Бірде ол сақалын тым ұзартқан бір адамның сақалын ұстап, ескертіп, артынан бір адамға әмір етіп «бір тұтамынан қалғанын кес» деп, – кестіреді. Сосын әлгі адамға қарап «бар да шашынды түзет!», – деп әмір етеді де: «Неге кейбір адамдар өз-өзіне қарамай, жыртқыш аңдар тәрізді өздерін бос қоя береді», – дейді.

Ғалымдардың кейбірі осыған орай сақалдың шегінің болуы керектігін оған күтім жасап түзеуін қажеттілігін айтады. Өйткені күтімсіз сақал адамды жаман көрсетеді. Негізінде сақалдың ұзындығы туралы сүннеттен нақты бір дәлел жоқ. Ғалымдар әдемілікті назарға алып осылай үкім берген.

Мұрт қоюға келсек хадистерде мұрттардың қысқартылуы, кесілуі яки қыруына қатысты әмірлер бар. Сахабалар арасында мұрттарын қысқартқандары да, қырғандары да бар. Ғалымдар мұрттың тереңірек қырқылуын және жоғарғы еріннің көрінетіндей астынан алынуын насихаттайды. Имам Нәуәуи Муслимнің шәрхында (түсініктеме) «Адам түгелдей аламын десе де аздап өсіремін десе өзі біледі», – дейді. Әбу Дәуудтың

<sup>84</sup> Тирмизи, Әдәб, 17.

Сунән кітабында да Муғира ибн Шубә: «Мұртым өте ұзын болатын. Мисуактан артық жерін Пайғамбарымыз кесті», – дейді. Тирмизидің бір хадисінде:

Хазіреті Пайғамбарымыздың (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) әдетте шаштарын иықтарына түсетіндей етіп қойғанын, кейде де шашын қысқартқанын немесе тақырлап алынғанына қарай Ислам ғалымдары сақал жайында білдірген көзқарасындай пікір білдірген. Олар Пайғамбардың шаш қою түрін әдет-ғұрыптық бір іс-әрекет және тұлғалық таңдау ретінде санаған. Сол себепті фикһта мұсылмандардың Пайғамбарға бағыну ретінде шаштарын ұзарту керектігі міндет деген ешқандай сөз жоқ.

Шаш қойған адам сол шашының күтімін жасау керек. Пайғамбарымыз *«Кімде-кімнің шашы болса, оны күтіп қадірлеп ұстасын»*,<sup>85</sup> – дейді. Кейбір хадисте Пайғамбарымыз шаш өсіріп бірақ карамай ұйпа-тұйпасы шығып жүрген адамды *«шайтан секілді басындағы шаштары ұйна-тұйна»*,<sup>86</sup> – деген ескертулер айтқан.

Шашты бояуға Пайғамбарымыз рұқсат еткен. Ер кісі шашын әр түрлі бояумен бояғанмен қара түске бояуға келгенде ғалымдар арасында «болады», «болмайды» деген екі түрлі көзқарас бар. Бұған мысал ретінде мына екі хадисті айта кетелік.

Хазіреті Жабир жеткізеді: «Әбу Куһафәны «Фатих» күні Аллаһ елшісінің алдына алып келтіріледі. Шашы көбіктей аппақ еді. Пайғамбарымыз (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*): *«Мынаны әйелдерінің біріне алып барыңдар. (шашының түрін) өзгертсін. Бірақ қараға бояудан аулақ болыңдар»* дейді. Басқа бір хадисте Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*): *«(Азарған шаш пен сақалдарды бояуда) пайдаланған*

<sup>85</sup> Әбу Дәууд, Тәрәжжул, 3.

<sup>86</sup> Қараңыз; Муатта, Шаар, 7.

*ең жақсы бояу сөзсіз мына қара. (Өйткені қара бояу) әйелдеріңді өздеріңе қатты тартады. Жауларыңның ішіне қорқыныш ұялатуға да абзал», – дейді.*

Екі хадис бір-біріне қарама-қайшы. Бұған қатысты басқа да рияуаттар бар. Осыған қатысты хадистердің бәрін назарға алып таразыға тартқан ғалымдардың басым көпшілігі шаш пен сақалды қараға бояуды мәкрүһ деп үкім берген. Тіпті кейбірлері бұл жердегі мәкрүһтың «тахримән» (харамға жақын) мәкрүһ екендігін айтады. Ал кейбір ғалымдар болса, қараға бояу тек жауға қарсы шапқанда ғана болады деп пәтуа берген. Ал әйелдерге келсек оларға қарамен бояуға болады. Бірақ әрине орамал тартпай ел алдында шашын бояп ашық жүргендер орамалдан бөлек күнә табады.

Шаштағы ақтардың жұлынуына келсек, Пайғамбарымыз бұған тыйым салған. Аллаһ елшісі: *«Шаштағы ақтарды жұлмаңдар. Өйткені бір адам мұсылман болып тұрып бір тал шашы ағарса, бұл қиямет күні сол үшін сөзсіз бір нұр болады»,<sup>87</sup>* – дейді.

Пайғамбарымыз (*аләйһис-саләту уәс-саләм*) шаштарға бояуға рұқсат бергенмен жұлуға рұқсат бермеген. Муслимнің бір хабарында Әнәс ибн Мәлік: *«Біз кісінің шаш пен сақалындағы ақ қылдарын жұлуды мәкрүһ санайтын едік»,* – дейді.

Сондай-ақ баланың шашын алғанда оны тұтастай алуы қажет. Нафи Ибн Омардың *«Аллаһ елшісі «қазә'ға» (яғни баланың шашының бір бөлігін алу) тыйым салды»* деген сөзін жеткізгенде адамдардар *«Қазә'»* деген сөзді қалай түсінеміз?» деп сұрайды. Сонда ол: *«Адам баласының шашын алып бірақ мына жерлерін алмай тастап кетеді»*

<sup>87</sup> Әбу Дәууд, Тэрәжжұл 17; Тирмизи, Әдәб, 56; Нәсәи, Зинәт, 13; Ибн Мәжә, Әдәб, 25; Муслим, Фәдаил, 100.

деп жауап береді. Ол мына жерлер деп маңдайын және екі самайын көрсетті<sup>88</sup>.

«Қаза'ның» тілдік мағынасы «бұлт бөлігі» дегенге саяды. Яғни баланың басындағы алынбаған шаштары бұлттай көрініп тұратындықтан, бұған – «қаза'» деген. Ендеше хадис баланың шашын алғанда кейбір жерін қалдырып кетуге тыйым салған. Әбу Дәуудтың да алған бір хадисінде Аллаһ елшісі осындай бір баланы көріп қалып: «*Не толықтай алыңдар, не болмаса тиіспеңдер*», – дейді.

Ибн Хажар бұл мәселенің тек балаға ғана қатысты екендігіне қосылмайды. Үлкендер де әйел, яки ерлер де болуы мүмкін деп мұндай шаш алу түрін мәкрүһке жатқызады. Пайғамбарымыздың бұған тыйым салуын себебіне ғалымдар әр түрлі көзқарас білдірген.

Әйелдердің шаш мәселесін айта кетер болсақ олар шаштарын ерлердің шаштарына ұқсамайтындай деңгейде қысқартуына болады. Сондықтан қажылық кезінде әйелдер шаштарының ұшын ғана қырқады. Ал әйелдердің шаштарын тұтастай сыпырып тақырлап алуына болмайды. Өйткені хазіреті Әлі: «*Аллаһ елшісі (саллалаһу алейһи уә сәлләм) әйелдердің шаштарын тақырлап алуға тыйым салды*»,<sup>89</sup> – дейді. Бірақ әрине науқас секілді зәру жағдайларда тақырлап алуына тура келсе, оның жөні мүлде басқа.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм) әйелдерге парик тағуға да: «*Аллаһ кигенге де, кигізгенге де лағынет етсін*», – деп тыйым салған<sup>90</sup>.

Ғұламалар парик киюдің харамдығын бір ауыздан растаған. Бірақ кейбір ғалымдар жүн, жібек және мата

---

<sup>88</sup> Бухари, Либас, 72; Муслим, Либас, 113; Әбу Дәууд, Тәрәжжул, 14; Нәсәи, Зинәт, 5; Ибну Мәжә, Либас, 38.

<sup>89</sup> Нәсәи, Зинәт, 4; Тирмизи, Хаж, 74.

<sup>90</sup> Бухари, Либас, 83; Муслим, Либас, 115.

секілді шаштан бөлек нәрседен жасалған нәрсені киюді харам деп қабыл етпеген<sup>91</sup>. Сондықтан бұл жердегі харам болған парик тікелей адамның шашынан жасалған парикке айтылады.

### Әтір және соған ұқсас сұйық заттардың үкімі

Әбу Ханифа бойынша, Құранда айтылған «хамр» сөзі жүзімнен жасалған шарапқа қатысты атау. Ал қалған мас қылатын (мускир) нәрселерді осыған (қияс) салыстыра отырып «харам» деп қабылдаған. Пайғамбарымыздың (*саллаләһу алейһи уә сәлләм*) «*Әрбір мас қылатын нәрсе харам*»<sup>92</sup> деген хадисі де осы салыстырудың дұрыстығын растауда. Әрі «*Көбі харам ететін нәрсенің азы да харам*»<sup>93</sup> деген хадис те осыны көрсетеді.

Жүзімнен жасалған шарап «хамр» деген сөзбен беріліп, Құран аяттарымен айқын харам екенін айтқан. Сондықтан оның бір тамшысының өзі харам. Бұдан басқа мас қылатын спирттік заттардың ішілуі (қияс) аятпен салыстыру және хадис арқылы харам. Бірақ олар айқын ласқа жатпайды. Өйткені олардың ластығы туралы Құранда жоқ. Олай болса жүзімнен жасалған нәрсе айқын лас нәрсе және ішуі айқын харам. Оны терістеу күпірлікке жатады. Ал қалған спирттік заттарға келсек олардың ішілуі харам болғанмен тікелей ластыққа жатпайды. Тиген жерлерді лас етпейді. Бұл – Әбу Ханифаның көзқарасы. Ендеше спирт Әбу Ханифаның ижтиһадына қарай лас нәрсе емес. Тек ішуі шараппен тең харам.

Имам Шафиғи мен серіктері болса, Құрандағы «хамр» сөзін тек жүзімнен жасалған шарап емес барлық

<sup>91</sup> Ибн Хажар.

<sup>92</sup> Муслим, Ханбэл.

<sup>93</sup> Ханбэл, Тирмизи, Әбу Дәууд.

мас қылатын нәрселердің атауы деп жорамалдаған. Бұл тұрғыдан жүзімнен жасалған шараппен қатар барлық ішімдіктер яғни спирттік заттар да лас нәрсеге жатады. Яғни спирт төгілген жер таза болып саналмайды. Намазға кедергі жасайды. Әрі олардың ішілуі де харам. Олар (уахид хабар болып жеткен) *«Турасы жүзімнен жасалғанда – бір хамр, құрмадан жасалғанда – бір хамр, балдан жасалғанда – бір хамр, бидайдан жасалғанда – бір хамр, арпадан жасалғанда – бір хамр бар»*, – деген хадисті дәлел етіп көрсетеді. Айтқандай-ақ, Құранда шараптың харамдығына қатысты үкім түскен заманда осы бес нәрседен ішімдік жасалатын.

Олай болса, бұл тақырыпты тұжырымдап былай деуге болады.

Имам Ағзамның көзқарасы бойынша тек жүзімнен жасалған ішімдіктер тікелей лас нәрсе болып тиген жерін ластайды. Ал қалған спирттік сұйық заттар тиген жерін ластамайды. Олардың ішілуі ғана харам. Сондықтан спирттік сұйық заттарды пайдалы нәрселерге пайдалануға болады. Ине салғанда, жараны тазалағанда, т.б.

Имам Шафиғи мен серіктері болса аталмыш хадисті дәлел етіп көрсетіп «хамрды» барлық ішімдіктің атауы деп күллі спирт атаулыны лас деп қабылдап тиген жерлерін ластайды деп үкім берген. Бірақ Шафиғи ғалымдар осы көзқарасқа қарай «лас» десе де, спирттік сұйық заттар араласқан дәрілерді «кешірілген» деп санаған. Яғни олардың көзқарастары бойынша спирттік сұйық заттарды пайдалануға болады.

Қорытындылайтын болсақ, шарап, шампан, арақ және коньяк секілді ішімдіктер төгілген жерге намаз оқуға болмайды. Олар денеге немесе киімге тиетін болса сөзсіз жууы

қажет. Өйткені олар зәр секілді «ластыққа» жатқандықтан намазға кедергі жасайды.

Алайда құрамында спирті бар әтір яки басқа да спирт араласқан сұйық заттар денеге не болмаса киімге тисе намазға кедергі жасамайды. Өйткені бұлардың ішілуі харам болғанмен ішуден тыс нәрсеге пайдалануға болады. Мысалы, ине салдырғанда дәрігерлер міндетті түрде спиртті пайдаланады. Тіпті ине салдырған соң «намазға кедергі келтіреді» деп спирт тиген денені жуудың қажеті де жоқ. Оның үстіне дәрігерлер кез-келген спирттің тез арада ұшып кететін айтады. Ендеше құрамында спирті бар әтір тәрізді сұйық заттардың денеге немесе киімге тиюі құлшылыққа кедергі келтірмейді.

### Сурет пен мүсіннің үкімі

Сурет араб тілінен енген сөз. «Бітім, түр-түс, көрінісі дегенге саяды. Сурет салудың харамдығы тікелей Құранда жоқ. Бұл туралы үкімдер хадис те ғана бар. Ендеше сурет салуға деген тыйымды сүннеттен екендігін растап оның тыйым салу себептеріне назар салайық.

Хадистегі суретке тыйым салуға қатысты мәшһүр хадистерді тізбектейтін болсақ:

1. Хазіреті Айшаның жеткізген бір хадисінде Аллаһ елшісі (*саллалаһу алейһи уә сәлләм*) үйінде «салиб» (крест) салынған барлық нәрсені сындырғандығы айтылады<sup>94</sup>.
2. «Қиямет күнінде ең ауыр азапқа душар болатындар – суретшілер».<sup>95</sup>

<sup>94</sup> Бухари, Либас, 89.

<sup>95</sup> Бухари, Либас, 89.

3. «Мына суреттерді жасағандарға қиямет күнінде; «жаратқандарыңа жан беріңдер» деп азап беріледі».<sup>96</sup>
4. Хазіреті Айшадан жеткен бір хадисте Айша бірде бетінде жануар суреті бар бір көпшік алады. Хақ пайғамбар оны көрген кезде есіктен кірмей сыртта тұрып қалады. Хазіреті Айша Аллаһ елшісінің көңілі бұзылып тұрғанын көріп: «Пайғамбарым! Аллаһтан және Елшісінен кешірім тілеймін. Қандай да бір қателік жасап қойдым ба?», – деп сұрайды. Аллаһ елшісі сонда бетінде жануардың суреті бар көпшікті көрсетіп: «Мына көпшік бұл жерде қайдан жүр?», – деп сұрайды. Айша: «Пайғамбарым! Оны қаласаңыз отырарсыз, қаласаңыз жастанарсыз деп сіз үшін сатып алған едім», – деп жауап береді. Аллаһ елшісі (саллалаһу алейһи уә сәлләм):

فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّ أَصْحَابَ هَذِهِ الصُّورِ  
يُعَذَّبُونَ يَوْمَ الْقِيَامَةِ وَيُقَالُ لَهُمْ أَحْيُوا مَا خَلَقْتُمْ وَقَالَ إِنَّ الْبَيْتَ  
الَّذِي فِيهِ الصُّورُ لَا تَدْخُلُهُ الْمَلَائِكَةُ

«Осы суреттерді салғандарға қиямет күнінде азап етіліп, «Қанекей, жасаған мына суреттеріңе жан бітіріңдер» деп айтылады. Ішінде суреттері бар үйге періштелер кірмейді»<sup>97</sup> дейді.

5. «Періштелер ішінде ит пен суреті бар үйге кірмейді»<sup>98</sup>.

<sup>96</sup> Сол жерде.

<sup>97</sup> Бухари, Либас, 95. Сондай-ақ хадистің шәрхы үшін қараңыз; Ибн Хажар, Фәтхул-бәри.

<sup>98</sup> Бухари, Либас, 88.



6. *«Періштелер ішінде суреті бар үйге кірмейді. Мата бетіндегі ою мен нақыш бұдан тыс».*<sup>99</sup>
7. Хазіреті Айша ауыз үйінің жоғарғы жағына суреттері бар бір перде іліп қояды. Хазіреті пайғамбар сапардан қайтқан кезде оны көріп: *«Қиямет күнінде ең ауыр азапқа ұшырайтындар Аллаһтың жаратуына ұқсауға тырысқандар»* дейді. Хазіреті Айша осыдан кейін әлгі пердені бір яки екі жастық етіп тіккенін айтады<sup>100</sup>.
8. Хазіреті Айшаның бетінде суреттері бар бір пердесі бар еді. Оны бөлмесінің бір шетіне іледі. Хазіреті Пайғамбар мұны көрісімен оған: *«Мына пердені алдымнан алып таста. Бетіндегі суреттер намазда тұрғанда қайта-қайта көріне береді»*,<sup>101</sup> – дейді.  
Мейлі осы Бухаридағы хадисте, я болмаса осыған ұқсас Нәсәидің хадисінде алдында сурет болғаны үшін оқыған намазын қайта оқыды деген мәлімет жоқ. Сондықтан ғалымдар үйде сурет ілу – мәкрүһке жатып, намаздың дұрыстығына кедергі келтірмейтінін айтады. Бұл жердегі сурет намазда тұрған адамның көңілін басқаға аударатын болғандықтан жақсы саналмай тұр.
9. Хазіреті Айшаның (р.анһа) бетінде құстың суреті бар бір пердесі бар еді. Оны үйге кірген адамның ең алдымен көзіне түсетін жеріне іліп қойған болатын. Хазіреті Пайғамбар (*саллалаһу аләйһи уә сәлләм*) оны көрісімен: *«Айша! Мына перденің орнын өзгерт.*

<sup>99</sup> Бухари, Либас, 92.

<sup>100</sup> Бухари, Либас, 92.

<sup>101</sup> Бухари, Либас, 93.

Үйге кірісімен оны көріп дүниені еске түсіремін»,<sup>102</sup>  
– дейді.

10. Хазіреті Айшаның өрім шағында қуыршақ және ат түріндегі ойыншықтары бар еді. Хазіреті Пайғамбардың осы ойыншықтарды көріп, күлімсірейді<sup>103</sup>.

11. Бірде Ибн Аббасқа бір суретші келіп: «Мен мына суреттерді салып күн көріп жүрмін. Осыған байланысты маған пәтуасын бер», – дейді. Ибн Аббас әлгі адамды өзіне жақындатып қолын оның басына қойып: «Қара! Мен саған Аллаһ елшісінен естіген мына бір хадисті жеткізейін. Аллаһ елшісі (*саллалаһу алейһи уә сәлләм*): «Әрбір сурет салған тозақтық. Аллаһ салған суретіне жан бергенге дейін оған азап береді. Жан беруі де әсте мүмкін емес» деген. Әлгі адам мына сөзді есітіп не істерін білмей қатты сасқанда Ибн Аббас: «Егер сен өнеріңді жалғастырғың келсе, ағаш пен жансыз нәрселердің суретін сал»,<sup>104</sup> – дейді.

12. Бірде хазіреті Жебірейіл Пайғамбардан үйіне кіру үшін рұқсат сұрайды. Аллаһ елшісі рұқсат бергенмен Жебірейіл ішке кірмей: «*Ішінде ат пен адам суреттері бар перде ілулі тұрған үйге мен қалай кірейін? Мына суреттердің бастарын жұл яки бұл пердені жерге жай. Біз періштелер ішінде суреті бар үйге кірмейміз*»,<sup>105</sup> – дейді.

Атақты хадис ғалымы және Ханафи мәзһабының де мәшһүр фикһ ғұламасы Тахауи осы хадисті жеткіз-

---

<sup>102</sup> Муслим, Либас, 88.

<sup>103</sup> Әбу Даууд, Әдәб, 62.

<sup>104</sup> Бухари, Бую, 104; Муслим, Либас, 99.

<sup>105</sup> Тахауи, Мәанил-әсәр.

ген соң «Бұл хадистің тіке мағынасынан басы жұлынған жанды нәрсенің суреті мүбаһ екені аңғарылады. Ендеше жансыз нәрсенің суретін салу мүбаһ екендігіне ишарат етеді»<sup>106</sup> дейді.

Бірақ бұл жерде айтылмай кеткен бір нәрсе бар. Жебірейіл періште «суреттердің не бастарын жүл яки пердені жерге төсе», – дейді. Яғни бастарын жүлмай жерге төсеуіңе болады деп тұр.

Мәлики ғалымы Ибнул-Араби осы хадистерге қарап: «Егер суреттер мүсін болатын болса, оның харамдығында ғалымдар арасында бірауыздылық бар. Бірақ матада ою және өрнек түрінде болса, бұған қатысты төрт қезқарас бар.

**Бірінші:** хадисте «мата бетіндегі өрнек бұған жатпайды» деген сөзге қарай мата бетіне салынған сурет, ою, өрнек – мүбаһ.

**Екінші:** Суретке қатысты хадистердің жалпы мәніне қарай сурет салу харам.

**Үшінші:** Егер сурет толықтай бір бүтін болса болмайды. Алайда тұтастығы бұзылса болады.

**Төртінші:** Егер сурет қабырғаға яки биік бір жерге ілінетін болса бұған тыйым салынады. Алайда жерге төсеп маңыз бермейтін заттың бетінде салынса болады<sup>107</sup>.

Шафиғи ғалымдарынан Нәуәуи суретті де мүсінді де, жанды болса, харам екендігін айтады. Ал ағаш, тау, т.б суреттер харам емес.

Сондай-ақ ғалымдар – қуыршақтарды салу мүбаһ екендігін айтады. Ендеше бүгінгі таңда мультфильмдер де осы топқа жатады. Оған жоғарыдағы хазіреті Айшаның жас кезіндегі қуыршақтары дәлел. Басқа бір хадисте де бірде

<sup>106</sup> Сонда.

<sup>107</sup> Илмиһал, ИСАМ, 2/101.

Хақ пайғамбар Тәбук яки Хайбар сапарынан оралған кезде хазіреті Айшаның бөлмесіне кіреді. Бөлмедегі пердені жел көтерген кезде астынан хазіреті Айшаның қуыршақтары көрініп қалады. Пайғамбарымыз (*саллалаһу аләйһи уә сәлләм*): «Айша! Бұлар не?», – деп сұрайды. Ол: «қыздарым» деп жауап береді. Хақ пайғамбар ойыншықтардың арасынан екі қанатты бір ат ойыншықты көріп:

- Ал мынау не? деп сұрайды. Хазіреті Айша:
- Ат.
- Оның екі жағындағы не нәрсе?
- Қанаттары.
- Екі қанатты ат осындай ма?, – деп таңырқайды.
- Сүлеймен пайғамбардың көптеген қанатты аттары бар екенін есітімеп пе едіңіз?, – дегенде Хақ пайғамбар күлімсіреп қарайды<sup>108</sup>.

Сондай-ақ, «Хазіреті Айша (р.анһа) бетінде құстың суреті бар бір пердесі бар еді. Оны үйге кірген адамның ең алдымен көзіне түсетін жеріне іліп қойған болатын. Хазіреті Пайғамбар (*саллалаһу аләйһи уә сәлләм*) оны көрісімен: «*Айша! Мына перденің орнын өзгерт. Үйге кірісімен оны көріп дүниені еске түсіремін*»,<sup>109</sup>–дейді деген хадиске де көз салсақ, сурет салудың харам еместігі аңғарылады. Егер харам болғанда Пайғамбар оны жерге төсеп емес мүлде жоюын әмір ететін еді.

Ал Хақ пайғамбардың суретке қатысты қатты ескертпелеріне келсек мұның себебін ғалымдар сол кездегі пұтқа табынушылыққа тікелей қатыстылығын айтады. Ибн Арабидің сөзімен айтқанда, «Жаһилия кезінде арабтар пұтқа табынатын еді. Олар өз қолдарымен сурет, мүсін салып соған табынатын. Ислам діні пұтқа табынуға арқау

---

<sup>108</sup> Әбу Даууд, Нәсәи. Хазіреті Айшадан.

<sup>109</sup> Муслим, Либас, 88.

болатын нәрселерге тыйым салу арқылы тәухид жүйесін сақтауды тиянақтылық танытты»,<sup>110</sup> – дейді. Және бұған сол заманның христиандарын да қосу қажет. Ендеше сурет пен мүсін салудағы тыйымның негізгі себебі, бұларға табыну жолдарын жабу әдістері деп айтуға болады. Ислам діні – тәухид діні. Кеше ғана пұтқа табынған арабтарды Хақ пайғамбар мүлде ескі қылықтардан айыру үшін мүсін мен суреттерге тыйым салуды жөн санаған. Бұған ұқсас жағдай шарап тыйым салынған кезде де болған. Ішімдік тыйым салынған кезде Хақ пайғамбар сахабаларға тек шарапқа арналған «дубба», «накир» секілді ыдыстарды пайдалануға да тыйым салады. Осылайша бұрынғы әдеттерін мүлде еске түсірмеуге жол салды. Ендеше сурет пен мүсінді де осылай шіріктен арылтып тәухидтің шыңына жеткізу жолындағы әдіс деп айтуға болады.

Әрі ғалымдар хазіреті Сүлеймен пайғамбар дінінде суретке рұқсат еткенін айтады. Құранда: **«Олар Сүлейменнің қалауынша құрылыстар, мүсіндер, көлдей ыдыстар және орнатылған қазандар жасайтын еді»,** – деп айтылады. Сүлеймен пайғамбардың шарифаты басқа, дегенмен рұқсат берілуінің бір сыры ол кезде ел арасында тәухидтің мықтылығынан болса керек.

Кейбір ғалымдар сурет туралы тыйым Исламның әуелгі жылдары қатты қорқытылып айтылса, кейіннен сол қорқыныш пен қатаң ескертудің бірте-бірте азайғанын айтады. Өйткені тәухид жеткен сахабалардың сурет пен мүсінге қарап ескілікті аңсауы мүмкін емес.

Бұған қуыршақ тәрізді бүлдіршіндерге арналған мүсіндердің салынуына рұқсат бергенін де назарға алсақ негізгі мәселе пұтқа табынудан алшақтату екені

<sup>110</sup> Ибнул Араби, Ахкамул-Куран.

аңғарылады. Егер сурет пен мүсін мүлде харам дегенде ойыншақтар да харам болар еді.

***Сөз қорытындысы, ғалымдар ағаш, тау, тас секілді жансыз суреттерді айқын, ал адам денесінің суретін толық және айқын көрінбейтіндей етіп салуда мұбаһтық бар екенін айтады.***

Мұсылманның мақсұты – мақшарда Пайғамбардың шапағатына бөлену, жаннатқа бару, Хақ Тағаланың ризалығын алу. Ендеше суретке құмартқан мұсылман баласы пәтуамен қатар суретке қатысты аталмыш хадистерді ескеріп жүруі тақуалықтың абзалы. Дұрысын бір Аллах біледі.

### Музыканың үкімі

Әуез бен әннің үкімі Ислам ғұламаларының арасында көп айтылып, әр түрлі пікірлер білдірген. Кейбірі харам деп кейбір аяттардан дәлел келтірсе, кейбір ғұламалар оған қарсылық білдіріп дәлел келтірген аяттың оған қатысы жоқтығын айтып тұжырым жасаған.

Атап айтқанда, Әбу Ханифа ән айтуды мәкрүһ және күнә санаған. Кейінгі Ханафи ғалымдары Әбу Ханифаның «мәкрүһ» дегенін «харамға жақын мәкрүһ» деп тұжырымдаған. Тіпті мәзһабтар арасында әуез мен ән туралы ең өткір пікір білдіріп кейбір музыкалық аспаптарды пайдалану харам деп үкім айтқан. Алайда Ханбали фақиһтарының бірі Ибнул-Қайюм Ханафилердің бұл тұрғыдағы хадисінің сахих еместігін алға тартады<sup>111</sup>.

---

<sup>111</sup> Қараңыз; Касани, Бәдәи; Ибн Қайюм, Иғасәтул-ләһфән.

Имам Мәлік те әуезге оң қабақ танытпағанмен негізінде ән мен әуезге өзгелерден қарағанда ең жылы шырай танытқан мәдиналық ғалымдар екені білінеді<sup>112</sup>.

Әйтсе де ғалымдардың бәрі бірдей емес, Ханафи, Мәлики және Ханбали ғалымдар арасында аспапсыз жалаң әннің мұбаһтығын алға тартқандар да бар<sup>113</sup>.

Енді төменде әуезге қарсылық білдіргендердің сүйенген аяттар мен хадистерді айтылып, бұлардың сүйенген дәлелдері қаншалықты дұрыс, яки бұрыстығы салыстырылады.

### Бірінші:

وَمِنَ النَّاسِ مَنْ يَشْتَرِي لَهْوَ الْحَدِيثِ لِيُضِلَّ عَنْ سَبِيلِ اللَّهِ بِغَيْرِ  
عِلْمٍ وَيَتَّخِذَهَا هُزُوًا أُولَٰئِكَ لَهُمْ عَذَابٌ مُّهِينٌ

**«Кейбір адамдар ешбір (дәлелге) білімге сүйенбестен елді Аллаһтың жолынан адастыру үшін мән-мағынасыз бос сөздерді сатып алып соларды халыққа жаяды. Бұлар өздерін қорлайтын ауыр азап күтіп тұрған адамдар».**

114

Бұл аяттағы «мән-мағынасыз бос сөзге қатысты» (ләһуәл-хадис) тәпсіршілер екі көзқарас білдірген.

1. Аяттағы «ләһуәл-хадистің» мағынасы «ертегі», «астарсыз сөз», «сандырақ» дегенге саяды. Аяттың түсу себебіне қатысты мына хабар да осыны қуаттайды. Надр ибн Харис деген бір адам Парсы еліне сауда-саттықпен барғанда сол жерден әр түрлі ертегі, дастандар сатып алып құрайыштықтарға әңгімелеп: «Мұхаммед сендерге Ад пен Сәмүд елі

<sup>112</sup> Илмиһал, ИСАМ, 107 бет.

<sup>113</sup> Қараңыз; Зуһайли, 3/573.

<sup>114</sup> «Лұқпан» сүресі, 6 аят.

туралы хикая шертеді. Мен де сендерге Рүстемнің, Бәһлулдің ертегі жыр дастандарын айтып берейін», – деп халықты Құранды тыңдаудан алшақтатуға тырысады. Осыған байланысты сол кезде осы аят түседі.

2. «Ләһуәл-хадистің» мәні туралы екінші көзқарас болса, ол әуез мен ән. Әлгі Надр деген адам Парсы елінен әнші күндерді сатып алып, Меккеге алып келіп елге тыңдатып оларды Құраннан алшақтатуға ат салысады.

Негізінде бұл екі хабардағы адамның мақсаты – елді Құраннан алшақтату. Бірі ертегі, жыр-дастан, яғни бос сөз арқылы, екіншісі тікелей ән мен әуез арқылы ел алдында әншілерді билетіп, ән айтып оларды діннен аластатып, адастыру. Ендеше осы екі тұжырымға орай кейбір ғалымдар музыканы харам деп үкім берген.

Егер біз бұған тікелей ой салмай қарайтын болсақ, онда әуенмен бірге жыр-дастан яғни сөз де түгелдей харам болмақ. Өйткені аяттың бірінші мағынасы сөзге, екінші мағынасы әнге қатысты. Алайда аяттың мәні *«мән-мағынасыз жел буаз бос сөз»* болғанын әрі ондағы мақсат елді *«Құраннан алшақтатып, діннен бездіру»* екендігіне қарағанда бұл жердегі харам болған нәрсе – елді Аллаһтан, пайғамбардан, діннен аластатын сөздер мен әуендер. Ендеше осы аят бойынша адамды діннен бездіріп, нәпсісін қоздыратын, дінсіздікке үгіттеп көкейге күмән салып жолдан тайдыратын барлық ертегі, жыр-дастан, хикая, повесть, роман, өлең харам. Сондай-ақ, естіген жанның әсіресе жастардың нәпсісі мен делебесін қоздыратын, желіктіріп санасын сансырататын, өзіне елік-тіріп тыңдағанды Аллаһты ойлаудан алшақтатын, жүрегін қарайтып, иманын әлсірететін, қоғамды мәңгүрттікке же-



телейтін, естірту арқылы ойсыздық құрдымына тастайтын, ұйықтай өзіне тартып бойкүйездікке апаратын, көркем мінезден жұрдай етіп діннен бездіретін барлық музыка харам.

**Екінші:** وَأَنْتُمْ أَفْمِنَ هَذَا الْحَدِيثِ تَعْجِبُونَ. وَتَضْحَكُونَ وَلَا تَبْكُونَ. وَأَنْتُمْ «*Сендерді мәңгілік бақытқа шақырған бұл сөзге (Құранға) қарап жылаудың орнына келеке етіп күліп таңырқап тұрсыңдар ма? Өмірлеріңді ойын-сауықпен өткізудесіңдер.*»<sup>115</sup>

Осы аяттағы «самидун» (ойын-сауық) сөзін Ибн Аббас «ән» деп тәпсірлеген. Бірақ Имам Ғазали бұл аятта жалпы әнге тыйым салып тұрған жоқтығын айтады. Егер бұл аятта жалпы әнге тыйым салынған деп ұқсақ онда аяттағы күлуді де харам деп ұғынуымыз қажет. Сондықтан күлу – жайшылықта харам емес. Бірақ осы аятта айтылғандай егер біреулер Құранды келеке етіп күлсе онда оның осы күлгені – харам. Ендеше Құранды келеке етіп күлу қандай харам болса, Құранға тіл тигізген ән мен әуен де, өлең де харам. Айтқандай-ақ, Құранда: وَالشُّعْرَاءُ يَتَّبِعُهُمُ الْغَاوُونَ «*Ақындарға азғындар гана ереді*»<sup>116</sup> деген аяттың меңзегені – Құранға қарсы шығып, өлең жазып, елді діннен алыстатуға тырысқан ақын-шайырлар. Әйтпесе бұл аятқа қарап өлең харам деуге болмайды<sup>117</sup>. Пайғамбар (саллалаһу алейһи уә сәлләм) кезінде сахаба ақындар болған.

**Үшінші:** «*Үмбетімнің арасынан әйелдің жыныс мүшесін (зинаны), жібекті, арақты және музыка аспаптарын халал санайтын топтар шығады*»,<sup>118</sup> – деген хадис.

<sup>115</sup> «Нәжім» сүресі, 53/59-61.

<sup>116</sup> «Шұғара» сүресі, 224 аят.

<sup>117</sup> Ихия; Ибн Қайюм, Иғасәтул-ләһфән.

<sup>118</sup> Бухари, Әшрибә, 6.

Музыканың жаппай харам екендігін алға тартқан ғалымдар осы хадисті ең мықты дәлел ретінде көрсеткен.

Бұл хадистегі «музыка аспаптарын» кейбір ғалымдар «қолмен емес, ауызбен үрленетін аспаптар» деп жорамалдаса, кейбір ғалымдар «зиянды музыкалар» деп тұжырымдаған. Оған дәлел ретінде «әйелдің жыныс мүшесі» мен «жібектің» жалпылай харам еместігі жұртқа мәлім. Бұл хадистегі әйел жынысының харамдығы – некесі қиылмаған ер кісіге қатысты. Сондай-ақ, жібек те ер кісіге – харам, әйелге – халал.

Расында егер біз аталмыш хадиске сырттай қарап тікелей баға беріп «барлық музыка харам» дейтін болсақ, тығырыққа тірелеміз. Мысалы, Бухаридегі басқа хадисте Пайғамбарымыздың (*саллалаһу аләйһи уә сәлләм*) даңғара шалып, соғыста қаза тапқан әкелерін жоқтап отырған кішкентай қыздармен бірге отырғаны айтылады<sup>119</sup>. Сондай-ақ, бір хадисте хазіреті Әбу Бәкір қызы Айшаның үйіне кіргенде сол бөлмеде екі күннің ән айтып отырғанын көріп: *«Пайғамбардың (саллалаһу аләйһи уә сәлләм) үйінде шайтанның сырнайын тартқандарың қалай?»* деп ашу шақырғанда Аллаһ елшісі: *«Әбу Бәкір! Оларға тиіспе! Бүгін айт күні зой»* деп басу айтады<sup>120</sup>. Мәлики ғалымы Ибнул Араби да осы хадисті дәлел етіп көрсетіп: «егер ән мен әуез харам болғанда Аллаһ елшісінің (*саллалаһу аләйһи уә сәлләм*) үйінде айтылмайтын еді», – дейді. Бухаридағы басқа бір хадисте *«Ол (Айша) бір қызды Ансарлық біреуге ұзатқан еді. Пайғамбарымыз (саллалаһу аләйһи уә сәлләм) оған: «Айша! Сендерде көңіл көтеретін нәрсе болмады ма? Ансарлықтар көңіл көтергенді ұнататын халық», –*<sup>121</sup> дейді.

---

<sup>119</sup> Бухари, 4-том.

<sup>120</sup> Ибн Мәжә, Никах, 21.

<sup>121</sup> Бухари, 5 том.

Ендеше ғұлама Ибн Хазмның сөзімен айтқанда амалдар ниеттерге қарай өлшенеді. Бір мұсылманның бір бақты аралап, тамашалауының ешқандай сөкеттегі жоқ. Турасы музыка деген сөз. Ал сөздің естісі де, есері де болады. Күнә-жарға итермелейтін ән болумен қатар, тақуалыққа шақыратын жақсы ән мен тәтті күй де, рухты жігерлендіріп жауға шапқанда қаймықтырмайтын әуендер де бар<sup>122</sup>. Ең дұрысы бір Аллаһқа ғана аян.

### *Тақуаның әңгімесі...*

Табиғиндардың бірі Әсуэд ибн Язид де өз заманының ең биік тақуаларынан болған. Екі күнде бір Құран хатым шығарған. Әсіресе, түнімен үй төбесінде тікесінен тік намазда тұрып Құран оқитын. Әсуэдтің көршісінің бір жас баласы бар еді. Ол ылғи да түн жарымында далаға шыға қалса көрші үйдегі үй төбесінде қадаулы бағананы көретін. Бір күні ол түн жарымында далаға шыққанында әлгі бағананы көре алмайды. Ертеңіне анасына: «Анау көршінің үйінің төбесіндегі бағана жоқ», - дейді. Анасы: «Балам, ол қадаулы бағана емес, көршіміз Әсуэд деген кісі ғой. Ол кеше қайтыс болды» деп жауап қатады. Міне, Әсуэд ибн Язид осындай кісі еді. Ол Хақ Тағаланы терең сүйген, сол үшін де күні-түні Оған көп құлшылық жасаған адам еді. Оның Хаққа көп құлшылық жасап, көз жасын төккені сонша замандастарының ішінде ең атақты тақуа адамдардың өздері келіп бұған «өз-өзінді мұншама қатты қинай берме» дейтін. Олардың бұл сөзіне ол: «Қияметте есеп беру аса қиын» деп жауап қайыратын. Осылайша өмір бақи Хақ Тағалаға құлшылық жасап, бір күні ажал сағаты да таяп, еріксіз төсекке таңылады. Оған сол заманның ең атақты ғұламасы хәм тақуасы, өзінің туысы Алқама келеді. Ақтық сағаты жақындай түскенде Әсуэд көзіне жас алып жылай бастайды. Алқама оған: «Неге жылайсың? Әлде күнәларым көп деп қорқасың ба?» деп

<sup>122</sup> Мухаммед әл-Ғаззали, әс-Суннәтун-нәбәуия бәйнә әһлил-фикһ уә әһлил-хадис, 86 бет.

сұрайды. Әсуәд сонда: «Жо-жоқ бауырым, мен күнәларыма жылап жатқаным жоқ. Күнәларым көп болып өлсем менде арман бар ма?! Мен кәпір болып өліп, арғы жағалауға имансыз кетемін деп қатты қорқып жылап жатырмын» деп жауап қатады. Бұл – өмір бақи Хаққа бас иіп, құлшылық қылып өтсе де өлерінде иманмен кетуді арман еткен тақуаның біздерге өшпес өнегесі.

### Хазіреті Пайғамбардың ынталандырған спорт түрлері

**Жүгіру жарысы.** Жүгіру – күндегі мықты спорт жарыстарының бірі. Хадистерде Аллаһ елшісі осы спорт түріне сахабаларды ынталандырған. Осыған орай сахабалар да өзара жүгіріп жарысқан. Сондай-ақ, Хақ пайғамбар да бірде хазіреті Айшамен жүгіріп жарысады. Ендеше, бұл спорт түрін сүннет деп, осы тұрғыда халықты, әсіресе, жастарды жүгіру жарысына баулуға болады<sup>123</sup>.

**Күрес.** Хазіреті Пайғамбар балуандығымен танылған Руқанә деген бір адаммен күресіп, оны жеңгендігі кейбір деректерде жеткізілген<sup>124</sup>. Оның үстіне бір хадисте «*мықты мұсылман әлсіз мұсылманнан хайырлы*», – дегені де бар. Ендеше спорттың күрес түрімен айналысқандар да оның Пайғамбардың сүннеті екенін біліп, сол тұрғыда ниет етсе үлкен сауапқа ие болары сөзсіз.

**Садақ ату.** Садақ ату, мылтық ату жарысына келер болсақ, Аллаһ елшісі (*саллалаһу аләйһи уә сәлләм*) «**Оларға қарсы қолдарыңнан келгенше күш әзірлендер**»<sup>125</sup> деген аятты – оқ ату деп түсіндірген. Сонымен қатар Аллаһ елшісінің (*саллалаһу аләйһи уә сәлләм*) садақ атуға ынталандырған көптеген

---

<sup>123</sup> Әбу Дәууд, Жихад, 68.

<sup>124</sup> Ибн Хишам, Сияр, 1/390-391.

<sup>125</sup> «Әнфәл» сүресі, 8/60.

хадистер бар<sup>126</sup>. Алайда, Пайғамбарымыз оқ ату жарысында тірі жануарды көздеуге тыйым салған<sup>127</sup>.

**Ат жарыс.** Ат жарысы Пайғамбарымыздың әрқашан ынталандырып, жарыстан жеңгендерге сый-сияпат беріп, көбінесе өзі де қатысқан спорт түрінің бірі<sup>128</sup>. Сондай-ақ, Пайғамбарымыз спорттың жүзу түріне де үмбетін қызықтырған. Пайғамбарымыз осы спорт түрлерінде адамға да, жануарға да қиыншылық көрсетуге тыйым салған.

### ***Көкпар тартудың үкімі қандай?***

Көкпар тарту – атамыз қазақта ертеден бері келе жатқан ат үстіндегі жарыстардың бір түрі. Қазақ халқы елін қорғайтын сарбазға лайық жігіттерді осы көкпар тарту арқылы жігерлендірген, сондықтан қазақтың ғұламаларынан бұл ойынға рұқсат бергені аңғарылады. Жарыстан жеңгендерге Пайғамбарымыз секілді сый-сияпаттар беріп ынталандырған, бірақ қазақ халқы еш уақытта мейлі осы көкпар жарысында, мейлі ат жарысында болсын ақша, мал тігіп ойнауға рұқсат бермеген. Додаға түсіп жеңгенге, оза шапқанға шапан жауып, бәйге берген, ал сырттай ақша тігіп, жеңгені тігілген ақшаны алуға Ислам дінінде рұқсат жоқ. Бұл тікелей құмар ойын болып саналып, бұған Құранда тыйым салынған<sup>129</sup>. Сонымен қатар аттарға да зорлық-зомбылық көрсетпеуі керек.

Пайғамбарымыздың тыйым салғаны бойынша, көкпар ойынында да көкпаршылар бір-біріне қиыншылық тудырмауы және әділ болуы шарт.

<sup>126</sup> Қараңыз; Бухари, Жиһад, 78; Муслим.

<sup>127</sup> Қараңыз; Бухари, Зәбәих, 25.

<sup>128</sup> Нәсәи, Хайл, 16; Тирмизи, Жиһад, 22.

<sup>129</sup> Қараңыз; «Маида» сүресі, 90-91 аяттар.

## Нарды ойыны

Қазіргі кезде күн ұзақ ойнап, уақыттарын өткізетін ойындардың бірі – нарды ойыны. Ғұламалар бұл туралы әр түрлі пікірлер білдірген.

Нарды туралы алдымен хадистерге қарайтын болсақ, ол туралы Пайғамбарымыздың (*саллалаһу алейһи уә сәлләм*) көптеген хадистері бар. Кейбір атап айтқанда:

أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ مَنْ لَعِبَ بِالنَّرْدِ شِيرٍ فَكَأَنَّ مَا  
صَبَغَ يَدَهُ فِي لَحْمِ خَنْزِيرٍ وَدَمِهِ

«Нарды ойнаған адам қолын доңыз еті мен қанына батырғанмен тең»<sup>130</sup>,

أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ مَنْ لَعِبَ بِالنَّرْدِ فَقَدْ  
عَصَى اللَّهَ وَرَسُولَهُ

«Нарды ойнаған адам Аллаһ Тағалаға және Елшісіне қарсы келеді»<sup>131</sup>, «Нарды ойнап, сосын намаз оқуға тұрған адам – ірің мен доңыз қанымен дәрет алып намаз оқығанмен тең»,<sup>132</sup> – дейді.

Ғұламалардың басым көпшілігі жоғарыдағы хадистер мен сахабалардың көзқарастарына қарай нардының харам екенін алға тартқан.

Ханафи ғалымдарынан Касани де осы нарды ойынына қатаң тыйым салып, қандай жағдайда да оның харам екендігіне пәтуа берген<sup>133</sup>. Әйтсе де кейбір Ханафи қайнар көздерінде оның «егер құмар ойыны етіп, ақша тігіп ой-

<sup>130</sup> Муслим, Шир, 10; Әбу Дәууд, Әдәб, 56.

<sup>131</sup> Әбу Дәууд, Әдәб, 56; Ибн Мәжә, Әдәб, 43; әл-Муатта, Руя, 6.

<sup>132</sup> Шәукәни, Ләйлул-Әутәр.

<sup>133</sup> Кеңірек мағлұмат үшін қараңыз; Касани, Бәдәи, 7/127.

найтын болса» харам екендігін алайда, уақытын босқа өткізіп ойнайтын болса онда мәкрүһ екендігін айтады.

Имам Мәлік болса: *فَمَاذَا بَعْدَ الْحَقِّ إِلَّا الضَّلَالُ* «*Хақтан кейін артында тек адасқандық қалады*»<sup>134</sup> деген аятқа қарай нардының харамдығын айтады.

Имам Шафиғи да бұл ойынға жылы қабақ танытпаған.

Кейбір ғалымдар нарды ойынын жұлдыздардан медет тілеп жалқаулыққа салынуға апаратын болғандықтан харам екендігін айтады. Жаһилия заманында нарды ойыны тікелей пұтқа табынушылардың пұттардан медет тілеушілік ойыны болуы да мүмкін. Пайғамбарымыздың бұған қатаң тыйым салуының да себебі пұт пен жұлдыздардан көмек сұрау тұрғысынан болуы әбден мүмкін.

Сондай-ақ кейбір ғалымдар арасында қазіргі таңдағы нардының Пайғамбар заманындағы нарды ойынынан басқа дегендер де бар<sup>135</sup>.

## Шахмат

Шахмат ойыны сахаба заманында жарыққа шыққаны айтылады. Ханафи қайнар көздерінде шахмат ойынын нарды ойынымен бірдей санап, бірдей үкім берген. Әсіресе Әбу Жүсіп пен Имам Мұхаммед күн ұзаққа алдандырып уақытын текке өткізіп, Хақтан жырақтататын болғандықтан оған жылы қабақ танытпаған.

Имам Мәлік пен Имам Ахмед те бұл ойын адам уақытын босқа өткізіп, құлшылық етуде кертартпалыққа, енжарлыққа апаратындықтан және намаздың өзінде көңілін алаң ететіндіктен харам деп баға берген.

<sup>134</sup> «Жүніс» сүресі, 32 аят.

<sup>135</sup> ИСАМ, Илмихал, 121 бет.

Мәзһабтар арасында бұл ойынға жылы қараған Имам Шафиғи ғана. Ол бұл ойынды санасын өткірлеп, ойлау жүйесін кеңейту, соғыс тактикалары мен қулықтарын үйрену тұрғысында үйретуші екендігін және осы жағынан садақ ату мен атқа мінуге ұқсайтындығын алға тартып шахмат ойынына рұқсат берген. Шафиғилардан Имам Нәуәи шахмат ойынын харам емес, мәкрүһ екендігін айтады. Бірақ құлшылыққа кедергі жасамау және терең беріліп күнін осымен өткізбеу шартымен ғана рұқсат етілген.

Ендеше Имам Шафиғидың осы пәтуасымен амал етуге де болады.

### ***Тоғызқұмалақ туралы не айтасыз?***

Тоғызқұмалақ – қазақ ата-бабамыздың сан ғасырдан бері ойнап келе жатқан ойыны. Мың жылдан астам мұсылман болып, араларынан не бір дүлдүл ғұламалар шыққанына қарғанда әрине мұның рұқсатын сол заманнан бергені айқындалады. Тоғызқұмалақтың да шарттары шахмат ойынымен бірдей, яғни күн ұзақ ойнап, соған беріліп Аллаһ Тағаланы зікір етуден, Оған құлшылық қылудан қашықтатпауы керек. Тоғызқұмалақты құмар ойындары секілді ақшаға ойнауға болмайды.

### ***Бильярд пен теннис***

Бильярд спорт ойының халал түріне жатады. Дене қимылына және көзге көп пайдасы зор. Мұның да шарттары бар: Әуелі ақша тігіп ойнамауы қажет. Екінші, уақытты ысырап етпеуі керек. Үшінші, ойналған жер халал мекенде болуы шарт. Яғни бильярд үстелі казино, арақ-шарап ішетін лас орындарда болмауы қажет. Мұндай жағдайда жалпы іс-әрекет сол казино ойынының бір бөлшегіне айналады.

Теннис ойынының да үкімі солай.



## Құмар ойыны

Ислам діні көптеген пайдалы ойындарды халал деп, ал кез-келген құмар ойыны араласқан ойындарды харам еткен.

Құранда Аллах Тағала:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِنَّمَا الْخَمْرُ وَالْمَيْسِرُ وَالْأَنْصَابُ وَالْأَزْلَامُ  
رِجْسٌ مِّنْ عَمَلِ الشَّيْطَانِ فَاجْتَنِبُوهُ لَعَلَّكُمْ تُفْلِحُونَ

**«Ей, иман келтіргендер! Арақ, құмар, тігілген тастар (пұттар) және бал ашатын оқтар лас және шайтанның істерінен»<sup>136</sup>** дейді. Сондықтан құмар ойыны арақпен бірге айтылғандықтан арақтың бауыры болып саналуда.

Бұл жерде құмар ойыны қазіргі кездегі карта ойыны ғана емес, қандай ойын болсын егер соңында бір жағы зиян шегетін болса онда ол ойын харам болмақ. Ақша, мал, т.б тігіліп ойналатын барлық ойындар осы құмар ойынына жатады. Егер асық екеш асықтың өзін ойнаған шақта ортаға екі жақ ақша тігіп, жеңгені алады деп ойнайтын болса, онда ол ойын да харам болмақ.

***Ендеше қазіргі ұтыс ойыны да құмарға жата ма?***

*Ұтыс ойынының (лото) астары мынау: Бірнеше адам не мың яки миллион адам жиналып ақшаларын бір жерге жинайды. Сосын жеребе тасталып біреуі яки бірнешеуіне нөмір дөп келіп, бүкіл жұрттың жинаған ақшасын солар ғана жинап алады. Сондықтан бұл ойынның казинодан ешқандай айырмашылығы жоқ. Көптеген адамдар маңдай*

<sup>136</sup> «Маида» сүресі, 91 аят.

терін төгіп тапқан ақшасын отбасының нәпақасынан жырып, осы ұтыс ойындарына құйып жатады. Бұл дәл казино ойынындай болмаса да, соған қатты ұқсастық бар. Бұл жердегі ұтушы кездейсоқтық қана.

Сондай-ақ, қазіргі кезде бір адам көлігіне ақша тігіп ұтыс ойындарын ойнатып жатады. Бұл да құмар ойындарының қатарына кіреді.

Аллаһ Тағаланың құмар ойынды харам етуінде көптеген хикметтер бар. Олардың кейбірі:

1. Мұсылманның өмірі мен табысы кездейсоқ бақытқа емес, маңдайының тері арқылы болуы керек.
2. Өзгенің мал-мүлкі, дүниесі харам. Оны алудың жолы ауыстыру яки сыйлық т.б әр түрлі адал жолдар арқылы болуы тиіс. Ал, құмар – әділетсіз жол.
3. Жоғалтқан адам бергеніне разыдай көрінгенмен іштей өкініп, ұтқан адамды іштей қызғанып, көре алмағаны айқын.
4. Жоғалтқан адам ұтудың жолын іздеп, ал ұтқан адам қайтадан ұтуға тырысып ақыр соңында ой-намаса тұра алмайтын науқасқа шалдықтырады.
5. Құмарлық ойын мұсылманның құлшылығына қатты кедергі жасайды.
6. Құмарлық ойынның зияны тек ойнағанға ғана зиянын тигізбейді. Сонымен қатар қоғамға да кері әсер етіп көп ұзамай ел арасында жұмыс істемейтін құмар ойынға берілгендердің көбейюіне себеп болады<sup>137</sup>.

---

<sup>137</sup> Хайрәддин Караман. Халаллер мен харамлар. 132 бет. Станбул, 2008.

## **Моншаға түсудің әдептілігі мен үкімі**

Ислам діні тазалыққа аса мән берген дін, сондықтан монша туралы да үкімдер қойылған.

Алдымен моншаның жағдайы:

**Бірінші:** Моншада жетерліктей су болуы қажет.

**Екінші:** Моншаның іші-сыртын ластықтан таза ұстау қажет. Тазалық сүннетке жатады. Адамдар түсерде монша лас болатын болса, онда монша иесі күнәкар болады. Ондай моншаға мұсылманның кіруі мәкрүһке жатады.

**Үшінші:** Моншаға кірген адам сол аяғымен кіріп, зиянды нәрселерден Аллаһ Тағалаға сиынып кіреді.

**Төртінші:** Ер кісілер мен әйел кісілердің бөлмелері бір-бірінен бөлек болуы тиіс. Яғни әр бірінің есігі мүлде басқа жақта болуы қажет. Кіріп шыққанда бір-бірлерін көрмеулері керек.

**Бесінші:** Ер кісілер де, әйел кісілер де өзара бірнеше адам болып моншаға түсетін болса, бір-бірлерінің әурет жерлерін көрмеулері қажет. Ер де, әйел де өз араларында сәтри әурет жерлерін жабық ұстап шомылулары қажет. Сол үшін әурет жерлерін арнайы орағышпен орап жүрулері шарт. Ер кісілердің де, әйел кісілердің де өз ара әурет жерлерін көрулері харамға жатады. Ер адам ерлер моншасында әурет жерін ашып шомылатын болса күнәкар болады. Сол себепті Ислам дінінде моншада тыр жалаңаш шомылған адам әділдігін жоғалтып алғандықтан оның куәлігі қабыл етілмейді. Өз жынысының алдында шомылып одан кейін арнайы жабық жерде әурет жерлерін жууы қажет.

**Алтыншы:** Егер бір кісі жалғыз өзі шомылғанда жалаңаштанса, харам болмаса да мәкрүһке жатады. Оның әурет жерін жауып шомылуы сүннетке жатады.

Жалаңаштанған жағдайда да құбылаға қарап тұрмауы қажет.

Ал, ер мен әйелдердің теңіз яки көл жағалауында әурет жерлерін ашып шомылулары Ислам дінінің сеніміне де, құлшылығына да мүлде қарама-қайшы нәрсе. Мұндай жерлерден рақым періштелері алыстап, ібіліс пен оның серіктері сол жерді мекендеп алатыны даусыз<sup>138</sup>. Цунами секілді кейбір теңіз жағалауларындағы пәлекеттер осының белгісі.

### ***Тақуаның әңгімесі...***

Бір мұсылман елінде бірнеше жігіт жастайынан медреседе бірге оқып, кейіннен әрбірі имам болып мешіттерде қызмет атқарады. Арада жылдар өтіп бір күні біреуі науқастанып хал үстінде жатады. Имам достары жиналып, қасында отырып, тілін кәлимаға келтірсін деп кәлиманы қайталайды. Бұл уақытта әлгі науқастың есі кіресілі-шығасылы еді. Кенеттен әлгі науқас жастықтан басын жұлып алып, қолын созып сөреде тұрған Құранды көрсетіп, оған күпірлік сөз айтып барып демі бітіп, жастыққа сұлқ етіп құлай кетеді. Жанындағы имам достары әлгіні қимай, іштей толқып жылауға шақ қалып отырған болатын. Оның мына сөзінен кейін олар оған емес, өздерін ойлап жылайды, өйткені өлген имам жиырма бес жыл мешітте имамдық етіп, бес уақыт азан шақырған кісі еді. Өмірін тұтастай мешітте өткізгенмен, өлерінде Құранға тіл тигізіп, арғы жағалауға имансыз кеткен. Оның мына халін көрген достары өздерінің де әлгінің кебін киюі мүмкін екендігін ойлап жылайды. Иә, кімнің қандай болып өлетіні, қалай қайта тірілетіні бір Аллахқа ғана аян...

---

<sup>138</sup> Ж. Уылдырым. Ислам ғықы. 4/220.



## II БӨЛІМ

# ОТБАСЫ БӨЛІМІ

*«Ей, адамдар! Біз сендерді бір еркек пен бір ұрғашыдан жараттық»*

*«Хұжұрат» сүресі*

*«Аллаһ Адамды, Нұхты, Ибраһим отбасын және Имран отбасын таңдап әлемдерге үстем етті. Бұлар бір-бірінен тараған ұрпақтар»*

*«Әли Имран» сүресі*





## ТУЫСТЫҚ ТЕГІ

Нәсәп – (сөздікте) ата-тегі, туыстық және бір адамның қан жағынан туыстық байланысы деген мағынаға келеді. Фиқһ терминінде баланың ата-анасына, отбасына деген қан және туыстық қатынастығын айтады.

Ата-тек – аталас адамдарды бір-біріне жақындастыратын құндылық. Нәсәп – ата-ананың баласы арқылы бір-біріне деген жақындастығы мен сүйіспеншілігін арттыруға арқау болатын Хақ Тағаланың маңызды бір нығметі.

Аллаһ Тағала Құранда:

وَهُوَ الَّذِي خَلَقَ مِنَ الْمَاءِ بَشَرًا فَجَعَلَهُ نَسَبًا وَصِهْرًا  
وَكَانَ رَبُّكَ قَدِيرًا

«Судан адам жаратып, оны ұрпақ және туыстыққа (қан және үйлену арқылы) айналдырған Сол. Раббыңның барлық нәрсеге күші жетеді»<sup>139</sup>.

فَإِذَا نَفَخَ فِي الصُّورِ فَلَا أَنْسَابَ بَيْنُهُمْ يَوْمَئِذٍ وَلَا يَتَسَاءَلُونَ

***«Сұр үрленген кезде сол күні адамдар арасындағы аталастық жоғалады. Олар бір-бірлерінің ата-тектерін сұрамайды»<sup>140</sup>.***

Бір адамнан тараған нәсілді «ұрпақ» деп айтады. Құранда:

<sup>139</sup> «Фурқан» сүресі, 54.

<sup>140</sup> «Муминун» сүресі, 101.

يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنَّا خَلَقْنَاكُمْ مِنْ ذَكَرٍ وَأُنْثَىٰ وَجَعَلْنَاكُمْ  
شُعُوبًا وَقَبَائِلَ لِتَعَارَفُوا

«Ей, адамдар Біз сендерді бір еркек пен бір ұрғашыдан жараттық»<sup>141</sup>.

إِنَّ اللَّهَ اصْطَفَىٰ آدَمَ وَنُوحًا وَآلَ إِبْرَاهِيمَ وَآلَ عِمْرَانَ عَلَى  
الْعَالَمِينَ

**«Аллаһ Адамды, Нұхты, Ибраһим отбасын және Имран отбасын таңдап әлемдерге үстем етті. Бұлар бір-бірінен тараған ұрпақтар»<sup>142</sup>.**

Ислам дінінде баланың тегін жоққа шығаруға тыйым салынған. Әйелге де туған баласының шын әкесін жасыруына болмайды. Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм):

مَنْ ادَّعَىٰ إِلَىٰ غَيْرِ أَبِيهِ وَهُوَ يَعْلَمُ أَنَّهُ غَيْرُ أَبِيهِ فَالْجَنَّةُ عَلَيْهِ حَرَامٌ

«Қасақана өзін өз әкесінен басқа біреуге теліген адамға жаннат – харам»,<sup>143</sup> – дейді.

## Баланың ата-тегінің айқын болу жолдары

### 1. Дұрыс үйленудегі ата тектің дұрыстығы

Аллаһ елшісі (аләйһис-саләту уәс-сәләм):

الْوَالِدُ لِلْفِرَاشِ وَاللِّعَاطِرِ الْحَجَرِ

«Бала – төсек иесі болған еркекке тиесілі. Зина жасағанға мақұрымдық бар»,<sup>144</sup> – дейді. Ендеше, Ислам

<sup>141</sup> «Хұжұрат» сүресі, 13.

<sup>142</sup> «Әли Имран» сүресі, 33.

<sup>143</sup> Бухари, Мәнәкиб, 5; Муслим, Иман, Тирмизи, Уәсәя.

<sup>144</sup> Бухари, Бую, 100; Муслим, Рада, Әбу Дәууд, Талак.



зинадан туған баланың тегін еркекпен байланыстыруды қабыл етпеген. Сондықтан бала анасының некесі әу баста қиылған ер кісіге тиесілі болады, бірақ тегінің әкесіне қатысты болуы үшін мынадай шарттар қажет.

**А.** Ер кісінің әке бола алатындай ерекшелігі болуы.

Үйленген ер кісі балиғат жасында болуы қажет. Балиғат жасына жетпеген адамда тектік қатынас болмайды.

**Ә.** Үйлену мен босану арасында аз дегенде алты айдың өтуі.

Ең қысқа жүктілік мерзімі – алты ай. Аятта:

وَحَمْلُهُ وَفِصَالُهُ ثَلَاثُونَ شَهْرًا

**«Баланың ана құрсағында арқалауы мен сүттен тоқтатылуының жалпы мерзімі отыз ай»<sup>145</sup>** деп айтылады. Басқа аятта:

وَفِصَالُهُ فِي عَامَيْنِ

**«Баланың сүттен айырылуы да екі жылға жалғасқан»<sup>146</sup>.**

Тағы бір аятта:

وَالْوَالِدَاتُ يُرْضِعْنَ أَوْلَادَهُنَّ حَوْلَيْنِ كَامِلَيْنِ

**«Аналар балаларын толық екі жыл емізеді»** деп айтылған<sup>147</sup>.

Осы екінші, үшінші аяттарда екі жылды есептеп қарағанда, босанудың ең қысқа мерзімі – алты ай болып шығады. Халифа Османға алты айда босанған бір әйелді

<sup>145</sup> «Ахқаф» сүресі, 15.

<sup>146</sup> «Лұқпан» сүресі, 14.

<sup>147</sup> «Бақара» сүресі, 233.

«хад» жазасын беру үшін әкелгенде Абдуллаһ ибн Аббас осы екі аятты оқып, оның зина еместігін дәлелдеген.

Алты айлық ең қысқа жүктілік мерзім Әбу Ханифа бойынша неке қиылған соң, ал мүштәһидтердің басым көпшілігінің көзқарасы бойынша ерлі-зайыптылардың бір-біріне жақындасулары, яки жақындасу мүмкіндігі туған кезеңнен басталады<sup>148</sup>.

**Б.** Үйленген соң алты ай мен жүктіліктің ең ұзақ мерзімі арасында туудың жүзеге асуы. Босану негізінде тоғыз айдан кейін жүзеге асады. Жүктіліктің ең ұзақ мерзімі – екі жыл. Хазіреті Айша: *«Бала анасының құрсағында екі жылдан артық қала алмайды»*, – дейді. Осыған қарай күйеуінің өлімі яки ажырасу тарихынан бастап екі жыл ішінде туған баланың тегі қайтыс болған, яки ажырасқан ерге тиесілі болады.

Мүштәһидтердің басым пікірінде жүктіліктің ең қысқа мерзімі – алты ай, ең ұзақ мерзімі – төрт жыл. Бұған ғұмыр салты дәлел. Мәселен «Ажлан» руының әйелдерін осыған мысал етуге болады. Ендеше, осыған қарай ерінің қайтыс болуы, яки ажырасқан күннен бастап қайтадан тұрмысқа шықпау, біреумен төсек қатынасын жасамау шартымен және босанбаса яки «ғиддат» күткен кезінде хайыз көрмей төрт жыл ішінде бала туса, онда оның ата-тегі қайтыс болған еріне яки ажырасқан еркіне тиесілі. «Ғиддаты» да осы босану арқылы аяқталады<sup>149</sup>.

Мәликилердің мәшһүр көзқарасына қарай ең ұзақ мерзім – бес жыл. Ибн Хазм мен хазіреті Омарда тоғыз ай.

**В.** Некелескен соң ерлі-зайыптылардың қосылуларына мүмкіндіктің болуы.

---

<sup>148</sup> Касани, а.а.е. 3/211.

<sup>149</sup> Зуһаили, 7/677.

Ханафилер бойынша ерлі-зайыптылардың неке қиған соң жақындасулары яки қисынмен қарағанда олардың жақындасуларының мүмкіндігінің болуы баланың ата-тегін әкесіне тиесілі етуге жетіп жатыр. Басқаша айтқанда, ері некесі қиылған әйелінен туған баласының тегін жоққа шығармайынша, бұл баланың ата-тегі соған тиесілі болмақ. Егер араларында жақындастық болмағанын дәлелдесе, онда баланың ата-тегін де жоққа шығара алады.

## **2. «Фасид» – бұрыс үйлену**

Фасид үйлену – ата-тегінің айқын болу тұрғысынан дұрыс неке тәрізді. Осы арқылы баланың қорғалуы негізге алынған. Ата-анасының неке туралы қателіктерінен баланың зиян шегуіне жол бермеу.

Фасид үйленуде ата-тегінің айқын болуы үшін мынадай үш шарт қажет.

Бірінші: Ерінің жүкті ете алатындай жағдайда болуы.

Екінші: Жақындасудың жүзеге асуы.

Үшінші: Әйелдің жақындасудан кейін кем дегенде алты айда босануы қажет<sup>150</sup>.

## **3. Күмәнді төсек қатынасы**

Зина саналмаған күмәнді жақындасуда жақсы ниет болғандықтан, екі жақ қорғалумен қатар дүниеге келетін бала да ата-тегі тұрғысынан қорғалады. Күмәнді жақындасуда дұрыс неке де, бұрыс неке де болмайды. Тек қана неке күмәні мәселе болмақ. Ер кісінің уәкіл арқылы үйленген әйелін басқа бір әйелмен шатастырып алуы, т.б. Бұл жерде қателік қана бар.

<sup>150</sup> Касани, а.а.е. сол жерде. «Фасид» туралы алдағы сол тақырыпқа қараңыз. Зуһайли, 7/680.

## Ата-текті анықтаудың жолдары

Ата-тегі дұрыс яки бұрыс үйленудің бар екендігі және жақындасудың күмәнді екендігі айқындалғанда немесе растау не болмаса айқындық бар болғанда әке жағынан анықталады.

1. Дұрыс (сахих) және бұрыс (фасид) үйленудің болуы.

Неке келісімінің болуы анықталып, қалған шарттар бар болса, ата-тек өздігінен анықталады. Күмәнді жақындасу жағдайында бала дүниеге келсе, осы үзір жағдайының дәлелденуі де баланың ата-тегін еркекке тиесілі етуге бір себеп болмақ.

2. Растау (икрар) жолымен анықталуы. Ата-текті растау екіге бөлінеді. Растаудағы ата-текті өзіне немесе өзгеге тиесілі етеді.

Бір ер адам «Бұл бала менікі» яки «Бұл – менің балам» деп растайтын болса, төмендегі шарттар жүзеге асқанда ата-тегі анықталады.

**А.** Растаған нәсілі біреу жағынан айқын болмауы қажет. Тегі біреуге тиесілі екендігі айқын болса, растау жоққа шығарылады, өйткені Аллаһ елшісі (аләйһис-саләту уәс-саләм) ата-тегін өз әкесінен басқаға теліген адамға қарғыс айтқан<sup>151</sup>.

**Ә.** Араларындағы жас айырмашылығы яғни әкенің балаға әке бола алатындай жаста болуы қажет. Мысалы, растаған еркек – отызда, ал бала – жиырма бесте болса жас айырмашылығы бұл растауға лайық емес. Себебі бес жастағы баланың үйленіп, балалы болуы мүмкін емес.

<sup>151</sup> مَنْ أَدْعَى إِلَى غَيْرِ أَبِيهِ أَوْ أُمَّتِي إِلَى غَيْرِ مَوَالِيهِ فَعَلَيْهِ لَعْنَةُ اللَّهِ الْمُنْتَابِعَةِ إِلَى يَوْمِ الْقِيَامَةِ

Қараңыз: Бухари, Бую, 100; Муслим, Рада.

**Б.** Растаған адамның ақыл-есі дұрыс (тәмиз) болуы керек. Көптеген ғұламалар сонымен қатар балиғат жасына жетуі тиіс дегенді қосады.

**В.** Ата-тегінің үшінші бір адамға жүктелмеуі қажет. Мысалы, бір адам «бұл менің бауырым» деп біреуді растау негізінде сол адамның ата-тегін өз әкесіне тиесілі еткен болып саналады. Оның өзге туыстары қарсы шығатын болса, онда осы растау өзіне ғана қатысты болады.

Әбу Ханифа бойынша, бір адам «Бұл – менің бауырым» деп, ата-тегін өзгеге, яғни әкесіне теліген кезде не әкесінің осы растауына қатысуы не осы растауының дұрыстығын айқындылық «бәйинә» жолымен дәлелдеуі яки әкесі бұрын өліп кеткен болса мирасқорларынан екі адамның осы растауды қабыл етуі шарт. Егер тану осы жолдардың бірімен қуатталмаса, онда бұл тану өзіне ғана қатысты болып қалады. Мысалы, ата-тегін таныған бала жарлы болса, күтімін өз мойнына алып, әкесінен қалған мирасқа ортақ болады.

### 3. Бәйинә (айқын) арқылы дәлелдеу.

Бәйинә арқылы дәлелдеу танудан әлде қайда қуатты, өйткені бәйинә – дәлелдердің ең күштісі. Айқындылық саналған дәлелдер мыналар. Әбу Ханифа мен Мұхаммедке қарай, екі ер кісі яки бір ер кісі мен екі әйел. Мәликилерге қарай екі ер кісі. Куәлік ету көру яки естуге сүйенуі қажет. Тікелей көру мен есітуге сүйенбесе, онда куәлік жасауға болмайды, өйткені хазіреті Пайғамбар бір куәгерге: «*Күнді көріп тұрсың ба?*», – деп сұрағанда әлгі адам «*иә*» деп жауап береді. Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) сонда: «*дәл осылай көрген*

*болсаң, куәлік ет, болмаса куә болудан бас тарт»,  
– дейді<sup>152</sup>.*

Баланың тегін физиологиялық ұқсастықтар жолы арқылы да анықтауға болады. Гиддатты күту үстіндегі бір әйел тұрмыс құрып, ғиддат ішінде босанса, сол кезде бұрынғы ері мен кейінгі ері жаңа туған баланы «менікі» деп таласса, бала кімге тиесілі болмақ? және табылған бір баланы екі яки үш ер кісі «менің балам» деп танығысы келсе бала кімдікі болмақ?

Ханафилерге қарай бір балаға екі ер кісі таласатын болса, бұлардың бірі – дұрыс (сахих) яки бұрыс (фасид) неке арқылы төсек иесі болса, онда бала соған тиесілі. Бұлардың екеуінің төсек құқығы болса, онда бала екеуіне де тиесілі. Бұл тақырыпта ата-текті зерттеушілердің көзқарасына қарай амал етілмейді.

Алайда, Шафиғи, Малики, Ханбалилерге қарай, физиологиялық ұқсастықтарға сүйеніп ата-тегін анықтауға болады. Оған хазіреті Айшадан жеткен мына хадис дәлел: «Бір күні Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) жүзіне қуаныш ұялап жаныма келді де ата тек зерттеуші Мужәззиздің Зәйд ибн Харисә мен баласы Усама ибн Зәйд туралы: «Бұл аяқтардың иесі мына кісіден келген» дегенін айтты<sup>153</sup>. Хақ Пайғамбар Зәйд ибн Харисәні бірде азат етілген күні – Умми Әймәнмен үйлендірген болатын. Осыдан көп ұзамай дүниеге Усама келді. Усамә өте қап-қара, ал Зәйд болса ақ тәнді еді. Мұнафықтар осы айырмашылықты сөз етіп, ел арасына өсек таратты. Осыдан кейін бір күні мешітте әкесі мен баланың үстін жауып, тек аяқтарын ғана жалаңаш ашып қойды. Сосын ата-тек зерттеушіні шақырып қаратты. Ол аяқтарға қарап «мына аяқ мына

---

<sup>152</sup> Бәйхақи.

<sup>153</sup> Бухари, Мәнәкиб, 23; Муслим, Рада, 38-40.

аяқтан тараған», - деп анықтап берді. Сол кезде Аллах елшісі (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) осы хабарға қуанып, осы жол арқылы да анықтауға болатындығын «тақрир» (растау) жолымен айтқан еді<sup>154</sup>.

Бүгінгі кезде «ДНК» тесі арқылы баланың ата-анасының кім екендігін қатесіз табуға болады. Бұл – ең үлкен жаңалық, сондықтан бұл заманда баланы анықтауда аталмыш ұстанымдарға қарағанда, физиологиялық ұқсастықтар арқылы зерттегені лайық.

### Сүт ему және сүт туыстығы

«Рада» (сөзі) – араб тілінде баланың анасын емуі деген сөз. Дүниеге келген баланың ең маңызды азығы – ана сүті. Баланың физикалық, биологиялық дамуында ана сүтінің маңызды екенін бүгінгі медицина дәлелдеуде.

Құранда балаға сүт емізу әмірі мен ынталандыру аяттарымен қатар емізуді жүйелеген кейбір үкімдер де бар.

Құранда:

وَالْوَالِدَاتُ يُرْضِعْنَ أَوْلَادَهُنَّ حَوْلَيْنِ كَامِلَيْنِ لِمَنْ أَرَادَ أَنْ يُنَّمَّ  
الرِّضَاعَةَ

**«Емізуді толықтыруды қалағандар үшін аналар балаларын толық екі жыл емізеді»<sup>155</sup>.**

فَإِنْ أَرْضَعْنَ لَكُمْ فَارْتُوهُنَّ أَجُورَهُنَّ وَأَتَمِّرُوا بَيْنَكُمْ بِمَعْرُوفٍ وَإِنْ  
تَعَاسَرْتُمْ فَسْتَزِضِعْ لَهُ أُخْرَى

**«Ажырасқан әйелдерің өзінен болған балаларыңды емізетін болса, оларға ақыларын беріңдер. Бұл мәселеде**

<sup>154</sup> Зуһайли, 7/688.

<sup>155</sup> «Бақара» сүресі, 233 аят.

**ақылдасып әрекет етіңдер. Егер келісе алмасаңдар, онда баланы басқа бір әйел емізеді»<sup>156</sup>.**

وَأُمَّهَاتِكُمُ اللَّاتِي أَرْضَعْنَكُمْ وَأَخَوَاتِكُم مِّن الرِّضَاعَةِ

**«Сүт емізген аналарың және сүт жағынан қыз бауырларың да сендерге харам етілді»<sup>157</sup>.**

Көптеген Ислам ғұламаларына қарай, ананың өз баласын емізуі «мәндүп» болып саналады. Емізгісі келмейтін болса, онда күйеуі төмендегі қағидадан тыс нәрселерден басқа емізуге мәжбүрлей алмайды. Бала емізу нәпақасына кіргендіктен, бұл да баланың әкесіне уәжіп. Сондықтан да күйеуі әйелін мәжбүрлеуге құқысы жоқ. Яғни анасы емізбейтін болса онда баланың әкесі басқа бір әйелді сүт ана ретінде жалдап баласын еміздіреді. Өйткені:

**«Емізуді толықтыруды қалағандар үшін аналар балаларын толық екі жыл емізеді»<sup>158</sup>** аяты насихат түрінде айтылған, яғни арнайы әмір емес, бірақ төмендегі мынадай жағдайларда ана баласын емізуге мәжбүр болады.

Бірінші: баланың өз анасынан басқаның сүтін ембеуі.

Екінші: Өзге бір сүт ана табылмауы.

Үшінші: Баланың әкесі болмауы және өзінен де сүт ана жалдайтын шамасы болмаған жағдайда ана баласын емізеді. Бұл жердегі мақсат – баланы аштықтан сақтау.

Осы айтылғандардан бөлек жағдайларда ана баласын емізуден бас тартса, әкесі балаға бір сүт ана табуына тура келеді. Сүт ана баланы өз анасының жанында емізеді, өйткені ана баласын «қамқорлық» мерзіміне дейін қасында ұстауға құқығы бар.

<sup>156</sup> «Талак» сүресі, 6 аят.

<sup>157</sup> «Ниса» сүресі, 23 аят.

<sup>158</sup> «Бақара» сүресі, 233-аят.



Әке әйелімен бір тұрып жатқан мезгілде, яки «рижиғ» (айну) яғни бірінші немесе екінші ажырасудан кейін арнайы «ғиддат» мезгілін күтіп отырған әйеліне өз баласын емізгені үшін ақы беруге мәжбүр емес, мұндай жағдайда баланың әкесі әйеліне нәпақа міндетін атқаруды жалғастырады. «Байын» (анық) яғни үшінші талақ жағдайында болса күйеуі әйелін «ғиддат» мерзімін күтіп отырған кезінде емізуге мәжбүр ете алмайды. Ханафилердің мықты бір көзқарасына қарай мұндай жағдайда ана емізу ақысын сұрай алады. Оған мынадай аят дәлел: **«Олар өзінен болған балаларыңды емізетін болса, оларға ақыларын беріңдер»**.<sup>159</sup>

Бұл аят ажырасқан әйелдер үшін түскен.

Ал, Мәликилерде әйелдің маңызды бір үзірі болмаса тұрмыс құрып тұрған кезде яки «рижиғ» (алғашқы екі талақ) талақтан кейін «ғиддат» күтіп тұрған әйел баласын емізуге мәжбүр ете алады. Олар: **«әйелдер балаларын екі жыл емізеді»** деген аяттың парызы білдіретінін айтады, бірақ әйелдер бай яки ақсүйек бір отбасынан болса емізуге мәжбүр ете алмайды. Бұл жерде дәлел «маслахатқа» қатысты әдет-ғұрып. Басқа жағынан да «байын» талақ арқылы ажырасқан әйел үшін баласын емізу уәжіп болмайды. Дәлеліміз – бұндай жағдайда әйелдің емізуге ақы сұрай алу аяты<sup>160</sup>.

Міне, осының бәріне зер сала қарасақ, Ислам жаңа туған балаға белгілі бір уақытқа дейін ана сүтін емуіне үлкен маңыз берген. Өз анасының қандай да бір жағдаймен емізе алмаса, басқа бір сүт ананы емуін артық санаған.

<sup>159</sup> «Талақ» сүресі, 6-аят.

<sup>160</sup> Касани, а.а.е. 4/40; Зуһайл, а.а.е.

## Сүт емудің шарттары

Егер қыз бен жігіт бір-бірімен жақын туыс болса, онда олар бір-біріне үйлене алмайтыны анық. Сонымен қатар Ислам дінінде қыз бен жігіт бір-біріне туыс болмай бірақ сәби кезінде бір ананың сүтін емсе яки ішсе онда олар да бір-біріне ана сүті жағынан туыс болып бір-біріне қосыла алмайды. Ендеше, төменде сүт жағынан туыс болуы үшін шарттар мен жағдай қажеттілігі айтылады.

1. Сүт бір әйелге тиісті болуы қажет. Басым көпшіліктің көзқарасына қарай сүт емізген әйел тұрмыста яки бойдақ немесе күйеуінің жоқтығы нәтижені өзгерте алмайды. Сүттен басқа бір нәрсені, мысалы сары су, қан яки құсықты жеу сүт туыстықты тудыра алмайды.
2. Сүт емген баланың асқазанына жетуі қажет. Сүтті омыраудан ему мен бір ыдыстан ішудің арасында ешбір айырмашылық жоқ. Бала омырауға аузын салып, бірақ сүт емгені белгісіз болса, онда харамдық тумайды, өйткені күмәнмен үкім тұрақты бола алмайды. Мәликилер бойынша, мұндай жағдайда сақтықпен амал етіп харамдықты дұрыс көреді. Шафиғи мен Ханбалилер бес бөлек емуді шартқа қосады, өйткені хазіреті Айшаның бір риуаятына қарай, Құранда алдымен **«Он рет ему харамдықты туғызады»** аяты келіп, кейіннен бір аят арқылы осы ему беске түскен...<sup>161</sup>

Шафиғиларға қарай, ему санын беске түсірген осы аяттың үкімі Құранда жазылып, оқылуы «нәсх» (үкімі жойылған) етілген бір аят болса да, үкімі жалғасу үстінде. Бұл «кәрі кісі мен кәрі әйел зина жасайтын болса, олар-

---

<sup>161</sup> Муслим, Рада; Әбу Дәууд, Никах.

ды «рәжм» етіңдер» аятына ұқсайды<sup>162</sup>. Алайда, Ибнул Хуммам бес рет емуді білдіретін осы аят тек қана тілуәті ғана емес, сонымен қатар үкімінің де нәсх етілгенін айтады.

Ханафилер мен Маликилер бойынша, сүт ему өлшемі аз болса да көп болса, да бәрібір. Дәлел: **«Сүт емізген аналарың (сендерге харам етілді)»**<sup>163</sup> аяты мен

يَحْرُمُ مِنَ الرِّضَاعِ مَا يَحْرُمُ مِنَ النَّسَبِ

«Нәсәп нәсілі, ата-тегі жағынан харам болғандар сүт жолымен де харам болады»<sup>164</sup> хадисі. Осы аят пен хадисте ему өлшемі айтылмаған.

3. Емізу ауыз яки мұрын жолы арқылы болуы қажет, өйткені сүт тек осы екі жол арқылы ғана асқазанға жетіп, сіңуіне арқау болады.

Ханафилер, Шафиғи және Ханбалилер бойынша зәр жолы, көзге, құлаққа яки бір жараға ағызу арқылы сүт туыстығы тумайды.

4. Сүттің басқа бір сұйық затпен араласпауы қажет, ондай жағдайда ханафи мен мәликелер бойынша, көп болғаны негізге алынады. Сүт артық болса, харамдық туғызады. Ал, Әбу Ханифаға қарай бір затқа араласқан сүт аз болсын, көп болсын харамдық туғызбайды. Өйткені бұл қорек сүттің қуатын жоғалтады.

Имам Әбу Юсуп пен Имам Мұхаммед бұл жерде көпті негізге алады.

Бір әйелдің сүті басқа бір әйелдің сүтімен араласып кетіп осы бала ішетін болса, Әбу Ханифа мен Әбу

<sup>162</sup> Ибн Мәжә, Худуд.

<sup>163</sup> «Ниса» сүресі, 23 аят.

<sup>164</sup> Бухари, Шәһәдәт, 7.

Юсупке қарай, көп болғаны негізге алынады. Аз болғаны есепке алынбайды. Сүттердің өлшемі тең болса, араласып кеткендіктен екі әйел жағынан да сүт туыстығы туады. Маликилер мен Имам Мұхаммед және Зуфарға қарай, мұндай жағдайларда екі әйел жағынан да сүт туыстығы туады. Сүттердің тең, яки кем болуы нәтижені өзгерте алмайды, сондықтан екі бірдей нәрсе басымдық көрсетпейді<sup>165</sup>.

Сонымен қатар сүттің белгілі бір жасқа дейін алынуы да маңызды.

Көпшіліктің көзқарасына қарай туыстық еткен сүттің алғашқы екі жыл ішінде емілуі қажет. Өйткені аятта *«Аналар балаларын толық екі жыл емізеді»* деп айтылған. Ата-тегі жағынан туыстығы болған балаларға қатысты осы үкім сүт емген басқа балаларға да қатысты. Хадисте *«Сүт туыстығы тек екі жыл ішінде емізген сүтте пайда болады»*<sup>166</sup>.

Әбу Ханифа бойынша, сүт ему мерзімі – отыз ай. Бұған мына аят дәлел: *«Баланың құрсақта арқалауы мен сүттен айырылу мерзімі – отыз ай»*<sup>167</sup>.

Ендеше отыз айдан асқан бала өзге бір әйелді еметін болса, онда ол әлгі әйелдің сүт баласы бола алмайды.

Сөз соңында, сүт арқылы туыстықтың үкіміне келер болсақ, бір анадан сүт емген қыз бен жігіттер бір-бірлеріне үйлене алмайды. Білмей үйленіп, кейіннен білетін болса дереу ажырасулары қажет. Мұндай сүт бауырлардың қиылған некелері Әбу Юсуп пен Имам Мухаммед бойынша мүлде жарамсыз.

---

<sup>165</sup> Хамди Дөндүрен, Делиллериле аиле ілмихалы, 316бет. Станбул. 1995.

<sup>166</sup> Бухари.

<sup>167</sup> «Ахқаф» сүресі, 15 аят.

Сүт жағынан туыстар бір-біріне бөтен болмайды. Бір-бірлеріне еркін қарай алады, бірақ сүт анасы мен сүт бауырларына мирасқор бола алмайды. Сондай-ақ, сүт ана да сүт баласынан нәпақа сұрай алмайды. Әрі мирасқоры бола алмайды.

Сондай-ақ, емген баланың сүт анасының күйеуі де әлгі балаға сүт әкесі болып табылады. Сүт әкесі өлсе де, әйелінен ажырасса да әлгі балаға сүт әке болып қала береді. Сүт емген баласы да сүт әкесінің ұрпағы мен туыстарына үйлене алмайды, яғни сүт әкеге тиесілі барлық балалар әлгі сүт емген баланың сүт бауырлары болады<sup>168</sup>.

### ***Тақуаның әңгімесі...***

Усама ибн Зәйд былай дейді: «Аллаһ елшісінің немересі Мұхсиннің науқасы артқан кезде хазіреті Фатима Пайғамбарымызға хабар бергізіп үйіне шақырды. Хақ елшісі жанына бірнеше сахабаларды ертіп келді. Пайғамбар қызын жұбатып: «Аллаһтың бергені де, алғаны да Аллаһ Тағаланың өзіне тиесілі. Әрбір тірі жанның бір өмірі бар. Сабырлы бол! Сауабыңды Аллаһтан күт!», - деді. Сосын немересін алдырып құшағына басты. Мұхсиннің жүрегіннің тез соғып жатқанын естігендей болдым. Оның жағдайын көрген Аллаһ елшісі көз жастарына ие бола алмады. Сол кезде бір сахаба: «Пайғамбарым! Сіз де жылайсыз ба?», - деп қалды. Сол сәтте Аллаһ елшісі жауап қайырып: «Аллаһ Тағала рақымшыл құлдарына ғана рақым етеді», - деді».

### **Хадана**

Араб тіліндегі «хадана» сөзі тіліміздегі баланы құшағына алу, оны тәрбиелеу мағынасына келеді. Фикһ терминінде ол – баланы бағып-қағуға құқығы бар адамның оны жанына алып тәрбиелеуі деген сөз. Хадананың мақсаты

---

<sup>168</sup> Ибн Қудамә, әл-Муғни, 6/572. Египет, 1970. Зуһайли, 7/710-716.

– жасының кіші болуы, жарым ес сияқты себептермен тікелей өз істерін жасай алмаған баланы қамқорлыққа алу. Бұл жағдайда баланың күтімдік жауапкерлігі мынау: оның істері, тамағы, киімі, ұйықтауы және тазалығы секілді қызметтер<sup>169</sup>.

Хадана (қамқоршы) – негізінде сүйіспеншілік, шапағат, сабыр, әдептілік тәрізді парасаттылықты көздеген тәрбие. Бұған әйелдер лайық. «Хадн» – әйел баласын құшағына басып, оны сүюі және құстың жұмыртқасын не балапандарын қанаттарының астына алу мағынасына келеді. Әйелдің баласын тәрбиелеген кезде оған бәддұға жасап қарғыс айтпауы қажет. Бұл Исламда мәкрүһ саналған. Аллах елшісі :

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا تَدْعُوا عَلَيَّ أَنْفُسِكُمْ وَلَا تَدْعُوا عَلَيَّ أَوْلَادِكُمْ وَلَا تَدْعُوا عَلَيَّ خَدَمِكُمْ وَلَا تَدْعُوا عَلَيَّ أَمْوَالِكُمْ لَا تُوَافِقُوا مِنْ اللَّهِ تَبَارَكَ وَتَعَالَى سَاعَةَ نَيْلٍ فِيهَا عَطَاءٌ فَيَسْتَجِيبَ لَكُمْ

*«Өздеріңе, балаларыңа, қызметшілеріңе және малдарыңа бәддұға жасап, қарғамаңдар. Өйткені Хақ Тағаланың тілектеріңе жауап беретін бір сәтке кез келуі мүмкін»<sup>170</sup>.*

Хадана (қамқорлық) құқықығы алдымен анасына одан кейін ол жоқ болса, хадана құқығы бар адамдарға беріледі. Бұл жағдай ханафилер бойынша, ер бала жеті жасына дейін, қыз бала кәмелетке толған жасқа дейін, маликилерде үйленіп, тұрмыс құрып кеткенге дейін жалғасады.

<sup>169</sup> Касәни, а.а.е. 4/40.

<sup>170</sup> Муслим, Зухд, 74; Әбу Дәууд, уитр, 27.

## ҚАМҚОРЛЫҚ (ХАДАНА) ҚҰҚЫҒЫНА ИЕЛІК ЕТУШІ ТУЫСТАР

### 1. Қамқорлық құқығына иелік етуші әйелдер

**Бірінші:** Ана. Баланың күтімі мен тәрбиесін ана өзіне міндет етіп алуына ең тиімді хақ иесі болғандығы туралы ауызбірлік бар. Ананың кішкентай баланың әкесімен тұрмысы құруы, әкесінің өлуі яки талақ етуі де нәтижені өзгертпейді.

Ананың қамқорлық құқығында ең бірінші болуының дәлелі – сүннет. Бір әйел Аллаһ елшісіне келіп: «Пайғамбарым! Мынау – менің балам. Құрсағым – оған бесік, омырауым – оған азық қайнары, құшағым – оған ып-ыстық ұя болды. Енді келіп әкесі мені талақ етті де, баланы менен тартып алғысы келіп тұр», – дейді. Хазіреті Пайғамбар (*аләйһис-саләту уәс-саләм*): «*Өзге біреуге тұрмысқа шықпайынша балаға ең лайық сенсің*», – дейді<sup>171</sup>.

Сахаба Әбу Аюб әл-Әнсари бірде соғысқа қатысқан еді. Әскерлер ғазауат кезінде қолға түскен ана мен баланы бір-бірінен бөлгенде балалардың жылап жатқанын көріп: «Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-саләм*):

مَنْ فَرَّقَ بَيْنَ وَالِدَةٍ وَوَلَدِهَا فَرَّقَ اللَّهُ بَيْنَهُ وَبَيْنَ أَحِبَّتِهِ يَوْمَ الْقِيَامَةِ

«*Кімде-кім ана мен баланы бір-бірінен айыратын болса, Аллаһ Тағала қиямет күні оны мен сүйгендерінің арасын айырады*» – деп айтқан»,<sup>172</sup> – дейді.

Осыған орай сахабалар да, өзгелер де тұтқындағы кішкентай балаларды ата-анасынан және бауырларынан айыруды мәкрүһ санаған<sup>173</sup>.

<sup>171</sup> Әбу Дәууд, Талақ, 35.

<sup>172</sup> Тирмизи, Бую, 52; Ибн Мәжә, Тижәрәт, 46; Ханбәл, 5/313.

<sup>173</sup> Тирмизи, Сияр.

Бұдан басқа хазіреті Омар әйелін талақ етіп, баласы Асымды өз жанына алып қалғысы келеді. Баласы жылап болмаған соң оны анасының жанында қалдырып, хазіреті Әбу Бәкірге келеді. Хазіреті Әбу Бәкір: *«Ананың мәпелеуі, құшағына алуы және иісі баланың тәрбиелік тұрғысынан сенің жанында қалудан әлдеқайда пайдалы. Бала өскенде қалауын өзі жасайды»*,<sup>174</sup> –дейді.

Әйелдің діннен шығуы яки жезөкшелік, ұрлық жасауы сияқты баланы тәрбиелеуге және оның қорғалуына кедергі жасайтын жағдайда күтім мен тәрбие жауапкерлігі оның қолынан алынады. Баланың әкесінен басқа бір ер кісімен тұрмыс құруы да анасының қамқорлық құқығын жоғалтады.

**Екінші:** Әже. Анасы болмауы яки анасының қамқорлыққа лайық болмаған жағдайда қамқорлық құқығы ананың анасына өтеді. Сосын ханафилер және жаңа көзқарасында шафиғилар бойынша, әкенің анасына өтеді. Одан кейін әкенің әкесінің анасы, одан кейін атасының әкесінің анасы қамқорлық құқына иелік етеді.

Маликилерде әкенің анасы нағашы әпке және әкесінің қарындасынан кейін келеді<sup>175</sup>.

**Үшінші:** Қыз бауырлар. Ана яки әжеден кейін баланы қамқорлыққа алатын ешкім болмаса кезек туған қыз бауырына келеді. Сосын анасының бір қыз бауырына, одан кейін әкесінің бір қыз бауырына кезек келеді. Шафиғиларда болса, бұл жерде әкесінің бір қыз бауырына бірінші кезек келеді. Одан кейін осы бауырларының кезегіне қарай өз қыздары қамқорлық құқына иелік етеді.

Басым көпшілігінің қыз бауырларының әкесінің қарындасы және нағашы әпкелерінің алдына шығуы

---

<sup>174</sup> Зухәйли, а.а.е. 7/720.

<sup>175</sup> Сонда.



балаға басқалардан қарағанда жақын яғни бір ана мен әкенің балалары болуынан.

**Төртінші:** Әпкелер. Бұдан кейін баланың нағашы әпкесіне, одан кейін ана жағынан түп нағашы әпкесіне бұл да жоқ болса әке жағынан нағашы әпкесіне кезек келеді. Қамқорлықта ана жағына маңыз берілуі әке жағындағы туыстарға қарағанда бала жағынан мейірімді болуы тұрғысынан.

**Бесінші:** Қыз бауырларының қыздары, яғни бөлелер. Ханафи мен шафиғилар бойынша қыз бауырларының қыздары, сосын ер бауырларының қыздарына кезек келеді.

**Алтыншы:** Әкесінің қарындасы. Бұдан кейін қамқорлық құқығы әкесінің қарындасына келеді. Одан кейін ер туыстарына кезек келеді.

## **2. Қамқорлық құқына ие ер кісілер**

Бір баланың күтімі және тәрбиесі үшін анықталған әйелдер болмаса, бұл хақ туысы мен мирасқор ер кісілерге өтеді. Бұлар үш топ.

Бірінші: Әке, әкенің әкесі.

Екінші: Туған яки әкесі бір ер бауыр яки бұлардан төмен қарай еркек балалары.

Үшінші: Туған яки әкесі бір немере аға және бұлардан төмен қарай еркек балалары<sup>176</sup>.

### ***Қамқорлық құқындағылардың ерекшеліктері***

Кішкентай баланы қамқорлыққа алатындарда мынадай ерекшеліктер болуы қажет:

1. Ортақ ерекшеліктер.
2. Тек қана еркекке тән ерекшеліктер.
3. Тек қана әйелге тән ерекшеліктер.

<sup>176</sup> Зуһайли, сонда.

1. Еркек пен әйелде қаралған ортақ ерекшеліктер.

**Бірінші:** Кәмететке толуы. Балиғатқа жетпеген бала қамқорлық құқығын иелене алмайды.

**Екінші:** Ақыл-есі дұрыс болу. Ақыл-есі жарым яки тентек қамқорлық құқығын иелене алмайды.

Маликилер бойынша, қамқорлық иесі саналы болуы тиіс, себебі мал-мүлкі мен дүниесін онды-солды шашып, ысырап жасаған арсыз адам балаға қамқорлық ете алмайды. Сонымен қатар маликилер мен ханбалилерде, қамқоршыда жұқпалы ауру болмауы тиіс.

**Үшінші:** Балаға қарауға күшінің жетуі. Кәрілік, науқас және жұмыстары көп болса, онда қамқоршы бола алмайды. Ісімен қатар күші жетсе, күтушісі болса, онда рұқсат.

**Төртінші:** Мінез-құлқының дұрыс болуы. Балаға дұрыс тәрбие беруге күмәні бар адам қамқорлық құқығын иелене алмайды. Пасық яки зинақор немесе харам ойындарға батқан адамдар балаға қарай алмайды.

Ибн Абидин: «Ананың қамқорлық құқығына кедергі жасайтын пасықтығы баланың бұзылуына сеп», – дейді. Сондықтан ана сыртқа жаман әдебімен танылса да баланың мұны ұға алатын жасқа келмесе қамқорлық ету құқығы жалғасады. Бала осы жаман әдепті ұғатын жасқа келгенде оның тәрбиесінің бұзылмауы мақсатымен бала қолынан алынады да, одан кейінгі қамқорлық құқығына лайық адамға беріледі.

**Бесінші:** Мұсылман болуы. Шафиғи және ханбалилар, бұл тұрғыда ешқандай бөліп-жармай екі жақтың кәпірлігі мұсылманға қамқорлық иесі бола алмайтындығын айтады. Бала дін жағынан бұзылуы мүмкін.

Ханафи және мәликилер қамқорлық құқығына лайық әйел бұл баланың анасы, яки басқа кісі болса да мұсылман

болуы шарт емес. Сондықтан да әһлі кітап бір әйелге үйленген мұсылман еркектің баласының қамқорлық құқығын шешесі ала алады. Дәлел – сүннет. Бірде бір баланың ата-анасы ажырасады. Әкесі – мұсылман, ал шешесі – мүшрік еді. Сонда Әз пайғамбар ата-анасын таңдауды баланың өз еркіне қалдырады. Бірақ баланың анасына бұрылғанын көріп: *«Аллаһым! Бұл баланы тура жолға сал және оның көңілін әкесіне қарай бұр»* деп дұға етеді<sup>177</sup>.

Ханафилерге қарай балаға қамқорлық құқығы иесі болған анасының яки басқа кәпір әйелдің қасында жеті жасына дейін діндер арасындағы айырмашылықты ұғынатын және әйел оған өз дінін үйретіп яки шіркеуге не шарап ішіп доңыз етін жегізетін уақытқа дейін тұруына болады. Бұдан кейін қамқорлық құқығы қолынан алынып, басқа мұсылманға беріледі.

Мәликилерде болса, бала қамқорлық құқығы біткенге дейін кәпірдің қасында бола алады. Бірақ Исламның тыйым салған шарап, доңыз еті секілді харамдардан сақтану жағдайлары жасалуы қажет.

Қамқорлық етуге құқық иесі ер кісі болса, онда оның мұсылман болуы міндетті.

Маликилерде болса, ер кісінің әйел тәрізді мұсылман болуы шарт емес, өйткені ер кісі қамқорлық құқығын негізінде оның әйелі, анасы, әпкесі яки немере әпкесі сияқты жақындарының жәрдемімен жүргізеді.

### ***Қамқорлық құқығының тоқтатылуы***

**Бірінші:** Баланы алған адам күтімін жасау үшін әкесінің тұрған жерінен шалғай бір жерге әкетуі. Баланы әкететін жер туралы түрлі пікір бар. Мысалы, ажырасқан

<sup>177</sup> Ибн Мәжә, Ахкам, 22; Тирмизи, Ахкам, 21.

әйел өз баласының күтімін мойнына алса, ханафилер бойынша баланы әкесі күнделікті көре алмайтын жерге әкетсе, онда ананың қамқорлық құқығы тоқтатылады. Бұл арақашықтық маликилерде алты бәрид - 133 км (бір бәрид он екі мил). Ханбалилерде – намазды қысқартып оқитын жолаушылық қашықтық. Шафиғиларда – әкету мақсат болып жолдың ұзақ яки қысқа болуы мәселені өзгертпейді.

**Екінші.** Ақыл нұқсандығы болу, жұқпалы ауру сияқты нәрселер қамқорлық құқығын тоқтатады, өйткені мұндай жағдайда күтуші балаға қарай алмайды.

**Үшінші:** Күтушінің ішімдік, құмар ойындары, зина, т.б амалдар жасап әрі дінге де немқұрайлы қараған адам балаға солай қараса онда оның қолынан бала алынады.

**Төртінші:** Ерінен ажырасқан әйел яки ері өлген әйел баланың жақыны махрамы болмаған бір ер кісімен үйленсе, қамқорлық құқығы тоқтатылады.

Шафиғи мен ханбалилерде күпірлік те қамқорлық құқығын тоқтатады.

Көпшілік мүштәһидтер бойынша қандай да бір жағдаймен күтушілік тоқтатылса және осы кедергі кейіннен жойылса онда қайтадан хақ иесі болып қайта оралады<sup>178</sup>.

### Күту шығынының өтеуі

Ханафилер күту жауапкершілігін мойнына алған әйел баланың әкесімен бірге тұрған кезде яки рижиг немесе байын талақпен ажырасып, ғиддат күтіп отырған кезде баланың күтімі үшін ақы талап ете алмайды. Өйткені бірге тұрған кезде де ғиддат кезінде де ер кісі әйел мен балаға

---

<sup>178</sup> Зуһайли, 7/725.

нәпақа тауып беруге міндетті. Ал «байын» талақпен ажырасып ғиддат күтіп отырған кезде баласын емізсе емізу ақысын сұрауына болатынын айттық.

Ғиддат мерзімі біткен кезде ана баланың емізуі және күтімі үшін ақы талап ете алады. Бірақ ана балаға сүт емізуді яки күтімін Аллаһ үшін ақысыз істей алады. Мұндай жағдайда әке баланың күтім шығынын нәпақа беріп өтей алады. Өйткені әйел ғиддат біткеннен кейін баланың әкесінен нәпақа сұрауға құқылы емес<sup>179</sup>.

### **Ажырасқан кісілердің баланы көру құқығы**

Бала ананың күтімінде болса баланы күнде әкесі көре алатын бір жерге апарды. Ананың қамқорлық құқығы тоқтатылу яки қамқорлық құқығының бітуі секілді бір себеппен бала әкесінің жанында болса, анасының да оны күнде көруге ақысы бар.

Мәликилердің көзқарасына қарай зиярат тұрғысында ханафилар сияқты. Шафиғилар балиғат жасынан кейін қыз бала әкесін таңдаса әкесі оны анасына барып тұруға тыйым сала алады. Бұл шара қыз баланың көшеге көп шығуына кедергі жасау және оны қорғау мақсатымен болмақ. Ана жасы мен тәжірибесі бойынша қызын емін-еркін зиярат ете алады. Егер бала балиғат жасына толмаса анасына күнде апару мүмкіндігі жасалады. Туыстық қарым-қатынас үзілмеу қажет<sup>180</sup>.

### **Қамқорлық мерзімінің тоқтауы**

Ер бала ішіп-жеу, киім кие білу, тазалық жасай алу істерін өзі атқара алатын жағдайға келгенге дейін, алды-

<sup>179</sup> Ибн Абидин. Рәддул-мухтар, Египет. 2/876.

<sup>180</sup> Х. Дөндүрен, а.а.е. 332-бет.

мен анасына, одан кейін кезектегі әйелдерге тиесілі. Бұл істерді өзі істей алатын жас – жеті жас. Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-саләм*): «*Балаларыңа жеті жасқа келгенде намазды үйретіңдер*», – дейді<sup>181</sup>. Намаз бұйрығы өзіне қарай алатын күшке жеткенде болады. Басқа тұрғыдан бала өзіне тоғыз жасында ғана қарай алатынын айтқандар да бар<sup>182</sup>.

Қыз баланы анасы және анасының анасы бойжеткенге дейін қарауға құқылы. Өйткені қыз бала бойжеткенге дейін әдептіліктерді үйренуге мұқтаж. Қыз бала тоғыз яки он бір жасында бой жетеді. Яки Әбу Юсуп пен Имам Мұхаммедке қарай, арнайы белгілер көрінбесе, он бес жасқа келгенде екеуі де балиғатқа толды деп есептеледі.

Қыз бала бойжеткен шақтан бастап қорғалуға мұқтаж; сондықтан әкесі қорғауға лайық.

Баланың жеті жасынан кейін әкесінің қасында болуының себебі оның жеті жасынан кейін ердің мінезімен тәрбиеленуге мұқтаждығына байланысты.

Қызға келсек, оған әдептілікті үйрену жағынан анасы жақын, ал бойжеткен соң оның қорғалуы және тұрмысқа шығуына әкесінің әсері басымырақ.

Маликилерде ер баланың қамқорлыққа мұқтаждығы ер жеткенге дейін жалғасады. Ал қыз бала тұрмысқа шыққанға дейін жалғасады. Ананың мұсылман болмауы да нәтижені өзгерте алмайды. Бұл жағдай ажырасқан яки ері өлген әйелге қатысты. Бірге тұрған ерлі-зайыптылар қамқорлық құқығына қоса иелік етеді.

Шафиғиларда балиғат жасына жеткен бала ажырасқан ата-анасын өзі таңдай алады. Дәлел – Пайғамбарымыздың бір ер баланың әкесі мен анасы арасында таңдауды еркіне қалдыруы. Бірақ баланың жауапкерлігін алған ана яки

---

<sup>181</sup> Әбу Дәууд, Салат, 26.

<sup>182</sup> Зуһайли, 7/745.

әке оған қарағысы келмесе, онда бұл қамқорлық құқығы келесі кісіге өтеді<sup>183</sup>.

### ***Тақуаның әңгімесі...***

Бірде екі періште жеті қат көктің төртінші қабатында кездесіп қалады. Бірі екіншісіне «Қайда кетіп барасың?» деп сұрайды. Сонда әлгі періште: «Естіген жан қатты таңырқайтын бір іске кетіп барамын. Пәлен елде көз жұмғалы жатқан бір кәпір бар. Сол адам өлер алдында балыққа қатты құмартып, жегісі келді. Бірақ сол елдегі теңізде қармақ тастар балық жоқ. Сондықтан да Аллаһ Тағала сол елдің адамдары балық ауласын деп басқа теңіздегі балықтарды сол аймаққа айдауды әмір етті. Өйткені әлгі адамның осы өмірде жасаған жақсылықтарының бәрінің қарымын Аллаһ Тағала бұл дүниеде берді. Құдай Тағала оның бұл дүниеден ақыретке құр қол кетуі үшін ақырғы қалауын да беруді қалады» дейді. Қасындағы періште де оған былай дейді: «Раббым мені де ғажайып бір іске жіберді. Пәлен елде салихалы бір адам бар еді. Бұл дүниеде жасаған күнәларының жазасын осы өмірде берді. Жақында көз жұмғалы жатыр. Ақтық сәтінде зәйтүн майын жегісі келіп, қатты аңсары ауды. Бірақ оның бір күнәсі бар болатын. Сол себепті Аллаһ Тағала оның майдан мақрұм қалуы үшін маған оның құтыдағы зәйтүн майын төгіп жіберуімді әмір етті. Ол кісі осылайша ақырғы қалауына жете алмағандығы үшін оның соңғы күнәсін де Аллаһ Тағала кешіріп, ақырет әлеміне таза болып кетуін қалады.

---

<sup>183</sup> Зуһайли, 7/746.







## ІІІ БӨЛІМ

# ИСЛАМДА КИІНУ ТҮРЛЕРІ

*«Ей, Адам баласы! Шайтан ата-аналарыңның ұятты жерлерін көрсету үшін киімдерін шешіп жаннаттан шығарғаны секілді сендерге де сұмдық жасап жүрмесін»*

*«Азраф» сүресі*

*«Ей, Адам баласы! Әр құлшылық жасайтын кезде зейнеттеріңді киіңдер!»*

*«Азраф» сүресі*





## ТӘСӘТТҮР (ОРАМАЛ ТАРТУ, АҚЖАУЛЫҚ)

### Құраннан дәлелдер

يَا بَنِي آدَمَ لَا يَفْتِنَنَّكُمُ الشَّيْطَانُ كَمَا أَخْرَجَ أَبَوَيْكُم مِّنَ الْجَنَّةِ يَنْزِعُ  
عَنْهُمَا لِبَاسَهُمَا لِيُرِيَهُمَا سَوْآتِهِمَا

*«Ей, Адам баласы! Шайтан ата-аналарыңның ұятты жерлерін көрсету үшін киімдерін шешіп жаннаттан шығарғаны секілді, сендерге де сұмдық жасап жүрмесін»<sup>184</sup>.*

يَا بَنِي آدَمَ قَدْ أَنْزَلْنَا عَلَيْكُم لِبَاسًا يُؤَارِي سَوْآتِكُمْ وَرِيشًا وَلِبَاسُ  
التَّقْوَى ذَٰلِكَ خَيْرٌ

*«Ей, Адам баласы! Ұятты жерлеріңді жабу үшін киім және сәндік бұйым түсірдік. Негізінде тақуалық киімі жақсы»<sup>185</sup>.*

Оранудың мақсаты – өзгелердің қарағанынан сақтану және ар-намысын сақтау. Адамның бойындағы әдептілік пен ұят сезімдері орануды қажетсінеді, бірақ мұсылман ерлер мен мұсылман әйелдердің орану мақсаты – Аллаһ Тағаланың ризалығын алу. Аллаһ Тағаланың әмірі мен тыйым салғандарына бағыну – құлшылық. Намаз, ораза секілді ғибадаттарды әмір еткен Аллаһ Тағала

<sup>184</sup> «Ағраф» сүресі, 27 аят.

<sup>185</sup> «Ағраф» сүресі 26 27

құлшылықтағы және одан тыс жерде оранудың түрі мен шегін білдірген.

Жаһилия заманында араб қоғамы Қағбаны жалаңаш тауап ететін. Күндіз ер кісілер, түнде әйелдер келіп тауаптарын киімсіз жасайтын. Олар «күні бойы киген киімдерімізбен тауап жасамаймыз» деп сылтау айтатын. Кейін Мекке заманында Ислам тауапта және намазда оранудың қажеттігін білдірген аят түсті.

يَا بَنِي آدَمَ خُذُوا زِينَتَكُمْ عِنْدَ كُلِّ مَسْجِدٍ

**«Ей, Адам баласы! Әр құлшылық жасайтын кезде зейнеттеріңді киңдер»<sup>186</sup>.**

Бұл жерде «зейнет» сөзін «киім, киіну» деп тәпсір еткен. Басқа бір аятта жасырын жерлерін бүркеп қорғаған ерлер мен әйелдер Аллаһ Тағаланың үлкен сыйлығын алатындықтарын білдіреді<sup>187</sup>. Сондай-ақ, Исламда ерлер мен әйелдерге кейбір шектеулер қойылған.

Аятта: **«Мұсылман ерлерге айт. Көздерін зинадан сақтасын және ар-намыстарын қорғасын. Бұл өздері үшін жақсы»<sup>188</sup>.**

Әйелдердің орануы туралы да былай дейді:

وَقُلْ لِلْمُؤْمِنَاتِ يَغْضُضْنَ مِنْ أَبْصَارِهِنَّ وَيَحْفَظْنَ فُرُوجَهُنَّ وَلَا يُبْدِينَ زِينَتَهُنَّ إِلَّا مَا ظَهَرَ مِنْهَا وَلْيَضْرِبْنَ بِخُمُرِهِنَّ عَلَىٰ جُيُوبِهِنَّ وَلَا يُبْدِينَ زِينَتَهُنَّ إِلَّا لِبُعُولَتِهِنَّ أَوْ آبَائِهِنَّ أَوْ آبَاءِ بُعُولَتِهِنَّ أَوْ أَبْنَائِهِنَّ أَوْ أَبْنَاءِ بُعُولَتِهِنَّ أَوْ إِخْوَانِهِنَّ أَوْ بَنِي إِخْوَانِهِنَّ أَوْ نِسَائِهِنَّ أَوْ مَا مَلَكَتْ أَيْمَانُهُنَّ أَوِ التَّابِعِينَ غَيْرِ أُولِي

<sup>186</sup> «Ағраф» сүресі, 31.

<sup>187</sup> «Ахзаб» сүресі, 33.

<sup>188</sup> «Нұр» сүресі, 30.

الإِزْبَةِ مِنَ الرِّجَالِ أَوْ الطِّفْلِ الَّذِينَ لَمْ يَظْهَرُوا عَلَى عَوْرَاتِ النِّسَاءِ  
وَلَا يَضْرِبْنَ بِأَرْجُلِهِنَّ لِيُعْلَمَ مَا يُخْفِينَ مِنْ زِينَتِهِنَّ وَتُوبُوا إِلَى اللَّهِ  
جَمِيعًا أَيُّهَا الْمُؤْمِنُونَ لَعَلَّكُمْ تُفْلِحُونَ

**«Мұсылман әйелдерге айт: «Бөгде ерлерден көздерін сақтасын. Әрі ұятты жерлерін зинадан қорғасын. Сондай ақ зейнеттерін көрсетпесін, бірақ олардың өздігінен көрінгендері басқа (беті, қол-аяқтары) және бүркеншіктерін омырауларына түсірсін. Зейнеттерін көрсетпесін. Бірақ ерлеріне, әкелеріне, қайын аталарына, өз ұлдарына, өгей ұлдарына, аға-бауырларына, олардың ұлдарына, мұсылман әйелдерге, қолдарындағы күңдеріне, әйел керек қылмайтын қызметшілерге немесе әйелдердің ұятты жерлерін білмейтін балаларға көрінулерінің оқасы жоқ. Және де көмескі зейнеттерін білдіру үшін аяқтарын ұрмасын. Ей, мұсылмандар, барлығың Аллаһ Тағалаға тәубе етіңдер. Әрине, құтыларсыңдар»<sup>189</sup>.**

Бұл аяттағы «хумур» (орамалдар) сөзінің жекеше түрі – «химар». Бұл әйелдің басын жапқан нәрсе деген сөз. Сайд ибн Жүбейір: «орамал әйелдің мойны мен көкірек тұстарын жауып тұруы қажет», - дейді.

Әйелдердің үйден тыс, яки бөтен ерлердің алдына шыққанда үйдегі киімінің үстіне сырт киім киюі қажет. Аятта:

يَا أَيُّهَا النَّبِيُّ قُلْ لَأَرْوَاكِكَ وَبَنَاتِكَ وَنِسَاءِ الْمُؤْمِنِينَ يُدْنِينَ عَلَيْهِنَّ  
مِنْ جَلَابِيبِهِنَّ ذَلِكَ أَدْنَى أَنْ يُعْرَفْنَ فَلَا يُؤْذِينَ وَكَانَ اللَّهُ غَفُورًا  
رَحِيمًا

<sup>189</sup> Нұр сүресі, 31.

**«Ей, Пайғамбар! Әйелдеріңе, қыздарыңа және мұсылмандардың әйелдеріне айт. Үстеріне бүркеншіктерін орансын. Бұл олардың танылуларына, кейітілмеулеріне жақынырақ. Аллаһ аса жарылқаушы, тым мейірімді»<sup>190</sup>.**

«Ахзаб» сүресі және осы аят Мәдинада хижраның бесінші, жетінші жылында түскен. Аяттағы «жәләбиб» сөзі – «жилбаб» сөзінің көпше түрі. Ол «кең киім, көйлек және орамал» деген мағыналарға келеді. «Жилбаб жайын ханафи ғалымдары былай деп түсіндіреді. «Әйелдердің киімдерінің үстінен киетін әр түрлі киімдер», «Әйелді тұтас жабатын бүркеншік». Абдуллаһ ибн Аббас, Абдуллаһ ибн Мәсғуд жилбабты «рида (дененің жоғарғы жағын жабатын киім) деп түсіндірген. Негізі жилбаб – денені тұтастай жабатын киім.

Ислам қартайған әйелдерге жеңілдіктер жасап Құранда: **«Некеленуден күдер үзін, үйде отырған кәрі әйелдердің зейнеттерін ашпай сырт киімдерін шешулері айып емес. Егер бұдан да сақтанса олар үшін әлдеқайда жақсы»** – дейді<sup>191</sup>.

### Сүннеттен дәлелдер

Хазіреті Пайғамбар осы аяттардың тәпсірін жасап, іске асыру негіздерін көрсеткен.

Хазіреті Айшаның риуаяты бойынша бір күні хазіреті Әбу Бәкірдің қызы Әсмә жұқа бір көйлекпен Аллаһ елшісінің алдына келеді. Хазіреті Пайғамбар одан жүзін бұрып: **«Әсмә! Әйел балигат жасына жеткен кезде оның**

<sup>190</sup> Ахзаб сүресі, 59.

<sup>191</sup> «Нұр» сүресі, 60.

мына және мына жерлерінен басқа жерлерінің көрінуі дұрыс емес» – деп жүзі мен алақанына ишарат етеді.<sup>192</sup>

Басқа бір хадисте: «Аллаһ Тағала балиғат жасына жеткен әйелдің намазын орамалсыз қабыл етпейді», – дейді<sup>193</sup>.

Әбу Ханифа бойынша, бір мүше төрттен бірінен артық ашылса, намаз бұзылады. Ұятты жерлерінің дирхамдай жері ашылса, намазы жарамсыз. Әбу Юсуф бір мүшенің жартысын негізге алған. Жартысынан азының ашылуы намазға кедергі келтірмесе де артығы намазды бұзады. Имам Шафиғи бойынша, әурет жерінің кез келген жері ашылса, намаз бұзылады.

Хазіреті Айша алғаш рет орамалдың іске асыруын былайша баяндайды: «Аллаһ алғашқы әйелдерге рақым етсін. «Орамалдарын жағаларының үстіне тақсын» аяты түскен кезде етектерін кесіп, осыдан орамал жасап алды. Сафия бинти Шәйбе былай дейді. «Біз Айшамен бірге Құрайыш әйелдері туралы сөз етіп отырғанбыз. Айша: «Сөзсіз Құрайыш әйелдерінің көптеген ерекшеліктері бар, бірақ мен Аллаһ Тағаланың атымен ант етемін! Аллаһ Тағаланың кітабын көп растаған және оған көп сенген Ансар әйелдерінен артығын көрмедім. «Нұр» сүресіндегі «Әйелдер орамалдарын жағаларының үстіне тақсын» аяты түскен кезде олардың ерлері осы аятты оқып үйлеріне оралды. Бұлар әйелдеріне, қыздарына және туыстарына осы аяттарды оқыды. Осы әйелдердің әрбірі етек маталарынан Аллаһтың кітабын растап оған иман етіп орамал әзірледі. Таңертең Пайғамбардың артында орамалдарымен

<sup>192</sup> Әбу Дәууд, Либас, 31.

<sup>193</sup> Ибн Мәжә. Тахарат, 132; Әбу Дәууд, Салат; Ханбәл, 4/151.

таң намазын оқыды. Олардың басында бейне бір қарғалар қонақтап отырғандай көрінді»<sup>194</sup>.

### Бүркенуге тиісті ерекшеліктер

**Бірінші:** Бүркеншіктің қолы мен жүзінен тыс барлық денені жабуы.

Әйелдер – намазда және бөтен ерлердің алдында беті мен қолы және аяқтарынан тыс барлық денесін жабулары тиіс. Қол мен беттің фитнаға, бүлікке түсу қорқынышы болмаса, намазда да, намаздан тыс та жабудың қажеті жоқ. Мықты бір көзқарас бойынша, аяқтарды да жабуы қажет емес. Өйткені аяқтармен жолда жүреді және кедей-кепшіктер үшін бұларды жабу қиындық тудырады.

**«Сондай-ақ зейнеттерін көрсетпесін. Бірақ олардың өздігінен көрінгендері басқа (беті, қол-аяқтары)»** аятында осы жерлердің ашық қалуға болатындығын білдірген. Жоғарыда Әбу Бәкірдің қызы Әсмаға қол мен жүздің ашық қалуға болатындығы айтылған. Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*): **«Әйел – оранып жүруі тиіс кісі. Сыртқа шыққан кезде шайтан оған көзін қадайды»**,<sup>195</sup> – дейді.

Сөз ақыры «Нұр» сүресінің отыз бірінші аятындағы орамал (химар, хумур) және «Ахзаб» сүресінің елу тоғызыншы аятындағы сыртқы киім (жилбаб, желәбиб) терминдерін қатар таразыласақ, әйел үшін екі бөлік киім түрі шығады. Біріншісі: шаш, мойын және көкіректерін жапқан және иықтарына қарай жағаларының үстіне бос жіберілген «орамал», екіншісі болса «сыртқы киім» болып, мұның да түріне қатысты екі түсініктеме берілген. Орамалдың үстінен дененің төменгі жағына дейін жапқан

---

<sup>194</sup> Бухари, Тәфсирус-сурә, 24/12; Әбу Дәууд, Либас. 29; Ханбәл, 6/188.

<sup>195</sup> Тирмизи, Рада, 18.



үлкен бүркеніш киімі яки орамалдың астынан мойыннан төмен тобыққа дейін жапқан сыртқы киім.

**Екінші:** Бүркену – іш жағын көрсетпеу және денені белгілі етпеу.

Бүркеніш жиі тоқылған, қалың болуы тиіс. Денесін көрсететіндей жұқа киіммен намаз оқуға болмайды.

Шафиғилар бойынша денені белгілі ететін киіммен намаз оқу – мәкрүһ. Бұған мысал ретінде хазіреті Әсмә туралы айтқанбыз.

Хазіреті Пайғамбар *(аләйһис-саләту уәс-саләм)* Дихия әл-Кәлбиге Мысырда тоқылған тоқыма мата беріп жартысынан өзіне көйлек, жартысынан әйеліне киім жасауын тапсырады. Соңынан: *«Әйеліңе айт. Ішінен бір көйлек кисін. Өйткені дене бітімі көрінуінен қорқамын»*, – дейді. Хазіреті Пайғамбар осындай ескертуді Усамә ибн Зәйдтің әйелі үшін де айтқан. Әш-Шәукәни бұл хадисті былай деп түсіндіреді: *«Бұл хадис бойынша әйелдер денелерін дене бітімдері көрінбейтін дәрежеде киім киюлері қажет. Сәтри әуреті үшін бұл шарт. Усаманың әйеліне «қутбия» деп аталатын киімінің ішінен көйлек киюін әмір етуі мұндай киімдердің дене бітімін көрсеткендіктен»*, – дейді<sup>196</sup>.

Мына хадис үстінде киген киімі бар бірақ жалаңаш әйелдердің дүние мен ақыреттегі азапты жағдайын айтады: *«Үмбетімнің ақырғы кездерінде киген киімі бар, бірақ жалаңаш көптеген әйелдер болады. Бұлардың бастарының төбесі түйенің өркеші сияқты болады. Оларға лағынет айтыңдар. Өйткені олар қарғысқа ұшырағандар»*. Басқа бір хадисте: *«Олар жаннатқа кіре алмайды, тіпті жаннаттың иісін де иіскей алмайды»*, - деген қосымша сөзі бар.<sup>197</sup>

<sup>196</sup> Шәукәни, Нәйлүл-әутәр, 2/97.

<sup>197</sup> Муслим. Либас, 125; Ханбәл, 2/223.

## Ер кісілердің киіміне ұқсамауы

Аллаһ Тағала әйел мен еркекті өзіндік ерекшеліктерімен жаратқан. Ислам киімде және қоғамдық қарым-қатынаста осы жаратылысқа лайық түрде негіздер қойған. Сәндену, әсем киімдер киіну оның рухында бар. Сондықтан олардың орану түрлері де басқа. Сырттай қараған адамдар кімнің ер кісі, кімнің әйел екендігін киіміне қарай ажыратады. Болмаса еркек секілді киінген әйел, әйел сияқты киінген еркектер шығып, бұл олардың рухтарының бұзылуына әкеліп соғады.

Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-саләм*) киім мен дене яки іс-әрекеттерімен ер кісіге ұқсауға тырысқан әйелге және әйелге ұқсауға тырысқан ер кісіге лағынет айтқан. Хадисте былай айтылады: *«Әйелдерден ерлерге ұқсағандар мен ерлерден де әйелдерге ұқсағандар бізден емес»*<sup>198</sup>. Абдуллаһ ибн Аббастан: *«Пайғамбар ер адамға ұқсауға тырысқан әйелдер мен әйелге ұқсауға тырысқан ерлерге лағынет айтты және «оларды үйлеріңнен шығарыңдар», - деді»*<sup>199</sup>. Басқа бір хадисте Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-саләм*): *«Үш адам бар. Олар жаннатқа кіре алмайды және қиямет күні Аллаһ оларға рақым назарымен қарамайды. Олар: Ата-анасын тыңдамаған адам, еркектерге ұқсауға тырысқан әйел және әйелін қызғанбаған ер»*<sup>200</sup>.

## Ерлердің орануы

Ерлердің өз әйелдерінен өзгелердің жанында және намазда тізе мен кіндіктің арасын жабуы парыз. Тізе де әурет

---

<sup>198</sup> Бухари, Либас. 61; Әбу Дәууд, Либас, 27; Тирмизи, Әдәб, 34.

<sup>199</sup> Бухари, Либас. 62; Әбу Дәууд, Әдәб, 53.

<sup>200</sup> Ахмәд ибн Ханбал.

жерiне кiредi. Аллах: «**Ұятты жерлерiн де қорғасын**», – дейдi<sup>201</sup>. Ерлердiң басқа жерлерiн жабуы – мұстахап.

Хадисте: «*Сендерден кiмде-кiм құлын яки жұмысшыларын үйлендiретiн болса, оның кiндiк пен тiзелерi арасына қарамасын*»<sup>202</sup>. Басқа бiр хадисте «*Кiндiк пен екi тiзе арасы әурет жерi*»<sup>203</sup> делiнген. Дарақутнидiң мына хадисiнде: «*Тiзелер – әурет жерлерi*» деп берiлген.

Мәликилерде ерлердiң әурет жерi – ұятты жерлерi ғана. Оларда тiзе мен сан арасы әуретке жатпайды.

### **Баланың әурет жерi**

Сәби балалардың әурет жерi жоқ. Бұның шегi төрт жасқа дейiн. Осы жастан төмен болған ер яки қыз балаларға қарау, оларды ұстау – мұбаһ. Одан кейiн құмарлық сезiмдердi сезгенге дейiн тек ұятты жерлерi ғана әурет саналады да осы жерлерiнiң жабылуы қажет. Он жасынан кейiн ер яки қыз бала болсын әурет жерлерi үлкен кiсiлердiң әурет жерлерi секiлдi болады<sup>204</sup>.

Шафиғилар бойынша, кiшкене қыз баланың әурет жерлерi үлкен әйелдердiкi тәрiздi.

### **Әйел қалай орануы керек?**

**Бiрiншi:** Ерiнiң жанында:

Ерлi-зайыптылар, яғни некесi қиылғандар бiр-бiрлерiне еркiн қарай алады. Неке қию арқылы жақындасу – шарифатта рұқсат, бiрақ ұятты жерлерiне қарамау

<sup>201</sup> «Нұр» сүресi, 30-аят.

<sup>202</sup> Әбу Дәууд, Салат, 26.

<sup>203</sup> Ханбәл, 2/187.

<sup>204</sup> Ибн Абидин, а.а.е. 1/378.

әдептілікке жатады. Хазіреті Айша: «*Мен Пайғамбардың ұятты жерлеріне ешқашан қарамадым*» десе, басқа бір деректе: «*Оның ұятты жерлерін көрмедім. Ол да мені көрмеді*»,<sup>205</sup> – дейді.

**Екінші:** Махрам (жақын) туыстарының ортасында:

Әйел әкесі, баласы, еркек бауырлары және күйеу балалары сияқты араларында үйленуге болмайтын туыстарының жанында қол, аяқ, шаш, құлақ, мойын және тізеден төмен жерлерін аша алады. Олардың да осыларға қарауы – халал, өйткені олармен бірге тұру, үй шаруасына қарауда ешқандай келеңсіз жағдайдың болуы мүмкін емес. Ішін және арқасын аша алмайды. «*Сен маған анамның арқасы сияқтысың*» деген аятта да ананың арқасына назар аудартуда. Сондықтан ананың арқасы және осыған ұқсас ішкі жағы да жақындарының алдында әурет жері саналады.

**Үшінші:** Әйелдердің әйелдер арасындағы әурет жері – кіндік пен тізелері арасындағы жерлер. Мұсылман әйел, мүшрік, атеист әйелдің жанында бүркенішін аша алмайды. Тіпті христиан бір әйелдің мұсылман бір әйелдің бетінен сүюін яки оның әурет жеріне қарауын мәкрүһ санаған. Хазіреті Омардың қолбасшы Әбу Убәйда ибн әл-Жаррахқа жазған бір хатында «Зиммәт әһлі (мұсылман емес) әйелдер мұсылман әйелдермен бірге моншаға кіргендері туралы хабар естідім. Оларға тосқауыл жаса. Өйткені олардың мұсылман әйелді жалаңаш көруіне болмайды», – дейді.

Абдуллаһ ибн Аббас себебін түсіндіріп: «Мұсылман әйелді орамалсыз отырғанын әһлі кітаптың әйелдері көруіне болмайды, себебі олар мұсылман әйелдердің осы халдерін ерлеріне айтып баруы мүмкін», - дейді.

**Төртінші:** Бөтен ерлердің алдында:

---

<sup>205</sup> Ханбәл, 6/63, 190.

Мұсылман әйел бөтен ерлердің алдында жүзі және білектеріне дейінгі қолдары және аяқтарынан өзге денесінің барлық жерлері әурет саналады. Мықты көзқарасқа қарай аяқтары да ашық болса болады.

**Бесінші:** Зәру жағдайда, яки емделгенде:

Емделу секілді зәру жағдайда ер кісіге де әйелге де дәрігер және ине салушы мейірбикелердің қарауына болады. Ал, әйелдер гинекология мәселесінде өз дәрігерлерін іздеп тапқаны жөн. Әйел гинеколог тұрғанда ер дәрігерге баруы харамға жатады.

### ***Ер кісінің әйел адамға массаж жасауының да үкімі осылай ма?***

Әйел адам қандай жағдайда болсын бөтен ер кісіге массаж жасатуына болмайды. Бұл іс-әрекет тікелей харамға, үлкен күнәға жатады. Сондай-ақ, ер кісінің де массаж жасайтын бөгде әйелге массаж жасатуына болмайды. Мұндай іс-әрекетке ғалымдар тікелей, Муслимдегі хадис бойынша,<sup>206</sup> қол зинасы, көз зинасы деп қараған. Мұндай күнә жасаған адам садақа беріп, Аллаһтан кешірім тілеуі қажет.

### **Әйелдің жақындары (махрамдары)**

- 1. Ері:** Әйел ерінің жанында қалағанынша киіне алады. Ерлі-зайыптылар арасында бүркену мәселесі жоқ. Әйел күйеуінің жанында әсем көріну үшін сәнденуі және ашылуы мүбaһ саналады. (Алайда бөтен ерлердің алдында сәнденіп, оларды өзіне тарту – харам).
- 2. Әкесі.**

<sup>206</sup> Муслим. Бухари.

3. Қайын атасы. Үлкен қайын аталары да осыған жатады.
4. Өз балалары. Ер немере, шөберелері, т.б осыған жатады.
5. Ерінің балалары. Ерінің немере, шөберелері де осыған жатады.
6. Ер бауыры.
7. Ер бауырының балалары. Ер бауырының немерелері де осыған жатады.
8. Қыз бауырының балалары. Бұлардың немерелері де осыған жатады.
9. Мұсылман әйел, бірақ діні бөлек әйелдер бұдан тыс.
10. Құл мен күн. Бір әйел күні мен құлының жанында орамалсыз қалуына болады. Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-саләм*) хазіреті Айшаға бір құл берген болатын. Осы кезде хазіреті Айшаның үстінде басын жапса, аяқтары, аяқтарын жапса, басы ашық қалатын бір киімі бар еді. Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-саләм*) осыны байқап: «*Сен үшін ешқандай тосқауыл жоқ. Өйткені бұл құл сенің әкең мен балаң сияқты*»,<sup>207</sup> – дейді.
11. Кәрі яки науқас секілді құмарлық сезімі жоқтар.
12. Әйелдің әурет жерлеріне қарағанда ешнәрсе ұқпайтын жас балалар. Бірақ бала балиғат жасына жете бастағанда бөтен әйелдің жанында қалуына болмайды. Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-саләм*): «*Әйелдердің қасына кіруден сақтаныңдар*», – дейді. Сонда бір сахаба: «*Пайғамбарым! Ерінің*

---

<sup>207</sup> Әбу Дәууд, Либас.

ер бауыры туралы не дейсіз?», – дейді. Аллаһ елшісі: «Қайнысы – өлім» деп жауап береді<sup>208</sup>.

Бұлармен қатар ата, немере аға, нағашы, үлкен немере аға, үлкен нағашы аға, сүт бауыры, сүт әке сияқты жақындарының жанында орамалсыз жүруіне болады. Сонда да орамалмен жүргені абзал.

### Ер кісінің әйелге қарауы

Көптеген мүштәһидтердің көзқарасы бойынша, **«Әйелдер ашықта қалған жерлерінен тыс зейнеттерін ашпасын»** аятындағы тыс жерлері – «қол мен бет».

Әбу Ханифа бойынша аяқтар да осыған кіреді. Ендеше, осы жерлеріне ер кісілердің қарауына бола ма?

Ислам көшеде, базарда әйелдермен алғаш жолыққан кездегі қарауды есепке алмаған, бірақ екінші және үңіліп қарауға тыйым салған.

Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) хазіреті Әлиге: **«Әли! Бірінші қарауыңа екіншісін қосушы болма. Алғаш қарау – саған тиесілі, екіншісі – саған қарсы»**,<sup>209</sup> – дейді. Құранда «Нұр» сүресінде де көздерін төмен салуын айтады. Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*): **«Бір еркек әйелдің әсемдіктеріне көздері түскен кезде көздерін төмен салса, Аллаһ Тағала оған тәттілігін жүрегіңде сезетін бір құлшылықты нәсіп етеді»**, –<sup>210</sup> дейді. Бір құдси хадисте: **«Әйелге әдейілеп қарау ібілістің улы оқтарының бірі. Кімде-кім Менен қорқып көздерін төмен салса, оның жүрегіне иман дәмін беремін»**, – дейді.

Қажылық кезінде жас әйел бір сұрақ сұрау үшін Аллаһ елшісіне (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) келеді. Осы кезде немере

<sup>208</sup> Тирмизи, Рада; Ханбәл, 4/149.

<sup>209</sup> Әбу Дәууд. Никаһ; Ханбәл, 5/351.

<sup>210</sup> Ханбәл, 5/264.

ағасының баласы Фадл ибн Аббас та сол жерде болатын. Оның әлгі жас әйелге көзін тігіп қарап қалғанын көрген Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) Фадлдың басын ұстап басқа жаққа бұрып жіберді. Хазіреті Аббас осының мәнін сұрағанда, ол: *«Бір жас еркек пен бір жас әйелді көрдім. Оларға дұшпандық ететін шайтанға сене алмадым»*,<sup>211</sup> – деп жауап береді.

### Әйелдің ер кісіге қарауы

**Бірінші:** Әйелдің еркектің әурет жеріне қарауы.

Бөтен әйелдің еркектің сәтри әурет жеріне қарауы – харам. Бұл сезімсіз болсын сезімді болсын бәрібір.<sup>212</sup>

Кейбір мүштәһидтер бойынша, тізесінің жоғарғы жағы да әурет жері саналады. Бір хадисте: *«Сан әурет жері»*, – дейді<sup>213</sup>. Имам Мәлік Әнәс ибн Мәліктің *«Пайғамбарды саны ашық күйінде көрдім»*<sup>214</sup> хадисіне сүйеніп, әурет жері тек қана алды мен арты деп шектеген.

Басқа жағынан Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) Әлиге: *«Сандарыңды ашпа тірі болсын өлі болсын ешкімнің санына қарама»*, –<sup>215</sup> дейді.

Кейбір фақиһтар алды мен артқы жақты «ауыр әурет», сандары үшін «жеңіл әурет» деп екіге бөлген.

Ендеше, Имам Мәліктің көзқарасын бұл заманда күрес, жүзу, басқа да спорт саласында пайдалануға болады. Мүмкіндігінше әурет жері жабық болғаны абзал.

**Екінші:** Ер кісінің әурет жері саналмаған жерлеріне қарау.

---

<sup>211</sup> Тирмизи. Хаж, 54; Ханбәл.

<sup>212</sup> Муслим, Әдәб, 45; Әбу Дәууд, Никах, 43; Тирмизи, Әдәб, 28.

<sup>213</sup> Бухари, Салат, 12; Тирмизи, Әдәб, 40.

<sup>214</sup> Бухари, Салат, 12.

<sup>215</sup> Әбу Дәууд, Хаммам.



Кейбір фақиһтердің көзқарасына қарай бөтен еркектердің тізе мен кіндік арасынан тыс жерлеріне сезімсіз қарауларына болады. Дәлел мына хадис.

Айт күні хабашилер мешітте найзаларымен ойын көрсетіп жатты. Хазіреті Айша оларды Пайғамбардың артында тұрып көрді. Хақ пайғамбар оны ойыншылардан жасырып ұстап тұрды. Ақырында хазіреті Айша шаршап үйіне қайтты<sup>216</sup>.

Бұдан басқа сахаба әйелдердің қажеттілік кезінде еркектермен сөйлескені, сауда-саттық жасағаны, сұрақ сұрағаны мәлім. Бірде Аллаһ елшісі Билалмен бірге әйелдерге барып, олардың өзіне қол тапсыруына қатысты аятты оқып, насихат айтып оларды садақа беруге ынталандырады. Осы кезде хазіреті Билал көйлегін әйелдердің алдына ақша, жүзік, т.б тастауы үшін жайып салады<sup>217</sup>.

Кейбір фақиһтер бойынша әурет емес жерлеріне әйелдер қандай сезіммен болсын қарай алмайды. Орамал тағу аяты түскен кезде Абдуллаһ ибн Мактум деген зағип Аллаһ елшісінің құзырына келеді. Пайғамбарымыздың әйелдері Умму Сәләмә мен Мәймунә де сол жерде болатын. Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) оларға «*бүркеніңдер*» дейді. Умму Сәләм «*ол зағип емес пе?*» – деп сұрағанда Пайғамбар «*Сендер де зағипсыңдар ма, сендер оны көрмей тұрсыңдар ма?*», – дейді<sup>218</sup>.

Сөз соңында, еркек яки әйелдің бір-бірлеріне қарауы құмарлық сезім арқылы болмауы тиіс.<sup>219</sup>

<sup>216</sup> Бухари, Салат, 69, Жиһад, 79; Муслим, Идәин, 17, 21; Ханбәл.

<sup>217</sup> Бухари, 2/273; Әбу Дәууд, 1/174, Нәсәи.

<sup>218</sup> Тирмизи, Әдәб.

<sup>219</sup> Зуһайли.

## Амандасу түрі

Сәлемдесудің ең жақсысы – «сәләм» деген сөзбен амандасу. Өйткені «Сәләм» Аллаһтың тоқсан тоғыз есімінің бірі. «Қалайсыз?», «Қайырлы таң», т.б сөздер Исламға тиіс сәлемнің орнын баса алмайды. Әрбір адамға «ассаламу аләйкүм» деп, сәлем бергенде дұға қабыл болса, әлгі адамның екі дүниесі жарық болмақ.

Ханафилер бойынша, сәлем беру – сүннет, ал біреудің сәлемін алу – уәжіпке жатады. Құрандағы:

وَإِذَا حُيِّتُمْ بِتَحِيَّةٍ فَحَيُّوا بِأَحْسَنَ مِنْهَا أَوْ رُدُّوهَا

**«Сендерге сәлем бергенде одан да жақсы сөзбен не болмаса дәл солай жауап беріңдер»** – <sup>220</sup>деген аятта сәлемді алу әмір формасымен айтылған.

Бірақ Әбу Ханифа мен оның серіктері әйелдердің бірінші болып ерлерге сәлем беруін дұрыс көрмеген. Әйелдер азан, қамат және жұрт алдында Құран оқуларына болмайды, бірақ жақын туыстары бұдан тыс.

Мәликилер, сәлемдесу мәселесінде жас әйелдер мен кәрі әйелдер деп екіге бөлген.

Әйтсе де Аллаһ елшісі өзіне жат әйелдерге сәлем берген, сәлемін алған. Бірде Әбу Тәліптің қызы Умму Хани ішке кіріп сәлем бергенде перде артында тұрған Пайғамбар оның кім екенін сұрап білген соң, «қош келдің?» деп жауап берген<sup>221</sup>.

Ата ибн Әби Рабах: «әйелдер жас болатын болса онда оларға сәлем берілмейді», – деген. Бұл – сақтық үшін айтылған көзқарас.

<sup>220</sup> «Ниса» сүресі, 86 аят.

<sup>221</sup> Бухари, Салат.

Ендеше, Құран мен сүннет шеңберінен шықпай бір-бірлерімен кездескенде амандасып, сырқат жағдайда халін сұрап т.б. зәру жағдайларда араласуына болады. Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) науқас әйелдерге барып көңілін сұраған<sup>222</sup>. Хазіреті Айша әкесі Әбу Бәкірдің жағдайын сұрағанда, Билалдың да жағдайын сұраған<sup>223</sup>. Сондай-ақ, бір сахаба әйел мешітке барып ансарлық еркек сахабаның амандығын сұрағаны хадистерде айтылады<sup>224</sup>.

Ханафи ғалымдары ер мен әйелдің амандасуы туралы кейбір сақтық жағдайларды айтып өткен.

1. Жас қыздар мен әйелдерге бәрі бір жерде жиналып тұрған кезде сәлем беру. Танымайтын бөтен әйелге сәлем бермеу. Бұл күндері ресми орындарда бір-бірлеріне сәлем берулеріне болады, өйткені ел-жұртқа ашық жерлер.

2. Конференция, дәріс секілді себептермен жиналған әйелдерге жалпы сәлем беру. Ал оңашаланған жерлерде кездескен жалғыз әйелге яки сол жердегі әйелдерге сәлем бермеу<sup>225</sup>.

Ат үстіндегі адам жаяу жүргіншіге, кіші үлкенге, азшылық көпшілікке, жоғарыдағы төмендегіге сәлем береді. Намаз оқығанға, ас ішіп отырғанға, әжетханадағы адамға және ішкілік ішіп құмар ойнап не болмаса соған ұқсас харам істеп жатқан адамдарға сәлем берілмейді<sup>226</sup>.

<sup>222</sup> Бухари, Никах.

<sup>223</sup> Бухари, Мәдина, 12.

<sup>224</sup> Бухари, Мәрда.

<sup>225</sup> Х. Дөндүрен, а.а.е. 87-бет.

<sup>226</sup> Бухари, Истизан, 11; Муслим, Әдәб, 46; Әбу Дәууд, Истизан, 6; Тирмизи, Истизан.

## Қол алысып амандасу

Ерлер мен әйелдер өз араларында амандасып, одан кейін қол алысулар сүннет екендігінде ауызбірлік бар. Айтылған сәлемнің алынуы – уәжіп.

Хақ пайғамбардың қол алысуға ынталандырған хадистер бар. Оның әр кездескенде қол алысқаны<sup>227</sup>, қол алысуды екі қолмен алғандығы<sup>228</sup> және қолын берген адам жібермейінше<sup>229</sup> жібермегендігі айтылған. Кейбір хадисте қол алысудың сәлем беріп амандасудың толықтырушысы екендігі айтылады<sup>230</sup>. Басқа бір хадисте: *«Екі мұсылман кездескен кезде қол алысатын болса күнәлары кешіріледі»*. Басқа бір хадисте *«қолдар арасынан күнәлары төгіледі»* қосымшасы бар<sup>231</sup>.

Қол алысуға үйлену харам болған жақын туыстары кіреді. Әйелдер өздерімен қол алысумен қатар бала, немере, әке, ата, жиен, нағашы, еркек бауыры, үлкен немере аға, үлкен нағашы, күйеу бала, сүт бала, өгей бала, сүт әке сияқты ата-тегі яки сүт туыстарымен қол алыса алады. Фитнә (бүлікке арқау) болмау үшін әйел осы жақындарының арасында кейбір адамдардан алыс тұрғаны абзал. Күйеу бала, сүт туыстары және жас өгей ана осы қатарға жатады.

Кейде фитнә жоқ болса кәрі әйелдермен амандасуына болады. Әбу Бәкірдің кәрі әйелдермен қол алысқаны және Абдуллаһ ибн Зүбейір науқастанған кезде кәрі әйелді қызметші етіп алғаны бар.

---

<sup>227</sup> Ханбәл, 5/163.

<sup>228</sup> Бухари, Истизан, 28.

<sup>229</sup> Ибн Мәжә, Әдәб, 21.

<sup>230</sup> Тирмизи, Истизан, 31; Ханбәл, 5/260.

<sup>231</sup> Әбу Дәууд, Әдәб, 142, Тирмизи, Истизан, 31. Ибн Мәжә, Әдәб.

Қарт әйелдердің сыртқы киімдерінің кейбірін шешуге болатыны туралы аят онымен қол алысуға болатындығын дәлел етіп көрсеткен.

### **Хақ пайғамбар бият (серт) кезінде әйелдерге қол бермеуі**

Әйелдерге қол тапсырудың негіздері аят түскенде Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) Мәдинаға әйелдерді жинап олардан бият сұраған. Хазіреті Айша: *«Мұсылман әйелдерден аяттағы шарттарды қабыл еткендерге Аллаһ елшісі сөз түрінде «сенімен бият жасадым» деді. Аллаһқа ант етейін бият кезінде ешбір әйелдің қолына қолын тигізбеді»*<sup>232</sup>.

Кейбір хадисте Хақ пайғамбардың бір матаға қолын қойып әйелдердің де сол матаға қолын қойып серт бергендері және Аллаһ елшісінің (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*): *«Мен әйелдермен қол алыспаймын»* дегені айтылады<sup>233</sup>.

Ибн Исхақ Хақ пайғамбардың әйелдердің биятын қолын бір ыдыстағы суға батырып артынша сол ыдысқа әйелдердің де қолын батыру арқылы серт бергендерін айтады<sup>234</sup>.

<sup>232</sup> Бухари, Ахкам, 49; Муслим, Имәрә, 88; Әбу Дәууд, Имәрә, 9; Тирмизи.

<sup>233</sup> Нәсәи, Биа, 18; Ибн Мәжә, Жиһад, 43; Малик, Муатта; Ханбал.

<sup>234</sup> Ибн Исхақ, Мәғәзи.





## IV БӨЛІМ

# ЗИНА ЖАЗАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

*«Зинаға жақындамаңдар. Өйткені ол өте жаман бір іске апаратын бір жол»*

*«Исра» сүресі*

*«Әйелдеріңнен зина жасағанға араларыңнан төрт куә келтіріңдер»*

*«Нуса» сүресі*







## ЗИНА ЖАЗАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Зина – Исламда және барлық илаһи діндерде тыйым салынған іс-әрекет. Ол үлкен күнәлардан саналып ар-намыс және нәсіл-нәсәпке қатысты бір қылмыс болғандығы үшін жазасы да өте ауыр жазалардың бірі. Құранда:

وَلَا تَقْرُبُوا الزَّوَاجَ إِنَّمَا كَانَ فَاحِشَةً وَسَاءَ سَبِيلًا

*«Зинаға жақындамаңдар. Өйткені ол өте жаман бір іске апаратын бір жол»,* –<sup>235</sup> дейді.

Басқа аяттарда: *«Олар Аллаһпен бірге басқа бір құдайға дұға жасамайды. Аллаһ харам еткен біреуді жазықсыз өлтірмейді. Зина да жасамайды. Кімде-кім осыны жасайтын болса жазаға тартылады. Оған қиямет күні қабат-қабат азап беріледі және сол азап ішінде қор болып мәңгілік қалады»*<sup>236</sup>

Аятта: *«Мұсылман ерлерге айт. Көздерін зинадан сақтасын және ар-намыстарын қорғасын. Бұл өздері үшін жақсы»*<sup>237</sup>.

Әйелдердің орану тұрғысында да былай дейді: *«Мұсылман әйелдерге айт «Бөгде ерлерден көздерін сақтасын. Әрі ұятты жерлерін зинадан қорғасын. Сондай-ақ, зейнеттерін көрсетпесін. Бірақ олардың өздігінен көрінгендері басқа. (беті, қол-аяқтары). Және бүркеншіктерін омырауларына түсірсін».*

Пайғамбарымыздың да ойнастыққа қатысты көптеген хадистері бар. Атап айтқанда, мұсылманның мұсылман

<sup>235</sup> «Исра» сүресі, 32-аят.

<sup>236</sup> «Фұрқан» сүресі,

<sup>237</sup> Нұр сүресі, 30.

болып зина жасамайтындығы яки ойнастықты ашық жасау қияметтің белгісі екендігі айтылады<sup>238</sup>.

Исламда тыйым салған істерді жасаған адамға берілген жазаға «хад» (қат) жазасы деп айтылады. Қазақ тіліндегі «қат», «қатаю», «қаталдық» «қатаң» деген сөздердің түбірі осы «хад» сөзінен тараған болуы мүмкін. Исламдағы қатаң жазалар өте аз. Бұлар бесеу:

1. Зина. Бойдақтар үшін –100 дүре. Үйленгендер үшін – «рәжм» (тасборан) жазасы.
2. Ұрлық. Қол кесу жазасы.
3. Ішімдік ішу – 40-80 дүре.
4. Жол торуылдап қарақшылық жасау. Қылмысының салмағына қарай өлтіру, асу яки аяқ-қолын айқастарып кесу.
5. Зина жаласы. 80 дүре. Кісі ақысына қатысты жазалар да шариғаттың белгілеген жазасы<sup>239</sup>.

### Зина үшін шариғаттағы жаза

Құранда:

الزَّانِيَةُ وَالزَّانِي فَاجْلِدُوا كُلَّ وَاحِدٍ مِّنْهُمَا مِئَةَ جَلْدَةٍ وَلَا تَأْخُذْكُمْ بِهِمَا رَأْفَةٌ فِي دِينِ اللَّهِ إِنْ كُنْتُمْ تُؤْمِنُونَ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ وَلَيْشَهَدَ عَذَابُهُمَا طَائِفَةٌ مِّنَ الْمُؤْمِنِينَ

**«Зина жасаған әйел мен зина жасаған еркекке әрбіріне жүз дүре соғыңдар. Егер Аллаһқа және ақырет күніне сенсеңдер оларға жұмсақтықтарың**

<sup>238</sup> Бухари, Худуд, 22; Әбу Дәууд, Худуд, 17.

<sup>239</sup> Зуһайли.

**ұстамасын. Әрі екеуінің жазасын мұсылмандардың бір тобы көріп тұрсын»<sup>240</sup>.**

Бұл аят бойдақ ер яки әйелдің ісіне берілетін жаза ретінде берілген. Дүре соғу – етке батырмай тек қана теріге әсер ететіндей түрде ұру. Ұрған кезде тек пальто секілді қалың киімдері ғана шешіледі.

Үйленген еркек яки әйелге берілетін жаза «рәжм» (тасборан) жазасы. Бұл сүннетпен белгіленген.

Хадисте: **«Үйленген кәрі еркек пен кәрі әйел зина жасаса, оларды рәжм етіңдер»<sup>241</sup>**. Хазіреті Пайғамбар екі яһудей ер мен әйелге және Майыз бен Ғамид тайпасының бір әйеліне рәжм жазасын берген. Рәжм туралы сахабалар арасында ауызбірлік бар.

Зина жазасы Аллаһқа қатысты ақы. Бұл отбасы және нәсәп және қоғамға қатысты бір қылмыс болғандықтан, қоғам ақысы да саналады.

### ***Зина жазасын іске асыру шарттары***

1. Зина жасаған ер балиғат жасына жеткен болуы тиіс. Балиғат жасына жетпеген балаға қатаң жаза берілмейді.
2. Зина жасаған әйел де балиғат, яки құмарлық сезімі оянған жаста болуы тиіс. Кішкене қызбен зина жасаған ерге де, қызға да қатаң жаза берілмейді. Сондай-ақ, балиғат жасына жетпеген баламен зина жасаған әйелге де қатаң жаза берілмейді. Бұған қатысты жазаны қазы береді.
3. Зина жасаған ақыл-есі жарым адамдарға қатаң жаза берілмейді. Мәзһәб имамдары арасында бала мен

<sup>240</sup> «Нұр» сүресі, 2-аят.

<sup>241</sup> Ибн Мәжә, Худуд, 9; Ханбәл, 5/132.

есі жоқ адамдарға зина жазасының болмайтындығы туралы ауызбірлік бар. Оған мына хадис дәлел:

رُفِعَ الْقَلَمُ عَنْ ثَلَاثَةٍ عَنْ النَّائِمِ حَتَّى يَسْتَيْقِظَ وَعَنْ الصَّبِيِّ حَتَّى يَحْتَلِمَ وَعَنْ الْمَجْنُونِ حَتَّى يَعْقِلَ

*«Үш адамға қалам жазылмайды. Баладан – балигатқа толғанша, ұйықтаған адам оянғанша және ақыл есі ауысқан адам – есі кіргенше»*<sup>242</sup>.

Осы жерде егер есі дұрыс біреу ақыл-есі жарым біреумен ойнастық жасаса, онда ақыл есі дұрыс адамға зина жазасы беріледі.

4. Фақиһтардың басым көпшілігінің көзқарасына қарай, бір мұсылман мен бір кәпір зина жасаса зина жазасы жасалады. Ал, Әбу Ханифаның көзқарасына қарай үйленген кәпірге рәжм (тасборан) емес, дүре соғылады. Мәликилер бойынша, екі кәпір зина жасаса бұларға зина жазасы берілмейді. Бірақ бұлар зина жасағандарын сөз қылса, тәртіпке келтіріледі. Кәпір ер кісі мұсылман әйелді зинаға зорласа өлтіріледі.
5. Зина қалаумен жасалуы қажет. Көпшіліктің пікіріне қарай зинаға зорланған адамға да зина жазасы берілмейді. Хадисте: *«Үмбетім қателесу, ұмыту, яки зорлау арқылы жасаған істеріне үкім жүрмейді»*<sup>243</sup>. Көпшіліктің пікіріне қарай зорланға ерге де қатаң жаза берілмейді.

<sup>242</sup> Әбу Дәууд, Худуд, 17.

<sup>243</sup> Бухари, Худуд, 22; Әбу Дәууд, Худуд, 17; Тирмизи, Худуд, 1; Ибн Мәжә.

6. Зинаның адаммен жасалуы. Үш мәзһәб және Шафиғидың мықты көзқарасына қарай жан-жануарлармен зина жасағанға қатаң жаза берілмейді.
7. Жыныстық қатынастың тура жерден болуы тиіс. Бөтен әйелмен зинадан тыс әрекеттерге жеңіл жаза беріледі.
8. Зинаны күмәнді некеге сүйеніп жасамау қажет. Көпшіліктің пікіріне қарай, бір адам бөтен әйелді өз әйелі яки күңі деп ойлап жақындасса зина жазасы берілмейді. Ал, әйел әдейі біліп разы болса, онда жаза соған ғана беріледі. Әбу Ханифа және Әбу Жүсіп бойынша «адамның қателесу» жорамалы назарға алынбайды. Өйткені мұндай жағдайда күнә істегеннен күмән арылмайды.
9. Зина дарул Ислам мемлекетінде жасалса, дін үкімі жүргізіледі. Өйткені Ислам дарул харб, яки дәрул бағи (мұсылман елі емес) жерінде үкімін жүргізбейді<sup>244</sup>.

Зина жазасы (осы істерді жасаған адам бойдақ, яки үйленген болып) екіге бөлінеді. Бойдақтарға – дүре соғылады, үйленгендерге – рәжм (тасборан) жасалады. Ислам мемлекетінің арнайы жазасы мен сүргінге жіберу де осыларға жатады.

### **Жүз дүре соғу жазасы**

Бойдақ ер мен бойдақ әйел үшін зина жазасы жүз дүре екендігі Құранда айқын айтылған: ***«Зина жасаған әйел мен ерге жүз дүре соғыңдар»***<sup>245</sup>.

<sup>244</sup> Касани, а.а.е, 7/34; Ибн Қудәмә, а.а.е. 8/187.

<sup>245</sup> «Нұр» сүресі, 2-аят.

Исламның алғашқы кездерінде бойдаққа жүз дүре соғылып, онымен қатар бір жыл сүргін жазасы берілетін. Хадисте:

الْبِكْرُ بِالْبِكْرِ جَلْدُ مِائَةٍ وَنَفْيُ سَنَةٍ وَالتَّيْبُ بِالتَّيْبِ جَلْدُ مِائَةٍ  
وَالرَّجْمُ

*«Бойдақтың бойдақпен зинасы үшін – жүз дүре және бір жыл сүргін. Жесір мен әйелінен айырылған ердің зинасы үшін жүз дүре және таспен рәжм (тасборан) жасау бар»<sup>246</sup>. «Нұр» сүресі түскен кезде бойдақтар үшін – тек қана жүз дүре, ал үйленгендер үшін – сүннетпен рәжм жазасы белгіленген.*

Ханафилер бойынша, жер аудару зина жазасы емес қазыға қатысты жаза. Егер пайда көрсе береді. Негізінде зина жасаған адамның тәубе еткенге дейін абақтыда ұсталуы осы түрге жатады.

Шафиғи мен Ханбалилер бойынша, дүре мен бір жыл жер аудару бірге жасалады. Сүргін етілген жер жолаушылық (сафари) қашықтықтан ұзақта болуы тиіс. Әйел сүргінге күйеуі, яки махрамымен (жақыны) барады.

Мәликилер бойынша, сүргінге тек ер кісі жіберіледі.

### **Рәжм (тасборан) жазасы**

Рәжм – зина жасаған үйленген ер мен әйелге, яки жесір мен әйелінен айырылған ерге сүннетпен белгіленген жаза түрі. Хазіреті Омардың Пайғамбардан естіген: *«Кәрі ермен кәрі әйел зина жасаса, оларды рәжм етіңдер»<sup>247</sup>*

<sup>246</sup> Ибн Мәжә, Худуд.

<sup>247</sup> Ибн Мәжә, Худуд. Ханбәл. 5/132.

сөзі Құранның бір аяты екендігін айтса да басқа бір куә болмағандықтан, бұл сөз Құранға алынбаған. Сондай-ақ, хазіреті Омар халифа болып тұрғанда Мәдинада мінберде рәжмді жариялағанда ешкім қарсы болмаған.

### Хақ пайғамбардың рәжм жазасын іске асыру мысалдары

1. Жұмыс берген адамның әйелімен ойнастық еткен бойдаққа жүз дүре және бір жыл сүргін жазасы әйелге тұрмыста болғандықтан рәжм берілген. Зина жасаған әйелдің ері мен бойдақтың әкесі Пайғамбарымызға келіп, «Аллаһтың кітабымен» үкім берілуін сұрады. Бойдақтың әкесі Ислам үкімін білмегендіктен алдын ала баласы үшін жүз қой және бір күнді құтқару фидиясы ретінде береді. Хазіреті Пайғамбар (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) сонда: *«Нәпсім құдыретті қолында болған Аллаһқа ант етейін, араларыңда Аллаһтың кітабымен үкім беремін. Күң мен қойлар кері қайтарылады. Балаңа жүз дүре және бір жыл сүргінге айдалады. Ей, Унәйс! Сен әлгі адамның әйеліне бар. Егер зинасын мойындаса, оны рәжм ет», – дейді. Унәйс әйелге барғанда ол мойындайды да рәжм етіледі»*<sup>248</sup>.
2. Зинасын төрт рет растаған Майыз ибн Мәлікке тасборан жазасы берілуі. Майыз Пайғамбарымызға келіп зинасын мойындайды. Осы растауын ол әртүрлі уақыттарда келіп төрт рет қайталайды. Пайғамбар оның ақыл-есі дұрыстығын яки мастығын тексерген соң тасборан етуге әмір берген. Сахабалар тасборан жазасынан

<sup>248</sup> Муслим, Худуд, 25; Бухари, Худуд.

соң екіге бөлінеді. Біреуі: «Мәлік құрдымға кетті» десе, енді біреуі «ол ең үлкен тәубеге лайық болды», – дейді. Сонда Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*): «Мәлік өте терең тәубе етті. Тіпті оның тәубесі бір үмбетке (халыққа) таратылса, бәріне жетер еді», – дейді.

3. Ғамидтік тұрмыстағы әйелдің ойнастығы үшін рәжм етілуі.

Майыз рәжм етілген соң көп өтпей Әзд тайпасының Ғамид руынан бір әйел келіп: «*Пайғамбарым! Мені тазала!*», – дейді. Хақ пайғамбар: «*Өз обалың өзіңе! Бар, шық, кет! Аллаһқа тәубе және истиғфар ет*», – дейді. Әйел. «*Мені Майызды кері қайтарғаныңыздай кері қайтарғыңыз келіп тұр*», – дейді. Хақ пайғамбар оның жағдайын сұрады. Оның жүкті екендігін білген соң босанған соң келуін айтты. Ол босанған кезде балаға сүт беруіне рұқсат берді. Кейіннен бір сахаба балаға қарауды мойнына алды, әлгі әйелге тасборан жазасы берілді.

Халид ибн Уәлид осы әйел туралы жаман бір сөз айтқанда Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*): «*Халид! Аллаһқа ант етейін! Бұл әйелдің терең тәубе еткені сол – егер оны салық жинаушы жасағанда сөзсіз кешірілетін еді. Оны кәусар суының басында көріп тұрмын*»,<sup>249</sup> – дейді. Сосын жаназа намазын оқып жерледі.

4. Бір топ яһуди Аллаһ елшісіне (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) зина жасаған яһуди ер мен яһуди әйелді алып келеді. Хақ пайғамбар олардан Тәураттағы зина жасағандарға тиесілі жаза туралы сұрағанда Тәуратты оқыған

<sup>249</sup> Муслим, Худуд.



бір яһуди «рәжм» аятын аттап өтіп кетіп оқымақ болады. Абдуллаһ ибн Сәләм біліп қойып, оның қолын көтергенде астынан тасборан аяты шықты. Сөйтіп екеуіне де тасборан жазасы беріледі.

## **Зинаның қазы құзырында анықталуы**

### ***1. Зинаның растау жолымен анықталуы***

Исламда хад жазасының анықталу жолдары бір-бірлерінен басқаша. Мұны қылмыстың түрі анықтайды. Мысалы, ұрланған малдың ұрының қолынан табылуы ұрының ісіне дәлел болса, аузынан арақтың иісі шыққан адам да өз қылмысынан хабар береді. Ислам зинаның анықтауын өте ауыр шарттарға байлап, адамның құтылуы үшін көптеген мүмкіндіктер берген. Сондықтан да зинаны растау ерекше шарттарға байланған. Мысалы, растау қазының алдында төрт рет іске асуы, мойындаған адамның ақыл-есі жарым яки мас болмауы т.б.

Зина иқрарында заман есепке алынбайды. Және өзімен зина жасады деп айып тағылған ер кісі яки әйелдің сот залында болуы шарт емес. Қарсы жақ зина жасағанын мойындамаса да, мойындаған жаққа зина жазасы беріле алады. Жоғарыда айтылғандай Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-саләм*) бір еркекке дүре және бір жыл айдау жазасын дұрыс көріп, әйелге келгенде: «*Умәйс! Сол әйелге бар. Егер мойындаса оны рәжм ет*», – <sup>250</sup>дейді. Шафиғилар мен Мәликилер «бұл жерде төрт рет растап, мойындамай-ақ, бір рет мойындап, күнәсін растауы зинаның анықталуына жеткілікті болады», – дейді.

<sup>250</sup> Бухари, Худуд, 3.

## 2. Төрт куәмен анықтау.

Иқрар болмаған жерде зинаның мұсылман, еркек, әділ және төрт азат әйел куәлік етумен анықталуы да мүмкін. Аллах Тағала Құранда:

وَاللّٰتِي يَأْتِيْنَ الْفَاحِشَةَ مِنْ نِّسَائِكُمْ فَاَسْتَشْهَدُوْا عَلَيْهِنَّ  
اَرْبَعَةً مِّنْكُمْ

**«Әйелдеріңнен зина жасағанға араларыңнан төрт куә келтіріңдер»,** –<sup>251</sup> дейді.

Сонымен қатар хазіреті Айшаға зина жаласын жауып өсек айтқандар үшін **«Олар оған төрт куә келтірсе еді? Сондай-ақ, олар куә әкелмеді. Міне, солар Аллаһтың қасында өтірікші»,** – деген аят түсті<sup>252</sup>.

Төрт куәнің де зинаны тікелей өздері көруі және зинаның жері мен уақыты туралы да бірдей нәрсені айтулары керек. Куәнің сөздері арасында қайшылық туып, бұл қайшылық сұрақтармен түзелмейтін болса, куәлардың куәлігі жоққа шығарылады. Куәнің сөздері айдан анық, қарама-қайшылықсыз болып, күмән туғызбауы керек. Күмән жазаны тоқтатады. Хадисте: **«Шамаларың жеткенше күмән табылған кезде қатаң жазаларды тоқтатыңдар»,** –<sup>253</sup> дейді.

Сонымен қатар бойдақ яки жесір әйелдің жүкті болуы яки үйленгеннен кейін алты ай өтпей жатып босануы сияқты жағдайларда туған бала зинаның бір куәгері саналады.

<sup>251</sup> «Ниса» сүресі, 15-аят.

<sup>252</sup> «Нұр» сүресі, 13-аят.

<sup>253</sup> Тирмизи, Худуд, 2; Ибн Мәжә, Худуд, 5; Әбу Дәууд, Салат. 14.

## **Зина жазасын жүзеге асыру шарттары**

### ***1. Ислам мемлекетінің болуы***

Исламдағы қатаң жазалар Ислам елі саналған жерлерде жасалған кезде іске асырылады. Бұл туралы Ислам мүшәхидтерінің ауызбірлігі бар. Өйткені Пайғамбарымыздың заманында оның рұқсатынсыз ешқандай қатаң жазалар жасалмаған. Халифалар кезеңінде де рұқсатсыз жасалмаған. Бірақ Йемен, Мысыр, Сирия, Ирақ тәрізді орталықтан алыс жерлерде әкім мен қазылар қатаң жазаларды орталықтан алған уәкілдіктері арқылы жасаған. Сот ісінің жүргізілу тәртібі тарапсыз бір мансаптың ортаға кіріп, қазылық рөл ойнауы және берілетін жазаны іске асыру ұстанымына сүйенеді. Шағымданушы айыпталушыны кінәлап, өзі үкім шығарып жазаны тікелей өзі, яки оны жақтаушылар арқылы жасалатын болса (яғни Ислам мемлекетінің жоқтығын пайдаланып яки Ислам мемлекетінде жасырып) бұл іс-әрекет зұлымдық және әділетсіздік саналып, Ислам мемлекетінің билігін жеке басына пайдаланып, заңға қол сұғып заңсыз әрекет жасағаны үшін екі дүниеде де жауапқа тартылады.

### ***2. Рәжмді жүзеге асыруда алдымен куәлардың бастауы***

Бойдақтардың зина жазасы болған дәреде куәлардың алдымен бастауы шарт емес. Өйткені олар дәрені қалай соғатынын білмеуі мүмкін.

Тасборанда алдымен куәлар бастап, одан кейін олар жаза толық аяқталғанға дейін сол жерде болулары шарт. Бұл жағдай соңғы сәтке дейін жазаны тоқтатуға берілген мүмкіндік үшін. Куәгерлердің қандай да бір күмәні болса, өз куәгерлігінен бас тарта алады. Бұл қатаң жазаны тоқтатады.

## Дүре жазасының шарты

Дүре жазасында қылмыскердің басы қатерге тігілмеуі қажет. Сондықтан дүре таяғын өте ыстық яки өте суық немесе науқас, жүктілік яки нифас кезінде жазаны кейінге қалдыру қажет. Шафиғи, Ханбалилер жазылуы мүмкін емес науқас бұдан тыс болғандығын айтады.

Дүре жазасы теріге ғана бататындай түрде жіңішке де, жуан да болмаған бұтақсыз орташа бір таяқпен бір яки екі күн ішінде жүз рет ұру түрінде іске асырылады. Еркектердің сыртқы киімі шешіліп, әурет жерлері жабық болады. Бет, бас, қарын, арқа және ұятты жерлері сияқты өлімге апаратын жерлерге ұрылмайды. Дүре тек иық, қол, балтыр және аяқ секілді мүшелеріне жайылады.

Қылмыскер әйел болса отыру арқылы іске асады. Тек қана сыртқы қалың киімі шешіледі<sup>254</sup>.

## Қызтекелік

Қызтекелік – Лұт пайғамбардың елінің жасаған азғын іс-әрекеттері. Бұған Исламда және бұрынғы илаһи діндердің бәрінде тыйым салынған.

Әбу Ханифа бойынша, қызтекелік үлкен күнә болып харам саналғанмен оған зина жазасын бермейді. Сондықтан Ислам мемлекетінде арнайы жаза беріледі. Бұл жерде нәсәптердің шатасуы жоқ.

Мәликилер мен Ханбалилердің мықты көзқарасына қарай қызтекелік жасағандарға рәжм (тасборан) керек. Және оның үйленген яки бойдақ болуы шарт емес. Дәлел мына хадис:

مَنْ وَجَدْتُمُوهُ يَعْمَلُ عَمَلًا لَوْطٍ فَأَقْتُلُوا الْفَاعِلَ وَالْمَفْعُولَ بِهِ

<sup>254</sup> Касани, а.а.е; 7/57.

«Лұт елінің ісін жасаған адамды тапсаңдар осы істі жасағанды да, жасалғанды да өлтіріңдер» – десе, басқа бір хадисте: «Үстіндегісін де, астындағысын да өлтіріңдер», – дейді<sup>255</sup>.

Шафиғилар бойынша үйленген болса – тасборан жазасы, бойдаққа – жүз дүре және сүргін. Олар:

إذا أتى الرجل الرجل فهما زانيان وإذا أتت المرأة المرأة فهما

زانيتان

«Еркек еркекпен болса, екеуі де – зинақор, әйел әйелмен болса, екеуі де – зинақор» – деген хадиске сүйенеді.

### **Тақуаның әңгімесі...**

Хазіреті Омар заманында бір жас жігіт бар еді. Бұл жігіт бейне бір мешіттің көгершіні тәрізді болған. Құлшылықтың парыздарына сақ қарап, онымен қоймай нәпіл ғибадаттар арқылы Хақ Тағалаға жақындығын көрген кісі бірден білетін. Бірде Халифа Омар әлгі жігітті мешіттен көре алмады. Ол мешітке келген қарақұрым жамағаттың бәрін танып, келіп-келмегендерін бақылап отыратын. Ол әлгі жігітті ары-бері қарап таба алмаған соң жамағатына дауыстап: «Пәлен деген жігіт бар еді ғой. Қайда өзі? Бір-екі күн болды мешітке көре алмай жүрмін» деді. Алайда ел бірден жауап бере алмай бәрі бірдей үнсіз қалып, бастарын салбыратып, күмілжіп қалды. Омар бұлардың мына түсініксіз әрекеттеріне таң қалып қайтадан сұрағанда іштерінен біреу тұрып: «Уа, мұсылмандардың Әміршісі! Оны әдепсіз бір жерге апаратын жолда өлі күйінде тауып алдық. Сенің көңіл-күйіңді бұзбайық деп шұғыл жиналып жаназасын шығарып, жерлеп тастағанбыз» дейді. Хазіреті Омар парасаттылығымен оның қалай өлгенін сезе қояды. Бұл былай болған еді: Әлгі жас жігіттің үйінен мешітке баратын жол жиегінде зинақор әйел

<sup>255</sup> Әбу Дәууд, Худуд, 12; Ханбәл, 1/269; Ибн Қудәмә, а.а.е. 8/187.

тұратын. Ол ылғи да бұл жігіттің жолын торуылдап, алдынан шығып өзіне тартатын. Әлгі жігіт бойдақ еді. Әйел оны жолдан тайдыру үшін шайтанның барлық айласын қолданып бақты. Бірақ әр уақытта жас жігіт әйелдің ұсыныстарына қарсы тұрып, бетін қайтарып, күнәға батудан аулақ жүретін. Алайда әрбір адамның қанша дегенмен бір осал тұсы болады. Міне, сол күні жас жігіт әлсіздік танытты. Әйел тағы да алдынан көбелектей көлбеңдеп шығып, өзіне тартқанда жігіт төзе алмай әлгі әйелдің соңынан еріп үйіне қарай жүреді. Есігінің алдына келіп, кіре берген кезде жігіттің бірден еріндері еріксіз қимылдап бір аятты оқи бастайды. Яғни жігіт еріксіз түрде осы аятты қайталап тұрған орнында қатып қалады. Ол алдында өзіне не болғанын білмей, артынша есін жинаған кезде бір аятты қайталап тұрғанын сезеді. Сезгені сол-ақ жүрегі бірден тоқтап, жерге гүрс етіп құлайды. Оған көктен жаңа түскендей қатты әсер еткен аят

мынау еді: *إِنَّ الَّذِينَ اتَّقَوْا إِذَا مَسَّهُمْ طَائِفٌ مِّنَ الشَّيْطَانِ تَذَكَّرُوا*

*«Хақ Тағаладан қорыққандар әрқашан тақуалық қорғанында ғұмыр кешеді. Оларды шайтан азғыра қалса, дереу Аллаһты еске алып, естерін жияды»<sup>256</sup>*. Бейне бір жігіт осы аятты көктен жаңа түскендей сезінеді. Ол өзінің қандай іске қадам басқанын аңғарып, Құдай Тағаладан қатты ұялады. Раббысының оған деген осыншама жақсылығын ұмытып, бір сәт болсын күнәға пейіл көрсеткені үшін тұла бойын қатты үрей билейді. Әсіресе осындай сәтте Раббысының оны өз нәпсісінің құрбаны етпей, тіліне әлгі аятты салып, Өзіне қаратқаны оған қатты әсер етіп, шыдай алмай өліп кетеді.

Хазіреті Омар дереу адамдармен бірге әлгі жігіттің қабірінің басына барады. Ол сол жерде тұрып оның бұл тақуалығын өзгелерге ғибрат етіп Құрандағы: *«Раббысынан қорыққандарға екі Жәннат бар»<sup>257</sup>* деп дауыстайды<sup>258</sup>.

<sup>256</sup> Ағраф сүресі, 201.

<sup>257</sup> Рахман сүресі, 56.

<sup>258</sup> Муқтасар тариху Димашқ либни Асакир, либни Манзур 19/190-191.



## V БӨЛІМ

# ХИТБА, СӨЗ САЛУ, ҚҰДА ТҮСУ

*«Сендерге оған тұрақтауларың үшін өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратып, араларыңа сүйіспеншілік, мейірімділік пайда қылғандығы да Оның белгілерінен»*

*«Рұм» сүресі*

*«Сендерден біреу құда түсуді қаласа, онда үйлену үшін ұнайтын жерлерін көруге мүмкіндік туса, көрсін»*

*Шәріп хадис*







## АТАСТЫРУ, СӨЗ САЛУ, ҚҰДА ТҮСУ

Араб тіліндегі «хитба» сөзі – бір қызға үйлену үшін сөз айту, сөз салу яки отбасына білдіріп құда түсу деген сөз<sup>259</sup>. Бұл тікелей жігіттің өзі не болмаса отбасынан біреулерді жіберіп сөз салуы арқылы болады. Егер де қыздың яки оның отбасы қолдаса сол сәттен бастап (хитба) атастыру іске асады.

Исламда неке қимастан бұрын бір-бірін көріп танулары үшін «хитбаны» дұрыс көріп, бұған арнайы жүйе жасаған. Үйленудегі негізгі мақсат – шаңырақ құрып, жаңа ұрпақ өсіру. Құранда:

وَمِنْ آيَاتِهِ أَنْ خَلَقَ لَكُمْ مِنْ أَنْفُسِكُمْ أَزْوَاجًا لِتَسْكُنُوا إِلَيْهَا وَجَعَلَ  
بَيْنَكُمْ مَوَدَّةً وَرَحْمَةً إِنَّ فِي ذَلِكَ لَآيَاتٍ لِقَوْمٍ يَتَفَكَّرُونَ

*«Сендерге оған тұрақтауларың үшін өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратып, араларыңа сүйіспеншілік, мейірімділік пайда қылғандығы да Оның белгілерінен»<sup>260</sup>.*

Үйлену ұсынысы «пәлен қызбен үйленгім келеді» деп ашық айтуға болатыны секілді, астарлы сөзбен, яки ишарат арқылы да білдіре алады. Қызға «сенімен үйленуге болады», «жолы болғыш жігіт сенімен бақытты болады», «сен тәрізді лайық бір қыз іздеудемін» деген сөздер үйлену ұсыныстарына жатады.

<sup>259</sup> Тухфатул-Ахуази, Әл-Мубаракфури, Абдур-Рахман, 8-том, 202-бет, Бейрут. Ибн Муфлих әл-Ханбали, «әл-Мубдиғ», 7-том, 14-бет, Бейрут, «әл-Мактар әл-Ислами», 1400 һ.ж.

<sup>260</sup> «Рұм» сүресі, 21 аят.

Хитба – атастыру үйлену шарты емес үйленуге деген уағда байласу, сондықтан неке қиылғанға дейін қыз бен жігіт бір-біріне халал болмайды<sup>261</sup>.

### **Үйленетін ер мен әйелдің бір-бірін көруі**

Шариғатымызда үйленетін ер кісінің қалыңдықты көруі – мән­дүп. Ер жігітке нені қалап, нені ұнататынын білдіру және кімге үйленетінін хабардар ету үшін көруге рұқсат етіледі. Сол арқылы қызды ұнатса, одан әрі әрекет етеді, ал ұнатпаса әрекетін тоқтатады.

Дегенмен бұл әрекет – қыз ұсынысымды қабылдайды деген сенім басымырақ болғанда ғана жасалады. Ал «айтқан ұсынысым қабылданбайды» деген ойы үстем тұрған жағдайда қызға көз салуы дұрыс емес.

Егер екі жақ тең болса, қызды көруге рұқсат етіледі, себебі болашақ құдалар жақсы пікірде, дұрыс ойда болуы керек.

Жігіттің көруге мүмкіндігі болмаса, қалыңдықты көруге басқа жақынын жіберуге болады.

Қалыңдықты көру немесе (көру үшін) адам жіберу құда түсуден бұрын жүзеге асырылуы тиіс. Қалыңдықты құда түскеннен кейін көріп, күйеу жігіт қызды ұнатпай қалса, онда ол қалыңдықтың абыройына нұқсан келтіреді, көңілін басады және оның үй-ішіне жайсыздық тудырып, ұятқа қалдырады<sup>262</sup>.

Қалыңдықты алдын-ала көру турасында дәлелдер көп. Солардың кейбіреуін мысалға келтірейік:

---

<sup>261</sup> әл-Ихтияр. 2/110-113.

<sup>262</sup> әс-Сәлми, Иззуддин (660 h.), «Қауғидул-әхкам фи масалихил-әнам», 2-том, 124-бет, Бейрут, «Дар әл-кутуб әл-ғилмия».

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا خَطَبَ أَحَدُكُمْ الْمَرْأَةَ فَإِنْ  
اسْتَطَاعَ أَنْ يَنْظُرَ مِنْهَا إِلَى مَا يَدْعُوهُ إِلَى نِكَاحِهَا فَلْيَفْعَلْ

1. Жабир (р.анһ.) жеткізген хадисте Аллаһтың елшісі: *«Егер де сендерден біреу әйелге құда түсуді қаласа, онда оған үйленуге қызықтыратын (жерлеріне) көруге мүмкіндік туса, қарап алсын»,* – деген.

2. Әбу Һурайра (р.анһ.) риуаят еткен хадисте, Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм) бір әйелге үйленетін кісіден: *«Оны көрдің бе?»*-деп сұраған. Ол: *«Жоқ»,* – деп жауап берген. Сонда Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм): *«Бар, оны көр»,* – деп бұйырған.

3. Жабир (р.анһ.) Аллаһ елшісінің (аләйһис-саләту уәс-сәләм): *«Егер де сендерден біреу құда түсуді қаласа, онда үйлену үшін ұнайтын жерлерін көруге мүмкіндік туса, көрсін»,*-деп айтқанын жеткізе отырып, соңында: *«Сөйтіп құда түсетін қызымның, некелесуге тұрарлық жерлерін, оның өзіне білдіртпей қарап алғанмын»,* – деген.

4. Басқа бір риуаятта: Жабирден (р.анһ.) жеткен хадисте Аллаһтың елшісі (аләйһис-саләту уәс-сәләм): *«Егер де сендерден біреу құда түсуді қаласа, оған үйлену үшін ұнайтын жерлеріне көруге мүмкіндік туса, қарап алсын»,*-дегені айтылған. (Жабир айтады): *«Бану Суләйм руынан бір әйелге құда түскім келді. Мен өзімнің талғамыма сәйкес екенін білу үшін оған білдіртпей құрма ағаштары бұтақтарының арасына жасырынып көрдім. Сөйтіп барып оған үйлендім»,* – деген. Басқа риуаятта Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм) бір әйелге құда түсуді қалаған адамға: *«Оны көр, өйткені*

ол екеуінің араларыңды жақындастыруға себеп болар», - деп айтқан<sup>263</sup>.

5. Әнәс (р.анһ.) риуаят еткен хадисте әл-Муғира ибн Шуғба бір әйелге құда түсуді қалайды. Сонда Аллаһтың елшісі (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «*Барып оны көр, өйткені ол араларыңды жақындастыруға себеп болады*», –деп кеңес берген. (Әнәс): «Сөйтіп, ол барып қалыңдықты көріп, оның келісімін алды»-деген.<sup>264</sup>

Осы және одан басқа хадистер үйленгісі келген кісіге құда түсуден бұрын қалыңдыққа қараудың мәндүп екендігіне дәлел бола алады.

Қалыңдықты көру оның жүзі мен алақандарына қараумен жүзеге асады. Өйткені (әйелдің) жүзі оның сұлулығын (немесе, көріксіздігін) білдірсе, алақандар оның жалпы денсаулығы мен дене ажарлығын (немесе ажарсыздығын) танытады.

Әл-Аузағи: «Етті жерлерді қарауға болады», – дейді.

Әс-Санғанидің пікірінше: Бұл – «мутлақ» хадис (яғни хадистегі «*барып оны көр*» дегені жалпы көруіңе мүмкін болған жерлер). Сондықтан ол мүмкін болған жерлерге қарай алады. Бұл мәселені сахабалар да осылай түсінген. Оған Омардың (р.анһ.) өзіне жіберілген Әлидің қызы Умму Кулсумнің балтырына қарағаны дәлел бола алады. Қараудың бұл түріне әйелдің разылығы шарт емес.

Қалыңдықты көру мүмкін болмаған жағдайда оған сенімді әйелді жіберуге болады. Ол қалыңдықты көріп, оны жігітке сипаттап береді. Әнәстан (р.анһ.) риуаят етілген

<sup>263</sup> Әл-Мустадрак ғала ас-Сахихайни, әл-Хаким ан-Нисабури, 2-том, 179-бет, 2696-хадис. Дар әл-кутуб әл-ғилмия, Бирут, 1990.

<sup>264</sup> Әл-Мустадрак ғала ас-Сахихайни, 2-том, 179-бет, 2697-хадис, әл-Хаким бұл хадисті сахих деген.

хадисте пайғамбарымыз (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) Умму Сулаймді бір әйелге жіберіп: «Тізесінің астына қарап, тамағының тұсын және бір риуаятта «Алдыңғы тістерін көріп, білдірітпей иіске», - деген. Мақсат: әйелдегі жағымсыз иістерді тексеру амалдары қалыңдыққа сездірмей, көңіліне тимей жасалады.

Бұл үкім тұрмысқа шығатын жігітіне көз салмақ болған қалыңдыққа да жүреді: Қалыңдық та күйеу жігітке қарап алуы керек.<sup>265</sup>

### **Күйеу жігіт пен қалыңдыққа тыйым салынған нәрселер**

Күйеу жігіт пен қалыңдыққа бір-бірімен оңаша қалуға, жақындасуға немесе төсек қатынасына түсуге рұқсат жоқ. Некеге тұрмай, тек құда түсу оған жоғарыдағы құқықтардың бірін де орындауға жол бермейді. Қалыңдық немесе күйеу тарапынан құдалық бұзылса немесе қандай да бір себеппен неке жүзеге аспаса, жоғарыдағы нәрселердің бірін жасап, одан соң құдалық бұзылса, бұл қалыңдықтың абыройын төгеді, келешекте тұрмысқа шығуына кедергі келтіреді және отбасына да жайсыздық тудырады.

Атастырғаннан кейін әйел жүкті болса немесе босанса, араларында заңды некенің жоқтығына байланысты ол бала әкесіне телінбейді. Ал, бұның зияны дүниеге келген ұл немесе қыз нәрестеге тиеді. Неке байланбай, тек құда түсу баланың тегін анықтамайды, сондықтан әйелмен оңаша қалуға, сүйісуге және осыдан туындаған басқа әрекеттерге тыйым салынады.

<sup>265</sup> Субулу әс-Сәлам, Исмағил әс-Санғани әл-Әмир, 3-бет, 113-бет. Даару иһия әт-турас әл-араби, Бейрут, 1379. әл-Ихтияр. 2/127-130.

## Құда түсу мен атастыру

Құда түсудің көптеген пайдалы жақтары бар. Соның ішінде: Құда түсу екі жақтың бір-бірімен жақын танысуына мүмкіндік береді. Бұл әсіресе, екеуінің мінез-құлқы, діні мен пікіріне қатысты мәселелерде көрінеді. Нәтижесінде күйеу жігіт пен қалыңдық өзара жақын танысып, араларында бір-біріне деген махаббат (сүйіспеншілік) орнайды да некенің негізгі мақсаттары жүзеге асады.

Сондай-ақ, (одан да маңызды) құда түсу үйленетіндердің арасындағы айқындықты қамтамасыз етеді. Танысу барысында әрқайсысының табиғатында бар артықшылықтары мен кемшіліктері анықталады. Екі тарап бір-бірінің кемшіліктерін біліп әрі оны көтеруге шамасы келетініне көзін жеткізеді, өйткені кейбір кемшіліктерді бірі көтере алса, бәзбіреулер көтере алмауы мүмкін. Сөйтіп осы негізде екі жақ барлық жағдайларды біле отырып құдаласуға келіседі. Бұл некенің көркем әрі берік болуына септігін тигізеді. Құда түсу сонымен бірге күйеу мен қалыңдыққа және олардың әулеттеріне мәһр мөлшерін, тұратын үйлері мен неке құратын уақытты және т.б. мәселелерді анықтап алуларына мүмкіндік береді.

## Құда түскісі келетінін жасыра тұру

Бір қызға сөз салғысы келген адам алдымен бұл ойын жасыра тұрғаны жөн. Ол «истихара» намазын оқып, жағдайдың анық-қанығына жеткенше бұл хабарды таратпауы керек. Әбу Айюбтен (р.анһ) жеткен хадисте Аллаһтың елшісі *(аләйһис-саләту уәс-саләм)*: *«Сөз салатыныңды жасыра тұр. Одан соң жақсылап дәрет ал. Сосын Аллаһтың саған*

нәсіп еткен (рәкат) намазын оқы. Одан соң Раббыңды мақтап, дәріптеп, былай деп дұға қыл: «Ей, Аллаһ! Сен құдіреттісің, сен білесің, ал мен болсам білмеймін, әрі Сен ғайып нәрселерді білушісің. Егер әлгі әйелде (атын айтып) мен үшін дініме, дүние істеріме және ақыретіме жақсылық бар екенін білсең, оны маған нәсіп ет. Ал одан басқа әйел мен үшін менің дініме, дүние істеріме және ақыретіме жақсырақ болса, соны маған нәсіп ет», – деп айт», – деген.<sup>266</sup>

«Истихара» намазын тек мұндай кезде емес кез-келген істің жақсысын таңдауда оқи беруге болады. Истихара – бір нәрсенің жақсысын, қайырын, игілігін тілеу. Истихара намазы жақсы істердің қайсысы өз үшін қайырлы әрі жақсы болатындығына рухани ишарат, білу мақсатымен оқылатын екі рәкат намаз. Алғашқы рәкатта – «Кафирун», екінші рәкатта – «Ықылас» сүресін оқу – мұстахап. Намаздан кейін истихара дұғасы оқылады. Дұғаны оқығаннан кейін жүрегінің қанағат еткеніне қарай әрекет етеді. Осы намаздың дәлелі мынау: Жабир ибн Абдиллаһ: «Аллаһ Елшісі (аләһийис-саләту уәс-саләм) Құраннан сүре үйреткендей истихараны үйретіп былай деді: «Кімде-кім бір іс жасамаққа ниеттенгенде, парыздан тыс екі рәкат намаз оқып, мына дұғаны оқысын:

Оқылуы:

{اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْتَجِيرُكَ بِعِلْمِكَ وَ أَسْتَقْدِرُكَ بِقُدْرَتِكَ وَ أَسْأَلُكَ مِنْ فَضْلِكَ الْعَظِيمِ فَإِنَّكَ تَقْدِرُ وَ لَا أَقْدِرُ وَ تَعْلَمُ وَ لَا أَعْلَمُ وَ أَنْتَ عَالِمُ الْغُيُوبِ.

<sup>266</sup> Сахих Ибн Хиббан (354 һ.ж.к.б.) 9-том,348-бет, 4040-хадис. Муассасаһ ар-Рисалаһ, Бейрут 1993. 2-басылым.

أَللَّهُمَّ إِن كُنْتَ تَعْلَمُ أَنَّ هَذَا الْأَمْرَ خَيْرٌ لِي فِي دِينِي وَمَعَاشِي  
وَعَاقِبَةِ أَمْرِي وَعَاجِلِ أَمْرِي وَآجِلِهِ فَأَقْدِرْهُ لِي وَبَسِّرْهُ لِي ثُمَّ  
بَارِكْ لِي فِيهِ.

وَإِنْ كُنْتَ تَعْلَمُ أَنَّ هَذَا الْأَمْرَ شَرٌّ لِي فِي دِينِي وَمَعَاشِي وَعَاقِبَةِ  
أَمْرِي وَعَاجِلِ أَمْرِي وَآجِلِهِ فَاصْرِفْهُ عَنِّي وَاصْرِفْنِي عَنْهُ فَاقْدِرْ  
لِي الْخَيْرَ حَيْثُ كَانَ ثُمَّ أَرْضِنِي بِهِ {

«Аллаһуммә инни әстажирукә би илмикә уә әстақ-дирукә би қудрәтикә уә әс-әлукә мин фадликәл-азим. Фә иннәкә тақдиру уә ләә ақдиру уә та'ләму уә ләә а'ләму уә әнтә алламул-ғуйууб.

Аллаһуммә. Ин кунтә та'ләму әннә һәзәл-әмрә хайрун ли фи дини уә мә-аши уә ақибәти әмри уә аажили әмри уә әажилиһи фақдиру ли уә иассиру ли суммә баарик ли фиһи.

Уә ин кунтә та'ләму әннә һәзәл-әмрә шәррун ли фи дини уә мә-аши уә ақибәти әмри уә аажили уә әажилиһи фәс-рифһу анни уәс-срифһи анһу фақдур лиәл-хайрә хайсу кәнә суммә ардини биһи»

«Аллаһым! Іліміңе сеніп, мен Сенен ниеттенген ісімнің жақсылығының белгісін тілеймін. Қүдіретіңе сеніп, Сенен күш-қуат сұраймын. Жақсылыққа жетуімді сенің асқан рақымдылығыңнан тілеймін. Өйткені сенің барлық нәрсеге күшің жетеді. Менің күшім жетпек емес. Сен күллі нәрсені білесің. Мен білмеймін. Сен ғайып әлемді тұтас білесің.

Аллаһым! Бұл іс менің дінім, өмірім, ісімнің ақырын немесе дүние мен ақыретіме пайдалы болса, осыны маған нәсіп ет. Одан кейін маған мол береке бер.



Егер бұл іс менің дінім, өмірім, ісімнің ақырына және дүние мен ақырет әлеміме жаманат әкелетін болса, менен алыстат. Мені де одан алыстат. Жүрегімде оған деген иілу ізін қалдырма. Жақсылыққа, тек жақсылыққа жеткіз. Содан кейін онымен мені разы ет».

Осыдан кейін мәселе айқындалмаса, намаз бен дұғаны жеті күн қайталау қажет. Пайғамбарымыз Әнасқа былай дейді: *«Әнас! Бір іс жасағың келсе, Раббыңа истихара намазы мен истихара дұғасын жеті рет қайтала. Содан кейін жүрегің қалағанын ойла. Жақсылық сол жерде»*<sup>267</sup>.

### Құда түсіп қойған қалыңдыққа басқа адамның құда түсуінің үкімі

Құда түсіп қойған әйелге басқа біреудің құда түсуі – харам. Оған:

1. Абдуллаһ ибн Омардан, (р.анһ.) хадисте Аллаһ елшісінің (аләйһис-саләту уәс-сәләм): *«Сендердің ешқайсыларың бұрын құда түскен кісі райынан қайтпайынша немесе сендерге рұқсат бермейінше құда түскен мұсылман бауырларыңның үстінен құда түспеңдер».*

2.

إِنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ الْمُؤْمِنُ أَخُو الْمُؤْمِنِ فَلَا يَحِلُّ لِلْمُؤْمِنِ أَنْ يَتَنَعَ عَلَى بَيْعِ أَخِيهِ وَلَا يَخْطُبَ عَلَى خِطْبَةِ أَخِيهِ حَتَّى يَذَرَ

Ғукба ибн Амирден (р.анһ.) риуаят етілген Пайғамбарымыздың: *«Мүмін-мүміннің бауыры. Сондықтан мүмінге бауырының үстінен сауда-саттық жүргізуі*

<sup>267</sup> Зухайли,а.а.е., II, 49.

және ол құда түскен әйелге оны қалдырмайынша құда түсуі халал емес»<sup>268</sup>;

3. Әбу Һурайрадан (р.анһ.) риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыздың:

- عن أبي هريرة عن النبي - صلى الله عليه وآله وسلم - قال :

لا يخطب الرجل على خطبة أخيه حتى ينكح أو يترك

«Бауыры құда түскен әйелге оған үйленбейінше немесе қалдырмайынша басқа адам құда түспейді», - деген хадистері дәлел бола алады.<sup>269</sup>

Әйелге немесе оның заңды өкіліне екінші болып құда түскен кісіге келісім беруі, әсіресе, алғашқы болып құда түскен кісінің қалыңдығы болып есептелген жағдайда харам саналады. Алайда алғашқы болып құда түскен кісі рұқсат берсе, онда құдалық дұрыс есептеледі. Сонымен бірге алғашқы болып құда түскен кісіге ешбір нақты жауап немесе келісім берілмеген жағдайда екінші адамның құда түсуі айып болмайды.

***Егер екінші кісі заңсыздық жасап, қалыңдыққа құдалық түсіп қойғанына қарамастан оған үйленсе, оның үкімі қандай?***

Ғалымдардың басым көпшілігі екінші болып құда түсіп, үйленген кісіні күнәкар санайды. Бірақ некесі дұрыс әрі бұзылмайды дейді. Өйткені тыйым салынған нәрсе құда түсу. Ал құда түсу некенің шарты емес деп түсіндіреді. Біреудің үстінен құда түсуге тыйым салынғанымен, ол некенің шартына немесе рүкініне жатпайды, сондықтан

<sup>268</sup> Муслим. Сахих. Тахримул-хитба.

<sup>269</sup> Субулу әс-Сәлам, 3-том, 113-бет.

үстінен құда түсуге тыйым салынғанымен некенің шарттарынан болмағандықтан некесі бұзылмайды.

***Қалыңдыққа күйеу жігіттің жаман сипаттарын айтып ескертуге бола ма?***

Кімде-кім күйеу жігітке қатысты өз пікірін білдіргенде, оның кемшіліктерін айтуда тек турашыл болуы керек, ол ғайбат болып есептелмейді. Фатима бинт Қайстан риуаят етілген деректе Әбу Амр ибн Хафс оны сыртынан талақ қылып, өз егінінің бидайымен бір өкілін жібереді де: «Мен саған еш нәрсе беруге міндетті емеспін», - дейді. Фатима болған жағдайды Пайғамбарға *(аләйһис-саләту уәс-сәләм)* баяндағанда Аллаһтың елшісі *(аләйһис-саләту уәс-сәләм)*: «*Ол (Әбу Амр) саған еш нәрсе беруге міндетті емес*», - деп, талақ етілгеннен кейінгі мерзімі біткенше Умму Шәриктің үйінде күтіп отыруын бұйырды. Одан соң: «*Ол әйелдің келіп тұратын достары (туыстары) көп, сен Ибн Умму Мактумның үйінде отыр, ол көзі көрмейтін зағип жан. ... мерзімің біткен соң маған келерсің*» - деді. Мерзімім біткеннен соң оған барып, Мағауия ибн Әбу Суфиян және Әбу Жәһм маған құда түскендерін айттым. Сонда Аллаһтың елшісі *((аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Әбу Жәһм болса, мойнынан асасын түсірмейді. Ал, Мағауия болса оның мал-мүлкі жоқ. Одан да Усама ибн Зейдке тұрмысқа шық»* - деді. Мен ұнатпадым. Кейін тағы да «*Усама ибн Зейдке тұрмысқа шық»* - деген соң мен оған тұрмысқа шықтым. Сөйтіп, Аллаһ Тағала ол некеден көп қайыр қылды»<sup>270</sup>.

<sup>270</sup> Муслим, 2-том, 1114-бет, 1840-хадис.

## Жар таңдаудағы мұстахап ерекшеліктер

### 1. Діндар, тақуа болуы.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ تُنْكِحُ الْمَرْأَةَ لِأَرْبَعٍ لِمَالِهَا وَلِحَسَبِهَا وَلِجَمَالِهَا وَلِدِينِهَا فَافْظَرْ بِذَاتِ الدِّينِ تَرَبَّتْ يَدَاكَ

Хадисте: «Әйел төрт нәрседе некеленеді. Дүниесі, тегі, сұлулығы және діні. Сен діндар, тақуалығын таңда. Сол кезде берекетке кенелесің»<sup>271</sup>. Бірақ басқа бір хадисте үш ерекшелік айтылады. Мұның арасында «тегі» деген ерекшелік жоқ.

Басқа бір хадисте Пайғамбарымыз (алғайис-саләту уәс-сәләм) әйел алғанда оның тек қана сұлулығы және байлығы үшін үйленудің кедергі жақтары бар екендігін айтады.

«Әйелдерге тек қана сұлулықтары үшін үйленбеңдер. Кейде сол сұлулықтары мінез-құлықтарының төмендеуіне апаруы мүмкін. Оларға дүниесі үшін ғана үйленбеңдер. Өйткені дүниесі азғындауына жол ашуы мүмкін. Оларды тақуалығы үшін үйленіңдер. Сөзсіз тақуа болған ескі киімді бір күң тақуа болмаған әйелден әлде қайда жоғары»<sup>272</sup>.

عن رسول الله - صلى الله عليه وسلم - أنه قال : إن الدنيا كلها

متاع ، وخير متاع الدنيا المرأة الصالحة

Абдуллаһ ибн Амр (р.анһ.) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз: «Расында дүниенің баршасы нығымет,

<sup>271</sup> Муслим.

<sup>272</sup> Ибн Мәжә, Никах.

сол нығыметтің ең қайырлысы – игі әйел», - деп айтады.<sup>273</sup>

Сондай-ақ Әбу Һурайрадан (р.анһ) риуаят етілген хадисте Аллаһтың елшісіне (аләйһис-саләту уәс-сәләм) «Қайсы әйел жақсырақ?» - деген сұрақ қойылған. Сонда ол (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Егер қарасаң қуандыратын, бір нәрсе бұйырсаң бағынатын және өзі мен малына қатысты мәселелерде өзіңе қарсы шықпайтын әйел»-деген<sup>274</sup>.

Мағауия ибн Қарра әкесінен риуаят еткен деректе: «Бірде Омар ибн әл-Хаттабтың адамдарға арнаған құтпасында (уағызында): «Аллаһқа иман келтіргеннен кейін қандайда бір пенде көркем мінезді, өзі ұнататын және бала туатын әйелден өткен жақсылық көрген емес. Сондай-ақ Аллаһқа күпірлік келтіруден кейін тілі өткір, мінезі нашар әйелден өткен жамандық көрген емес. Аллаһпен ант етемін, олардың ішінде олжа ретінде алынбайтын және өтем ақы ретінде құтылуға лайық әйелдер бар», -деп айтқан.<sup>275</sup>

## **2. Көп балалы болуы**

تزوجوا الودود الولود ، فإني مكاثر بكم الأنبياء يوم القيامة

«Сендер өздерің жақсы көрген және бала туа алатын әйелдерге үйленіңдер, өйткені мен Қиямет күні (басқа) пайғамбарлар алдында сендердің көптіктеріңмен мақтанамын», - деді делінген.<sup>276</sup>

## **3. Тұрмыс құрмаған қызбен үйлену.**

Бір хадисте Аллаһтың елшісі (аләйһис-саләту уәс-сәләм):

<sup>273</sup> Сунан әл-Бәйһәқи әл-Кубра, 7-том, 80-бет, 13246- хадис.

<sup>274</sup> Сунан әл-Бәйһәқи әл-Кубра, 7-том, 82-бет, 13255-хадис.

<sup>275</sup> Сунан әл-Бәйһәқи әл-Кубра, 7- том, 82-бет, 13257-хадис.

<sup>276</sup> Сунан әл-Бәйһәқи әл-Кубра, 7-том, 81-бет, 13254-хадис.

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَيْكُمْ بِالْأَبْكَارِ فَإِنَّهُنَّ أَعَذَبُ  
أَفْوَاهًا وَأَنْتُمْ أَرْحَامًا وَأَرْضِي بِالْيَسِيرِ

«Сендер қыздарға (ер көрмеген) үйленіңдер. Өйткені олар сөз тұрғысынан тұнық (ауыздары таза), жатыры таза және аз нәрсеге разы болып келеді»<sup>277</sup>, - деген.

4. Тақуалығы мен қанағатшылдығымен танылған бір отбасында өсуі.
5. Текті отбасының қызына үйлену.
6. Үйленген қыздың тақуа болумен қатар әдемі болуы. Хадисте «тағы да қандай әйел жақсы» деп сұрағанда Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Ері оған қараған кезде жүрегіне қуаныш ұялайды. Бір нәрсе айтса екі етпейді. Өз дүниесі мен жеке өмірінде ерінің жақсы көрмеген нәрсесін жасамайды»<sup>278</sup>.
7. Әйелді алыстан алу.
8. Еркектің ар-намысын сақтай алатын болса бір әйелмен ғана шектелуі.

وَلَنْ تَسْتَطِيعُوا أَنْ تَعْدِلُوا بَيْنَ النِّسَاءِ وَلَوْ حَرَصْتُمْ فَلَا تَمِيلُوا كُلَّ  
الْمَيْلِ فَتَذَرُوهَا كَالْمُعَلَّقَةِ

«Қаниша тырыссаңдар да әйелдердің арасында әсте әділдік жасай алмайсыңдар. Ендеше біреуіне мүлде ауып кетіп, өзгесін жіпсіз байлағандай етіп қоймаңдар»<sup>279</sup> дейді.

Аллаһ елшісі де (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Екі әйелі болып бұлардың біріне көңілі басым түсетін болса, қиямет

<sup>277</sup> Сунап ибн Мажаһ, 1- том, 598-бет, 1861-хадис.

<sup>278</sup> Ханбәл.

<sup>279</sup> «Ниса» сүресі, 129.

күнінде денесінің жартысы қисық болып келеді», - дейді.<sup>280</sup>

### **Хитбаның бұзылуы**

Атастырылған қыз бен жігіт бір-бірлерін үйленуге күштей алмайды. Бірақ алдын ала берілген мәһірдің, яки екі жақтың бір-біріне берген сыйлықтары төмендегідей шешіледі.

1. Мәһірдің жағдайы. Ер қызға мәһір берген болса, хитба бұзылған шақта қайта алуына болады. Бұл мәһірдің сол күйі тұруы яки жұмсалып кетуі де нәтижеге әсер етпейді. Мәһір сол күйі тұрса, сол күйінде жұмсалып кетсе, құнын қайтарады. Хитбаның ана жақ яки мына жақтың бұзуы, яки хитбаның бұзылуына әлдеқандай себептің болуы мәһірдің жағдайына әсер етпейді.
2. Сыйлықтың жағдайы. Ханафилер бойынша, атастырылғандардың және құда-құдағилардың бір-біріне берген сыйлықтары «һибә» (сый) болып табылады. Сондықтан берілген нәрсе жоғалып не болмаса жұмсалып кетпеген жағдайда қайтарып алуына болады. Мысалы, ер адам берген сыйлықтарын қайта ала алады, бірақ хитба жүзігінің жоғалуы, құрбан кезінде апарылған қошқардың сойылып жұмсалып кетуі, хитба киімдерінің киіп ескіріп кетуі сияқты жағдайларда сый етілген нәрсе қолда болмағандықтан оның орнын толтырып кері қайтару қажет емес.

<sup>280</sup> Әбу Дәууд, Никах, 38; Тирмизи, Никах, 42. Ибн Мәжә, Никах; Ханбал.

Мәликилер бойынша сыйлықтардың жағдайы хитбаны бұзған ер яки қыздың қарекетіне қарай өзгереді. Егер хитбаны еркек бұзған болса ешқандай сыйлықты кері ала алмайды. Тіпті сыйлықтың тұруы яки жұмсалып кетуі да нәтижеге әсер етпейді. Егер бас тартқан қыз болса, еркек сыйлықтарын кері қайтарып алуына болады. Ал, сыйлықтар жұмсалып кетсе, қыз бұлардың құнын төлетеді.

Шафиғи мен Ханбалилер бойынша, хитба бұзылған шақта сыйлықтарды кері ала алмайды. Өйткені сыйлық хибә үкімінде болып хибәден айну беріліп қойған соң дұрыс болмайды. Әкенің баласына берген хибәсі бұдан тыс нәрсе.

*Хадисте: «Бір әйел неке келісімінің жауапкершілігін мойнына алғанға дейін өзіне берілген мәңгі, сыйлық яки уағда етілген нәрселердің барлығы әйелге берілуі тиіс. Неке келісімінің жауапкершілігі мойнынан алынғаннан кейін берілгендер болса, кімге берілсе соған тиесілі»<sup>281</sup>.*

### Шығын төлемі

1. Хитба келісім шарт емес, тек сөз беру ғана. Сондықтан сөзінде тұрмаған адам айыпты болса да арнайы шығын төленбейді.
2. Хитба кезеңі – үйленудің іргетасын мықтаудың дайындықтары, ал көп дүние төленген болса, бұл екі жақты үйленуге мәжбүрлейді. Үйленген соң көп ұзамай ажырасып кетуі хитбаның бұзылуынан да жаман.

---

<sup>281</sup> Нәсәи,



3. Ислам қоғамында атастырылғандардың оңаша қалуы яки бірге тұруына рұқсат болмағандықтан, әйелдің үлкен залал көруі мүмкін емес. Сол себепті бұған ұстанымның қажеті жоқ<sup>282</sup>.

---

<sup>282</sup> Х. Дөндүрен, а.а.е. 148 бет. әл-Ихтияр. 2/135.





## VI БӨЛІМ

### НЕКЕ БӨЛІМІ

*«Иштеріңдегі бойдақтарды (ер жеткен ұл-қыздарды, тұл ер, әйелдерді) сондай-ақ қолдарыңдағы құл, күңдердің дұрыстарын үйлендіріңдер»*

*«Нұр» сүресі*

*«Неке менің сүннетім. Кімде-кім сүннетіммен амал етпесе, менен емес. Үйленіңдер. Өйткені мен қиямет күні өзге үмбеттердің алдында сендердің көптіктеріңді мақтан етемін»*

*Шәріп хадис*





## НЕКЕ

Неке – ердің әйелмен үйленуі, онымен бірге болуы мағынасына келеді. Шарифатта отасушы ер мен әйелдің ұсыныс және қабылдау арқылы сөз байласуы<sup>283</sup>.

Ендеше фикһта үйлену кедергісі жоқ бір әйелдің ерге өзімен бірге болуды мұбаһ еткен ризалық келісім шарт. Былайша анықтама беруге де болады: Үйленуге кедергісі жоқ бір еркек пен бір әйел арасында жасалған, бір-бірімен бірге болуды халал еткен ортақ өмір және ұрпақ жалғастыру үшін бір-біріне жақын қарым-қатынасты тудырған келісімшарт. Исламда неке келісімшарты һәм азаматтық қарым-қатынас һәм бір ғибадат. Өйткені некенің рүкін мен шарттарын Ислам белгілейді және ерлі-зайыптылардың үйлену арқылы үлкен сауаптарға жететінінен хабар береді. Ибнул Хуммам (826/1457): «неке ғибадатқа етене жақын. Тіпті үйлену құлшылық үшін ғана бойдақ қалудан әлде қайда жоғары», – дейді. Ибн Абидин (1252/1836) Рәддул Мухтар кітабында неке туралы былай бастайды: «Біз үшін Адам ата заманынан осы заманға дейін шарифат етіп қойылған кейін жаннатта да жалғасатын неке мен иманнан өзге құлшылық жоқ», – дейді<sup>284</sup>.

Некенің мешітте қиылуы және мүмкін болса жұма күніне сәйкес келтіруі мұстахапқа жатады. Бұл жағдай да оның ғибадат жағдайын күшейтеді.

<sup>283</sup> эт-Тағрифат лилЖуржәни, Әли бин Мухаммад бин Әли, 196, 315 беттерде. Ибраһим әл-Әбияри редакциясы. Дар ар-Райян литтурас.

<sup>284</sup> Сонда.

Шафиғилар бойынша, үйлену сауда-саттық сияқты дүниелік істер болып ғибадатқа жатпайды. Дәлел мұсылман еместердің некесінің де Исламда жарамды болуы. Егер құлшылық болғанда олардың некелері жарамсыз болуы тиіс еді. Үйленуден мақсат адамның құмарлық сезімдерін қанағаттандыруы. Құлшылық – Аллаһ үшін жасалған амал. Сондықтан Аллаһ үшін амал жасау өз жанын күйттегеннен артық. Шафиғилардың бұл көзқарасына көптеген мүштәһидтер қарсы шығады.

Неке келісім шартының мұсылман, яки мұсылман еместер үшін жарамды болуы дүниеде қоғам жүйесіне қатысты нәрсе. Мешіт салу, жол салу және осыған ұқсас жақсы амалдар мұсылманға құлшылық болса да, мұсылман еместер үшін құлшылық болып саналмайды. Жалпы мағынада Аллаһ үшін жасалған әрбір іс мұсылман үшін құлшылық. Сондықтан Исламның белгілеген негіздеріне қарай жүргізілген үйлену де ғибадат түріне жатады. Өйткені үйлену арқылы нәпсіні харамнан сақтау, нәсілді жалғастыру сияқты қоғамға көп пайда келтіреді. Хадисте:

*«Араларыңда біреудің үйленуінде садақа сауабы бар»<sup>285</sup>, «Бір адам жұмсайтын ең қайырлы ақша – өз отбасы мүшелеріне жұмсаған ақша мен Аллаһ жолындағы малына және сол Аллаһ жолында жиһад ететін замандастарына жұмсаған қаражат»<sup>286</sup>. «Бала-шағаңа, әйеліңе және қызметшіңе жегізгенің – сен үшін бір садақа болмақ»<sup>287</sup>.*

Және күйеулері кедей болғандарға, садақа беруге болатындығын яки болмайтындығын сұрауға бір ауқатты

---

<sup>285</sup> Муслим, Зәкәт. Әбу Дәууд. Әдәб. Ханбәл.

<sup>286</sup> Муслим, Зәкәт.

<sup>287</sup> Ханбәл, 4/121.

әйел келеді. Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*): «*Күйеулеріне жәрдем етсеңдер, екі сауап бар. Жақындық сауабы және садақа сауабы*»<sup>288</sup>.

Исламда неке келісім шарты кезінде бір дін адамының, яки ресми бір мемлекет қызметшісінің болуы шарт емес. Үйленетін еркек пен әйелдің, яки бұлардың өкілі секілді өкілетті біреулердің және куәлардың болуы жеткілікті. Ислами үкімдерді білетін дін адамының некені қиюы үйленудің Исламға лайық түрде жүргізілуіне көмекші болу ғана. Өйткені Ислам дінін білуші адамның некені қиюы, қажетті сауалдар сұрап жауап алуы некенің рүкін және шарттарына жатпайды. Бұл жағдай оның діни ерекшелік пен ғибадат жағына ешқандай кедергі жасамайды.

### Үйленудің заңдылығына қатысты дәлелдер

Үйлену халал болып Кітап, сүннет және ижмағ дәлелдеріне сүйенеді.

Құранда:

وَأَنْكِحُوا الْأَيَامَىٰ مِنْكُمْ وَالصَّالِحِينَ مِنْ عِبَادِكُمْ وَإِمَائِكُمْ إِنَّ  
يَكُونُوا فُقَرَاءَ يُغْنِهِمُ اللَّهُ مِنْ فَضْلِهِ

**«Иштеріңдегі бойдақтарды (ер жеткен ұл-қыздарды, тұл ер, әйелдерді) сондай-ақ қолдарыңдағы құл, күңдердің дұрыстарын үйлендіріңдер. Егер олар кедей болса да, Аллаһ өз кеңдігімен оларды байытады»**<sup>289</sup>.

<sup>288</sup> Муслим, Зекәт.

<sup>289</sup> «Нұр» сүресі, 32 аят.

وَإِنْ خِفْتُمْ أَلَّا تُقْسِطُوا فِي الْيَتَامَىٰ فَانكِحُوا مَا طَابَ لَكُمْ مِنْ  
النِّسَاءِ مِمَّنْى وَثَلَاثَ وَرُبَاعَ فَإِنْ خِفْتُمْ أَلَّا تَعْدِلُوا فَوَاحِدَةً أَوْ مَا  
مَلَكَتْ أَيْمَانُكُمْ ذَلِكَ أَدْنَىٰ أَلَّا تَعُولُوا

**«Егер (үйленгенде) жетім әйелдер жайында әділетсіздік істеуден қорықсаңдар, өздеріңе жаққан басқа әйелдерден екі, үш және төртке дейін үйленіңдер. Сонда егер тең ұстай алмаудан қорықсаңдар, онда біреу алыңдар немесе қолдарыңдардағы күң де болады. Әділетсіздік болмауға жақынырағы осы»<sup>290</sup>.**

Хадисте:

قَالَ لَنَا النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَا مَعْشَرَ الشَّبَابِ مَنْ اسْتَطَاعَ  
مِنْكُمْ الْبَاءَةَ فَلْيَتَزَوَّجْ وَمَنْ لَمْ يَسْتَطِعْ فَعَلَيْهِ بِالصَّوْمِ فَإِنَّهُ لَهُ وِجَاءٌ

**«Ей, бойдақтар жасағаты! Сендерден кімде-кім үйленуге күші жететін болса үйленсін. Өйткені үйлену көз бен ар-намысты харамнан сақтайтын мықты қорғаушы. Кімде-кімнің үйленуге шамаса жетпесе ораза ұстасын. Өткені ораза ол үшін қалқан болмақ»<sup>291</sup>.**

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ النِّكَاحُ مِنْ سُنَّتِي فَمَنْ لَمْ  
يَعْمَلْ بِسُنَّتِي فَلَيْسَ مِنِّي وَتَزَوَّجُوا فَإِنِّي مُكَاثِرٌ بِكُمْ الْأُمَّمَ وَمَنْ كَانَ  
ذَا طَوْلٍ فَلْيَنْكِحْ وَمَنْ لَمْ يَجِدْ فَعَلَيْهِ بِالصِّيَامِ فَإِنَّ الصَّوْمَ لَهُ وِجَاءٌ

**«Неке – менің сүннетім. Кімде-кім сүннетіммен амал етпесе менен емес. Үйленіңдер. Өйткені мен қиямет күні өзге үмбеттердің алдында сендердің көптіктеріңді мақтан етемін. Кімде-кім үйленуге шамасы жетсе,**

<sup>290</sup> «Ниса» сүресі, 3 аят.

<sup>291</sup> Бухари, Саум, Муслим, Никах, Әбу Дәууд. Никах.



үйленсін. Үйленуге шамасы болмаған ораза ұстауды жалғастыра берсін. Өйткені ораза ол үшін қалқан болады»<sup>292</sup>.

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَرْبَعٌ مِنْ سُنَنِ الْمُرْسَلِينَ  
الْحَيَاءُ وَالتَّعَطُّرُ وَالسَّوَاكُ وَالتَّكَاحُ

Әбу Аюб әл-Әнсари (р.анһ.) жеткізген хадисте Аллаһтың елшісі (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Төрт нәрсе: әтір себу, үйлену, мисуак қолдану және ұялу пайғамбарлардың сүннетінен», - деген<sup>293</sup>.

### Күйеу жігіттің жар таңдауы

Ол дегеніміз - өз күйеуіне тақуалық, мінез-құлық, әдеп, ізгілік және сұлулық тұрғысынан абзал болған әйел. Абдуллаһ ибн Амр (р.анһ.) риуаят еткен хадисте пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Расында дүниенің баршасы нығымет, сол нығыметтің ең қайырлысы – әйел», - дейді.<sup>294</sup>

Сондай-ақ Әбу Һурайрадан (р.анһ.) риуаят етілген хадисте Аллаһтың елшісіне (аләйһис-саләту уәс-сәләм) «Қайсы әйел жақсырақ?» - деген сұрақ қойылған. Сонда ол (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Егер қарасаң – қуандыратын, бір нәрсе бұйырсаң – бағынатын және өзі мен малына қатысты мәселелерде өзіңе қарсы шықпайтын әйел»-деп жауап береді<sup>295</sup>.

Сондай-ақ одан үстемдік (құрметтілік), мансап, тектілік, байлық, жас және дене пішімі тұрғысынан төменірек болған әйел. Абдуллаһ ибн Амр (р.анһ.) пайғамбарымыздың

<sup>292</sup> Ибн Мәжә, Никах.

<sup>293</sup> Муснад Ахмад, 5-том, 421-бет.

<sup>294</sup> Сунан әл-Бәйһәқи әл-Кубра, 7-том, 80-бет.

<sup>295</sup> Сунан әл-Бәйһәқи әл-Кубра, 7-том, 82-бет.

*(аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Әйелдерге сұлулықтарына қарап үйленбеңдер. Сұлулықтары оларды тастап кетуі мүмкін. Және әйелдерге байлықтарына бола үйленбеңдер. Өйткені байлықтары оларға сендерді бағындыруы мүмкін. Сендер әйелдердің діндарлығына қарап үйленіңдер. Өйткені қара, ұсқынсыз болса да діндар күң абзал»,*-деп өсиет еткенін жеткізген.<sup>296</sup>

Мағқал ибн Йәсардан жеткен риуаятта: Бір кісі Аллаһ елшісіне *(аләйһис-саләту уәс-сәләм)* келіп: «Уа, Аллаһтың елшісі! Мен текті де, қоғамда беделі де бар әрі бай бір әйелді таптым. Бірақ ол бала туа алмайды. Оған үйленсем болады ма?» - дегенде, Пайғамбарымыз *(аләйһис-саләту уәс-сәләм)* тыйым салды. Екінші рет келіп айтқанда, пайғамбарымыз *(аләйһис-саләту уәс-сәләм)* оған қайтадан тыйым салды. Үшінші рет келгенде: «*Сендер өздерің жақсы көрген және бала туа алатын әйелдерге үйленіңдер, өйткені мен (басқа) үмбеттер алдында сендердің көптіктеріңмен мақтанамын»,* - деді делінген.<sup>297</sup>

**Ер көрмеген** (немесе тұрмысқа шығып көрмеген) **қыздар абзалырақ.** Бұған мына хадистер дәлел болды:

1. Жабир ибн Абдуллаһтан *(р.анһ.): «Мен Пайғамбарымыздың кезінде бір әйелге үйлендім. Бірде мен оны (аләйһис-саләту уәс-сәләм) жолықтырғанымда ол (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Ей, Жабир! Үйлендің бе?»* - деп сұрады. Мен «Иә» деп жауап қаттым. Ол: «Қыз ба, әлде есік көрген әйел ме?», - деп қайта сұрады. Мен: «Есік көрген әйел», - дегенімде, ол *(аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Көңіл көтеретін қыз алмадың ба?»* - деді. Мен оған: «Менің (тұрмысқа шықпаған)

<sup>296</sup> Сунан әл-Бәйһәқи әл-Кубра, 7-том, 80-бет.

<sup>297</sup> Сунан әл-Бәйһәқи әл-Кубра, 7-том, 81-бет, 13252- хадис.

қарындастарым бар. Мені мен қарындастарымның арасына кіреді ме де қорықтым», - деп жауап қайтардым. Сонда ол (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Олай болса, дұрыс істепсің», - деп риза болды деген.

Жабир ибн Абдуллаһтан (р.анһ.) жеткен басқа бір риуаятта: «Абдуллаһ (Жабирдің әкесі) қайтыс болып, өзінен кейін жеті қыз қалдырды. (Жабир айтады) Сөйтіп мен бір тұл әйелге үйлендім. Сонда пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Ей, Жабир, үйлендің бе?»-деді. Мен «Иә»,- деп жауап қаттым. Ол (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Қыз ба, тұл ма», - деп сұрады. «Тұл әйелге үйлендім»,- деп жауап бердім. Сонда пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Сен онымен, ол сенімен көңіл көтеретін, сен оны күлдіріп, ол сені күлдіретін бір қызға үйленбедің бе?» - деді. Мен: «Әкем Абдуллаһ қайтыс болып, жеті (не тоғыз) қыз қалдырды. Сондықтан мен өздерімен жасты қызды алуды ұнатпадым. Мен оларға бас-көз болатын бір әйел алуды жөн көрдім», - дедім. Сонда Аллаһтың елшісі (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Аллаһ саған берекесін берсін» немесе «Қайырлы болсын!»,- деп разылығын білдірді делінген.

2. Абдурахман ибн Салим ибн Утба ибн Уайим ибн Сағида әл-Ансариден, ол өз әкесінен, әкесі өз әкесінен жеткізген риуаятта Аллаһтың елшісі (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Сендер қыздарға (ер көрмеген) үйленіңдер. Өйткені олар сөз тұрғысынан тұнық (ауыздары таза), жатыры таза және аз нәрсеге разы болып келеді»<sup>298</sup>, - деген.

<sup>298</sup> Сунан ибн Мажәһ, 1- том, 598-бет, 1861-хадис.

3. Айшадан (р.анһ.) жеткен хадисте; бірде ол Пайғамбарымызға (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Уа, Аллаһтың елшісі! Егер сіз бір баққа түссеңіз, онда (жемісі желінген) ағаш бар, және (жемісіне) ешкім тиіспеген ағашты көрсеңіз қайсысына баратын едіңіз?»-деп сұрайды. Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм) сонда: «(Жемістері) желінбеген ағашқа барамын», - дейді. Сонда Айша (р.анһа.) анамыз: «Олай болса, әлгі ағаш менмін»<sup>299</sup>, -деп Аллаһ елшісіне өзінің ғана қыздай тұрмысқа шыққанын меңзеген.

Зина жасаған әйелге және мінезі жаман әйелдерге үйленбеген дұрыс. Сол сияқты, бір неше әйел алуды ұнатпайтын ерге бала тумайтын әйелді де алмаған абзал.

Бұған дәлел ретінде мына хадистерді келтіруге болады:

1. Әнастан (р.анһ.) риуаят етілген хадисте: Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм) бізді үйленуге бұйырып және тек қана құлшылыққа беріліп дүниені тәрк етіп кетуімізден қатаң түрде қайтарып: «*Сендер өздерің жақсы көрген және бала туа алатын әйелдерге үйленіңдер, өйткені мен Қиямет күні (басқа) пайғамбарлар алдында сендердің көптіктеріңмен мақтанамын*», - деді делінген.<sup>300</sup>
2. Әбу Узейна әс-Садикиден (р.анһ.) риуаят етілген хадисте Аллаһтың елшісі (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «*Әйелдеріңнің ең жақсысы өздерің жақсы көрген және бала туатын әйелдер және Аллаһтан қорыққан әйелдер болса. Ал ең жаман әйелдерің денелерін ашып жүретін, қиялдарға еретін әйелдер.*

---

<sup>299</sup> Сунан әл-Бәйһәқи әл-Кубра, 7- том, 81-бет, 13250-хадис.

<sup>300</sup> Сунан әл-Бәйһәқи әл-Кубра, 7-том, 81-бет.

*Олар – екіжүзді (мұнафиқ) әйелдер. Олардан жаннатқа ақ қарға сияқтылардан басқалары кірмейді,-деген*<sup>301</sup>.

3. Мағауия ибн Қарра әкесінен риуаят еткен деректе: «Бірде Омар ибн әл-Хаттабтың адамдарға арнаған құтпасында (уағызында): «Аллаһқа иман келтіргеннен кейін қандайда бір пенде көркем мінезді, өзі ұнататын және бала туатын әйелден өткен жақсылық көрген емес. Сондай-ақ Аллаһқа күпірлік келтіруден кейін тілі өткір, мінезі нашар әйелден өткен жамандық көрген емес. Аллаһпен ант етемін, олардың ішінде олжа ретінде алынбайтын және өтем ақы ретінде құтылуға лайық әйелдер бар.», -деп айтқан.<sup>302</sup>
4. Омар (р.анһ.): «Ешбір адам мұсылмандықтан кейін сұлу да көркем мінезді, сүйкімді де бала туатын әйелден өткен жақсылық көрген емес. Және Аллаһқа серік қосу жамандығынан кейін тілі ащы, долы мінезді әйелден өткен жамандық көрген емес», -деген.<sup>303</sup>
5. Мағауия ибн Хайдадан (р.анһ.) жеткен хадисте Аллаһтың елшісі (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «*Бала туатын қара әйел, бала тумайтын сұлу әйелден артық. Мен Қиямет күні (басқа) үмбеттер алдында сендердің көптіктеріңмен мақтанамын. Керек десеңіз жаннат есігінің алдында іркіліп тұрған шетінеген баламен (де мақтанамын). Оған «Жаннатқа кір» делінсе, ол: «Уа, Раббым! әкем де*

<sup>301</sup> Сунан әл-Бәйһәқи әл-Кубра, 7-том, 8-бет.

<sup>302</sup> Сунан әл-Бәйһәқи әл-Кубра, 7-том, 82-бет.

<sup>303</sup> Сунан әл-Бәйһәқи әл-Кубра, 7-том, 82-бет.

(кірсін бе)?», - дейді. Сонда оған: «Жаннатқа сен де кір, әкең де кірсін», - деп айтады», - деген.<sup>304</sup>

6. Абдурразақтан (р.анһ.) риуаят етілген хадисте : «бір кісі: «Уа, Аллаһтың пайғамбары! Менің бедеу немере қарындасым бар, мен оған үйленгім келеді» дегенде, ол (аләһийис-саләту уәс-сәләм): «Үйленбе», - дейді. Әлгі кісі (өз сөзін) екінші және үшінші рет қайталағанда Аллаһтың елшісі (аләһийис-саләту уәс-сәләм): «Оған үйленбе», -дейді де «Бала туатын қара әйелге үйленгенің, әдемі және сұлу бірақ бала тумайтын әйелге үйленгеніңнен жақсы», - деген.

Алайда ер адам отбасы құрған немесе бір неше әйел алу ниеті болса, не өзі ауру не бір үзірлі жағдайлы болып, өзімен бірге өмір сүретін бала тумайтын әйелді қажет санаса ғана рұқсат етіледі. Сонымен қатар әйелдің бойынан бедеулік орнын басатын парасаттылық немесе діндарлық тәрізді басқа да жақсы қасиеттер табылып жатса, оны алуға болады.

### **Қалыңдыққа қандай ер азамат абзалырақ?**

Діннен хабары бар, байсалды әрі дінді таза ұстанатын, сенімі берік және оны іс жүзінде амалға асыратын, жомарт, жағдайы жақсы, асырауға шамасы келетін, күшті, көрікті, жас, тақуа, сондай-ақ әйелімен жақсы қарым-қатынаста бола алатын, алған әйелін ұнатса сыйлайтын, ал ұнатпаса қорламайтын және зұлымдық жасамайтын адам ғана күйеу болуға әбден лайық.

Оған мына хадистерді келтіруге болады:

---

<sup>304</sup> Мажмағ әз-Зәуаид, 4-том, 258-бет. Муснад Әбу Ханифа 1-том, 107-бет уәллаф лилһәйсәми,

1. Әбу Һурайрадан (р.анһ.) риуаят етілген хадисте Аллаһтың елшісі: *«Егер сендерге мінез-құлқы мен діні өздеріңе ұнайтын бір кісі келсе, онда үйлендіріңдер (қыздарыңды беріңдер). Олай істемесеңдер жер бетінде бүлік және ірі арсыздық болады»,*-дейді.<sup>305</sup>

2. Әбу Хатим әл-Музани жеткізген хадисте Аллаһтың елшісі (аләйһис-саләту уәс-сәләм): *«Егер сендерге мінез-құлқы мен діні өздеріңді қанағаттандырған бір кісі келсе, оны үйлендіріңдер (қыздарыңды беріңдер). Олай істемесеңдер жер бетінде бүлік және үлкен арсыздық (басқа риуаятында «ірі арсыздық») болады»,*- дейді. (Сахабалар): *«Егер онда (кейбір кемшіліктер) болса ше?»*-дегенде, Аллаһтың елшісі (аләйһис-саләту уәс-сәләм) үш қайтара: *«Егер сендерге мінез-құлқы мен діні өздеріңді қанағаттандырған бір кісі келсе оны үйлендіріңдер (қыздарыңды беріңдер)»*-деп айтқан.<sup>306</sup>

3. Әбу Бәкір қызы Асма: *«Неке құлдықтың бір түрі. Сол үшін әркім өзінің кімге құл болайын деп жатқанына қарасын»,*-дейді.<sup>307</sup>

4. Ибн Омар (р.анһ.) және Әбу Һурайра (р.анһ.) Аллаһ елшісінің (аләйһис-саләту уәс-сәләм): *«Егер бір қауымның құрметті әйелі саған тұрмысқа шықса, оны құрметтей біл»,*- деп айтқанын риуаят етеді.<sup>308</sup>

<sup>305</sup> Әл-Мустадрак ғала ас-Сахихйни, 2-том, 179-бет. Әл-Хақим: «Бұл хадистің иснады дұрыс, бірақ әл-Бұхари мен Муслим риуаят етпеген»-деген.

<sup>306</sup> Сунан әл-Бәйһәқи әл-Кубра, 7-том, 82-бет.

<sup>307</sup> Сунан әл-Бәйһәқи әл-Кубра, 7-том, 82-бет.

<sup>308</sup> Кашф әл-Хафа, 1-том, 78-бет.

## Үйленудің үкімі

Үйлену жағдайына қарай, некенің үкімі парыз, уәжіп, сүннет, харам яки мүбаһ болып бөлінеді.

1. Өз-өзіне сене алмай зина жасаудан қорыққан адамға үйлену – парыз. Бірақ ол үшін бұл кісінің мәһірді беретін және әйелінің нәпақасын табатын шама-шарқы болуы қажет.
2. Зина жасаудан қауіптенетін адамның мәһір мен нафақаны бере алатын шамасы болса, онда оған үйлену – уәжіп. Ханафилерден өзге фақиһтерде парыз бен уәжіп арасында ешқандай айырмашылық жоқ.
3. Үйленген кезде әйелін ұрып сабап күн бермейтіні айқын адамның үйленуі – харам. Құранда да:<sup>309</sup>

وَلَيْسَتَعَفِيفِ الَّذِينَ لَا يَجِدُونَ نِكَاحًا حَتَّى يُغْنِيَهُمُ اللَّهُ مِنْ فَضْلِهِ

*«Үйленуге шамасы келмегендер Аллаһ оларға кеңдігінен байытқанға дейін ар-намыстарын қорғасын»,* – дейді.

4. Әйеліне зұлымдық жасау иқтималы болған адамның үйленуі – мәкрүһ.
5. Құмарлық сезім жағынан орта жолда болған адамның үйленуі – сүннет. Яғни үйленбесе – зинаға бармайтын, үйленсе әйеліне зұлымдық жасамайтынына көзі жететін адам. Қоғамның басым көпшілігі осылай болғаны абзал.

Имам Шафиғи: Орта жолдағы адамның үйленуі – мүбаһ. Оны өзі біледі. Оған бос уақыттарын құлшылықтарға арнау, іліммен айналысу үйленуден жоғары саналады.

<sup>309</sup> «Нұр» сүресі, 33-аят.



### **Үйленудің шарттары**

Екі жақтың үйлену куәлігіне ие болуы қажет. Ханафилер бойынша, балиғат жасына жету некенің жүзеге асу, яки дұрыс шарттарынан емес іске асыру шарттарынан саналады. Толық куәлігі – ақылды, балиғат жасына жеткен, азат болуы.

Ханфилардан бөлек үш мәзһаб бойынша, әйелдің толық куәлігі болса да тек қамқоршысы, заңды өкілі (уәлиі) арқылы ғана үйлене алады.

Балиғат жасына жетудің төменгі шегі қыздарда – тоғыз, ерлерде – он екі, жоғары шегі екі имам бойынша, екеуінде де – он бес, Әбу Ханифа бойынша қызда – он жеті, ерде – он сегіз жас.

### **Некенің негіздері**

Неке келісімдегі «ұсыныс (ижаб) және қабылдау» – негіздердің бірі. Өйткені үйлену келісімінің болуы екі жақтың осы үйленуді бір-бірімен қабылдауына қатысты. Бір нәрсенің барлығы өз барлығына қатысты болумен қатар оның құрылымының бір бөлігін құрамайтын бөлшекке «шарт» деп айтылады. Мысалы, намаз үшін – дәрет шарт. Дәретсіз намаздың болуы мүмкін емес. Бірақ осылай бола тұра дәрет намаздың негізінің бір бөлігі емес. Үйлену келісінде куәлардың болуы келісімнің шартына жатады.

Ханафилер бойынша, неке келісімінің негіздері ұсыныс және қабылдаудан тұрады. Көптеген мәзһаб имамдардарына қарай үйленудің негіздері – төртеу. Ұсыныс, қабылдау, әйел, еркек, тұрмысқа шығатын әйелдің заңды өкілі. Заңды өкіліне ата-анасы немесе солардың орнын басатындар жатады.

Неке келісімінің тақырыбы, яғни ерлі-зайыптылардың осы үйленудегі мақсаты – бір-бірлеріне жақындау. Сондықтан тек қана үй шаруасына қарау мақсатымен жасалған келісім жай ғана «іс келісімі» ғана бола алады. Неке келісімінде ерлі-зайыптылардың ғұмыршандығы негіз болып табылады. Мәһір некенің өзіне қатысты бір рүкіні емес. Нәпақа секілді некенің үкімдері.

Ұсыныс – неке келісімінде екі жақтың біреуінің алғаш рет жасаған ұсынысы. «Маған үйленуді қабыл ет» ұсынысына екінші жақтың «қабыл еттім» деу түріндегі жауабы «қабылдауға» жатады. Бұл жерде алғаш ұсынысты әйел яки ердің жасауы шарт емес. Алғашқы ұсыныс – «ижаб», екіншісі – «қабул» түрінде. Фақиһ ғалымдары ижаб және қабул келісімінің айтылу түрлеріне де бірауыздан келіскен.<sup>310</sup>

### Неке ұсынысын қабылдаудағы қажетті шарттар

1. Екі жақ үйлену ниеттерін неке отырысында жариялауы және ұсыныс пен қабылдау дереу бірінің артынан бірі болуы керек. Екі жақ бір-бірінен қалыпты сөйлеген сөзді естімейтіндей алыстау болса, неке отырысын тастап кеткенмен тең болады. Әбу Юсуп бойынша, бір жақ неке отырысында жоқ болса, екінші жақ куәлардың көзінше

<sup>310</sup> Әл-Марғинани, «әл-Һидая», шарх әл-Бидая 1/137. Мұхаммад Али Сабих баспасы.; «Шарх Фатх әл-Қадир», 2/340. Әс-Сауи әл-Мәлики, «Булғату әс-Сәлик Ли ақраб әл-мәсәлик»; әд-Дирдир, Ахмад, «әш-Шарх ас-сағир алә әл-кутб әш-шәһир» 2т., 6-7 бб. «Дар ихия әл-кһутуб әл-арабия»; «Әл-Мүғни әл-Мухтаж»3/139. «Әл-Мүғни» және «әш-Шарх әл-Кәбир» 7/430. «Әл-Ғудда шарх әл-Ғумда», 360-б.; Әл-Муртаза, Ахмад «Әл-Бахр әз-Заххар әл-Жәмиғ лимазаниб ғұлама әл-әмсар» 4/18, «Дар әл-Китаб әл-араби».

- ұсыныс жасаса келісімі жоқ жақтың қабылдауына қарай жүзеге асады. Жоқ жақ осыны естіген кезде жарамды жауап берсе келісім айқындалады.
2. Ұсыныс және қабылдауға екі жақ разы болуы керек. Ұсыныс және қабылдау арасында жаңсақтық, айла секілді мүшкіл болса неке жүзеге аспайды.
  3. Ұсыныс және қабылдауда екі жақ та есту және түсіну қажет. Бірақ саңырау, мылқаулар арнайы шарттармен тілектерін жеткізе алады. Сондай-ақ Исламда хат арқылы неке келісімін де жасау жеңілдігі жасалған. Хат келесі жақ және куәлардың алдында оқылады да естіген жақтың қабыл етуі арқылы неке келісімі толық жүзеге асады. Бұл жерде неке отырысы бір жерде, бір мекенде деп саналады.
  4. Ұсыныс және қабылдауда сөздер ашық, яки астарлы болады. «Некеледім, некеге алдым, үйлендім». Сондай-ақ бағыш, садақа секілді сөздермен де неке тақырыбында астарлы ретінде ұсыныс және қабылдау үшін пайдалана алады. «Өзімді саған мынадай мәһірді алып бағыштадым» деп ұсыныс жасағаны секілді. Бұл жерде мәһірдің айтылуы, куәлердің болуы, отырыстың да неке залында болуы екі жақтың үйлену мақсаттары екендігіне ашық дәлел.
  5. Ұсыныс және қабылдауда сөздің келер шақта болмауы қажет. Неке келісімінің өткен шақта болуы туралы ауызбірлік бар. Әйелдің «мынадай мәһірмен өзімді саған некеледім» ұсынысына еркектің «қабылдадым» «қабыл еттім» деп жауап бергені секілді. Өйткені бұл шақтың мағынасы

келісімді сол сәтте іске асырады. Сонымен қатар неке ниетсіз сол сәтте іске асады.

Осы шақ болса ханафи, мәликилер бойынша келісімді сол сәтте іске асыратын бір дәлелдің болуы некені іске асыруға болады. еркек әйелге «Мынадай мәһірмен сені өзіме некелеймін» дегенде, әйел «қабыл етемін», яки «ризалық білдіремін» деп жауап берсе болашаққа қатысты уәденің болмауы және бір неке отырысы болуы шартымен келісім жүзеге асады. Бірақ неке отырысы жоқ және келісімнің сол сәтте жасалғанына бір дәлел болмаса, бұл неке емес, болашаққа қатысты бір сөз беру болып қалады.

Некеде әмір түрі де болады. Ер әйелге «мені өзіңе некеле» деп, үйленуді меңзесе, әйел «саған өзімді некеледім» деп жауап берсе, келісім толық орындалады.

### **Неке келісiмiнде дұрыс және бұрыс арнайы шарттар**

Исламда бір келісім жасалған кезде алға қойылған шарттар «дұрыс» (*сахих*), «пайдасыз» (*фасид*), «бұрыс» (*батыл*) шарттар болып үшке бөлінеді. Аят пен хадистерге қарама-қайшылығы жоқ түсінікті болған шарттар «дұрыс шарттар» болып табылады. Келісімнің сапасымен үйлеспеген, яки шарифатқа қарама қайшы шарттарға «пайдасыз» шарттар дейді.

**Дұрыс шарт.** Мысалы, бір әйел қоғамдағы жалпы қыздардың орташа мәһірі жүз грамм алтын бола тұра ол елу граммға да ризалық білдіріп, бірақ осы үшін екінші әйел алмауға, яки басқа жаққа көшпеуге шарт қосса, онда бұл ерге қатысты болады. Бірақ ері осы шарттарға кейіннен бағынбай кететін болса, онда әйел жүз грамм алтын алуға құқылы болады. Сондай ақ ерінің туыстармен бірге

тұрмауға яки екінші әйелімен бірге тұрмауға шарт қосса тура болады. Әйелге талақ құқығын беру де осыған жатады.

**Бұрыс шарт.** Мысалы екінші әйелімен ажырасу, әйелдің төркінімен мүлде араласпау шарттары. Яғни мұндай пайдасыз шарттар неке келісімінде «жарайды» деп келісімін берсе де, кейіннен осы шарттарды бұзып ері екінші әйелімен ажыраспаса, әйелі де төркінімен араласатын болса осы іс-әрекеттер некеге ешқандай зиянын тигізбейді.

### **Үйленудің «дұрыс» шарттары**

Некенің нәтижесі дұрыс болуы үшін «дұрыс» шарт болуы тиіс. Бұл да Исламның анықтаған дұрыс шарттарының болуы арқылы жүзеге асады. Болмаса неке жарамсыз.

**Бірінші:** Үйленетіндердің арасында үнемі, яки уақытша бір үйлену кедергісінің болмауы.

Неке кезінде үйленуге барлық мүмкіндіктер болуы тиіс. Сондықтан әйелдің ата-тегі, сүт, яки туыстары секілді себептермен ер кісіге жақындығы болса неке жарамсыз.

Сондай-ақ әйелдің өзге біреуге тұрмысқа шыққан болуы яки «ғиддаты» болуы жағдайында үйлену кедергісі уақытша болады. Әйел ажырасып «ғиддатын» бітірген кезде оған тұрмысқа шығуға рұқсат.

**Екінші:** Ұсыныс пен мақұлдау үнемі, әрдайым бірге болуды білдіретін бір әдіспен айтылуы.

Неке кезінде ұсыныс пен мақұлдау уақытша емес, өмірлікті білдіретін бір әдіспен айтылуы тиіс. Үйлену «бір ай», яки «бір жыл» сияқты белгілі бір уақыт арқылы жасалса неке жарамсыз болады. Еркектің әйелге «бір айға саған неке қияын», яки «сені бір ай, яки бір жыл уақыт немесе мына қаладан көшіп кеткенге дейін сені өзіме не-

келедім» дейтін болса, әйел де осыны қабылдаса, біріншісі – «мұта некесі», екіншісі – «уақытша неке» саналады.

**Үшінші: Үйлену кезінде екі куәнің болуы.**

Үйлену ауыр жауапкершіліктерді арқалайтын киелі шаңырақ болғандықтан, мұны халыққа жариялауы құпия қалмауы және арнайы куәлармен анықталуы қажет. Дәлел – аят пен хадис.

Құранда:

وَاسْتَشْهِدُوا شَهِيدَيْنِ مِنْ رِجَالِكُمْ فَإِنْ لَمْ يَكُونَا رَجُلَيْنِ فَرَجُلٍ  
وَأَمْرَأَتَانِ مِمَّنْ تَرْضَوْنَ مِنَ الشُّهَدَاءِ

*«Ер кісілеріңнен екі куә жасаңдар. Егер екі ер болмаса, онда разы болатын куәлардан бір ер мен екі әйел жетеді»<sup>311</sup>. Аят саудаға қатысты болумен қатар үйлену келісіміне де жатады<sup>312</sup>.*

### Куәгері қызметі

Үйлену кезінде куәнің атқаратын қызметі – үйленуге қатысты ұсыныс пен мақұлдауды есту және түсіну. Сондықтан куәлардың бір жерде бірге болулары қажет. Бөлек жерлерде, яки бір жерде болумен қатар бірінің артынан бірі үйлену қалауларына куә болғандардың куәліктері жарамсыз болып табылады.

Куәде қажетті ерекшеліктер

**Бірінші:** Куәнің ақыл есі түзу, балиғат жасына жеткен болуы. Ақыл есі жарым, жас бала куәлік жасай алмайды.

**Екінші:** Куәлардың екі ер, яки бір еркек, екі әйел болуы қажет. Жалғыз куәмен неке жүзеге аспайды.

<sup>311</sup> «Бақара» сүресі, 282-аят.

<sup>312</sup> әл-Ихтияр. 2/135.

Хадисте «*Бір заңды өкілі (уәли) және екі әділ куәсіз неке болмайды*»<sup>313</sup>. Бұл Әбу Ханифа мәзһабы бойынша. Ал имам Шафиғи бойынша, некеде де екі куәнің ер болуы қажет. Ханбали мен мәликилерде осылай.

Ханафилерде бір ер мен екі әйел куә бола алады. Әйелдердің куәлықтары қылмыскерді жазаға тарту сотында ғана ұмыту және аңғалдықтары мүмкін болғандықтан қабыл етілмейді. Ал некеде әйелдің ұмытшақтықтары кері әсерін тигізбейді.

**Үшінші.** Куәлар азат болуы тиіс.

Ханбалилерден тыс көпшілігі куәлардың азат болуын айтады. Ханбалиларда құл басқа хақтар туралы куә болумен қатар, некеде де куә бола алады. Өйткені бұған тыйым салған аят пен хадис жоқ.

**Төртінші.** Мұсылман болуы.

Екі жақта да мұсылман болған некеде екі куәнің демұсылман болуы туралы ауызбірлік бар. Өйткені кәпірлердің куәлік етуге құқы жоқ.

Әбу Ханифа және Әбу Жүсіп екі жақ, яки әйел ғана әһлі кітаптан (христиан, яһуди) болса куәлар әһлі кітаптан бола алады.

**Бесінші.** Ғұламалардың көпшіліктерінің көзқарастарына қарай неке қияр кезінде көру қабілеті шарт болмай есту және түсіну қабілетінің болуы шарт дейді. Сондықтан куәнің некедегі сөздерді түсінуі қажет. Өйткені куәнің мақсаты осы. Болмаса куә мұны сөз салу, құда түсу деп ойлауы мүмкін.

**Алтыншы:** Куәлар үйленетін адамның туыстарынан бола алады. Ата-ана, ата-әже, ерлі-зайыптылардың балалары мен қыздары жоғарыда айтылған ерекшеліктері болса куә бола алады. Бірақ Әбу Ханифа мәзһабынан тыс осы

<sup>313</sup> Әбу Дәууд. Никах.

туыстарының бірі заңды өкілі ретінде некеге қатысатын болса онда ол куәға жатпайды.

**Жетінші:** Ханафилер бойынша куәлардың әділ болуы шарт емес. Екі пасық куәнің куәлігі жетіп жатыр. Өйткені пасық заңды өкіл болуға лайық. Ханафилерден тыс көпшілікке қарай пасықтың куәлігімен неке дұрыс болмайды. Хадисте: *«бір уәли және екі әділ куә болмайынша, неке болмайды»*- деп айтылған.

### **Жасырын некенің үкімі**

Құпия жасалған неке дұрыс емес. Бірақ некенің куәлардың алдында жасалып, кейіннен куәларға осыны жасырындар деп айтса бұл неке жасырынға жата ма?

Әбу Ханифа және Шафиғи бойынша, бұл жасырынға жатпайды. Өйткені куәларға айтылған сөз некеге зиянын тигізбейді.

Имам Мәлік некенің қоғамға жария етуін бір шарт ретінде қабылдағандықтан жасырын жасалған яки куәлардың жасыруын қалаған бір неке жарамды болмайды.

Әбу Ханифа жасыру некені жарамсыз етпейді. Некені заңды өкілдері, куәлар, ерлі-зайыптылар жасырса да жарамды болады. Бірақ бұл жасыру – мәкрүһке жатады.

### ***Қажылық кезінде ихрамдағы адамның некелесуіне рұқсат беріле ме?***

Ханафи мазһабы бойынша өзінің үйленуіне де, басқаны үйлендіруіне де болады. Бірақ үйленген әйелін сүюі немесе ерлі-зайыптылардың шаһуатын оятатын істерді жасауы ихрамды бұзады.



Әбу Ханифа: «Ихрамдағы уақытта үйленуге де, басқаны үйлендіруге де болады. Бірақ некесін қидырушының шаһуатын оятатын істерді (сүю, сипау т.б) жасауы дұрыс емес», - деп айтқан. Ол Ибн Аббас (р.анһ) жеткізген: «Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм) ихрам кезінде Мимуна (Ибн Аббастың нағашы апасы) анамызбен некелескен»<sup>314</sup>, деген хадисті дәлелге келтірген.

Абдолла ибн Масғуд (р.анһ): «Ихрам уақытында үйленсе болады», - деген. Басқа ғалымдардың келтірген дәлелдеріне Ханафи мазһабында: «бұндағы мақсат некелесу емес, негізі жыныстық қатынасқа тыйым салынғандығын меңзеп тұр», - деп топшылаған. Көпшілік ғұламалардың дәлелі ретінде Осман ибн Аффаннан жеткен хадисі ихрам уақытындағы некелесуге тыйым емес, сол тар және құлшылық етуіне маңызды уақыттарда неке қидырумен уақытын кетірмеуге ескерту деп түсіндірген<sup>315</sup>.

<sup>314</sup> Сахих ал-Бухари. 5- том, 1966-бет, 4824-Хадис.

<sup>315</sup> ал-Хужжаһ, 2-том, 209-беттен. «Ал- Мабсут» лис-Сархаси, 4-том, 191-беттен. Малики, Шафиғи және Ханбали мазһабтарының көпшілік ғалымдарының пікірінше қажылықтағы ихрам киген адамның өзінің некелесуі не құдалық түсуі немесе басқа адамды үйлендіруіне болмайды. Имам Маликтің пікірінше бір талақ болады. Себебі Маликилердің қағидасында ибн Қасим айтқанындай: «Бір нәрсенің рұқсат етілгеніне адамдардың арасында келіспеушілік болса, онда оның бұзылуы талақ болады. Сондай-ақ неке бұзылуынан бұрын екеуінің біреуі қайтыс болса, арасына мирас керек болады. Уәлисіз өзін некелеген әйелдің үкімі тәрізді. Бұндай жағдайда уәлиі рұқсат етсе, некесі дұрыс болады және де қазының қазылық еткен некесін де ешкім бұзбайды.Ихрамдағы адамның да некесі сол сияқты. Әр түрлі пікірлер болғаны үшін. Егер де әйелмен төсек қатынасында болса, онда оған айтылған мәһрі беріледі және де екеуінің арасын ажырату керек. Әйел ғиддат уақытын күтеді. Бұған мына төмендегі дәлелдерді келтіруге болады. Құран Кәрімде: «فمن فرض فيهن الحج فلا رفث ولا فسوق», деген аяты дәлел. Нубайһ бин Уәһбтен, Бауырым Омар ибн Абдоллаһ Талха бин Омарды Шубайһ бин Жубайрдың қызына үйлендіргісі

келеді. Сол себепті Абан ибн Османға жіберді. Абан ол уақытта Абдул Малик тарапынан хажылықтың әмірі еді және ол екеуі де ихрамда болатын. Үйлендіруге келуін өтінді. Абан бұлардың ұсынысына қарсы болып: Мен Осман бин Аффаннан (р.анһ.) Пайғамбарымыздың (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Ихрамдағы адам үйленбейді де, басқаны үйлендірмейді және де құдалық та түспейді», - дегенін естіген едім», деп кері жауап қайтарады.

Сүлеймен бин Иасар Пайғамбарымыздың (аләйһис-саләту уәс-сәләм) Абу Рафиғді және аңсари кісіні жіберіп Меймуна бинт Харсқа үйленген уақытта Мәдина қаласынан шықпаған еді.

Әнәс ибн Малик (р.анһ.) Пайғамбарымыздың (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Ихрамдағы адам үйленбейді де және басқаны үйлендірмейді», - деген хадисін жеткізеді.

Сондай-ақ осы пікірмен төрт халифа және басқада үлкен сахабалар амал еткен. Ғатфан бин Торифтен (р.анһ.) әкесі Ториф ихрам кезінде үйленген болатын. Бірақ Омар бин Хаттаб (р.анһ.) олардың некесін бұзған.

Нафиғден (р.анһ.) Абдолла бин Омар (р.анһ.): «Өзі некеленбейді де құдалық та түспейді және басқаны да некелемейді және құда да түспейді», - деп айтатын.

Хасаннан (р.анһ.) Әли (р.анһ.): « Кімде-кім ихрам кезінде некелессе, әйелді одан айырамыз, оның некесіне жол бермейміз», - деп айтты.

Зайд бин Сабиттің құлы болған Шәузап ихрам кезінде үйленген еді. Зайд бин Сәбит ол екеуінің некесін бұзды.

Міне бұл үлкен сахабалар егер ашық дәлел болмаса, ермен әйелдің арасын ажыратып, теріске шығармаған болар еді.

Егер Ханафи мазһабындағы ибн Аббас риуаят еткен хабарда Пайғамбарымыздың (аләйһис-саләту уәс-сәләм) Мимунамен ихрам кезіндегі некелескені және отбасын құрғанда ихрамда болмағаны және Мимунаның Сарафта қайтыс болғаны айтылады.

Ибн Аббас (р.анһ.) бұл сөзінен ешқандай кемшілік көрмеген және Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм) Мимунамен ихрам кезінде Сарафта үйленіп, сол жерде отбасын құрған және сол жерден Маға оралған деген хадисті жеткізген.

Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм) Мекке халқына: «Сендерді тойға шақырамын, келіп тамақтанып кетіңдер», - деп шақырады. Сонда олар: «Бізге дастарханың қажет емес, біздің арамыздан кет», - деп қуады. Сөйтіп Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм) олардың арасынан шығып, Сарафқа келіп, сол жерде той жасайды.

Бұл айтылған дәлелдерге кері жауаптар.

Бірінші Мимуна анамыздың өзінен естігенін Иазид: «Олар үйленген уақытта ихрамда болмаған. Мимуна ибн Аббастың нағашысы болғаны сияқты менің де нағашым», деген риуаятын жеткізген. Абу Рафиғ (р.анһ.): « Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм) Мимунаға үйленгенде, отбасын құрағанда да ихрамда болмаған. Мен ол екеуінің арасында елші болғанмын», деген.

Бұл риуаяттар ибн Аббастың айтқан риуаяттарынан басымырақ келеді.

Бірінші. Мимуна Пайғамбарымыздың (аләйһис-саләту уәс-сәләм) жұбайы болғандықтан өздерінің үйленген уақыттарында ихрамда болған немесе болмағанын жақсырақ біледі.

Екінші. Әбу Рафиғ (р.анһ.) екеуінің арасында елші болғандықтан және тікелей неке уақытында болғандықтан қандай жағдайда екенін басқадан жақсырақ біледі.

Үшінші. Ибн Аббас (р.анһ.) ол уақытта он жастағы сәби болатын. Бұл жаста ол заманындағы болып жатқан оқиғаларды кәмет жасына жетпеуінен ажыратып білмеуі мүмкін немесе неке уақытында қатыспай басқа адамнан естіген болуы ықтимал.

Төртінші. Ибн Аббастың жеткізген риуаятына алғашқы ғалымдар да келіспеген. Сағид бин Мұсайыптан (р.анһ.) Әбу Даут: « Ибн Аббас Пайғамбарымыздың (аләйһис-саләту уәс-сәләм) Мимунамен үйленгенде ихрамда болатын деген сөзінде қателескен», -дегенін жеткізеді. Ахмад: «Әбу Харистың риуаятында келгеніндей одан Ибн Аббастың хадисі жайлы сұрағанда « ол хадис қате»,», -дегенін сондай-ақ Марузи риуаятында: Ибн Уаһба Марузи барып: «Әбу Сәур маған қандай жағдайда Ибн Аббастың хадисі дәлел болмайды», деп айтқаны жайлы сұрады. Сонда Әбу Абдолла: Аллаһ тағала жәрдемші Сағид бин Мұсайып: Ибн Аббас қателескен. Өйткені Мимуна «Пайғамбарымыз үйленген уақытта ихрамда болмаған», деп айтқан. Ал Ибн Мимунаның әпкесінің ұлы болса, Иазитте Мимунаның әпкесінің ұлы және Әбу Рафиғ: «Мен екеуінің арасында елші болғанмын», деп айтқан», -деп сөзге араласты.

Мимун бин Маһранның Омар бин Абдул-Әзизге (р.анһ.) Иазиттен Пайғамбарымыздың (аләйһис-саләту уәс-сәләм) Мимунамен қалай үйленгені жайлы сұрауға кісі жібереді. Сонда ол: «Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм) онымен үйленгенде ихрамда болмаған», -деп айтқан.

Сағид бин Мусайб, Омар бин Абдул-Әзиз және Заһри олар Әбу Бақр ибн Әбдурахман және Сүлейман бин Ясардың сөздерін жеткізеді. Бұл кісілер мединелік үлкен ғұламалар. Сондықтан олардың

Пайғамбарымыздың (аләйһис-саләту уәс-сәләм) Меймунамен үйленген уақытында ихрамда болмаған деген риуаяты дұрыс. Сол сияқты Меймунаның азат болған құлы Сүлейман бин Ясар да солай деп айтқан.

Бесінші. Пайғамбарымыздың (аләйһис-саләту уәс-сәләм) Меймунамен үйленгенде ихрамда болмағаны туралы жеткен риуаяттар көп. София бинт Шайбадан. Ол кісі жасамыс әйел еді. Пайғамбарымыздың Меймунамен үйленген уақытында, олмен қосылған уақытында да және олмен құдалыққа түскен уақытында да ихрамда болмағаны туралы айтады. Қади Меймуннан, ол Мәһромнан естігенін айтады. Шайбақызы Софияға келдім, ол уақытта жасамыс әйел еді. Мен одан: «Пайғамбарымыз Меймунамен үйленгенде ихрамда ма еді?» - деп сұрағанда ол: «Жоқ, Аллаһ куә. Пайғамбарымыз оған үйленгенде ол екеуіде ихрамда емес еді» - деп жауап береді.

Ол туралы көптеген табиғиндер де риуаят еткен. Ибн Ғабду әл-Бир: «Мен сахабалардың ішінде Пайғамбарымыздың (аләйһис-саләту уәс-сәләм) Меймунамен үйленгенде ихрамда болғаны туралы Ибн Аббастан басқа ешбір сахабаны білмеймін», деп айтқан. Егерде, бір мәселеде екі түрлі пікір болып, оның біреуінде бір риуаят етуші, ал екіншісіне риуаят етушілер көп болса, онда бір адамның риуаят еткен хабарында күмән басым болып, көпшілік риуаят етушілер жағы шындыққа жақынырақ болады. Сондай ақ Ибн Аббас қателеспеді деген күннің өзінде ол кісінің «мухрим» деген сөзі ихрамда деген мағынада емес, бәлкіде харам жерінде деп қабылдауға болады. Себебі Ибн Аббас араб әдеби тілін жақсы меңгерген адам болатын. Ал араб тілінде «ахрома» деген сөзді харам жеріне, харам мешітіне немесе харам айына кірді деген мағыналарды да білдіреді. Мысалы: «Олар Осман бин Ғаффан халифаны мухрим кезінде өлтірді» деген өлең жолдарындағы «мухрим» деген сөзі ихрамда деген мағынаны білдірмейді керісінше құрметті айда дегенді білдіреді. Сондықтан, «мухрим» деген сөз қажылық уақытында немесе умра уақытында ғана қолданбайды. Сол сияқты көліктерін сәндеп хажылыққа сапар алдында дайындық жасалып, ихрамның әсері білінеді. Бәлкіде Ибн Аббас (р.анһ.) осы дайындықты уақытындағы үйленгенін ихрамда болды деп ойлаған болуы керек.

Алтыншы. Ибн Аббастан Икритмаһ риуаятында Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм) Меймунамен үйленгенде екеуі де ихрамда еді және некелерін Сарафта қидырды делінген.

Бұл риуаяттың қателігіне еш күман жоқ. Себебі барлық Пайғамбарымыздың (аләйһис-саләту уәс-сәләм) өмірбаянын

жазушы ғалымдар Мимуна Мекке қаласында тұрмыс құрғанын және де Мәдинадан Пайғамбарымызбен (аләйһис-саләту уәс-сәләм) келмегенін, сондай-ақ үмірада бірге болмағанын айтады. Егер де ол Мекке қаласының тұрғыны болса, қалай Пайғамбарымызбен (аләйһис-саләту уәс-сәләм) Сараф жерінде ихрамда болған болады.

Жетінші. Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм) ғұмраны аяқтап Меккеден шыққаннан кейін Меймунамен үйленген. Меккеден онымен бірге қайтқан. Тек қана Зуль Хулайфа деген жерден ихрамды бастаған. Пайғамбарымыздың үйленген уақытында ихрамда болмаған туралы риуаят етушілердің сөздері шындаққа жақынырақ. Сондықтан Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм) ихрамға кірерден бұрын немесе умраны аяқтағаннан кейін үйленген. Бірақ, ихрамнан бұрын үйленді деп риуаят етушілер ілімі жағынан басымырақ келеді. Малик Рабиғадан ол Сүлейман бин Ясардан риуаят етеді. Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм) Әбу Рофиғ және де аңсари бір адамды елшілікке жібереді. Олар Пайғамбарымызды (аләйһис-саләту уәс-сәләм) Харис қызы Меймунамен үйлендіреді. Ол уақытта Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм) Медине қаласынан шықпаған болатын. Сүлейман ибн Ясардан Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм) Аббас ибн Абдулмутоллиб және Әбу Рофиғті елшілікке жібереді. Олар Пайғамбарымызды (аләйһис-саләту уәс-сәләм) Сараф деген жерде үйлендіреді. Ол уақытта ихрамда емес еді. Бұл мүрсәл хадис болғанмен екі себепті күшті деп есептеледі. Бірінші, Сүлейман бин Ясар Меймунаның қызметшісі еді. Сондықтан оның басқаға белгілі болмаған өзінің жеке жағдайларын көбірек білетін. Екінші, хадисті риуаят етуші Әбу Рофиғдің некенің уақытында елші болғандығы белгілі. Язид: пайғамбарымыз (с.ғ.с) Меймунамен үйленген уақытта болмаған, және де оған Фадл бин Аббасты және бір адамды елшілікке жібереді. Олар Пайғамбарымызды (аләйһис-саләту уәс-сәләм) оған үйлендіреді. Бұл хадис некенің хажылықтан бұрын болғанының айғағы. Ал екі адамның біреуінің есімі әртүрлі болып келеді.

Екінші жауап. Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм) Миммунамен үйленген уақытта ихрамда болғанына келіскеннің өзінде, бірінші риуаяттың дәлелінің дұрыс еместігі және оның анық емес екені сөзсіз. Екі риуаятты да қоя тұрып Осман (р.анһ.) жеткізген хадисінде ешбір күмән жоқ және оған қарсы риуаяттар да жоқ.

Үшінші жауап. Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм) үйленген уақытында ихрамда болған деп сенген күнде де, Османнан (р.анһ.) жеткен хадиске амал етуге мына себептер бойынша міндет болады.

а. Осман (р.анһ.) риуаят еткен хадис Пайғамбарымыздың (аләйһис-саләту уәс-сәләм) сөзі, ал Ибн Аббастың (р.анһ.) риуаяты ондай емес. Егер де Ибн Аббастың (р.анһ.) жеткізген хадисі кейінгі дейтін болсақ, онда үкімді екі рет ауыстыру керек болады. Ал егер Османның (р.анһ.) жеткізген хадисі кейінгі дейтін болсақ, онда Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм) ихрамға кірерден алдын Мимунамен үйленген болады. Сондықтан үкім бірақ рет өзгеруі тиіс.

ә. Ибн Аббас (р.анһ) бұл хадисті Мекке қаласы ашылмастан бұрын және үміра қажылықты орындау кезінде риуаят еткен. Ол уақытта қажылық үкімдері белгіленбеген және ихрамның шарттары да міндет болмаған. Ал Осман (р.анһ.) қажылықтың шарттары анықталғаннан кейін хадисті риуаят еткен. Яғни тігілген киім кию, т.б тыйым салынған. Қажылық уақытында ихрамдағы адамға киімнің үкімі айтылғанда одан маңызды болған некенің үкімі қалай айтылмайды.

б. Үйлену іс- қимыл арқылы жүзеге асады. Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм) үйленуі іс- қимылы. Сондықтан бұл үкім пайғамбарға ғана қатысты рұқсат. Ал Осман (р.анһ.) риуаят еткен хадис үмбетіне тыйым салынғандығы жайлы айтылған. Ал Пайғамбарымыздың (аләйһис-саләту уәс-сәләм) іс-амалымен, айтылған сөзі қатар келсе, сөзі маңыздырақ болып, дәлелге алынады. Кімде-кім Пайғамбарымыздың (аләйһис-саләту уәс-сәләм) сөзін қайтарып, амалын алатын болса, ол адам қателескен болады.

Өйткені усулда дәлел үшін Пайғамбарымыздың (аләйһис-саләту уәс-сәләм) сөзі, амалынан күштірек болады. Себебі Пайғамбарымыздың (аләйһис-саләту уәс-сәләм) амалы кейде тек өзіне ғана қатысты болады.

в. Үлкен сахабалар Османның (р.анһ.) жеткізген хадисіне сәйкес амал еткен. Егер Пайғамбарымыздың (аләйһис-саләту уәс-сәләм) хадисіне ғалымдар арасында әртүрлі пікірлер болса, онда сол мәселеде төрт халифаның қалай амал еткеніне қараймыз.

Имам Ағзам бұл мәселеде Ибн Аббастың (р.анһ.) жеткізген хадисін ескере отырып, Османның (р.анһ.) жеткізген хадисі ихрам уақытында үйленуге тыйым салу емес, бәлкіде сол тар уақытта тек құлшылыққа болуды меңзеген деп түсіндіреді. Муатта кітабы, Имам Малик 1-том, 348-беттен. Шарх аз- Зарқани 2-том, 264-беттен. Кифаиа ат-Толиб 2-том, 97-бет. Ал-Умму лиш-Шафиғи 2-том, 120-бет, 5-том, 78-бет. Ихтилаф ал-Хадис лиш-Шафиғи 1-том, 199-бет. Ал- Инсоф лил-Мардауи 11-том, 170-бет.

## Үйленуде ризалық және қалаудың болуы

Үйленуде ризалықтың болуы қажет. Ризалық жоқ жерде неке жарамды болмайды. Бір кісі біреуді өлім, қатты соққы, яки тұтқындау қорқынышымен үйленуге зорлайтын болса бұл неке бұрыс болады.

*«Аллаһ үмметімнен қателесу, ұмыту және мәжбүрлеген нәрсенің үкімін жойды»<sup>316</sup>.*

Хазіреті Айшадан жеткен бір деректе әкесі қызын күштеп үйлендіреді. Пайғамбар сол қызға таңдау еркіндігін береді.

Ханафилер бойынша, мәжбүрленген адамның некесінің де талақ етілуі де жарамды, дұрыс болады. Өйткені қанша мәжбүрленсе де ризалығы болмаса да мензеу және таңдау бар. Бұл да әзілмен қарым қатынас жасауға ұқсайды.

Хадисте: *«Үш нәрсенің шыны да шын, әзілі де шын. Неке, талақ және қайту талағында әйеліне оралу»<sup>317</sup>.*

Сол себепті Османлы құқығында Шафиғи мәзһабының көзқарасын негізгі көзқарас етіп қабылдап, қыз болсын, ер болсын қорқытып еріксіз қабылдатқан неке жарамсыз деп санаған.

### **Тақуаның әңгімесі...**

...Хақ пайғамбар хазіреті Әнәске сахабаларды шақыруды бұйырды. Көп ұзамай сахабалар да келіп отыра бастады. Осы кезде Аллаһ елшісі хазіреті Әлиге қарап: «сөз сөйле», - деді. Хазіреті Әли ұяла-ұяла орнынан тұрып азғана сөз сөйледі. Артынан Аллаһ елшісі де қысқаша сөз сөйлеп қызы Фатиманы 480-500 дирхам мәһірмен хазіреті Әлиге бергенін айтты. Хазіреті Әли қатты қуанып: «Разымын,

---

<sup>316</sup> Ибн Мәжә.

<sup>317</sup> Тирмизи. Талақ. Әбу Дәууд. Талақ.

Пайғамбарым!», деп дереу сәжде етіп, Аллаһ Тағалаға шүкіршілік білдірді. Аллаһ елшісі құттықтап: «Осы неке екеулерің үшін де мұбарак болсын. Аллаһ бақыт нәсіп етсін. Сендерге қайырлы ұрпақ берсін!» - деп дұға етті. Сосын айналасына қарап келген қонақтарға құрма таратуын айтты. Құрма үстінде көптеген дұғалар жасалды.

Неке қиылып біткен соң Аллаһ елшісі хазіреті Әлиге: – Ал, Әли енді үйлену тойың үшін ас беруің қажет деді. Хазіреті Әли:

– Құп болады деп орнына қарғып тұрып әзірлік жасай бастады.

Сағд ибн Муаз былай дейді: «Менің бір қошқарым бар болатын. Пайғамбардың Әлиге айтқан сөзін ести сала дереу барып сол қошқарды алып келіп соны сойдық. Мәдиналық бір топ сахаба да тары әкелді. Дастархан жайылып келген қонақтарға ас берілді. Бәрі де тойғанша жеді<sup>318</sup>.

Әсма бинти Умәйс Фатима анамыздың үйлену асы туралы айтқанда былай дейді: «Әли мен Фатима үйленген кезде қонақтарға ас беру үшін Әли сауытын бір яхудиге кепілдікке беріп одан азық-түлік сатып алды. Сол заманда Әли мен Фатиманың асынан көп және одан жақсысын көрмедім.

Үйленетін күні Аллаһ елшісі (*саллаллаһу алейһи уә сәлләм*) үйлену тойы болатын жерге қашырын мініп келді. Қашырынан түсіп Фатимаға: «Қанекей, мін!», - деді. Ол мінген кезде хазіреті Салманға қарап: «Мынаның тізгінінен ұстап үйіне апар», - деді де өзі біраз жерге дейін артынан еріп шығарып салды<sup>319</sup>.

Той аяқталған соң келін мен күйеу үйлеріне кетті. Аллаһ елшісі оларға біраздан соң үйлеріне баратынын айтты. Айтқандай аздан соң олардың үйінің есігін қақты. Есікті Умму Әймән ашты. Аллаһ елшісі оған су әкелуін айтты. Ол су алып келіп Пайғамбар алдымен қолдарын жуды. Сосын Әлиді шақырды. Әли келген соң оны қарсы алдына отырғызды. Одан соң қолындағы судан Әлидің арқасына және иықтарының арасына бүрікті. Сосын Фатиманы шақырды. Аллаһ елшісі оған да дәл солай су бүркіп: «Аллаһым! Осы

---

<sup>318</sup> Жума. Нисау әһлил-бәйт, 567.

<sup>319</sup> Ибн Манзур, Мухтасару тарихи Димашк.



үйленуді мүбарак ет! Олардың ұрпақтарын мүбарак ет!» деп дұға етті. Одан кейін «Фалак», «Нас» сүрелерін оқыды<sup>320</sup>.

## Үйлену кедергілері

Ислам дінінде үйлену кедергілері өмірлік және уақытша болып екіге бөлінеді. Өмірлік дегені ешқашан өзгермейтін кедергілер. Қан, сүт және үйлену арқылы туыс болу осыған жатады.

## Өмірлік үйлену кедергілері

Құранда өмірлік үйлену кедергілері туралы былай дейді: *«Сендерге аналарың (әке-шешелеріңнің аналары), қыздарың (ұл-қыздарыңның қыздары), қыз туыстарың (әке-шеше бір яки бөлек), әкелеріңмен туысқан әйелдер, шешелеріңмен туысқан әйелдер, еркек және қыз туыстарыңның қыздары (олардың қыздары), сүт емізген аналарың, еміскен қыз туыстарың, қайын енелерің, жақындасқан әйелдеріңнің (бұрынғы ерінен болған) қолдарыңдағы өгей қыздарың, егер ол әйелдерге жақындаспаған болсаңдар, сендерге бір оқасы жоқ. Бел балаларыңның әйелдері және екі қыз туысқа бірге үйленулерің харам етілді»*<sup>321</sup>. Осы аятта үш топ туыстықтың өмірлік үйлену кедергісі болғандығын айтады.

## 1. Қан туыстығы

Осыған орай бір адам өз тегі (ата-баба, әже,) ұрпағы, қыз бауырлары және олардың балалары, әкесінің қыз бауырлары, яки нағашы әпкелерімен үйлене алмайды.

<sup>320</sup> Ибн Сад, Табақат.

<sup>321</sup> «Ниса» сүресі, 23.

Аталарының қыз бауырлары түп қыз әпкелері мен түп нағашы әпкелері де осы тыйымға жатады. Қыз жағынан қарасақ та сол туыстарының еркек балалары, немере аға, нағашыларымен тұрмыс құра алмайды.

## 2. Қайын жұрттық (*sихри*) туыс

Үйлену арқылы болған туыстыққа «қайынжұрттық» (*sихри*) туыстық деп атаймыз. Ажырасу, яки өлім де бұл туыстыққа әсер ете алмайды. Бұларды төрт топқа бөлуге болады.

а. Өгей қыздар. Бір еркек әйелімен төсек қатынаста болған соң оның бұрынғы күйеуінен болған қызы, яки немерелерімен үйлене алмайды.

ә. Қайын ене. Бұл жерде еркектің әйелімен төсек қатынаста болуы шарт емес. Жалаң некенің өзімен-ақ қайын ене мен оны анасымен үйлену кедергісі туады.

б. Әке мен атаның жарлары. Бір адам әкесі, яки аталарының әйелдерімен үйлене алмайды.

Құранда:

وَلَا تَنْكِحُوا مَا نَكَحَ آبَاؤُكُمْ مِنَ النِّسَاءِ إِلَّا مَا قَدْ سَلَفَ إِنَّهُ كَانَ  
فَاحِشَةً وَمَقْتًا وَسَاءَ سَبِيلًا

**«Әйелдерден әкелерің үйленгендерге үйленбеңдер. Бірақ өткен өтті. Бұл бір арсыздық және жиіркенішті жаман жол»,** – дейді<sup>322</sup>.

в. Ұрпағының әйелдері. Бір адам баласының яки немересінің әйелімен үйлене алмайды. Құранда: **«Бел балаларыңның әйелдерімен үйлену харам етілді»,**<sup>323</sup> – дейді.

<sup>322</sup> «Ниса» сүресі, 22.

<sup>323</sup> «Ниса» сүресі, 23.

Алайда асыранды баланың жағдайы басқа. Оның туыстарымен ешқандай үйлену кедергісі болмайды.

Хазіреті Пайғамбар (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) Зәйітті бала етіп алған болатын. Кейіннен осы Зәйітті Зейнеп бинти Жаһшпен үйлендіреді. Кейіннен Зәйіт Зейнеппен ажырасқанда Зейнеп Пайғамбарымыздың келіні саналған соң онымен арасында үйлену кедергісі болған еді. Алайда Құран: *«Сонда одан Зейіт ажырасқан кезде оны саған некелендірдік. Мұсылмандарға асыранды баласынан ажырасқан әйелдерді алуда бір қиындық болмауы үшін»*,<sup>324</sup> – дейді.

Мінекей осы аятта асыранды бала туған баласының орнын баса алмайтындығын көрсетеді.

### ***Ерлі-зайыптыларға бала асырап алуына болмай ма?***

Баласы жоқ ерлі-зайыптылардың бала асырап алуларына болады. Бірақ сол баланы екі жастан аспай тұрып әйел емізуі қажет. Ол туралы сүт туыстығы тақырыбында сөз болды. Екі жастан аспай тұрып емген бала сол әйелге де оның күйеуіне де «сүт бала» болып қалады. Өз баласындай бір үйде тұруына болады. Алайда сәби екі жас яки отыз айдан асып кететін болса онда қанша емгенмен сүт бала бола алмайды. Ол асырынды бала болып, балиғатқа жеткенде асырап алған ерлі-зайыптыларға туған яки сүт баласындай бола алмайды. Сол себепті аталмыш аятта айтылғандай әлгі бала үйде бөгде біреу яки қонақ секілді жағдайда болады. Ұл болса асырап алған әйелмен бірге, қыз болса асырап алған ермен бірге бір үйде тұра алмайды. Өйткені араларында бір-бірімен үйленуге мүмкіндігі бар жағдай болады. Әрі асырап алған бала сүт бала болса

<sup>324</sup> «Ахзап» сүресі, 37.

да болмаса да есі кіргенде оған өздерінің туған ата-анасы еместігі айтылуы тиіс. Бұған осы аяттар дәлел.

### 3. Сүт туыстығы

Ислам діні сүт жолы арқылы бірнеше үйлену кедергісі туатын негіздерді қойған. Аллаһ Құранда: «*Сендерге емізген сүт аналарың және сүт бауырларың харам етілді*»,<sup>325</sup> – дейді. Аят басқа сүт туыстары туралы айтпаған. Бірақ хазіреті Пайғамбар (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*): «Ата-тегі жағынан харам болғандар сүт жолымен де харам болады»<sup>326</sup> – деп білдіреді.

Сүт туыстықтарды былайша айтуға болады. Сүт емген бала сүт емізген әйелдің өз баласындай қабыл етсек, әйелдің өз баласы өз отбасынан кімге үйленбейтін болса, сүт емген бала да солармен үйлене алмайды. Яғни бейне бір сүт емген бала сол әйелдің туған баласындай болады. Сондықтан сүт емген балаға әлгі әйел сүт ана болса әйелдің отбасындағылар сүт әке, сүт ата, сүт әже, сүт бауыр, сүт немере әпке, сүт нағашы әпке болмақ.

### Уақытша үйлену кедергілері

«Өмірлік үйлену кедергілері» ешқашан өзгермейтін болса, ал «уақытша үйлену кедергілері» арнайы жағдайларда өзгере алады. Дін айырмашылығы, төрт әйелге үйлену, үш рет талақ ету, апалы-сіңлілі туыстарды бірінен кейін бірін әйел етіп алу да осыған жатады.

---

<sup>325</sup> «Ниса» сүресі, 23.

<sup>326</sup> Бухари, Шәһәдәт. 7; Муслим, Рада. 1.

## 1. Дін айырмашылығы

Мұсылман әйел мен еркек мүшрік, яки дінсіздермен үйленіп тұрмыс құра алмайды. Аллаһ шарифатынан өзге жүйелерге сеніп ислами мемлекет пен қоғамды қабылдамаған кез-келген адам да осыған жатады.

Аллаһ Тағала Құранда: *«Мүшрік әйелдермен олар иман келтіргенге дейін үйленбеңдер. Азат мүшрік әйелден мұсылман күң артық. Егер сендерді қызықтырса да. Және иман келтіргенге дейін, мүшрік ерге мұсылман әйелдерді де үйлендірмеңдер. Егер олар сендерді қызықтырса да. Мүшрік азат ерден мұсылман құл артық»*,<sup>327</sup> – дейді. Егер осыған мойынсұнбай үйленсе некелері жарамсыз болады.

Мұсылман ердің христиан, яки яһуди бір әйелмен үйленуіне Ислам діні рұқсат еткен. Өйткені отбасының отағасы ер кісі болғандықтан туатын бала да әкесінің дінінен саналады. Сонымен қатар әһлі кітаптан қыз алу арқылы Ислам дінінің жайылуына арқау болады.

Құранда Аллаһ Тағала: *«Кітап берілгендерден де (христиан, яһуди) абыройлы әйелдермен мәңірлерін беріп, бой суытушы, астыртын көңілдес болмай үйленулерің адал етілді»*,<sup>328</sup> – дейді.

Кейбір ғалымдар әһлі кітапты мүшріктерге жатқызғанмен осы ашық аят олардан қыз алуға рұқсат еткен.

Шафиғи мен Маликилер бойынша әһлі кітаптан қыз алу мәкрүһке жатады.

Әһлі кітаптан қыз алған мұсылман кісі оны шіркеуге жіберуден, арақ ішуге тыйым сала алады. Алайда хайыз, нифас, жүніптен соң жуынуға мәжбүрлей алмайды.

<sup>327</sup> «Бақара» сүресі, 221.

<sup>328</sup> «Маида» сүресі, 5 аят.

Ал мұсылман әйелдің мүшрік яки әһлі кітаптың бір еркек кісісіне тұрмысқа шыға алмайды. Өйткені бұл аятпен тыйым салынған.

## 2. Үш талақтан туған үйлену кедергісі

Исламда еркекке әйелін үш рет талақ етуге мүмкіндік берген. Әйелін үш рет талақ еткен соң әйелі басқа бір еркекпен үйленіп қайта ажырасқан соң ғана қосылу мүмкіндігі туады.

Аллаһ Тағала Құранда:

فَإِنْ طَلَّقَهَا فَلَا تَحِلُّ لَهُ مِنْ بَعْدُ حَتَّى تَنْكِحَ زَوْجًا غَيْرَهُ فَإِنْ طَلَّقَهَا  
فَلَا جُنَاحَ عَلَيْهِمَا أَنْ يَتَرَاجَعَا إِنْ ظَنَّا أَنْ يُقِيمَا حُدُودَ اللَّهِ وَتِلْكَ  
حُدُودُ اللَّهِ يُبَيِّنُهَا لِقَوْمٍ يَعْلَمُونَ

*«Екіден кейін ер әйелімен мүлде ажырасса, бұдан кейін оған, ол басқа ерге тимейінше халал болмайды. Егер оны, ол (екінші ері) талақ қылса, екеуі де Аллаһтың шегін орындаймыз деп ойласа, қайта табысуларында күнә жоқ»,<sup>329</sup> – дейді.*

Үш талақпен ажырасқан әйел екінші ерге тұрмысқа шыққанда онымен төсек қатынасында болуы шарт. Егер әйел екінші ерімен жақын қатынаста болмай қайта ажырасып кейіннен бұрынғы ерімен қайта қосылғысы келсе, қосыла алмайды. Пайғамбарымыз төсек қатынасын шарт етіп қойған<sup>330</sup>.

Әйелдің бұрынғы ерімен қайта қосылудың шарттары төмендегіше:

**Бірінші:** Бір уақытта, не әр түрлі уақыттарда үш рет талақ етілген әйел «ғиддатын» бітіруі тиіс.

<sup>329</sup> «Бақара» сүресі, 230.

<sup>330</sup> Бухари, Талақ, 7.

**Екінші:** Әйел бұдан кейін бір еркекпен дұрыс неке киып үйленуі қажет.

**Үшінші:** Тұрмысқа шыққан екінші ерімен төсек қатынасында болуы керек.

**Төртінші:** Өлім, яки кәдуілгі ажырсу арқылы екінші күйеуінен талақ етіледі.

**Бесінші:** Әйел екінші ерінен соң «ғиддатын» күтіп аяқтайды.

Әйелін үш рет талақ еткен ер кісі кейіннен өкініп сол әйеліне қайта қосылғысы келіп біреуді жалдап әйелін соған некелеп, қайта ажырастырып алатын болса мұнысы дұрыс болмайды. Бір хадисте: *«Келісімді неке жасағанға және өзі үшін осындай неке жасалғанға Аллаһ елшісі лағынет етті»*, – деп айтылған<sup>331</sup>. Тіпті бір хадисте Пайғамбарымыз жалданған адамды: *«Жалдамалы теке»* деп атаған<sup>332</sup>.

### **3. «Ғиддатқа» қатысты үйлену кедергісі**

Бір әйел күйеуінен ажырасқан соң қайта біреуге тұрмысқа шығу үшін белгілі бір уақытқа дейін күту кезеңі «ғиддат» деп аталады. Бұл мерзім жүктіліктің анықталуы үшін аса маңызды нәрсе.

Ислам дінінде «ғиддат» мерзімі үйленудің себебіне қарай әр түрлі мерзімдер қойылған.

Үйлену ерінің өлімі арқылы аяқталса әйелдің күтетін «ғиддат» мерзімі – төрт ай он күн. Құранда: *«Сендерден қайтыс болып артында қалдырған әйелдердің өздері: төрт ай он күн «ғиддат» күтеді»*,<sup>333</sup> – дейді.

<sup>331</sup> Әбу Даууд, Никах, 15. Тирмизи, Никах, 27.

<sup>332</sup> Әбу Даууд, Никах, 15. Тирмизи, Никах, 27.

<sup>333</sup> «Бақара» сүресі, 234.

Ал егер үйлену кез-келген жағдаймен аяқталып, әйел жүкті болса онда оның күту мерзімі (ғиддат) босанғанға дейін жалғасады. Құранда: **«Жүкті әйелдердің «ғиддат» күту мерзімінің ақыры құрсақтағы баласын туғанға дейін жалғасады»**,<sup>334</sup> – дейді.

Пайғамбарымыздың заманында күйеуінен ажырасқан бір әйел көп ұзамай босанады. Бірақ оның күту мерзімі төрт ай он күнге жетпеген болатын. Ол Аллаһ елшісіне барып жағдайын айтып еді Хақ пайғамбар оған күту мерзімінің бала тууымен аяқталғанын енді қалаған кезінде күйеуге шығуға болатындығын айтады.

Ал әйел күйеуімен ажырасып жүкті емес болса онда мұның күту мерзімі, «ғиддаты» үш рет хайыз көру мерзімі.

Құранда: **«Талақ болған әйелдер, үш етеккір мерзімі күтеді»**,<sup>335</sup> –дейді.

Хайыз жасына жетпеген жас қыздар мен хайыз жасынан асқан кәрі әйелдер ажырасатын болса онда олардың күту мерзімі – үш ай. Құранда: **«Етеккірден қалған әйелдеріңнен күмәндансаңдар, олардың «ғиддат» мерзімі үш ай. Және хайыз көрмеген жас әйелдердің де мерзімі осындай»**,<sup>336</sup> – дейді.

#### **4. Көп әйелге қатысты үйлену кедергісі**

Исламнан бұрын арабтар қалағанынша әйел ала беретін. Оның шегі болмайтын. Бұл тек қана арабтарға ғана қатысты емес, бұрынғы Иран, Қытай құқығында көп әйел заңдары болған. Тіпті Рим құқығында ер мен әйел неке қимай-ақ бірге тұру заңдары бар еді. Бұл қазіргі

---

<sup>334</sup> «Талақ» сүресі, 4.

<sup>335</sup> «Бақара» сүресі, 228.

<sup>336</sup> «Талақ» сүресі, 4.



«азаматтық некеге» қатты ұқсайды. Тәуратқа да қарайтын болсақ, Дәуіт пайғамбардың бірнеше әйел алғаны айтылады. Тіпті Інжілдің өзінде көп әйел алуға болмайды деген ешқандай үкім жоқ. Сондықтан да XVI ғасырға дейін христиандарда көп әйел алу болған. Тіпті кейбір деректерде Англия шіркеуі әйелді өзге бір еркекке несиеге беруге болатындығы туралы заң шығарылғандығы да айтылады<sup>337</sup>.

Ендеше көп әйел алу Ислам дініне ғана қатысты емес. Қайта Ислам діні көп әйел алуды жүйеге қойып, әйел затына өз құқығын берген. Исламнан бұрын арабтар шексіз әйел ала беретін. Ислам дінін келгенде осы шексіздікті төрт әйелге дейін шегерді. Тіпті оның өзін *«егер әділ болатындықтарыңа көздерің жетсе»*, – деп шарт қойған.

Құранда бұл туралы: *«Егер үйленгенде жетім әйелдер жайында әділетсіздік істеуден қорықсаңдар, өздеріңе жаққан басқа әйелдерден екі, үш және төртке дейін үйленіңдер. Сонда егер тең ұстай алмаудан қорықсаңдар, онда біреу алыңдар немесе қолдарыңдағы күң де болады»*,<sup>338</sup> –дейді.

Осыған орай әділ бола алатын болса ер кісінің төрт әйелге дейін алуына болады. Бірақ бесінші әйелмен үйлене алмайды.

### **5. Қайынжұрттық (сихри) туыстарынан туған үйлену кедергісі**

Апалы-сіңлілі екі қызбен яки әйелінің немере әпкесі, нағашы әпкесін әйелінің үстіне әйел етіп ала алмайды. Құранда:

<sup>337</sup> Қараңыз: М. әс-Сыбайи, әл-Мәрә бәйнәл-фикһ уәл-қанун. 210 бет.

<sup>338</sup> «Ниса» сүресі, 2.

وَأَنْ تَجْمَعُوا بَيْنَ الْأُخْتَيْنِ إِلَّا مَا قَدْ سَلَفَ

**«Екі қыз туысты бірге үйленулерің харам етілді. Бірақ өткен өтті»**,<sup>339</sup> – дейді. Хадисте осыған қосымша: «Әйелінің үстіне немере әпке мен нағашы әпкесін некелеп ала алмайды»,<sup>340</sup> – дейді. Сондай-ақ сүт қыз бауырлар да осылай.

### **5. Өзгемен тұрмыс құрудан туған кедергі**

Ислам діні әйелге тек қана бір еркекпен тұрмыс құру заңын қойған. Сондықтан тұрмыс құрған әйел ажыраспай басқа ермен тұрмыс құра алмайды. Құранда: **«Некелі әйелдермен үйленулерің харам етілді»**,<sup>341</sup> – дейді.

Әйел күйеуі өліп, яки ажырасып одан соң «ғиддат» мерзімін өтеген соң ғана өзгеге тұрмысқа шыға алады. Сондай-ақ кейбір жұқпалы аурулар да үйлену кедергілеріне жатады.

### **Тақуаның әңгімесі...**

Хазіреті Әли мен Фатиманың қосылғанына көп болмаған еді. Бірде-бір мәмілеге келе алмай өз ара тартысады. Осы кезде Аллаһ елшісі келіп қалады. Бірақ екеуі сездірмеуге тырысады. Аллаһ елшісі дем алмақ болған соң жерге төсеніш төсейді. Хақ пайғамбар (*саллаллаһу алейһи уә сәлләм*) жерге жатқан кезде хазіреті Фатима әкесінің жанына жақындай кетті. Осыны көрген хазіреті Әли де Пайғамбардың келесі жағына жақындап отыра қалды. Мән-жайды байқап тұрған Аллаһ елшісі хазіреті Әлидің қолынан ұстап алып көкірегіне апарды. Бір қолымен хазіреті Фатиманың да қолына ұстап оны да көкірегіне апарды. Осылайша екеуі табысқанға дейін жібермеді.

<sup>339</sup> «Ниса» сүресі, 23.

<sup>340</sup> Бухари, Никах, 27.

<sup>341</sup> «Ниса» сүресі, 24.

Екеуі қайта татуласқан соң Аллаһ елшісі (*саллаллаһу алейһи уә сәлләм*) үйден күлімдеп шықты. Оның осы қуанышын көрген сахабалар қуаныштың сырын сұрады. Хақ пайғамбар (*саллаллаһу алейһи уә сәлләм*): «Неге ғана қуанбайын. Жаңа ғана ең жақсы көретін екі адамымды жарастырып келдім», - дейді<sup>342</sup>.

## НЕКЕ ЖӘНЕ ҮЙЛЕНУ РӘСІМІ

### Некенің қиылу түрі

Араларында үйлену кедергісі жоқ ақыл-есі толық, балиғат жасына жеткен еркек пен әйел екі ер яки бір ер, екі әйел қуәлары бар мекенде үйлену сөздерін айтып үйлене алады. Ал осы ер мен әйел ата-ана яки соның орнын басатын қамқоршыларынан (яғни заңды өкілдері) рұқсат сұрап яки олардың да сол неке рәсіміне қатысып некенің қиылуы ханафи мәһабында мұстахап саналады. Яғни неке олардан бейхабар жасалса да іске асады. Әйтсе де үйлену аса маңызды нәрсе болғандықтан бұл туралы ата-ана мен жақындарының хабары болуы яки ризалығы болуы ислами әдептілік, парасаттылыққа жатады. Қыз бен баланың ата-ана яки соның орнын басатын жақындарының рұқсаты болмауы Әбу Ханифа мен Әбу Жүсіп бойынша некенің дұрыстық шарттарына жатпайды. Бірақ олардың рұқсаты болуы қажеттілік шартына жатады.

Ханафилерде қыз ата-анасымен келіспей-ақ біреуге тұрмысқа шығып, некесін қидыратын болса мұндай некенің жарамды екенін мынадай хадистерге сүйенеді.

1. Ибн Аббас (р.анһ.) Пайғамбарымыздың (*аләһһис-саләту уәс-сәлләм*): «Қайсы бір әйелдің уәлиіңсіз (ата-ана, т.б) өзін

<sup>342</sup> Ибн Хажар, Исәбә.

некелеуге хақы бар. Ер көрмеген қыз да өз келісімін айтады. Оның келісімі – үндемеуі»<sup>343</sup>, -дегенін риуаят еткен.

**Дәлелі:** Бұл хадистен қалыңдықтың өзін некелеуге хақысы бар екені анықталып тұр. Хадисте қыздың балиғат жасқа жетуі және ақыл есі дұрыс болуы көрсетілген. Мейлі ер көрген немесе ер көрмеген қыз болсын өзін некелеуге хақысы бар. Себебі әйел өзі келісіп үйленсе, неке болмайды деп айтылмаған. Кімде-кім уәлидің рұқсатынсыз неке болмайды деп айтса, оған дәлел келтіруі керек.

Пайғамбарымыздың (аләйһис-саләту уәс-сәләм) сөзінде келген «Әйму» сөзінің мағынасы барлық әйел, мейлі ер көрген немесе көрмеген болсын. Сондықтан әйел ақыл-есі дұрыс, балиғат жасынан асқан болса, неке келісімін жасауына рұқсат етіледі. Себебі ондай бойжеткен қыз неке қиярда мәһір малын қаншалықты деңгейде екенін есептей алады.

2. Ибн Аббастан (р.анһ.) жеткен риуаятта бір адам ер көрмеген қызын ризалығынсыз тұрмысқа береді. Ол қыз шағым айтып Пайғамбарымызға (аләйһис-саләту уәс-сәләм) келеді. Сонда Пайғамбар оның некесін бұзады.

3. Ибн Аббастан (р.анһ.) Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Уәлиі сәйбке (ер көрген әйелге) әмір етпейді», - деп айтқан.

4. Ибн Аббастан (р.анһ.) Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Қайсыбір әйелдің уәлиінсіз өзін некелеуге хақысы бар», - деген. Хадистегі «Әйму» сөзі ақыл- есі дұрыс, балиғат жасқа жеткен әйел дегенді білдіреді.

5. Ханса (р.анһа.) бір күні Пайғамбарымызға (аләйһис-саләту уәс-сәләм) келеді де: «Әкем мені ағасының ұлына некеледі, мен бұған разы емеспін», - дейді. Пайғамбарымыз (аләйһис-

<sup>343</sup> Сунани ат-Тирмизи, 3-том, 407-408-бет, 1108-хадис. Китабу ан-Никах, Бұл хадисті Хасан, Сахих деген.

*саләту уәс-сәләм*): «Әкеңнің олай істеуіне болады», - деп жауап қайтарады. Ол: «Менің әкемнің істегеніне көне беремін бе, өзімнің қалауым жоқ па», - деп қайта сұрады. Сонда пайғамбарымыз (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) «Бара бер, некең жоқ, қалаған адамыңмен некеңді қидыр», - деп қызға ерік береді. Сонда қыз: «Мен әкемнің бұл ісіне келісемін, бірақ әйелдерге білдіргім келгені әкелері қыздарының ешқандай істеріне үстемдік етпеулері», - деді.

Қыз балиғат жасына жетіп, ақылы толған соң некеде өзіне-өзі уәли, қомқоршы болатын жағдайға жетеді. Балиғат жасына жетіп, ақылы толық болса да кішкентай сәби сияқты қала беруі керек пе?! Бұндағы мағына балиғат жасына жетіп, ақылы толғаннан соң да ата-аналары сәбидей жетектеп жүре беруі тиіс пе?! Яғни дүниелерін пайдаланғанда (бірдеңе сатып алу үшін, сату үшін) әкесі өкілдік ете ме?! Әйелдің өзінің қалауын жүзеге асыруына хақысы бар. Себебі жақсымен жаманды ажырата алады. Сондай-ақ өз дүниесін, ақшаларын жұмсауға құқы бар сияқты жақсы жар таңдай да, некелесе де алады<sup>344</sup>.

<sup>344</sup> Әл-Ғидая, 1-том, 142-бет. Әл-Мұғни уәш-Шарх әл-Кабир, 7-том, 337-338-бет. Сондай-ақ бұл туралы ғалымдардың пікіріне зер салуыңызға болады: Әуелі: Әбу Ханифаның жұмһур ғұламаларына қарсы дәлелдері.

1. Қалыңдықты үйлендіруші уәлидің құдалық түсуі туралы айтылған аяттағы «уа Анкиху» («Нұр» сүресі, 32-аят) сөзі неке уақытындағы уәлидің болуы шарт екенін меңземейді, керісінше сол уақыттағы әдет-ғұрыпқа және көпшілік қауымның қалыптасқан үрдісіне байланысты айтылған. Себебі сол уақытта және бүгінгі күні де кейбір мұсылман елдерінде әйел ер адамдар отырған мәжілісте отырмаған. Сондай қалыңдықтың неке уақытында ерлердің арасына шығып, неке келісімін айтуы айып болып есептеледі. Қалыңдықтың абыройына, ұятына, әдебіне кері әсер етпесі үшін, уәлиі қыздың разылығын айтуы мұстахаб болады. Сондай-ақ сол аяттағы «уәссолихина» деп салихалы адамға тұрмысқа беруді айтып тұр. Бұл аяттағы ердің салихалы болуы шарт болмағаны тәрізді сол аяттағы барлық үкімдер

шарт болмайды. Ондай болса неке уақытында уәлидің қатысуынсыз қалыңдық өзін некелей алмайды деген сөз емес, бәлкіде уәлидің қатысуы мұстахаб екенін нұсқап тұр.

2. Әбу Мұса (р.анһ.) риуаят еткен Пайғамбарымыз: «Уәлисіз неке болмайды», деген хадисіндегі мақсат уәлидің болуы некенің шарты дегені емес, керісінше неке кәміл болмайды дегені.

Көпшілік ғұламалар бұған: Бұл хадис неке уақытында уәлидің болуы некенің кәміл болуын емес, шарт екенін айтып тұр. Себебі уәлидің болуын қуаттайтын басқа да аяттармен хадистер бар. Айша (р.анһа) риуаят еткен Пайғамбарымыздың (аләйһис-саләту уәс-сәләм): ««Қайсы бір әйел уәлидің рұқсатынсыз некелесе, некесі қабыл емес, некесі қабыл емес, некесі қабыл емес. Егер қатынас болса, болғаны үшін маһр төлейді. Егер келіспеушілік болса, кімнің уәлиі болмаса, уәли сұлтан болады»,- деген хадисі бар. Бұл хадисті Зуһари риуаят еткен. Бірақ бұл хадисті Ибн Хадиж теріске шығарады. Себебі ол бұл хадис жайлы Зуһариден сұрағанда оны білмеймін дегенін Ханафи ғалымдары дәлелге келтіреді.

Көпшілік ғұламалардың бұл мәселеге жауабы: Бұл туралы ибн Хадиждан тек ибн Ғалийаһ қана жеткізген. Ал Ахмадтың және Яхияның айтуынша бұл келтірген дәлелдері құжат бола алмайды. Себебі Зуһари айтқанын ұмытып қалуы ықтимал, адамның айтқаны есінен шығып қалуы табиғи жағдай ұмытқаны үшін адам күнәлі де болмайды. Бұған қатысты көптеген дәлелдер бар. Ибн Хадиждан ибн Ғалийаһтың жеткізген риуаяты дұрыс болған күнде де ілім иелері адамның алдыңғы айтқанын ұмытып қалуын қалай теріске шығаруға болады. Ал-Махалли 11-том, 25-беттен.

Екінші: Жүмһур ғұламаларының Әбу Ханифа келтірген дәлелдерге жауабы.

Неке уақытында қалыңдықтың уәлидің қатысуынсыз некелесетіні туралы келтірілген екі аяттағы: «Оларға тыйым салмандар» («Бақара» сүресі, 232-аят) және «танкиха заужан ғайраһу» («Бақара» сүресі, 230-аят) деген сөздеріндегі мақсат қыздың разылығы болуы керек дегенді білдіреді. Өйткені қыздың разылығынсыз уәли қызды некелеуіне болмайды. Кейбір адамдар Имам Тирмизиден жеткен хадисті дәлелге тартып қыз уәлиінсіз өзін некелей алады деп жүр. Бірақ бұл дәлел болмайды. Себебі ибн Аббастан (р.анһ.): «Уәлисіз неке болмайды»,- деген хадистер жеткен. Пайғамбарымыздан (аләйһис-саләту уәс-сәләм)кейін Ибн Аббас (р.анһ.) осылай пәтуа берген. Ал Пайғамбарымыздың (аләйһис-саләту уәс-сәләм)

Дегенмен қыз өзінің теңі болмаған бір жігітке тұрмысқа шықса, яки өзге қыздардың мәһірімен салыстырғанда аз мөлшерде мәһір беріп әділетсіздік жасаса, мұндай жағдайда ата-анасы яки соның орнын басқан қамқоршылар осы некенің күшін жоюға құқығы бар. Бірақ мұндай кезде күйеуі дереу жағдайын түзеп, әйелімен теңесетін болса яки мәһірдің мөлшерін толықтарып кемшілігін жоятын болса, онда неке жарамды.

Сондай-ақ үйленетін жігіт яки қыз неке қияр кезде өздері келмей орындарына заңды өкілдерінің, яки өздері жіберген уәкілдерінің келуіне болады. Яғни мұндай кезде олар үйленетін қыз бен жігіттен рұқсат және өкілдік алуы керек.

Ал ханафилардан басқа үш мәһабта қыздың ақыл-есі дұрыс, балиғатқа жеткен болса да некеде жалғыз өзі мақұлдай алмайды. Міндетті түрде қасында заңды өкілдері (ата-ана) өкілдік етуі қажет. Тек ханафи мәһабында ғана қыздың өзі некеге қатыса алады.

Неке қиярда бойжеткен қыз ердің ұсынысына жауап бермей үнсіз қалса не үнсіз жыласа не болмаса жылы шырай танытып күлімдесе бұл мақұлдаған болып, үнсіздік құптаудың белгісі болып табылады.

Сондай-ақ, саңырау, мылқаулар арнайы белгілермен яки хат танитын болса жазып мақұлдағандарын білдіреді.

---

«Қайсыбір әйел уәлінсіз өзін (некелеуге) хақылы», - деген хадисін көпшілік ғалымдар уәлі қыздың разылығынсыз үйлендіре алмайды деп түсіндірген. Ал егер үйлендірсе некесі дұрыс болмайды. Өйкені Ханса бинт Хизамның разылығынсыз әкесі үйлендірген болатын. Бұны ұнатпаған ол Пайғамбарымызға (аләһис-саләту уәс-сәләм) шағым айтып барады. Сонда Аллаһтың елшісі (аләһис-саләту уәс-сәләм)оның некесін бұзған. Сунану ат-Тирмизи 3-том, 407-408-бет, 1008-хадис, «Китабу ан-Никах».

Нәм үйленетін қыз бен жігіт бір-бірінен жырақта болса үйлену ұсыныстарын хат арқылы білдіре алады. Осы жазылған ұсыныс хат куәлардың алдында оқылып келесі жақ мақұлдаса неке іске асады<sup>345</sup>.

### **Некеде діни яки ресми бір қызметкердің болуы**

Некениң үйленетін ерлі-зайыптылар мен екі куәнің арасында немесе ерлі-зайыптыларға өкілдік ететін заңды өкіл яки уәкілдердің алдында жасалатындығын жоғарыда айтып өттік. Ендеше осылармен бірге сырттан бір діни яки неке қиятын қызметкердің қатысуы некениң дұрыс яки қажеттілік не болмаса күшіне ену шарттарына жатпайды. Яғни оларсыз да некениң шарттары дұрыс болуымен неке қиыла береді.

Үйлену ісінің жүйеленіп, үйленетін ерлі-зайыптылардың неке шарттарын іске асуын бақылау үшін неке қию ісін жақсы білетін діни, яки неке қияр қызметкердің болуы абзал болмақ.

Бұл кісілердің діни адам яғни молда, имам не болмаса мемлекеттің неке тіркейтін ресми қызметкері болуы арасында айырмашылық жоқ. Ең бастысы қиылған неке ислами шарттарға сәйкес болуы қажет. Кейбір мемлекеттік жүйеде неке куәлігін қыз бен жігіттің өз ара келісімін ғана есепке алып табыс етуі мүмкін. Ал мұндай неке Исламда некеге жатпайды.

Пайғамбарымыздан бері қарай неке қияр кезде отбасының үлкендерінің болуы, арнайы сөз сөйлеуі, дұға жасалып, бата беруі одан соң арнайы ас берілуі үйленудің мұстахап амалдарына жатады.

---

<sup>345</sup> Касани, 2 том. 241 бет.



## Неке рәсімінде сөз сөйлеу (хұтба) мен дұға

Көптеген мүштәһидтердің көзқарасына қарай үйленетін жігіттің яки оның заңды өкілінің (ата-ана т.б) некеден бұрын сөз сөйлеуі мұстахапқа жатады.

Бұл – сөздің Аллаһ Тағалаға хамд, мадақ етумен басталып, шәһадат кәлимасын айту, Пайғамбарымызға салауат айту, тақуалыққа қатысты кейбір аяттарды оқу. Қазіргі таңда мұндай сөзді діни некедегі дін қызметкері жасай алады.

Абдуллаһ ибн Мәсғұдтың Пайғамбарымыздан жеткізген хұтбасы былайша:

«إِنَّ الْحَمْدَ لِلَّهِ نَحْمَدُهُ، وَنَسْتَعِينُهُ، وَنَسْتَغْفِرُهُ، وَنَعُوذُ بِاللَّهِ مِنْ مِنْ شَرِّهِ أَنْفُسِنَا، مِنْ يَهْدِيهِ اللَّهُ فَلَا مَضِلَّ لَهُ، وَمَنْ يَضِلَّ فَلَا هَادِيَ لَهُ أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ»

«Аллаһ Тағалаға хамд етіп, Одан жәрдем тілейміз. Нәпсілеріміздің кесапатынан, іс-әрекеттеріміздің жамандығынан Аллаһ Тағалаға сиынамыз. Аллаһ кімге тура жол нәсіп етсе оны ешкім адастыра алмайды. Аллаһ кімді адастырса оны ешкім тура жолға сала алмайды. Аллаһтан басқа құдай болмағанына және Мұхаммедтің Оның құлы және елшісі екендігіне куәлік етемін»<sup>346</sup>.

Осыдан кейін «Ниса» сүресінің бірінші аяты:

يَا أَيُّهَا النَّاسُ اتَّقُوا رَبَّكُمُ الَّذِي خَلَقَكُمْ مِنْ نَفْسٍ وَاحِدَةٍ وَخَلَقَ مِنْهَا زَوْجَهَا وَبَثَّ مِنْهُمَا رِجَالًا كَثِيرًا وَنِسَاءً وَاتَّقُوا اللَّهَ الَّذِي تَسَاءَلُونَ بِهِ وَالْأَرْحَامَ إِنَّ اللَّهَ كَانَ عَلَيْكُمْ رَقِيبًا

<sup>346</sup> Әбу Дәууд, Никах, 32; Нәсәи, Жұма, 24.

«Әли Имран» сүресінің 102 аяты:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا اتَّقُوا اللَّهَ حَقَّ تَقَاتِهِ وَلَا تَمُوتُنَّ إِلَّا وَأَنتُمْ  
مُسْلِمُونَ

«Ахзаб» сүресінің 70-71 аяттары:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا اتَّقُوا اللَّهَ وَقُولُوا قَوْلًا سَدِيدًا يُصْلِحْ لَكُمْ  
أَعْمَالَكُمْ وَيَغْفِرْ لَكُمْ ذُنُوبَكُمْ وَمَنْ يُطِيعِ اللَّهَ وَرَسُولَهُ فَقَدْ فَازَ فَوْزًا  
عَظِيمًا

Сонымен бірге, құтпаға:

وَأَنْكِحُوا الْأَيَامَىٰ مِنْكُمْ وَالصَّالِحِينَ مِنْ عِبَادِكُمْ وَإِمَائِكُمْ إِنْ  
يَكُونُوا فُقَرَاءَ يُغْنِهِمُ اللَّهُ مِنْ فَضْلِهِ وَاللَّهُ وَاسِعٌ عَلِيمٌ

*«Өздеріңнен болған бойдақтарды, сондай-ақ құлдарың мен күңдеріңнің діндарларын үйлендіріңдер. Егер олар кедей болса, Аллаһ оларды Өз кеңшілігімен байытады. Аллаһ Дарқан, бәрін Білуші»<sup>347</sup>* деген аятты, сонымен қатар құтпаның алдында некелесуде сүйіспеншілікке үндейтін және ерлі-зайыптыларға бір-біріне деген міндеттерді түсіндіретін сөздерді қосуға болады.

Неке құтпасын тыңдау – уәжіп.<sup>348</sup>

<sup>347</sup> Нұр сүресі, 32-аят.

<sup>348</sup> Бір құтпа - мустахаб. Оны қыздың қамқоршысы не күйеу жігіт немесе басқалар оқиды. Имам әш-Шафиғи: «Құтпа-екеу. Осы құтпа және күйеу жігіттің некені қабыл алудан бұрын оқитын құтпасы» деген. Бұл құтпа Даудте- уәжіп. Дұрысы — мустахаб. Өйткені, белгілі болған деректер бойынша бір кісі пайғамбарға (с.ғ.с.) келіп: «Уа, Аллаһтың елшісі! Мені әлгі әйелге үйлендір» дегенде, ол (с.ғ.с.): «Сені өзің жаттаған Құран (аяттары) үшін үйлендірдім» деп, ешбір құтпа оқымаған. Омарға қоластындағы күні үшін құда түсіп келгенде

Некеден кейін ерлі-зайыптыларды құттықтау сүннетке жатады. Пайғамбарымыз үйленген ерлі-зайыптыға: «Аллаһ осы үйленуді саған берекелі етсін және екеуіңді де жақсылықта біріктірсін», - деп дұға етеді.

Сондай-ақ некенің жұма күнінің ақшамында жасалуы да Аллаһ елшісінің насихаттарының бірі. Жұма ақшамы – бейсенбінің батқан күнінен басталады.

---

«Аллаһтың дұрыстап ұстау немесе дұрыстап жіберу бұйрығы бойынша сені оған үйлендірдім», - дегеніне еш нәрсе қоспаған. Сонымен бірге неке рәсімі сауда тәрзіді бір нәрсені бір нәрсеге айырбастау. Оған құтпа оқудың қажеті жоқ. Ал олардың келтірген дәлелдері құтпаның уәжіп емес, бірақ толық еместігіне дәлел бола алады. Қ.: «Муснад Әбу Ханифа», 1/214;» әл-Бахр әр-Раиқ», 2/168.

Имам аз-Заркашидің айтуынша құтпалардың саны он екі. Оның төртеуі намазға, төртеуі қажылыққа және төртеуі некеге байланысты. Намазға қатысты құтпалар: 1) Жұманың екі құтпасы (парыз), айт намазының екі құтпасы (сүннет) Кусуф (күн тұтылғандағы) намаздың құтпасы және Истисқа (жаңбыр тілеу) намазының құтпасы. Кусуфтен басқа құтпалар екі бөлімнен тұрады. Кусуфта бір құтпа оқылса да жеткілікті. Қажылыққа қатысты құтпалар: 1) Зул-хиджа айының 7-күні бесіннен кейін (бір құтпа). 2) Арафа күні Минадағы бесінге дейін оқылатын екі құтпа. 3) Айт күні түс ауғаннан кейін оқылатын дұға. 4) Алғашқы қайту («Йәум ән-нафр», яғни зұл-хиджаның 12-күні) бесін намазынан кейінгі құтпа. Арапа құтпасынан басқа барлық құтпалар намаздан кейін, ал, Арапа құтпасы болса, жұма құтпасы сияқты намаздан бұрын оқылады. Некеге қатысты құтпалар: 1) Құда түсердегі құтпа, 2) Уәлидің жауап бергенінен кейінгі құтпа, 3) неке келісімі жасалғаннан кейінгі құтпа, 4) Күйеу жігіттің некені қабыл алғанынан кейінгі құтпа.

Ибн Сурақа «Иғдад» атты кітабында: «Жұма және Арапа күндерінің құтпасынан басқа құтпалар сүннет. Ол екеуі болса парыз, намаздан бұрын күн төбеден ауғаннан кейін оқылады», - деген. әл-Мауарди де: «Жұма және Арафат құтпасынан басқа құтпалар намаздан кейін оқылады», - деп айтқан. Сондай-ақ ол: «Намазға дейінгі оқылатын құтпалар уәжіп, ал намаздан кейін оқылатындары сүннет», - деген. Қ.: М.Б. әз-Заркаши, «әл-Мәнсур», 2/121, Кувейт, 1405, 2-басылым. Тайсир Фаиқ Ахмад Махмуд редакциясы.

## Үйленуді жұртқа жария ету және той жасау мәселесі

Үйленгенде жұртқа жария ету және той жасау некенің шарттарына кірмейді. Бірақ үйленгендігін жария ету және дабыл қағу мұстахап амалына жатады. Той үстінде шарифат әдебінен шықпай өлеңдер оқылып, ән айтылса оның еш айыбы жоқ. Мысалы, Пайғамбарымыз *(аләйһис-саләту уәс-сәләм)* Ансарларға:

*Әтәйнәкум әтәйнәкум фә хаиунә нухәййкум  
Ләу лә әз-зәһәбу әл-ахмару мә хәлләт-би уәәдикум  
Уәләу лә алхинтоһ ассәудәә ма сәмунәт газарикум*  
деп ән айтуын насихаттаған.<sup>349</sup>

Бұл қазақ халқында жар-жар болып қалыптасып кеткен.

Абдулла бин Зубәйр *(р.анһ.)* Пайғамбарымыздың *(аләйһис-саләту уәс-сәләм)*: «Некені жария етіңдер»,<sup>350</sup> - дегенін жеткізген.

Тағы бір хабарда: «Некелескендеріңді жұртқа көрсетіңдер», - деп айтылған.

Айша анамыз *(р.анһ.)*: «Ансарлардың біріне әйелді тұрмысқа бердік», - деп айтқанда, Аллаһтың елшісі *(аләйһис-саләту уәс-сәләм)*: «Сендермен күліп-ойнап көңіл көтеретін біреу болды ма? Өйткені ансарлар көңіл көтеруді жақсы көретін»<sup>351</sup>, - дейді.

Амир ибн Сағдтан *(р.анһ.)*: бірде Қирза бин Кағб пен Әбу Мәсғудты *(р.анһ.)* үйлену тойында көрдім, олардың қасында өлең айтылып жатыр екен. Сонда мен олардан: «Сендер Аллаһтың елшісінің *(аләйһис-саләту уәс-сәләм)* Бәдірге

<sup>349</sup> Әл-Мұғни 7-том, 63-бет. Әл-Мустадрок алә әс-сахихайн 2-том, 201-бет. 2750-хадис.

<sup>350</sup> Муснад Ахмад 4-том, 5-бет.

<sup>351</sup> Ал-Мустадрок ғала әс-сахихайни, 2-том, 200-бет, 2749-хадис.

қатысқан үлкен сахабаларысыңдар. Сендердің қастарыңда осылай етіп жатыр, бұндай жерде қалай отырсыңдар», - деп сұрадым. Сонда ол екеуі: «Егер қаласаң бізге қосыл, ал егер ұнатпасаң бара бер, өйткені Аллаһтың елшісі *(аләйһис-саләту уәс-сәләм)* бізге үйлену тойында көңіл көтеруге, басымызға қиындық түскенде жылауға рұқсат берген»,<sup>352</sup> -деп жауап берді.

Пайғамбарымыз *(аләйһис-саләту уәс-сәләм)* үйлену тойында дабыл соққанды жақсы көретін делінеді. Кейбір риуаятта: «оны *(яғни дуфын)* дауыс ырғағымен қоса қатты соғыңдар», -дегені баяндалады.

Жәбирден *(р.анһ)*: «Айша анамыз туысының бірін ансарлардың біріне некелестірді. Сонда Аллаһ елшісі *(аләйһис-саләту уәс-сәләм)*: «Қызды тұрмысқа бердіңдер ме әрі онымен бірге *әтәйнәкум әтәйнәкум фә хаийанәә уа хәйһаакум* деп айтатын біреуді қоса жібердіңдер ме?»<sup>353</sup>, - деп сұрағаны риуаят етіледі.

### Отбасын құрудың мақсаты

Аллаһ Тағала адамзатты жаратты және оны жер бетіне халифа (басшы) қылды әрі оны ең құрметті етті. Сондай-ақ барлық жаратылысты оның игілігіне арнап, қызмет еттірді. Құран Кәрімде:

وَسَخَّرَ لَكُم مَّا فِي السَّمَاوَاتِ وَمَا فِي الْأَرْضِ جَمِيعًا مِنْهُ إِنَّ فِي ذَلِكَ لَآيَاتٍ لِّقَوْمٍ يَتَفَكَّرُونَ

<sup>352</sup> Әл-Мустадрак ғалә әс-сахихайни, 2-том, 201-бет, 2752-хадис.

<sup>353</sup> ас-Сунанил Күбро, 3-том, 332-бет, 5566-хадис.

**«Және де Ол, Өз тарапынан сендер үшін көктердегі әрі жердегі барлық нәрсені бағындырды. Шын мәнінде осыларда түсінген ел үшін белгілер бар»<sup>354</sup>**, -делінген.

Адамзатқа осы әлемді көркейтуді әрі тек бір Аллаһқа ғана құлшылық етуді бұйырды. Құран Кәрімде Салих пайғамбардың өз еліне: **«Ей, елім! Аллаһқа құлшылық қылыңдар. Сендердің Одан басқа ешбір тәңірлерің жоқ. Ол, сендерді жерден таратып әрі онда өмір сүргізді. Енді Одан жарылқау тілеңдер және Оған тәубе қылыңдар. Күдіксіз Раббым жарқын тілекті қабылдаушы» деді»<sup>355</sup>**- дегені баяндалған.

Адам баласының жер бетінде өмір сүріп, көркеюі тек бір жеке тұлғамен немесе бір кезеңде өмір сүрген халықпен ғана жүзеге аспайтыны анық. Негізінде адам ұрпақтары жер бетінде мыңдаған ғасырлар бойы өмір сүруі тиіс. Ал, адам баласының көбейіп, өсіп-өнуі, үйленіп, отбасын құрап, өзінен кейін ұрпақ қалдырғанда ғана жүзеге асады. Ол тек шариғи талаптарды қатаң ұстай отырып үйлену нәтижесінде іске асады. Сондықтан отбасын құрып, үйлену адам баласының нәсілінің жер бетінде өмір сүруі үшін негізгі жол болып табылады.

Сол сияқты Аллаһ Тағала барша әлемді және адамзатты қиямет күніне дейін жалғасуға үкім етті. Адамзаттың сол күнге дейін жалғасуы ер мен әйелдің ұрпақ әкелуі арқылы жүзеге асатыны белгілі. Өйткені некеге тұрмаған ер мен әйелдің жыныстық қатынаста болуы тексіздікке, адамзаттың азып-тозуына және әр түрлі ауруларға әкеледі, сондай-ақ әйелді асырап бағатын, оған қамқорлық жасайтын ер кісінің болмауы келеңсіз оқиғаларға ұшыратады. Ал некелессе, ер кісі шариғаттың және заңның алдында

<sup>354</sup> Жасия сүресі, 13-аят.

<sup>355</sup> Худ сүресі, 61-аят.

осының баршасын жауапкершілікпен өз мойнына алады. Сондықтан ер мен әйелдің жыныстық қатынасқа түсуіне заңды түрде рұқсат ететін шариғи заңдарға сай қиылған некелесуден басқа алға қойылған мақсаттарға жететін жол жоқ<sup>356</sup>.

Шариғи талаптарға сай қиылатын некенің өзіндік көптеген пайдалары бар. Олардың ең бастылары мыналар:

**Бірінші:** Ислам дінінің талаптарына сай қиылған неке құрметке лайық, салт-дәстүрге сай, ақылға қонымды ұрпақ әкелетін негізгі жол. Өйткені некені тектілік жолмен адамзаттың жалғасуы үшін шариғатта заңдастырған.

Шариғи талаптарға сай неке қиюдың да басты мақсаты осы. Сондай-ақ осы некелесу арқылы адам ұрпақтары көбейеді. Осылайша ислам діні көрсеткен ұрпақтың дүниеге келу жолын сақтау арқылы адамның өмір сүруі жалғаса береді.

**Имам әл-Ғазали**<sup>357</sup> ұрпақ арқылы Аллаһ Тағалаға жақындаудың және нәпсі қалауларына еріп, шаһуатына ерік бермей шариғи талаптарға сай түрде некелесуге қызықтырып, олардың сүр бойдақ болып Аллаһ Тағаланың алдына бармаудың төрт түрлі бағыты бар екендігін айтқан:

**Бірінші:** адамзат нәсілінің жер бетінде өмір сүруі үшін ұрпақ көбейтуге тырысу Аллаһ Тағаланың сүйіспеншілігіне бөлендіреді.

**Екінші:** Аллаһ елшісінің (аләйһис-саләту уәс-сәләм) үмбеттерінің көбеюіне өз үлесін қосуы пайғамбарымыздың махаббатына лайықты қылады.

<sup>356</sup> Әл-Мабсуд 4-том. 193-бет.

<sup>357</sup> Ихйа ғұлумуд-дин, лил-имам әл-Ғазали, 2-том, 24-бет.

**Үшінші:** Өзінен кейін дұға жасайтын салихалы ұрпақ қалдырады.

**Төртінші:** Тіпті дүниеге келген сәбиі өзінен бұрын шетінесе, онда ол қиямет күні шапағатшы болады. Әбу Суннан: «менің Суннан атты ұлым жастай қайтыс болып, оны жерледім. Сонда Әбу Талха әл-Хауалани қабірдің басында отырған болатын. Сосын мен қабірден шығайын деп жатқанда ол менің қолымнан демеп: «Уа, Әбу Суннан мен сені бір нәрсемен қуантайын ба?»,- деді. Сонда мен: «Әрине»-дегенде ол маған: «Пайғамбарымыздың *(аләйһис-саләту уәс-сәләм)*: «Егер бір пенденің баласы өзінен бұрын дүние салса, онда Аллаһ Тағала періштелеріне: «Сендер менің *(пәленше деген)* пендемнің жанын алдыңдар. Сонда *періштелер*: «иә» деседі. Сонда Аллаһ Тағала: «Сендер оның жүрек жарды жемісін жұлып алдыңдар» дейді. Сонда *періштелер тағы да*: «иә» деседі. Аллаһ Тағала: «пендем не деді» деп сұрайды. Сонда *періштелер*: «ол саған қайтты» деп, *Сені мадақтап Саған мақтау айтты»-деп жауап қайырады. Аллаһ Тағала: «олай болса, пендеме жұмақтан бір үй тұрғызыңдар әрі ол үйді мақтау-мадақ үйі деп атаңдар» деп бұйырады»*<sup>358</sup> дегенін әд-Дахак бин Әбдуррахман бин Арзабтан Әбу Муса әл-Ашғари риуаят еткен.

Сондай-ақ Ибн Мәжәһ және Мәлик пен ән-Нәсәий Әбу Сағидтен риуаят етілген хадисте Аллаһ елшісіне *(аләйһис-саләту уәс-сәләм)* әйелдер: «бізге де бір күнді арнаңыз», - дейді. (Яғни бізге қатысты үгіт-насихат айтыңыз деседі). Сонда Аллаһ елшісі *(аләйһис-саләту уәс-сәләм)* оларға: «Қандай да бір әйелдің үш баласы қайтыс болатын болса, онда олар *(қиямет күні)* анасын тозақ отынан қорғайтын қорған

<sup>358</sup> Сунән әт-Тирмизи, 3-том, 332-бет. 1021-хадис. Жаназа кітаабы, Бұл хадисті Әбу Иса хасан ғариб деп бағалаған.



болады», - деп айтады. Сонда әйелдердің бірі: «Егер екеу ғана болса ше», - деп сұрайды. Сонда Аллаһ елшісі (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Екеу болса да солай»<sup>359</sup>, - деп жауап береді.

Әбу Һурайра (р.анһ.): «Егер балалары балиғат жасына жетпеген болса» - дегенді қосқан.

Әбу Һурайрадан (р.анһ.) жеткен басқа бір риуаятта Аллаһ елшісі (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Егер бір мұсылманның үш бірдей баласы дүние салса, онда оны тозақ оты қармамайды. Тек егер өзі күнә іс жасаған болмаса», - деген.

Баланың себебінен Аллаһ Тағалаға жақындататын бесінші жолды қосуға болады.

Егер кімде-кім үш қызды немесе екі қызды немесе екі қарындасын бағып-қағып жақсы қарап, имандылыққа тәрбиелесе, онда олар әке-шешесінің жұмаққа кіруіне себеп болады. Бұған Әбу Сағид әл-Хадри риуаят еткен пайғамбарымыздың (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Кімде-кім үш қызды бағып-қағып, имандылыққа тәрбиелеп, оларды тұрмысқа берсе, олардан бар жақсылықты аямаса, онда оның сыйы жұмақ болады»<sup>360</sup>, - деген хадисі дәлел болады.

Әбу Сағид әл-Хадриден жеткен басқа бір хадисте: «Кімде-кімнің үш қызы немесе үш қарындасы немесе екі қызы немесе екі қарындасы болып, оларға жақсы қараса,

<sup>359</sup> Сахих ал-Бухари, 7-том, 59-беттен, 1180-1181-хадис. Китабул Жанаиз, 23-том, 110-бет, 6257-хадис. Китабул Иман уән-Нузур, Сахих Муслим, 2028-бет, 2632-хадис. Китабул Бирр уәс-Силлаһ уәл-Әдәб, ибн Мажаһ, 1-том, 512-бет, 1203-1207-хадис. Китабул Жанаиз, ат-Тирмизи, Тирмизи, 3-том, 365-366-бет, 1060-хадис. Китабул Жанаиз, Шархуз Зарқаани, 2-том, 75-беттен, 557-558-хадис. ал-Хасабаһ фи ал-Мусибәһ, ан-Насааий, 4-том, 25-бет, 1875-хадис. Китабул Жанаиз, уәл-Лафз лил-Бухари уәл-Муслим.

<sup>360</sup> Әбу Дәуд, 4-том, 345-бет, 5148-хадис, Китабу әл-Әдәб.

оларды тақуалыққа тәрбиелесе, ол жұмаққа кіруге лайықты болады»<sup>361</sup>-делінген.

Хармаләтә бин Ғимраннан (р.анһ.) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Кімде-кімнің үш қызы болып оларға сабыр етсе, оларды адал жолмен ішкізіп-жегізсе, киім кигізсе, онда олар қиямет күні оны тозақ отынан қорғайтын қалқан болады»<sup>362</sup>,-деген.

Жоғарыда айтып өткеніміздей үйленудегі маңызды мақсат-ұрпақ қалдыру, дүниеге бала әкелу. Сондықтан бұрынғылардың айтқанындай ұрпақ көптігі халық арасында құрметке бөлейді. Ұрпағы көп әулетке көпшілік жағдайда зорлық-зомбылық жасалмайды. Бұрынғы жаугершілік заманда ұрпақтың көп болуы жауларын имендірген, көп арасында беделдерінің жоғарлауына септігін тигізген.

Бұл қазір де өз күшін жоймай келеді. Бірде ақын Ахнаф ибн Қайс, Мағауияның үйіне кіріп, Зәйдті (Зәйд Мағауияның ұлы) көтеріп тұрған оған таңырқай қарайды. Сонда Мағауия оған: «Иә, Әбу Бакір, бала жайында не айтасың?»,-дейді. Оның нені меңзегенін түсінген Ахнаф ибн Қайс: «Мұсылмандардың әміршісі, олар арқамызды тік ұстап тұратын тірегіміз, жүрегіміздің жемісі, көзіміздің нұры, дұшпандарымызға үрей тудыратын қалқанымыз, бізден кейін артымызда қалатын ұрпағымыз, жерімізді қорғайтын, аспанымыздың ашық болуына бар қажыр-қайратын жұмсайтындар болады»,-деп жауап береді. Сонда Мағауия: «Аллаһ саған жар болсын, жақсы сипаттадың»<sup>363</sup>,- деп разылығын білдірген.

<sup>361</sup> Ат-Тирмизи, 4-том, 318- беттен, 1912-1916-хадис, Китабул Бирр уәс-Силлаһ.

<sup>362</sup> Ибн Мажәһ, 2-том, 1210-бет, 3669-хадис, Китабу әл-Әдәб.

<sup>363</sup> Фикһ ас-Суннаһ. Сабик, 2-том, 138-беттен басталады.

**Кейбір хикаяларда** тіпті қияметте шетінеген баланың шапағаты болатыны айтылады. Бағзы бір салихалы адамдардың үйленуді ойламай тек құлшылықпен болғаны баяндалады. Солардың бірі бірде кенеттен ұйқысынан оянып жұртқа: «мені үйлендіріңдерші»-деп өтінеді. Осылайша ол үйленеді. Үйленуді қаламай жүріп, кенеттен үйленгісі келгенінің себебін сұраған адамдарға ол: «Бәлкім Аллаһ Тағала маған бала нәсіп етер, немесе оның жанын менен бұрын алар». Себебі мен бір түс көрдім. Онда қиямет-қайым болған екен деймін. Сонда мен барша адамзаттың арасында бір тамшы суға зар болып шөлдеп тұр екенмін. Сондай-ақ барлық жаратылыс иелері де шөлдеп, шаршап-шалдығып тұр екен. Біз осылай қалжырап тұрғанда жас балалар нұрдан жасалған орамалдар ұстап, жұртты аралап, күмістен жасалған құмандармен, алтыннан жасалған кеселерге біртіндеп су құя бастады. Мен де олардың біріне қолымды созып: «маған да су беріңдерші, қатты шөлдедім», -деп су сұрадым. Сонда ол: «біздің аразымызда сенің балаң жоқ, біз тек өз ата-анамызға ғана су береміз,-деді. Сонда мен олардан: «сендер кімсіңдер»,-деп сұрадым. Олар: біз мұсылмандардың жастай шетінеген балаларымыз», - деп жауап берді»<sup>364</sup>, -деген.

Міне сондықтан «**Фи игнати ат-Талибин**» және «**Муғни ал-Мухтаж**» кітабында<sup>365</sup> келгеніндей некелесудің басты үш мақсаты бар:

Ұрпақ қалдыру, адам бойындағы оның денсаулығына зиян келтіретін мәни суын шығарып, ләззат алу. Міне, осы үшіншісі тіпті жаннатта да жалғасады. Онда ұрпақ көбею

<sup>364</sup> Аз-Зауаж әл-Ислами әс-Сағид- Китабун Никах ли Әби Хамид әл-Ғазали -Тахқик. Мухаммад Ғусман әл-Хашат, 21-22- бет, мактабатул Қуран.

<sup>365</sup> ИғанатутТалибин, 3-том, 253-бет, Муғни әл-Мухтаж, 3-том, 124-бет.

және денсаулыққа зиян келу деген болмайды. Неке ертеден жалғасып келе жатқан үрдіс. Тіпті сонау Адам атадан бастап бастау алып, жаннатта да жалғасады.

Екіншіден шайтаннан қорғану, нәпсі құмарлықты сындыру, шәһуатты дұрыс пайдалану. Сондай-ақ көзді бөтен әйелдерге қараудан және зина жасаудан сақтау. Бұл ерге де әйелге де қатысты.

**Некелесу ең жақсы табиғи жол.** Осындай шариғи жолмен некелескен адам денесін рахатқа бөлейді, нәпсі күресін тоқтатады, харамға қараудан тыйылады. Аллаһтың адал еткенімен жүрегі орнығады.

Бұл жайлы Аллаһ тағала Құран Кәрімде:

وَمِنْ آيَاتِهِ أَنْ خَلَقَ لَكُمْ مِنْ أَنْفُسِكُمْ أَزْوَاجًا لِتَسْكُنُوا إِلَيْهَا وَجَعَلَ  
بَيْنَكُمْ مَوَدَّةً وَرَحْمَةً إِنَّ فِي ذَلِكَ لَآيَاتٍ لِقَوْمٍ يَعْتَكِرُونَ

*«Сендерге, оған тұрақтауларың үшін өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратып, араларыңа сүйіспеншілік, мейірімділік пайда қылғандығы да Оның белгілерінен. Сөз жоқ, осыларда ойланған елге белгілер бар»*,<sup>366</sup>-деген.

Бұл аяттың екі түрлі тәпсірі бар:

**Бірінші:** некелесу сүйіспеншілікке, махаббатқа, мейірімділікке бастайды.

**Екіншісі:** жұбайына сүйіспеншілік, ал баласына мейірімділік болады. Осы жайында Хасан әл-Басри<sup>367</sup>: «некелесу арқылы ерлі-зайыптылар бір-бірінен рақат, ләззат

<sup>366</sup> Рум сүресі, 21-аят.

<sup>367</sup> әл-хауи әл-Кабир, лиәби әл-Хасан Әли бин Мухаммад Хабиб әл-Мәуруди әл-Басри, 9-том, 3-бет.

алады. Осылайша адам шаттанып, адал жарымен өзін бақытты сезінеді.»<sup>368</sup>, - деген.

**Үшіншіден:** Ер азамат отбасын тәрбиелеуге, қорғауға, қамқорлығына алуға және жауапкершілікті көтеруге машықтанады. Оның жолында қиындыққа шыдайды. Балаларының дұрыс өсуіне күш-жігерін жұмсайды, тұлға болып қалыптасуына жағдай жасайды. Отбасы үшін әрі адал кәсіп етіп, тамақтандырады. Өзін ғана түзетумен ғана емес, балаларын да түзетумен шұғылданады. Сөйтіп үйлену арқылы адам қоғаммен араласады.

Сондай-ақ отбасының және балаларының тәлім-тәрбиесіне сабырлықпен ыждағаттық танытса, оларға жақсы тәрбие берсе, онда ол адам Аллаһ жолында соғысқан адамның мәртебесімен бірдей сауап алады.

Бәшар: «Ахмад ибн Ханбал үш қасиетімен меннен артықтау. Соның бірі ол отбасылы болғандықтан адал еңбек етіп, өзіне және өзгеге пайдасын тигізеді», - деп отбасылы адамның жоғарырақ сауап алатынын айтады.

Әбу Масғудтан *(р.анһ.)* жеткен хадисте пайғамбарымыз *(алейһис-саләту уәс-сәләм):* «Егер бір кісі отбасының напақасын берсе, онда ол оның берген садақасы болып саналады»<sup>369</sup>, - деп айтқан.

Ибн Мубәрак бауырларымен бірге соғыста жүреді. Бірде ол бауырларынан: «Сендер біздің осы ісімізден артық істің не екенін білесіңдер ме?» –деп сұрайды. Сонда олар: «жоқ білмейміз», - деп жауап береді. Ол: «мен білемін», - деді. Олар: «ол не екен?» -деп оған қарайды. Ол: «отағасының өз отбасына жақсы қарап, жұмсақ болса, түнде тұрып, балаларына қарап, олардың ашық жерін жап-

<sup>368</sup> Әл-Мухтар журналында келтіріледі. 1946-жыл, нисан айында жарық көрген. 27-бетінде.

<sup>369</sup> Әл-Бухари, 1-том, 213-беттен, 52-хадис, Китабул Иман.

са, киімімен жауып қымтаса, онда оның осы ісі, біздің осы амалымыздан әлдеқайда артығырақ болмақ»<sup>370</sup>, - дейді.

**Төртіншіден:** отбасындағы күнделікті атқарылатын істерді бөлісу, ретке келтіру, сыртқы атқарылатын жұмыстарды реттеу. Әйелі үй шаруаларымен айналысып, ерінің сыртта алаңсыз жұмыс істеуіне мүмкіндік тудырады. Ал күйеуі болса, адал жолмен кәсіп етіп, отбасына қажетті напақалары мен қажетті заттарды жеткізіп отырады. Осылайша үйлену өзінің берекелі жемісін береді. Екеуі бір- біріне жәрдем беріп, өмір сүрулері жеңілдейді. Айрандай ұйыған отбасына адамдар қызыға қарап, оларға мақтау айтады. Аллаһ Тағала да оларға разы болады.

Омар ибн Хаттаб (*р.анһ.*): «Пендеге Аллаһ Тағалаға иман келтіруден кейінгі берілген ең қайырлы нәрсе ол салихалы, иман жүзді, ибалы әйел»<sup>371</sup>, - деп айтқан.

**Бесіншіден:** Қоғамды жыныс мүшелері арқылы пайда болатын әр түрлі аурулардың таралуынан сақтау. Зинадан қорғау. Егер қоғамда СПИД, т.б. қауіпті аурулар белең алатын болса, онда ол дүниеге келетін ұрпақтардың денсаулығының бұзылуына, баланың жақсы өсуіне өз зардабын тигізері сөзсіз<sup>372</sup>.

**Алтыншыдан:** Отбасындағы адамдардың өзара қарым-қатынасын жақсартып, араларына сүйіспеншілік пен түсіністікті қалыптастыру. Міне, ислам діні адамзатты осындай ұлағатты, тәрбиелі отбасы болуға шақырады. Аллаһ тағала Құран Кәрімде:

---

<sup>370</sup> Ихиааи Ғулумуд-Дин, 2-том, 32-бет.

<sup>371</sup> Әл-Муржиғ әс-Сабиқ, 2-том, 31-бет. Хикмату әт-Ташриғ уә фәлсафтуһу лиш-Шейх Әли Ахмад әл-Жаржауи 2-том, 8-бет, (1398 ж)

<sup>372</sup> Тарбиату әл-Әулад фи әл-Ислам. д.Абдоллаһ Насих Ғилуан. 1-том, 36-бет.

وَهُوَ الَّذِي خَلَقَ مِنَ الْمَاءِ بَشَرًا فَجَعَلَهُ نَسَبًا وَصِهْرًا وَكَانَ  
رَبُّكَ قَدِيرًا

**«Ол сондай Аллаһ, (мәни) судан<sup>373</sup> адам жаратып, оны ұрпақ және жегжат қылды. Раббың күшті»,<sup>374</sup>**-деп баян еткен.

Абдуллаһ ибн Омар (р.анһ.) Пайғамбарымыздың (аләйһис-саләту уәс-сәләм): *«Дүние ол бір нығмет. Ал осы нығметтің ішіндегі ең қайырлысы, ол – салихалы, ибалы, инабатты әйел»<sup>375</sup>*, -дегенін жеткізген.

Әбу Умәмә (р.анһ.) Аллаһ елшісінің (аләйһис-саләту уәс-сәләм): *«Мұсылманның Аллаһ Тағалаға деген тақуалығынан кейін ең қайырлы нәрсесі – оның салихалы әйелі. Егер оған бір нәрсені орындауды бұйырса, ол оған мойынсынады (орындайды). Егер оның жүзіне қараса, көңіліне қуаныш ұялайды, егер одан ұзақ кетсе, онда ол өз нәпсісі мен күйеуінің мал-мүлкін сақтап, оған ие болып отырады»<sup>376</sup>*, -деп айтқанын риуаят еткен.

**Жетіншіден:** Бұл – Пайғамбарымыздың (аләйһис-саләту уәс-сәләм) сүннеті. Ал сүннет ижмағ бойынша нәпілден жоғары тұрады.

<sup>373</sup> Әл-Хауи әл-Кәбир, 9 том, 3,10-беттерден кейін. Адам баласы осы (мәни) су арқылы көбейіп, тарайды. Әрі өзінің тегін осы арқылы басқалардан ажырата біледі. Аяттағы «әс-саһр» сөзі туралы екі түрлі пікір бар. Оның біріншісі, ана сүті арқылы (бір емшектен емген бауырлар арқылы) тарайды десе, екіншісі көпшілік ғалымдар қолдаған пікір бойынша некелесу арқылы тарайды дейді. Негізі бірігу, қоғам болу, адамзаттың араласуы некелесу нәтижесінде болады. Әйелдер ер адамдармен араласып жүретіндіктен олар бірігуге, одақ құруға, отбасын қалауға негіз болатыны анық

<sup>374</sup> Фурқан сүресі, 54-аят.

<sup>375</sup> Сахих Муслим, 109-бет. 1467-хадис. КитабурРидағ

<sup>376</sup> Ибн Мәәжәһ, 1-том, 596-бет, 1857-хадис. Китабун-Никах.

**Сегізіншіден:** Сүннетті орындау туралы насихат, ескерту бар, Ал нәпілдерді орындау туралы ескерту жоқ.

**Тоғызыншы:** Аллаһтың елшісі *(аләйһис-саләту уәс-саләм)* бойдақ өмір сүрмеген, отбасын құрған. Көптеген жұбайларға үйленген. Сондықтан отбасын құру – нәпілден жоғары. Пайғамбарымыз *(аләйһис-саләту уәс-саләм)* өзі бұны берік ұстанса, онда үмбеттерінің де берік ұстануы бекітілген болады. Сол үшін некелесу – шарифатымызда жалпыға бірдей бекітілген сүннет. Егер бұл тек Пайғамбарымызға *(аләйһис-саләту уәс-саләм)* ғана қатысты болса дәлелі болар еді.

**Оныншы:** Отбасын құрудың дін және дүние үшін де пайдасы зор. Некелесу – ерлі-зайыптылардың сүйіспеншілігі, ауызбіршілігі, зинадан аулақ болуы, ұрпақ жалғастыруы. Сондай-ақ әйелдің асыраушысы болады.

1959 жылы маусым айының 7-жұлдызында<sup>377</sup> Египет жастар баспасөзі бетінде Біріккен Ұлттар Ұйымы жүргізген есептің нәтижесі жарияланды.

Онда үйленгендердің үйленбеген, ажырасқан, жесір немесе бойдақ адамдарға қарағанда ұзағырақ өмір сүретіні анықталған. Біздің сеніміз бойынша адам өмірі өлшеніп, тағдырына жазылып қойған.

Есептің қорытындысында, үйлену ер кісінің де, әйелдің де денсаулығы үшін бірдей пайдалы деп тапқан.

Үйленудің басқа пайдаларын қозғамай-ақ тек дүниеге бала алып келуді айтсақ та жеткілікті. Египет Ата заңының екінші бабының бірінші бөліміндегі тоғызыншы тарауда: «Отбасы қоғамның негізі. Оның тірегі діні мен ұлттық мінез-құлығы», - деп жазылған.

Ата заңның оныншы тарауында аналар мен балалардың құқығын қорғауға ерекше мән берілген. Онда: «Мемлекет аналар мен балалардың құқығына кепілдік береді, жастар

---

<sup>377</sup> Фикһ әс-Суннаһ, 2-том, 140-бет.



мен жасөспірімдерге қамқорлық көрсетеді, олардың болашағы үшін барлық жағдай жасалады», - делінген.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ата заңының 27-бабында:

1. Үйлену және отбасы, ана мен бала мемлекет қамқорлығында;
2. Балаға қамқорлық көрсету, оларды тәрбиелеу ата-ананың жауапкершілігі;
3. Кәмілетке толған және жұмысқа жарамды бала жұмыс істеуі керек, ал жұмысқа жарамсыз балалар ата-анасының қамқорлығында болады, - деп көрсетілген.

### ***Тақуаның әңгімесі...***

Аллаһ елшісі бір күні хазіреті Әлидің үйіне кіріп келсе бибі Фатима екеуінің өз ара күлісіп жатқанын көреді. Хақ пайғамбарды көрісімен күлкілерін баса қояды. Пайғамбар (*саллаллаһу аләйһи уә сәлләм*) олардың осы қылықтарын көріп іштей риза болады. Оларға:

- Неге күліп жатыр едіңдер? Мені көрісімен неге басыла қалдыңдар? деп сұрайды. Хазіреті Фатима сонда:
- Пайғамбарым! Әли маған «Аллаһ елшісі (*саллаллаһу аләйһи уә сәлләм*) сенен қарағанда мені қатты жақсы көреді» деді. Мен оған: «Жоқ, мені қатты жақсы көреді» дедім. Аллаһ елшісі күлімдеп:
- Қызым! Сені менің балам болғаның үшін одан қатты жақсы көремін. Бірақ Әлидің қадірі мен үшін сенің қадіріңнен артық дейді<sup>378</sup>.

<sup>378</sup> Жума, Нисауу әһлил-бәйт.

## Ерлі-зайыптылардың жақындасу әдептілігі

Жақындасудың сүннетте бекітілген бірнеше әдебі бар. Бұлардың кейбірін айта кетуге болады<sup>379</sup>. Алдымен ерлі-зайыптылардың «бисмиллаһ» деп айтуы мұстахап. Сондай-ақ, «Ықылас» сүресін оқып тәкбір, тахлил (ләә иләһә иллаллаһ) айтады. Сосын былай дейді: ***«Бисмиллаһил-алиил-азим. Аллаһуммәжалһә зурриятән тайибәтән. Ин кунтә қаддартә ән тухрижә зәликә мин сулбии. Аллаһуммә жәннибниш-шайтанә уә жәннибниш-шайтанә мәә разактәни»***.

Яғни: *«Ұлы да асқақ Аллаһтың атымен. Егер нәсәбімнен бір ұрпақ шығуын жазған болсаң Өзің мұны жақсы, салихалы ұрпақ ет! Аллаһым! Шайтанды менен аластат және маған нәсіп ететін ұрпақтан да шайтанды алыстат»*.

Ерлі-зайыптылар бүркенуі тиіс. Сондай-ақ, кейбір ғалымдар арасында жұма түні жақындасу – мұстахапқа жатады дегендер бар<sup>380</sup>.

## Құрсақтан түсік тастау

Төртінші айдан, яғни бала көтергеннен аттай жүз жиырма күн өткен соң себепсіз түсік тастаудың харам екендігіне қатысты ғалымдар арасында ауызбірлік бар. Бұл сонымен қатар түсікке қатысты құн төлейтін қылмыс болып саналады. Өйткені бұл жерде денеде жаны бар бір адамды өлтіру деген сөз.

Әйтсе де ғұлама Зуһайли баланы көтерген сәттен бастап түсік тастаудың дұрыс еместігін және оның да қылмыс екенін алға тартады. Ол бала көтерген әйел тек

---

<sup>379</sup> Зуһайли, а.а.е. 4/360.

<sup>380</sup> Сол жерде.

әлде қандай себебі болса ғана, түсік тастай алатынын айтады. Мысалы, айықпас дерт, жұқпалы ауру не болмаса омыраудағы баласы болып сүт тоқтап қалатын болса яки сол баланы емізетін басқа бір сүт ананы таба алмаса, немесе сүт ана тапқан күйде де әкесі сүт анаға ақысын өтей алмаса т.б осыған ұқсас жағдайлар үзірге жатады. Ғұлама Зуһайли: «егер әдейі себепсіз алғашқы күндерде-ақ түсік тастайтын болса онда бұл баланы тірі көмгенмен бірдей» деген Имам Ғазалидің пікіріне қосыламын дейді<sup>381</sup>.

Сондай-ақ, осы тақырыпқа қатысты төрт мәзһабтың пікірлерін де айта кетелік.

Ханафилер бойынша әлі баланың дене бітімі жаралмаған болса, онда бұл кезеңде себебіне байланысты түсік тастауына болады. Баланың жаратылуы жүз жиырма күннен соң ғана пайда болады. Олар Пайғамбарымыздың (*аләйһис-саләту уәс-саләм*) құрсақтағы балаға жүз жиырма күннен соң рух үрленіп жан бітеді деген хадиске сүйенеді<sup>382</sup>. Бұл кезеңге дейін ұйыған қан болса да адам емес. Сондықтан себепсіз осы уақыт аралығында түсік тастау мәкрүһ амалға жатады. Егер себепсіз түсік тастаса онда күнәкар болады. Жоғарыда айтылған себептер осыған жатады.

Мәликилер бойынша, қырық күннен бұрын болса да түсік тастау харамға жатады. Сондай-ақ, қырық күннен бұрын түсік тастауды мәкрүһ дегендер де бар. Егер балаға жан бітсе, онда түсік тастау харамға жатады. Олар балаға жан біту қырық күннен кейін болады деген хадисті негізге алады<sup>383</sup>.

Шафиғилар бойынша, бала көтергеннен бастап алғашқы қырық күн аралағында себепсіз түсік тастау

<sup>381</sup> Сонда.

<sup>382</sup> Бухари, Бәдул-халк.

<sup>383</sup> Бұл туралы қараңыз: Муслим, Қадәр. Муснәд. 3/397.

– мәкрүһ болумен қатар мүбаһ. Бірақ мұның ерлі-зайыптылардың ризалығы болуы және сонымен қатар бала көтерген әйелдің зиянын шекпеуі қажет. Ал қырық күннен соң себепсіз түсік тастау сөзсіз харамға жатады.

Ханбалилер болса, бұлардың көзқарасы Ханафилердің пікірімен бірдей.

Сөз соңында, ғұламалар себепсіз түсік тастағанда әйелді бедеу қылатын барлық іс-әрекеттердің харам екендігін айтады. Бұл баланы тірідей жерге көмгенмен бірдей. Алайда ұрпағына жалғасатын қауіпті дерт болатын зәру жағдай бұл қағидадан тыс екендігін айтады. Мұнда жамандықтың алдын алу бар. Сондықтан ауыр науқасқа шалдыққан әйелдің бедеу қалуына кедергі жоқ<sup>384</sup>.

### Суррогат ана

Ислам дінінде ата-ананың балалы болуы да Аллаһтың нәсіп еткен несібелерінің бірі. Құранда:

لِلّٰهِ مُلْكُ السَّمٰوٰتِ وَالْاَرْضِ يَخْلُقُ مَا يَشَآءُ يَهَبُ لِمَنْ يَشَآءُ اِنَاثًا  
وَيَهَبُ لِمَنْ يَشَآءُ الذُّكُوْرَ. اَوْ يُزَوِّجُهُمْ ذُكْرَانًا وَاِنَاثًا وَيَجْعَلُ مَنْ  
يَشَآءُ عَقِيْمًا اِنَّهٗ عَلِيْمٌ قَدِيْرٌ

<sup>384</sup> Зуһайли. Сол жерде. Мұсылман қашан да шарифаттың шеңберіне шықпауы керек. Әсіресе түсік жайында абай болғаны абзал. Түсірген жағдайда қырық өлшеп, бір кесуі қажет. Жақында біздің елімізде осыған қатысты бір жағдай болады. Бір әйел бала көтеріп кейіннен УЗИ-ға түскенде сол жерден алты қолды баланың бейнесі шығады. Әлгі әйел енесіне айтқанда енесі шошып баласынан жасырып әлгі құрсақтағы «құбыжықтың» көзін жойдырады. Сонда әлгі ананың құрсағынан денесінде жаны бар үш бірдей ұл шығып, көз жұмады. Енесі осыны естігенде есінен танып, инфарк болады. Әйелдің күйеуі де есітіп бір шаңырақ қайғыдан қан жұтып, өзектерін өкініш өртейді. Иә, Аллаһ кейбір пендесіне қошқардай үш ұл нәсіп етсе де, түсік тастап күпірлік етіп, сәбилерін тірідей жерге көміп жатады.

**«Көктер мен жердің иелігі Аллаһ Тағалаға тән. Қалағанын жаратады. Кімге қаласа, қыздар, кімге қаласа ұлдар береді. Немесе ұлдар мен қыздарды жұп-жұбымен береді. Сондай-ақ қалағанын бедеу етеді. Күдіксіз Ол – толық білуші, аса күшті»<sup>385</sup>.**

Хақ Тағала жаратқан әрбір нәрсесін себепке қатысты еткен. Сондықтан бедеу әйел мен белі жоқ ер кісінің яки осыған қатысты әлде бір жағдай болғанда емделіп Аллаһтан бала тілеуінің ешқандай сөкеттегі жоқ. Бұлайша ем іздеу тағдыр сеніміне қайшы емес. Пайғамбарымыз «өлімнен басқаның бәрінің емі бар» деген. Хазіреті Ибраһим мен Зәкәрия пайғамбарлардың қартайған шағында балалы болуы да сол емделуге деген ынталандыру мен үміт. Дұғаның арқасында қара тас та қақ айырылып, тас омыраудан сүт шығады.

Бұл заманда техниканың оза шауып тізгінмен алысып бара жатқан шағы. Осыны пайдаланып егер ерлі-зайыптылар бір ұрығын, бірі жұмыртқасын алу арқылы арнайы медициналық орталықта жетілдіріп, одан кейін жұмыртқа иесі әйелдің жатырына орналастырып, әрі қарай бала сол анасының құрсағында жетіліп дүниеге келетін болса, онда бұл жолды пайдалануға болады. Бұдан тыс бөгде біреудің жатырына салатын болса, онда бұған Ислам діні рұқсат бермейді.

Қазіргі Ислам ғалымдары осы харам жолды беске бөледі.

1. Ерінің спермасын өзімен некелес болмаған бөгде бір әйелдің жұмыртқасына қосып жетілдіріп одан кейін соны әйелінің құрсағына орналастыруы.

<sup>385</sup> «Шура» сүресі, 49-50 аяттар.

2. Бөтен бір ердің спермасын пайдалану жолымен жетілдіріп, соны әйелінің құрсағына орналастыруы.
3. Ерлі-зайыптылардан алған жұмыртқа мен сперманы сыртта жетілдіріп, соны басқа бір әйелдің құрсағына орналастыруы.
4. Бөтен ердің спермасы мен бөгде бір әйелдің жұмыртқасын сыртта жетілдіріп одан кейін сол эмбрионды әйелінің құрсағына орналастыруы.
5. Ерінің спермасы мен әйелінің жұмыртқасын сыртта жетілдіріп сол эмбрионды әлгі ері екінші әйелінің құрсағына орналастыруы<sup>386</sup>.

Зина – бөгде әйел мен бөгде ердің бір-біріне деген жақындасуы ғана емес. Зинаның негізі – ұрпақтың заңсыз жолмен дүниеге келуі және ұрпақтың кімнен тарағаны беймәлім болуы. Сондықтан белі жоқ ердің бөгде біреудің ұрығын әйеліне салдыруы мен бірге жатқызуында ешқандай айырмашылық жоқ. Сондай-ақ, белі бар ердің де өзінің спермасы мен әйелінің жұмыртқасын бөгде бір әйелдің құрсағына салуы сол әйелмен бірге болғанмен тең. Зинаның мәні де ұрықтың некесіз әйелдің құрсағына түсуі.

Мұндай індет бізге Еуропадан келген. Еуропалықтар тіпті қазіргі таңда мұсылман әлемінен ұрық алдырып соны әйелдерінің жатырына салдырып, содан бала тудырып, әке болып көрінуде. Сондықтан сол елдерде қазір атасы кімнен екені белгісіз ұрпақ көбейіп кетуде. Қазақта «жеті атасын білмеген жетесіз» деп, ұрпаққа қатты мән берген. Егер харама жолдармен қазақ халқы да жүретін болса, көп ұзамай сақтардан бері гені мен ата-тегін көзінің қарашығындай

---

<sup>386</sup> ИСАМ, Илмихал. 143. Зуһайли.

сақтап Жаратушының жолымен келе жатқан қазақ елі жер бетінен жоғалары сөзсіз.

## Үйленудің әдептері

**1. Әрбір әйел, күйеуінен басқа әйелін талақ етуін талап етуіне болмайды.** Сол сияқты оның нәпақасына, хақысына қол сұқпауы қажет. Егер ер кісінің бірнеше әйелі болса, олардың барлығына бірдей жақсы қарауы, әділдікті сақтауы, оларды асырауы керек. Өйткені теңдік болмаса, әйелдер арасында көреалмаушылық, күндестік орын алып, қастандыққа, өшпенділікке бой алдырады. Аллаһ елшісі *(аләйһис-саләту уәс-сәләм)* бізді мұндай іс әрекеттерден тыйған. Бұл туралы Анас ибн Малик *(р.а.)* Аллаһ елшісінің *(аләйһис-саләту уәс-сәләм)*: *«Бір-бірлеріңмен таласпаңдар, әрі бір-бірлеріңе көреалмаушылық жасамаңдар, адамның сыртынан сөз айтпаңдар! Бәрің де Аллаһтың пендесі әрі бауырмал болыңдар. Мұсылман адам мұсылман бауырына үш күннен артық ренжуіне болмайды»*<sup>387</sup>, -деп айтқанын риуаят еткен.

Әбу Һурайра *(р.а.)* Пайғамбарымыздың *(аләйһис-саләту уәс-сәләм)* *«Әйелді әкесінің ағасымен немесе шешесінің ағасымен некелестірмеңдер»*-дегенін жеткізген. Басқа бір риуаятта: *«Ағасы айттырып үйленгелі тұрған қызға інісі үйленбесін. Ағаларың ұнатқан қызға көздеріңді салмаңдар»*<sup>388</sup>, -делінген.

**2. Әпкесі сіңілісінің күйеуіне өзі тұрмысқа шығу мақсатымен оны талақ етуді ұсыну дұрыс болмайды.** Мысалы: Әпкесі сіңілісінің күйеуіне: *«сіңілімді талақ ет мен саған тұрмысқа шығамын»*-деп талап етуі дұрысқа

<sup>387</sup> Әдәбул Муфрад, 1-том, 144-бет, 398-хадис.

<sup>388</sup> Әл-Муснад әл-Мустахраж ғала сахих әл-Имам Муслим, 4-том, 75-бет, 3273-хадис.

жатпайды. Себебі мұндай әрекет әпкелі-сіңілінің арасына дұшпандық тудырады. Екеуінің арасында бауырмалдық және туысқандық қарым-қатынас үзіледі. Пайғамбарымыз хадисінде: *«Егер сендер осылай жасайтын болсаңдар, сөзсіз туыстық қарым-қатынастарың үзіледі»*<sup>389</sup>, - деген.

3. Егер ер адамнан жоғарыда айтылған екі жағдайды талап етсе, қабыл алынбайды. Себебі ондай іс харамға алып барады, тиісті үкімін алады.

4. Егер бір ер кісінің бірнеше әйелі болса, онда олардың бәрін жыныстық қатынас тұрғысына орай бір жерде ұстауы ислам әдебіне сай келмейді.

5. Ерлі-зайыптылардың құпия қатынастарының тәртіптері<sup>390</sup>

6. Ерлі-зайыптылар өз арасындағы сезім құпияларын, жеке нәрселерін өзге адамдар ортасында жариялауына болмайды.

Әл-Хасаннан (р.а.), Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм) ерлер мен әйелдердің ортасында отырған-ды. Бір сәт ерлерге бетін бұрып: *«Сендер өзара отырғанда*

---

<sup>389</sup> Әл-Жамиғ әс-Сағир, 4-том, 195-бет.

<sup>390</sup> Ерлі-зайыптылар жыныстық қатынастан бұрын бір-бірінің шаһуатын қоздырғаны дұрыс. Омар бин Абулазиз (р.а.) пайғамбарымыздың (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Өздеріңнің шаһуаттарың қозғанындай, әйелдің де шаһуаты қозбайынша олармен қатынасқа түспеңдер. Асығып бел босатпаңдар. Сондықтан оны жыныстық қатынастан бұрын аймалап, сүйіп, сипалау керек. Содан кейін оның шаһуаты қозғанын көрсең ғана жыныстық қатынасқа түс», - дегенін жеткізген. Күйеуі әйелінің шаһуаты қозбай тұрып белін суытуы дұрыс емес. Әнәс ибн Мәликтен (р.а.) риуаят етілген хадисте: «Ер кісі әйелімен жыныстық қатынасқа түсер алдында шаһуатын қоздырсын. Сосын барып бел босатсын»-делінеді. Өйткені онсыз әйел адамның денсаулығына зиян келеді. Оның күні бойы мазасызданып жүруіне себеп болады», - деген



әйелдеріңмен оңаша қалғанда не істейтіндерің туралы айтатын шығарсыңдар»,- деді де әйелдерге де қарап: «Сендерде де өзара күйеулеріңнің не істейтіні туралы айтатын шығарсыңдар»,-деп сұрады. Бұған таңырқаған әйелдердің бірі: «олар (ер кісілер) айтады, бізде айтамыз»,- деді. Сонда Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «Енді олай етпеңдер. Өйткені ол екі шайтанның жыныстық қатынасқа түскені және ол екеуін адамдардың көріп тұрғаны сияқты болады»,-деп кеңес берді.

## Үйлену түрлері

### 1. Дұрыс (сахих) неке

Дұрыс (сахих) неке деп негізі мен шарттары толық болып қиылған некені айтамыз. Ақыл-есі толық және балиғат жасына жеткен мұсылман ер және ақыл-есі толық және балиғат жасына толған мұсылман қыздың араларында ешқандай үйленуге қатысты кедергісі жоқ және екі куәнің алдында қиылған неке жарамды болып, есепке алынады.

Ал енді осы дұрыс некенің нәтижелеріне келейік.

**Бірінші:** Неке қиылған соң ерлі-зайыптылар Ислами өлшем аясында бір-біріне төсек қатынасы адал болады. Құранда:

نَسَاؤُكُمْ حَرْثٌ لَّكُمْ فَاتُوا حَرْثَكُمْ أَنَّى شِئْتُمْ

**«Әйелдерің сендердің егіндіктерің. Егіндіктеріңе қалай қаласаңдар келіңдер»**,<sup>391</sup> – дейді.

Аллаһ елшісі (аләйһис-саләту уәс-сәләм) де: «Әйелдерің жайында Аллаһтан қорқыңдар. Сөзсіз олар сендердің

<sup>391</sup> «Бақара» сүресі, 223.

жандарыңдағы көмекшілерің. Оларды Аллаһтың аманаты ретінде алдыңдар. Һәм ұятты жерлерін Аллаһтың сөзі арқылы адал еттіңдер»,<sup>392</sup> – дейді.

Неке ердің әйеліне тек қана алдынан жақындауды адал етеді. Әйелінің артынан, хайыз, нифас не болмаса қажылықта ихрам кезінде төсек қатынасын жасауларына болуға болмайды.

Құранда:

وَيَسْأَلُونَكَ عَنِ الْمَحِيضِ قُلْ هُوَ أَذَىٰ فَأَعْتَرُوا النِّسَاءَ فِي  
الْمَحِيضِ وَلَا تَقْرُبُوهُنَّ حَتَّىٰ يَطْهُرْنَ فَإِذَا تَطَهَّرْنَ فَأْتُوهُنَّ مِنْ  
حَيْثُ أَمَرَكُمُ اللَّهُ إِنَّ اللَّهَ يُحِبُّ التَّوَّابِينَ وَيُحِبُّ الْمُتَطَهِّرِينَ

*(Мұхаммед) «олар сенен етеккір жайында сұрайды. Оларға: «Ол жиіркенішті нәрсе, етеккір кезінде әйелдерден аулақ болыңдар. Оларға тазарғанға дейін жақындаспаңдар. Қашан олар нақ тазарса, оларға Аллаһтың өздеріңе бұйырған жерінен жақындасыңдар» де»,<sup>393</sup> – дейді.*

Аллаһ елшісі әйеліне артынан жақындаған адам үшін: «Әйеліне артынан жақындағанға қарғыс айтылған»<sup>394</sup> дейді. Басқа бір хадисте де: «Хайыз кезінде әйелімен төсек қатынаста болған немесе әйелге артынан төсек қатынасын жасаған не болмаса болашақтан хабар берген адамға (сәуегей) барып оның сөздерін растаған адам Мұхаммедке түсірілгенді жалғанға шығарғанмен тең»,<sup>395</sup> – дейді.

<sup>392</sup> Әбу Дәууд, Мәнәсик. 56.

<sup>393</sup> «Бақара» сүресі, 222.

<sup>394</sup> Әбу Дәууд. Никах, 45.

<sup>395</sup> Тирмизи, Тахара, 102.

Егер адам осылай күнә жасаса садақа беруі қажет. Бір хадисте: *«Бір еркек әйеліне етеккір кезінде жақындаса егер етеккір қаны қызыл болса бір динар, сары болса жарты динар алтын ақшаны садақа етіп берсін»*,<sup>396</sup> – дейді.

Ерлі-зайыптылар бір-бірлеріне жалаңаш қарап, ұстай алады. Бірақ әдептілік тұрғысынан бір-бірлерінің жыныс мүшелеріне қарамағаны азбал. Хазіреті Айша: *«Мен Аллаһ елшісінің (аләйһис-саләту уәс-сәләм) ұятты жерлерін ешқашан көрген емеспін. Ол да менікін көрген емес»*,<sup>397</sup> – дейді.

**Екінші:** Үйлену арқылы әйел арнайы белгіленген мәһірге құқылы болады. Неке қиылған кезде мәһір туралы сөз қозғалмаса кейіннен әйел өз қатарларының өлшеміне тең мәһір алуға құқылы болады.

**Үшінші:** Әйел ерінің үйінде қалуы тиіс. Қолма-қол мәһірін алған әйел ерінің әзірлеген Ислам дінінің жөн көрген ерекшеліктерге сай үйде отыруы қажет. Ерінің әзірлеген үйі тұруға лайық болуы керек. Әйел ерінің туыстарымен бірге тұруды мақұлдап, үй-ішінде қызмет жасайтын болса, бұл оның мінезінің әсемдігінің белгісі.

**Төртінші:** Әйел нәпақа құқығына ие болады. Бұған киім, азық-түлік және үй-ішінің қажеттіліктері жатады. Егер әйел ерінің рұқсатын алмай сыртқа шығатын болса, нәпақа құқынан айырылады. Нәпақа ерге қатысты екендігі Құранда: *«Ананың тиісті нәпақасы баланың әкесіне міндет»*<sup>398</sup> дейді. Басқа аятта: *«Кеңшілік бай кісі өзіне Аллаһтың бергені бойынша нәпақа берсін. Ризығы азайтылған адам да нәпақаны Аллаһтың бер-*

<sup>396</sup> Тирмизи, Тахара, 102; Нәсәи, Тахара, 181. 1 динар шамамен 4 гр. 22 сынама алтын.

<sup>397</sup> Ханбәл, Муснәд.

<sup>398</sup> «Бақара» сүресі, 233.

*гені бойынша берсін. Аллаһ ешкімге озан бергенінен артық салмақ салмайды. Аллаһ ауыртпалықтан кейін жеңілдік береді»,<sup>399</sup> –дейді.*

**Бесінші:** Ерлі-зайыптылардың бір-бірлерінің ата-тегі мен үрім-бұтағымен өз арасында «сихри» қайын жұрттық туыстық пайда болады. Осыған қарай бір әйелмен үйленген ер бұдан кейін сол әйелінің анасы, яки әжесі, не болмаса қызы немесе немересімен үйлене алмайды. Бұл тыйым әйелі өлсе де, талақ етсе де жалғасын таба береді.

**Алтыншы:** Туған балалардың әке жағынан нәсілі айқындалады.

**Жетінші:** Ерлі-зайыптылар арасында мирас үкімі жүреді. Әйел ерінің жары болып тұрғанда яки «айну» талақпен ажырасып «ғиддат» күту мерзімі кезінде, не болмаса күйеуі хал үстінде жатып әйелін «айқын» талақпен ажырасып, сонда әйелі «ғиддат» күту мерзімі кезінде әлгі күйеуі көз жұматын болса, әйелі оның дүниесіне мирасқор болып қалады.

**Сегізінші:** Егер көп әйелі болса араларында әділдікті қатаң сақтауы тиіс. Бұл түнеу, нәпақа, киім және үй тұрғысында тепе-теңдікті қажет еттіреді.

**Тоғызыншы:** Қолма-қол мәһірін алған әйел ерінің заңды бұйрықтарына бағынуы тиіс. Ері әйеліне әдептілікке теріс, яки өзіне тиіс ислами құқығын аяқ асты ететін бұйрық беретін болса әйелдің оған бағынуы қажет емес. Мысалы, хайыз яки нифас күндерде күйеуі төсек қатынас жасағысы келсе, орамал, яки намаз, ораза, зекет тәрізді парыздарды тастауын бұйыратын болса, әйелі күйеуіне бағынбай парыздарын орындай береді. Өйткені әйел күйеуіне Аллаһтың әмірімен бағынады. Ал күйеуі осыны заңсыз жолға пайдаланып, жарына Аллаһтың әміріне

---

<sup>399</sup> «Талақ» сүресі, 7.

кері іс-әрекет жасатуы ең үлкен күнә және неке қиғандағы берген сертін бұзған болып саналады<sup>400</sup>.

**Оныншы:** Ерге әйелін басқаруда кеңшілік берілсе де оған жақсылап қарап, адамша қарым-қатынас жасауға мәжбүр. Құранда:

وَعَاشِرُوهُنَّ بِالْمَعْرُوفِ فَإِنْ كَرِهْتُمُوهُنَّ فَعَسَىٰ أَنْ تَكْرَهُوا شَيْئًا  
وَيَجْعَلَ اللَّهُ فِيهِ خَيْرًا كَثِيرًا

*«Олармен тіл табысыңдар. Егер оларды жек көрсеңдер, сендердің жақтырмаған нәрселеріңде Аллаһ көптеген хайыр жасаған»*,<sup>401</sup> – дейді.

## 2. Бұрыс (фасид) неке

Жүзеге асу шарттары толық болумен қатар дұрыстық шарттарында кемістігі бар некені «Бұрыс (фасид) неке» деп атайды. Атап айтқанда:

**Бірінші:** Куәларсыз қиылған неке бұрыс болып табылады.

**Екінші:** Әйелінің қыз бауырын, немере әпке, нағашы әпкесін әйелінің үстіне алу Құранда тыйым салынғандықтан жарамсыз болып саналады. Егер әйелінің үстіне осылардың бірін алса соңғы алғаны бұрыс болады.

**Үшінші:** Тұрмыстағы әйелмен оның тұрмыста екенін білмей үйлену жарамсыз. Өйткені тұрмыс құрған бір әйел ажырасып немесе ері өліп «ғиддат» күту мерзімін аяқтағанға дейін тұрмысқа шығуына болмайды. Мысалы, ері ұзақ уақыт бойы жоғалып кейіннен оның өлгенінен хабар алған әйел немесе өзін талақ еткенін естіген соң бөгде бір ерге тұрмысқа шықса бірақ кейіннен бұрынғы

<sup>400</sup> Зуһайли, а.а.е. 7/100. әл-Ихтияр. 2/140.

<sup>401</sup> «Ниса» сүресі, 19.

ерінің тірі екенін не болмаса өзін талақ еткені жалған болып шықса, кейінгі күйеуі де бұдан бейхабар болса екінші неке жарамсыз деп табылады.

**Төртінші:** Бір адамның үш талақпен ажырасқан әйелімен өзге біреумен тұрмыс құрып, одан қайта ажыраспай тұрып қайта үйленуі жарамсыз.

**Бесінші:** Үйленулері өмірлік харам болған қан, қайынжұрттық (сихри) немесе сүт туыстарының бірімен үйлену жарамсыз. Бұл жерде өзіне жақын екенін білу, яки білмеу мәселені өзгертпейді. Сәби кезінде екі жаққа кетіп бір-бірлерінің жақын екендерін білмей кейіннен кездесіп үйленген туыс не болмаса сүт бауырлар үйленетін болса бұл жарамсыз болып табылып дереу ажырасулары қажет.

**Алтыншы:** Уақытша неке кию да жарамсыз. Әбу Ханифа, Әбу Жүсіп, имам Мұхаммед бойынша мұндай мерзімі белгіленген неке жарамсыз болып табылады. Олар мұны «мұта» некесімен салыстырып үкім берген. Мысалы, бір ер бір әйелге «саған мұнша мәһір беріп, қарымына сені бір айға өзіме әйел етіп алдым» деп, әйел де осыны қабылдайтын болса, бұл уақытша неке болып саналады. Ханафилардан бөлек қалған үш мәзһабта да осы некені жарамсыз, жалған деп пәтуа берген<sup>402</sup>.

### ***Бұрыс некенің нәтижелері***

**Бірінші:** Жарамсыз бұрыс некеде ерлі-зайыптылар бірге тұрулары адал емес. Олар дереу ажырасулары қажет. Болмаса қазы оларды зорлықпен ажырастырады. Олар осыдан кейін де бір-бірімен төсек қатынас жасайтын болса, онда оларға зина жазасы беріледі.

---

<sup>402</sup> Касани, а.а.е. 2/268.

Бірақ бұл жерде қателігін түзеуге мүмкіндігі болса, түзейді. Мысалы куәсыз қиылған некені қайта куәлардың көз алдында қиып түзеуге болады. Сондай-ақ уақытша некені де қайтадан өмірлік деп қиса неке түзеледі. Бірақ қан, қайын жұрттық, сүт туыстығы сияқты мәңгілік тыйым салынған жағдайларда кемістікті толықтыра алмайды.

**Екінші:** Жарамсыз үйленуде өздерін ерлі-зайыпты санағандар бір-бірімен төсек қатынасын жасамаса, онда ешқандай нәтиже, мәселе туындамайды.

**Үшінші:** Егер төсек қатынасы болса, онда мынадай нәтиже туады: Туатын бала әке жағынан нәсілі айқындалады. Бірақ бұл үшін бала ең аз алты ай және ең кеші бір жылдың ішінде дүниеге келуі тиіс.

### **3. Жалған (батыл) неке**

Негізгі шарттарында кемістігі бар қиылған неке «жалған неке» деп аталады. Жас, бүлдіршін баланың, яки ақыл-есі жарым адамның тікелей өзі үйленуі және қыз бен жігіттің неке қиярда келер шақпен келісім шарт жасауы, қыз бауыры, немере әпке, нағашы әпке сияқты жақын туыстарымен үйлену, өзге біреудің әйелімен біле тұра үйлену, мұсылман қыздың кәпірге тұрмысқа шығуы, мұсылман ердің мүшрік, дінсіз бір әйелмен үйленуі сондай-ақ «мұта» неке де жалған некеге жатады.

Бұлар түгелдей түзеуге келмейтін некелер. Мұндай жағдайда дереу бір-бірлерінен алшақ кетулері қажет. Егер ажырмайтын болса, қазы күшпен ажыратады<sup>403</sup>.

### **«Мұта» (қызықтау) неке**

Бұл жерде «мұта» некесі туралы толығырақ айтпасқа болмайды. Бір ер кісі бір әйелге «мұнша ақшаға сені пәлен

<sup>403</sup> Касани, а.а.е. 2/272; Дөндүрен. а.а.е. 208 бет. әл-Ихтияр. 2/145.

уақытқа жыныстық қызығыңды көрейін» деп әйел де мұны қабылдайтын болса, бұған «мұта» некесі деп атайды. Бұл жоғарыда айта кеткен «уақытша некеге» қатты ұқсайды. Бірақ бір-бірінен аздап айырмашылықтары бар. Уақытша неке куәлардың алдында, белгілі бір уақыт айтылып қиылады. Ал мұта некесі болса, «әйелдің жыныстық қызығын пайдалану» сөзі айтылады. Һәм бұл жерде «пәлен уақытқа» деп айтудың да, некеде куәлардың болуы да шарт емес.

Төрт мәзһаб имамдары бойынша, осы «мұта» некесі және осыған ұқсас түрлері түгелдей харам және жалған неке.

Исламның алғашқы кезеңдерінде Аллаһ елшісі кейбір ғазауат соғыстарында кейбір зәру жағдайға, себепке байланысты осындай некеге рұқсат берген болатын. Ибн Аббас та: «мұта некесі Исламның алғашқы кездерінде бар еді», – дейді.<sup>404</sup> «Мұсылман болу әсте-әсте, кәпір болу бір пәсте» деп, атам қазақ айтқандай Ислам келген кезде бәріне бірдей тыйым салмай біртіндеп шариғат қойған болатын. Мысалы арақ-шараптың харам болуы біртіндеп жүзеге асты. Ендеше, мұта некесі де осыған ұқсайды.

Мұта некесі Исламнан бұрынғы арабтарға тән неке түрі еді. Олар сапарға яки соғысқа шыққанда кейбір әйелдермен осылай некелесетін. Сондықтан Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) бұған ә дегеннен тыйым салған жоқ. Оның үстіне кейбір жаңадан мұсылман болғандар жорық кезеңінде зина жолына түсіп кету ықтималы да болуы мүмкін еді. Сол себепті жорықтарда кейбір сахабалардың сұрауы бойынша Аллаһ елшісі рұқсат етті. Бірақ көп ұзамай Хақ пайғамбар осы мұта некесіне қатаң тыйым салды. Сол хадистердің кейбірі төмендегіше:

---

<sup>404</sup> Тирмизи, Никах, 28.



«Уа, адамдар! Мен сендерге әйелдермен мұта некені жасауға рұқсат берген едім. Сөзсіз Аллаһ оны қияметке дейін харам етті. Кімнің жанында мұта некелі әйел болса оны қоя берсін. Оларға бергендеріңнен ешнәрсе алушы болмаңдар»<sup>405</sup>.

«Аллаһ елшісі (аләйһис-саләту уәс-сәләм) Қоштасу қажылығында мұта некесіне тыйым салды»<sup>406</sup>. Пайғамбар ең соңғы рет өсімге тыйым салғаны секілді осы мұта некеге де тыйым салған.

إن النبي - صلى الله عليه وسلم - نهى عن المتعة وعن لحوم  
الحمير الأهلية زمن خيبر

«Аллаһ елшісі (аләйһис-саләту уәс-сәләм) Хайбар ғазатуында мұта некесі мен есек етіне тыйым салды»<sup>407</sup>.

### Азаматтық неке

Сондай-ақ осы тақырыпқа қатысты «азаматтық неке» туралы да айтып кетуге болады. Азаматтық неке қазақ жастары арасында өкінішке қарай кездесіп жататын жайттардың бірі. Әсіресе мұндай жағдай шалғай жерлерден үлкен қалаларға келіп университетте оқитын студенттер арасында кездесіп жатады. Азаматтық неке – қыз бен жігіттің болашақта бір-біріне лайық жар бола алатындығын сынап көру үшін бір-бірімен некесіз қосылып, ата-ана, жақындарынан хабарсыз бір үйде бірнеше ай, немесе жыл бойы тұруларына айтады. Бұл бізге әрине Еуропадан не болмаса еліміздегі кейбір діні бөлек ұлттардан жұққан дерт. Тіпті мұның шығу тарихы ертеден басталған деу-

<sup>405</sup> Муслим, Никах, 22; Ибн Ханбәл.

<sup>406</sup> Муслим, Никах, 18; Ибн Ханбәл.

<sup>407</sup> Муслим, Никах, 25-30.

ге болады. Өйткені бір кездері Римде қыз бен жігіттің некесіз-ақ бір-бірлерімен ерлі-зайыптарша тұра берулеріне қатысты заңдары болған. Сондай-ақ бұл «мұта» некесіне де ұқсайды. Өйткені «мұта» некесі куәларсыз өз-ара уақытша тұруға келіседі.

«Азаматтық неке» Ислам діні бойынша, жалған неке, тіпті некесіздікке жатады. Сондықтан оны «азаматтық неке» деп емес, «азаматтық зина» деуге толық негіз бар. Өйткені бұл жағдайда да неке қиылмайды. Исламда зина ең үлкен күнәлардың бірі. Міне «азаматтық некеде» осы үлкен күнәні өз ара «болашаққа жар болуға әзірлік» деген атпен заңдастырып өздерінше «адал етіп» алады. Бірақ ол адал бола салмайды. Азаматтық некенің зияндарының кейбірін айта кетуге болады:

**Бірінші:** Ислам дінінде бір мәрте зина жасау кісі өлтіру тәрізді ең үлкен күнәлардың бірі. Құранда:

وَلَا تَقْرُبُوا الزَّانَا إِنَّهُ كَانَ فَاحِشَةً وَسَاءَ سَبِيلًا

**«Зинаға жақындамаңдар. Өйткені ол өте жаман бір іске апаратын бір жол»,<sup>408</sup>** – дейді. Ендеше заңсыз қосылған қыз бен жігіт өз ара ажырасқанға дейін зина жасайды. Мұншалықты күнә күн ертең қабір әлемінде де, мақшар әлемінде де жасаған қыз бен жігітті адам айтқысыз азапқа душар етеді.

**Екінші:** Егер қыз бала құрсақ көтеріп, дүниеге әкелетін болса, ондай бала ерлі-зайыпты емес, зинақор қыздың баласы болып әкесіз дүниеге келеді. Бірақ бұл жерде егер қыз бала көтергенде болашақ баланың жағдайын ойлап қыз бен жігіт некесін қиып, арада алты ай өтетін болса бала әкесіне тиесілі болады. Сондай-ақ некеден

<sup>408</sup> «Исра» сүресі, 32.

соң алты айдан ерте босанса бірақ жігіт баланың өзінікі екенін мойындайтын болса ата-тегі осы растау арқылы айқындалады. Бұл жерде Ислам діні баланың жағдайын ойлап, алдын ала некенің бар екендігі яки күмәнға қатысты төсек қатынасының болғанын жорамалдайды.

**Үшінші:** Егер олар «біз бір-бірімізге жар бола алмайды екенбіз» деп баға беріп екеуі екі бөлек кететін болса, одан кейін қыз бала көтеріп, босанатын болса сәби зинақордың баласы болумен қатар, «әкесіз» болып қалады.

**Төртінші:** Сәбиді дүниеге әкелген анасы ел-жұртқа «күйеуінен ажырасқан әйел» емес, «зинақор (ойнас) қыз» болып аталады.

**Бесінші:** Хақ Тағаланың шариғатты қоюында арнайы мақсат бар. Оны мүштәһид Имам Шатиби дарурият, хажият, тахсиният деп үшке бөледі.

Дарурият – ол дін мен дүниелік істерге қатысты зәру ерекшеліктер. Егер бұлар болмаса дүниелік істер өз өрісінен тайып, бүлік белең алып, өмір өз маңызын жоғалтады. Сондай-ақ бұлар болмаған жағдайда ақырет істері де жолдан шығып, жаннатқа жету мүмкіндіктері жоғалып, адам, яки қоғам қасіретке душар болады. Ал осы ерекшеліктердің төмендегідей бес ұстанымы бар:

1. Діннің сақталуы.
2. Нәпсі, жанның сақталуы.
3. Нәсілдің қорғалуы.
4. Мал-мүліктің қорғалуы.
5. Ақылдың сақталуы<sup>409</sup>.

**«Расында бір қауым, өзін өзгертпейінше Алла, оны өзгертпейді»,-** деген аятта айтылғандай бір қоғамның өзін ізгілікке бағыттап, ақиқат ауылына жетуі үшін осы бес нәрсенің реттеліп, сөзсіз қорғалуы қажет. Қоғамның

<sup>409</sup> Шатиби. Муафақат.

негізі саналған осы бес тіректің біреуіне қауіп төнетін болса онда ол ел құлдырап, қоғам бұзылады.

Міне осы бес негіздің үшіншісі – нәсілдің сақталуы. Егер бір қоғамда кімнің кімнен тарағаны, жаңа ұрпақ кімдердің үрім-бұтағы екендігі белгісіз болып, тегі беймәлім тексіз өскен бір ел әсте ел бола алмайды. Еуропа елдерінде қазір жаппай тексіздік жайлаған. Оларда кімнің кімнен тарағаны аса маңызды емес. Соның салдарынан олар күннен күнге кері қарай кетіп бара жатыр. Өзінің қай ұлттан шыққандығын, тарихын білмеген ұрпақ әсте өміршең бола алмайды. Сол себепті атам қазақ: «жеті атасын білмеген жетесіз» деп қатаң ескерткен.

Егер қазақ елі де «азаматтық неке» деген секілді дерттен арылмайтын болса, күндердің бір күні Еуропаның қамытын киюі әбден мүмкін.



## VII БӨЛІМ

# ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ БІР-БІРІНЕ ДЕГЕН ҚҰҚЫЛАРЫ

*«Олардың біріне жүктеп мәһір берген  
болсаңдар да еш нәрсе алушы болмаңдар»*

*«Нуса» сүресі*

*«Сендердің ең жақсыларың – отбасына жақсы  
қарағандарың. Мен де отбасыма жақсы  
қарағандардың ең ізгісімін»*

*Шәріп хадис*





## МӘҢІР

Мәһір – үйлену кезінде ер кісінің әйелге осы атпен берілетін, яки кейіннен берілуі көзделген дүние яки ақша. Мәһір некенің ешқандай шарттарына жатпайды. Ол әйелге берілуі тиіс дүниелік ақыға жатады. Мәһір неке қиылар кезінде айтылмаса да неке жарамды болады. Әйтсе де әйел кейіннен өзіне тиіс мәһірін алуы тиіс. Құранда Аллаһ Тағала: *«Сендер әйелдеріңе жақындасудан, яки мәһір белгілемеген әйелдеріңді талақ етсеңдер мұндай жағдайда сендерге сөгіс жоқ»*,<sup>410</sup> – дейді. Осы аятта мәһір берілмей үйлену туралы сөз болуда.

Пайғамбарымыз негізінде мәһірсіз сахабаларды үйлендірмеген. Дей тұрсақ та, сахабалар арасында мәһірсіз үйленгендер де болған. Бір хадисте Пайғамбарымыз бір сахабаға: *«Сені пәленше деген әйелмен үйлендірейін бе?»* - деп сұрап, әлгі сахаба *«иә»* деп жауап бергенде, дәл сол сұрақты әйелден де сұрап, ол да құптаған соң екеуін үйлендірген. Неке үстінде ешқандай мәһір туралы сөз болмаған. Бірақ осы сахаба да бұл өмірден өтер алдында Хайбар соғысындағы түскен олжадан мәһір етіп бергені айтылады<sup>411</sup>.

Исламда сатылуы не болмаса пайдалануы тыйым салынбаған барлық нәрсені мәһір ретінде беруге болады. Көлік, үй, бағалы заттар т.б. бәрі де осыған жатады. Тек Исламның тыйым салған арақ-шарап, арам мал, ұрланған зат сияқты нәрселер мәһірге жатпайды.

<sup>410</sup> «Бақара» сүресі, 236.

<sup>411</sup> Әбу Дәууд, Никах, 30.

Ал жігіттің қызға мәһір ретінде Құранды, хадисті немесе дінді үйретуі мәһір саналуы ғұламалар арасында әр түрлі көзқарас болса да, Бухари мен Муслимде Пайғамбарымыздың бір сахабаны бір әйелге Құран үйрету мәһірімен үйлендіргені айтылады<sup>412</sup>.

Мәһірдің ең жоғарғы өлшеміне келер болсақ, Ислам оған ешқандай шек қоймаған. Жігіт қызға ат басындай алтын, түйе салмағындай күміс беремін десе өз еркінде. Құранда:

وَأَتَيْتُمْ إِحْدَاهُنَّ قِنطَارًا فَلَا تَأْخُذُوا مِنْهُ شَيْئًا

**«Олардың біріне жүктеп мәһір берген болсаңдар да еш нәрсе алушы болмаңдар»,**<sup>413</sup> – дейді.

Хазіреті Омар халифа болып тұрғанда үйленетін жігіттерге ауыр болмас үшін мәһірдің мөлшерін белгілі бір өлшеммен шектемек болады. Пайғамбарымыздың қыздары мен әйелдері үшін ең көп 480 дирхам күміс ақша мәһір болғанын есепке алып сол мәһірді 400 дирхаммен шектегісі келеді. Сол кезде бес дирхам шамамен бір қойдың құнындай еді. Халифа Омар мінберге шығып осы үкімін айтып мінберден түскенде құрайыштық бір әйел келіп осы аятты оқып, шектеуге болмайтындығын айтады. Осыдан кейін хазіреті Омар мінберге қайта шығып: «Сендерге әйелдерің үшін 400 дирхамнан артық мәһір беруге тыйым салған едім. Бұдан былай адам қалағанынша мәһір бере берсін»,<sup>414</sup> – дейді.

Мәһірдің ең азына келсек, Әбу Ханифа бойынша, он дирхам күміс немесе соның құны. Яғни екі қойдың құнындай.

Мәһірді неке кезінде қанша беретінін анықтап келісуге болады. Бұған «аталған мәһір» деп айтылады. Не бол-

<sup>412</sup> Қараңыз: Бухари, Никах, 14, 35; Муслим, Никах, 76.

<sup>413</sup> «Ниса» сүресі, 20.

<sup>414</sup> Мәжмәуз-Зәуәид, 4 том, 283 бет.



маса неке кезінде мәһірді қанша беретіні айқындалмаса, яки айтылмаса кейіннен ел қатарлы «стандарт мәһірін» береді.

Сондай-ақ мәһірдің өтелуі «уақытылы», «кешіктірілген» болып екіге бөлінеді. Яғни неке қияр кезінде ер кісі айтылған мөлшердегі мәһірді дереу сол шақта береді. Ал жігіт мәһірді кейін бермек болса бұған «кешіктірілген мәһір» дейді. Бірақ мәһірді пәлен уақытта берілу тиіс болса, сол кезде беруі қажет. Ал уақыт белгіленбесе ұзақ мерзімде өтей алады. Бірақ кейін бір жағдаймен ажырасатын болса сол кезде ер кісі әйеліне мәһірді беруі тиіс. Алда-жалда ері өліп кететін болса, онда әйелі мәһірін артта қалған дүниесінен алады. Ал әйел өліп кетсе, мәһірді оның мирасқорлары күйеуінен алады.

Мәһір – әйелдің өзіне тән ақысы. Қыздың әкесі яки атасы мәһірді қыз атынан алуына болады. Бірақ оған иелік ете алмайды. Бірақ қыз қамқоршыларына мәһірдің берілуіне ризалық білдірмесе жігіт мәһірді оларға бере алмайды. Егер берген күннің өзінде ол мәһір болып саналмайды<sup>415</sup>.

Әбу Ханифа бойынша қыздың әкесі жігіттен мәһірден өзге бір нәрсе алуына болмайды.

<sup>415</sup> Қазіргі таңда қазақта қыздың қамқоршылары жігіт жақтан қалың мал алып жатады. Егер осы қалың мал түгелдей қыздың көрпеге-төсек, киім-кешегіне жұмсалып жатса, онда мұны «мәһір» деп атауға болады. Еліміздің әр жерінде өзіне тән қалың мал өлшемі бар. Бұл «стандарт мәһір» болып саналуы мүмкін. Яғни атам қазақ қызының жағдайын ойлап, ғасырлар бойы мәһірді қалың мал ретінде алып келген. Ондағы мақсат қызынан пайда көру емес, қайта қызының бақытын ойлап, тезірек үй-жай болып кетуін қалайды. Егер қыз бен жігіт отауын өздері ғана тігетін болса, көптеген қиыншылықтарға душар болар еді. Сондықтан атамыз қазақ қыздың мәһірін қалың мал етіп «ертелеп» ақшалай алып, соған қыздың көрпеге-төсегін, киім-кешегін тіпті қолға ұстар қасығы мен жайылар дастарханына дейін түгендеп алып, құдалық кезінде осыларды алып барады.

Дей тұрсақ та ханафилар бойынша қыздың өзіне берілген мәһірге көрпе-төсек алуға мәжбүр ете алмайды. Қыздың әкесі де өз малынан көрпе-төсек алуға мәжбүр емес. Қыз ешқандай көрпе-төсексіз, киім-кешексіз тіпті бір сабақ жіпсіз ерінің үйіне ұзатыла алады. Өйткені қыз ұзатылған соң оның бүкіл нәпақасы күйеуінің мойнында. Үй әзірлеу, тіршілікке қажетті заттар, әйеліне киім-кешек алу бәрі ердің міндетіне жатады. Әйел – ерінің аманаты. Ұзатылғанға дейін қызды ата-анасы қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, бетінен қақпай мәпелеп өсіреді. Осындай біреудің қызын аманат етіп, сөз беріп алған ері сол аманатқа қиянат жасауға ешқандай құқы жоқ.

Бірақ жігіт жағы мәһірден бөлек көрпе-төсек үшін ақша берген болса онда осы ақшаға тиісті заттарды алуға тиісті. Оның үстіне мәһір көрпе-төсектің құны емес. Ол – жігіттің қызға берген арнайы сыйы.

Сондай-ақ, қыздың ата-анасы мәһірдің құнына болсын, өздері салт ретінде өз қаражаттарына көрпе-төсек алып қызына берсе, бұл дүние тұтастай ердің емес, қыздың жеке мүлкі болып саналады. Сондықтан әйелдің осы жеке мүлкін ері оның рұқсатымен ғана пайдалана алады. Егер қандайда бір жағдаймен ажырасатын болса, бұл дүниеге әйел иелік етеді.<sup>416</sup>

Ерлі-зайыптылар тым ысырапшылдыққа бармауы керек. Өйткені Құранда: **«Мал-мүлкіңді ысырап етіп шашушы болма. Өйткені дүниесін шашқандар шайтанның бауырлары. Шайтан болса Раббысына өте қарсы»**,<sup>417</sup> – дейді.

---

<sup>416</sup> Касани, а.а.е. 2/227. әл-Ихтияр. 2/150.

<sup>417</sup> «Исра» сүресі, 26-27.

## Нәпақа

Нәпақа – қазақ тіліне араб тілінен енген сөз. Мағынасы азық-түлік, жұмсалған нәрселер және үй отағасының отбасына қажетті нәрселермен қамтамасыз ету деген сөз.

Нәпақа жалпы екіге бөлінеді.

**Бірінші:** Адамның өзінің күнкөрісін қамтамасыз ету. Өз басын түзей алмаған, кеудесін көтеруге қауқары жоқ адам отбасын да бөгдені де жарылқай алмайды. Пайғамбарымыз: *«Алдымен өз нәпсіңе сосын нәпақасы саған қажет болған адамдарға жұмса»*,<sup>418</sup> – дейді.

**Екінші:** Адамның басқалардың күн көрісін қамтамасыз етуі. Бұған отбасы, жақын туыстары яки мал-мүлкі жатады. Ендеше осы екінші мәселе туралы сөз қозғаймыз.

Ислам дінінде ер кісі әйелінің және белгілі бір жасқа келгенше яки бір істің маманы болғанға дейін балаларын нәпақамен қамтамасыз етумен міндеттелген. Ата-анасы мен басқа да жақын туыстары кедей болып қалатын болса, нәпақа оларды да қамтиды. Сондай-ақ сүті мен етінен және күшінен пайдаланған үй жануарларына қарау да ер кісінің мойнында<sup>419</sup>. Ислам діні тек адам құқығын емес, сонымен қатар жануарлардың да құқығын қорғайды. Пайғамбарымыз (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) бір хадисте: *«Аштан өлгенге дейін мысығын қамап қойған бір әйел азапқа душар болды»*,<sup>420</sup> – дейді.

Сол себепті бір малдың иесі оған қарамай жем-шөбін салмай аш қалдыратын болса діни тұрғысынан да сот тұрғысынан да сол малға қарауға мәжбүр етіледі. Сондай-

<sup>418</sup> Муслим, Зәкәт, 95.

<sup>419</sup> Касани, а.а.е. 4/40.

<sup>420</sup> Бухари, Өнбия, 54.

ақ бір малды көтере алмайтын іске салуға да болмайды<sup>421</sup>.

Енді отбасы мен жақын туыстары туралы кеңірек кезекпен айтып өтейік.

### Әйелінің нәпақасы

Әйел бір азаматқа тұрмысқа шыққан күннен бастап оның бүкіл ас-суы, киім-кешегі, тұратын үйі, үйдің шығыны барлығы үйдің отағасының мойнында. Бұлар ысырапқа да, сараңдыққа да бармай әйелінің қоғам деңгейіне қарай қамтамасыз етіледі. Ерлі-зайыптылардың екеуі де бай-дәулетті болатын болса, соған қарай шығын жасалады. Екеуі де кедей болса, байлар деңгейінде шығын жасалмайды. Біреуі бай, біреуі кедей болса орта жол табуы тиіс. Бірақ кейбір ғалымдар нәпақаның өлшемі ерінің жағдайына қарай жасалады деп пікір айтқан.

Құранда: *«Аналардың нәпақасы шамасы жеткенше баланың әкесіне қатысты»*<sup>422</sup> дейді. Басқа бір сүреде: *«Кеңшілік бай кісі өзіне Аллаһтың бергені бойынша нәпақа берсін. Ризығы азайтылған адам да нәпақаны Аллаһтың бергені бойынша берсін. Аллаһ ешкімге оған бергенінен артық салмақ салмайды. Аллаһ ауыршылықтан кейін жеңілдік береді»*,<sup>423</sup> – дейді.

Күйеуі әйеліне көршілерінікіндей жақсы үй әзірлеуге де мәжбүр. Бұл жерде әйелі ар-намысына, малына сенімді болуы тиіс. Аятта:

---

<sup>421</sup> Касани, а.а.е. 4 том. 40.

<sup>422</sup> «Бақара» сүресі, 233.

<sup>423</sup> «Талак» сүресі, 7.

أَسْكُوهُنَّ مِنْ حَيْثُ سَكَنْتُمْ مِنْ وُجْدِكُمْ وَلَا تَقْرَبُوا مَنَازِلَهُنَّ  
لِتَضَيِّقُوا عَلَيْهِنَّ

**«Ажырасып мерзім күткен әйелдерді шамаларың келгенше үйлеріңде тұрғызыңдар. Оларға қиыншылық жасамандар»,<sup>424</sup>** – дейді.

Әйел қаламаса күйеуі оны өзінің жақын туыстарымен бірге отыруға мәжбүрлей алмайды. Егер жоғарыда да айтқандай ризалық білдірсе, онда ол әйелдің көркем мінезінің белгісі.

Бірақ күйеуі бұрынғы әйелінен болған жас баласын әйелімен бірге тұрғызуға құқылы. Ал әйелдің өз туыстарының ешбірін, тіпті бұрынғы күйеуінен қалған кішкене балаларын күйеуінің рұқсаты болмай үйінде тұрғыза алмайды. Өйткені күйеуі әйелінің туыстарын нәпакамен қамтамасыз етуге міндетті емес. Ал егер күйеуі де ризалық білдіріп, көмектесіп жатса бұл да күйеуінің көркем мінезінің айғағы.

Сондай-ақ әйелдің өзінің жеке үйі болса сол үйде өзі тұру үшін күйеуіне жалға бере алады. Мұндай жағдайда күйеуі жалға алған үйдің ақшасын беруден қаша алмайды<sup>425</sup>.

Нәм әйел қоғамдық деңгей тұрғысынан өзімен тересі тең әйелдердің қызметшілері бар екенін біліп, яки өзі күтімге мұқтаж болып күйеуіне білдірсе, онда ол қызметші жалдауы нәпақа алаңына жатады.

Әйел күйеуінің шақырғанына көнбей үйіне бармайтын болса яки оған бағынбай үйінен шығып кететін болса

<sup>424</sup> «Талак» сүресі, 6.

<sup>425</sup> Ибнул-Хуммам, а.а.е. 3 том. 321 бет; әл-Фэтәуал-Хиндия, 1 том. 544-бет.

не болмаса мұсылман дінінен шығып кететін болса, ондай жағдайда күйеуі нәпақа табуға міндетті емес.

Ері кедей болатын болса бұл ажырасудың себебі емес. Ханафилар мына аятты дәлел етеді:

إِنْ يَكُونُوا فُقَرَاءَ يُغْنِهِمُ اللَّهُ

**«Егер үйленетін кісілер кедей болса Аллаһ оларға шарапатын төгіп бай етеді»<sup>426</sup>.**

Ал Малики мен Ханбали мәзһабтары мен Шафиғидың бір пікіріне қарай күйеуінің отбасының нәпақасын қамтамасыз ете алмауынан әйел некені қазыға жүгіне отырып жарамсыз ете алады.

Алысқа бармай-ақ өзіміздің елімізде үйленіп әйеліне ешқандай күтім жасамай басқа қалада, басқа жерде қаңғырып жүрген қаншама азаматтар бар. Бұлардың кейбірі «жұмыс бабымен» деп өзге қалада сандалып жүрсе, енді біреулері «дін таратып жүрмін» деп әр жерден бір әйел алып оларға қарамай өз бетімен лағуда. Олар әйелдеріне «мен сені Аллаһ Тағалаға тапсырамын. Ризықты сол береді» дейді. Ризық Аллаһтан екені айдан анық ақиқат. Бірақ сол ризықты табу, Аллаһтан алу – ердің міндеті. Алайда осындай діни сауаты шала адамдардың кесірінен кейбір әйелдер үйінде қараусыз науқастанып өліп жатса, енді бірінің дұрыс тамақтанбағандықтан жаңа туған сәбиі бас сүйексіз мүгедек болып тууда. Ендеше өмірі мен сәбилеріне қауіп төндірген ерлерінен құтылып, азат өмір сүргісі келген әйелдер сүннит имамдардың басым көпшілігінің берген осы пәтуаларын пайдалануларына болады.

---

<sup>426</sup> «Нұр» сүресі, 32.

### **«Гиддатты» әйелдің нәпақасы**

«Гиддат» ерінің қайтыс болуы яки ажырасуы арқылы болады. Күйеуінің өлімі әйелге нәпақа бере алмайды. Өйткені ері қайтыс болғанда бүкіл дүние мирасқорларына өтеді. Әйелі болса төрттен бірі, яки сегізде бір шамасында мирасқа ие болады.

Ал әйел ажырасатын болса, «гиддат» күту мерзімінде нәпақа еріне тиесілі болады. Бұл үш талақта да өзгермейді. Бірақ үш талақтан кейін Шафиғи, Малик, Ханбали бойынша үй ғана әзірленеді. Азық, киім әзірленбейді.

### **Бала-шағаның нәпақасы**

Қыз бен баланың нәпақасы әкесіне тиесілі. Тіпті әйелімен ажырасып кетсе де, баланың нәпақасы әкесіне міндет.

Сондай-ақ үйдегі әйелі баланы емізгісі келмесе сәби өзгенің сүтін еметін болса, онда анасын емізуге мәжбүрлей алмайды.

Хазіреті Айшадан мынадай бір хадис бар. «Әбу Суфиянның әйелі Хинд бинти Утбә Аллаһ елшісіне келіп: «Пайғамбарым! Әбу Суфиян өте сараң адам. Маған да бала-шағасына да нәпақа бергісі келмейді. Оның дүниесінен айтпай алсақ күнә бола ма?» деп сұрайды. Аллаһ елшісі *(аләйһис-саләту уәс-сәләм)*: «*Оның дүниесінен өзіңе және бала-шағаңа жететіндей етіп алуыңа болады*» деп жауап береді»<sup>427</sup>. Мінекей, осы хадисте ер кісінің отбасына нәпақа беру уәжіп екендігін көрсетеді.

<sup>427</sup> Бухари, Буйу, 95.

### Әкенің ұлына қарау шарттары

**Бірінші:** Ұлы балиғат жасына жетпеуі қажет. Бірақ ұлы балиғат жасына жеткенмен мүгедек секілді науқастанатын болса, онда нәпақа жалғасады.

**Екінші:** Ұлы кедей болу керек. Ал ұлының өзіне тиесілі малы болса, шығын сол малдан өтеледі.

**Үшінші:** Әке ұлына қарауға шамасы жетуі керек. Бұл әкенің бай, яки нәпақа таба алатын шамада болуы арқылы жүзеге асады.

### Әкенің қызына қарау шарттары:

**Бірінші:** Қызда балиғатқа жету немесе пәлен жас деген шарт қаралмайды. Қыз ұзатылғанға дейін нәпақасы әкесіне тиесілі болады. Тұрмысқа шыққан соң күйеуіне қатысты болмақ. Алайда күйеуі қайтыс болса не болмаса ажырасса әйел қайта әкесінің үйіне оралады. Әйел жұмысқа мүжбүрленбейді. Бірақ Ислами өлшем аясында жұмыс істеуіне болады.

**Екінші:** Кедей болу керек. Егер қыздың малы болса нәпақа содан өтеледі.

**Үшінші:** Әкесі нәпақа табуға шамасы жетуі немесе бай болуы керек. Төртінші: Әкенің де, қыздың азат болуы керек.

### Ата-анасы мен өзге де жақын туыстары

Ата-ана кедей болса немесе жұмыс істеуге қауқарсыз кәрі болса онда олардың нәпақасы баласына қатысты болады. Құранда:

وَقَضَىٰ رَبُّكَ أَلَّا تَعْبُدُوا إِلَّا إِيَّاهُ وَبِالْوَالِدَيْنِ إِحْسَانًا



**«Раббың тек қана Өзіне құлшылық жасауды және ата-анаға жақсылық жасауды әмір етті»<sup>428</sup>** дейді.

Бір хадисте былайша айтылады: «Аллаһ елшісіне *(аләйһис-саләту уәс-сәләм)* әкесімен бірге бір адам келіп: «Уа, Аллаһтың елшісі! Менің өзімен тиесілі малым бар. Сонымен қатар малы бар әкем де бар. Сөйте тұра әкем менің малымды алғысы келеді», - дейді. Аллаһ елшісі сонда: «*Сен де малың да әкеңдікі» деп жауап береді*»<sup>429</sup>.

Ата-ананың баласынан нәпақа алуының шарттары мынадай: Бұлардың кедей болулары тиіс. Нәпақа беретін баласының немесе немересінің осыны беруге шамасы жетуі тиіс. Бұл оның бай болуы, яки жұмыс істеуге шамасы болуы арқылы іске асады.

### **Жақын туыстарына нәпақа беруінің шарттары**

**Бірінші:** Туысының кедей болуы керек. Немесе оның мал-мүлкі болмауы, не жұмыс істеуге шама-шарқы болмауы керек. Яғни туысының кішкентай бала, кәрілік, ақыл-есі жарым тәрізді себептері болуы керек. Әйтсе де ата-анасы бұл қағидадан тыс. Өйткені олар денсаулығы мықты болып жұмыс істеуге шамалары жетсе де, оларға нәпақа қолдауы жасалады. Ендеше ата-ана және әйелінен тыс туыстар бай болса не болмаса жұмыс істеуге шамалары жететін болса оларға нәпақа беру қажет емес.

**Екінші:** Нәпақа беретін адамның бай және жұмыс істеп табыс табу тұрғысынан кедей туысының күн көрісін қамтамасыз ететін жағдайда болуы тиіс. Бірақ ата-ана,

<sup>428</sup> «Исра» сүресі, 23.

<sup>429</sup> Ханбәл, 2 том. 179.

әйелі бұдан тыс. Бір ер кісі кедей болса да ата-анасына, әйеліне қарауға тиісті<sup>430</sup>.

**Үшінші:** Нәпақа алатын адамның ата-тегі жағынан туыс болуы керек. Бірақ әйелі бұған жатпайды.

### **Әйелдің жеке құқығы мен жауапкершіліктері**

Мәһірін қолма-қол алған және нәпақасы қамтамасыз етілген әйел ерімен бірге тұруы қажет. Алайда қолма-қол алуға келіскен мәһірін ала алмаса, онда әйел бір үйде тұрғанмен жақындамауға құқықы бар.

Сондай-ақ тұратын үйді ері әзірлеуі қажет. Бірақ жарының тұратын үйі денсаулыққа қолайлы, көршілері жақсы, үйге қажетті заттары әзір болуы тиіс. Сонымен қатар әйел ерінің туыстарымен бірге тұрғысы келмесе мәжбүрлей алмайды. Бірақ әйел келісімен беретін болса онда бұл әйелдің көркем мінезінің белгісі.

Егер некесі қиылған әйел күйеуіне өзінің әкесінің үйінде тұрамыз деп шарт қоятын болса, бұл шарты есепке алынбайды. Тіпті күйеуінің осы шартты әуелде қабыл етсе де кейін бұл шартқа көнбеуге құқылы. Әйелін өзінің үйіне алып бара алады.

Сондай-ақ күйеуі әйелін алып тұрған жерінен шалғай жаққа көшетін болса, күйеуіне бағынып онымен бірге кеткені абзал. Бірақ ол үшін күйеуінің сенімді және әйелін харамнан сақтай алатын ізгі-қасиеті бар адам болуы керек. Сонымен қатар неке қиярда «осы аймақтан кетпейміз» деген шарт та қойылатын болса, әйелді ризалығы болмай алып кете алмайды.

---

<sup>430</sup> Касани, а.а.е. 4/36-37. Ибн Абидин, а.а.е. 2/923; Ибн Қудамә. әл-Муғни. 7/595.

Күйеуі әйеліне өзінің рұқсатынсыз үйден шығуына тыйым сала алады. Бірақ әйелі мынадай жағдайда рұқсатсыз шыға алады.

1. Әйел жанында жақын туысы бар болса қажылыққа бара алады. Бұл жерде ерінің рұқсаты қажет емес. Өйткені ердің құқығы «айн» (өтелуі тиіс) парыздың алдында қауқарсыз.
2. Әйел өзгелердегі алашақтарын сыртқа шығып алуына болады.
3. Ері діни мәселелерді үйретпесе, әйелі рұқсатсыз шығып анда-санда ілім алуына болады.
4. Ері әйелін ең азы аптасына бір рет ата-анасының, жылында бір рет бауырларының, әпкелері сияқты жақын туыстарының амандығын сұрап қайтуына кедергі жасай алмайды.

Бірақ әйел ерінен рұқсатсыз түнде басқа жерде қона алмайды. Туыстарымен көрісуге кедергі жасау туыстық қатынастың үзілуіне жол ашады. Ислам дінінде «туыстық қатынас» маңызды парыздардың бірі. Оны орындамағанда, орындауға кедергі жасағанда, үлкен күнәға батады.

Сондай-ақ әйелдің ата-анасы ауыр науқастанып оларға қарайтын ешкім болмаса әйелі күйеуі рұқсат бермесе де, әкесінің үйіне барып олардың күтімін жасай алады. Бірақ мұндай жағдайда күйеуі әйеліне нәпақа беруге жауапты болмайды.

Сондай-ақ, ері әйелінің ата-анасына аптасына бір рет қонуға және бұрынғы ерінен қалған баласына барып тұруға кедергі жасай алмайды<sup>431</sup>.

Иә, бұлар құқық мәселесі. Ал ерлі-зайыптылар бір-бірімен түсінісіп, ата-аналары мен туыстарын өз ата-ана,

<sup>431</sup> әл-Фәтәуәл-Хиндия. 1 том. 556 бет.

туыстарындай көріп қол ұшын беретін болса онда бұл кәміл иманның айқын көрінісі болмақ.

Ислам діні ерлі-зайыптыларды бір-бірімен түсінісіп, бақытты өмір сүруіне шақырады.

Құранда Аллаһ Тағала: **«Ерлердің әйелдердегі хақтары сияқты, әйелдердің де ерлерде белгілі хақтары бар. Әйелдерден қарағанда ерлердің дәрежесі артық»**,<sup>432</sup> – дейді.

Пайғамбарымыз да көптеген хадистерінде әйеліне жақсылап қараған ер «ізгі адам» деп бағалаған. Атап айтқанда: *«Сендердің әйелдеріңе қатысты ақыларың, әйелдеріңнің де сендерге қатысты ақылары бар. Сендердің әйелдеріңе қатысты ақыларың – төсегіңді өзгеден сақтауы және сендердің ұнатпаған адамдарыңа үйлеріңе кіруге рұқсат бермеуі. Сақ болыңдар! Олардың сендерге қатысты ақылары – нәпақа тауып, жақсылап қарауларың»*<sup>433</sup>. Басқа бір хадисте: *«Сендердің ең жақсыларың – отбасына жақсы қарағандарың. Мен де отбасыма жақсы қарағандардың ең ізгісімін»*,<sup>434</sup> – дейді.

Ерлі-зайыптылардың бір-бірімен төсек қатынас жасауға құқылары бар. Аллаһ Тағала Құранда: **«Әйелдерің хайыздан тазарғанда Аллаһтың сендерге әмір еткен жерінен оларға жақындаңдар»**,<sup>435</sup> – дейді. Егер қыз бен жігіт үйленіп жігіт жақындауға қауқары болмаса, көп ұзамай әйелде некені жарамсыз ету құқы туады.

Ханбалилар бойынша, ері әйелімен аз дегенде төрт айда бір рет жақындауы керек. Халифа Омар да майданда

---

<sup>432</sup> «Бақара» сүресі, 228.

<sup>433</sup> Муслим, Хаж. 147.

<sup>434</sup> Ибн Мәжә, Никах.

<sup>435</sup> «Бақара» сүресі, 226-227.

жүрген сарбаздарға жарларынан алты айдан артық бөлек қалмауларына әмір берген. Сондықтан Ислам қоғамында жыл бойы үйінен кетіп себепсіз оралмай жүрген ер адамды қазы оралу үшін шақырады. Егер сонда да оралмайтын болса, некелерін жарамсыз етеді.

Сондай-ақ ерлі-зайыптылар бір-бірлеріне әйелдің хайыз, нифас кезінде төсек қатынасын жасауға болмайды. Мұндай кезде жақындау харамға жатады. Аятта: **«Хайыз кезінде әйелдеріңнен аулақ болыңдар»**,<sup>436</sup> – дейді. Егер жақындайтын болса тәубе етулері қажет. Һәм жазасы бар. Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*): **«Кімде-кім хайыз әйеліне жақындайтын болса егер қан қызыл түсті болса бір динар, сары түсті болса, жарты динар садақа берсін»**,<sup>437</sup> – дейді.

### **Төрт әйел алған ер кісінің әділдігі**

Ер кісіге төрт әйелге дейін алуға рұқсат. Және бір әйелі бар адам екінші әйел аларда бұған бірінші әйелінің келісімі шарт емес. Міне осындай ер кісі егер екі яки төртке дейін әйел алатын болса, бұлардың бәрін бірдей әділдікпен қарауға мәжбүр. Әйтсе де ер кісінің бірнеше әйеліне бірдей толық әділдік жасауда қиналуы мүмкін. Құранда: **«Қанша қаласаңдар да әйелдер арасында әділ болуға шамаларың жетпейді. Ендеше біреуіне мүлде ауып кетіп, өзгесін жіпсіз байлағандай етіп қоймаңдар»**,<sup>438</sup> – дейді. Иә, ер әйелдеріне нәпақа жағынан әділдік жасай алуы мүмкін. Бірақ кейде өзгелеріне қарағанда біреуін қатты жақсы көріп, соған қатты көңіл бөлуі мүмкін. Мұндай жағдайда отбасының әділдік жүйесі қиынға соғады. Шафиғилардан

<sup>436</sup> «Бақара» сүресі, 222.

<sup>437</sup> Тирмизи, Тахарат, 102.

<sup>438</sup> «Ниса» сүресі, 129.

тыс көптеген ғалымдардың көзқарасына қарай, ердің әйелдері арасында түнеу үлесінде де әділдік жасауы уәжіп. Бұл жерде бір әйелі кәрі, бір жас немесе бірі мұсылман енді бірі христиан болуы шарт емес. Хазіреті Айша: *«Аллаһ елшісі (аләйһис-саләту уәс-саләм) әйелдері арасында күндерді бөліп, әр әйелі үшін арнайы бір күн бір түн айқындады»*,<sup>439</sup> – дейді.

Пайғамбарымыз бір хадисінде: *«Екі әйелі бар ер адам біреуіне бет бұрып, екіншісіне немқұрайлы қараса, қиямет күнінде бір жағзы қисайып тұрады»*,<sup>440</sup> – дейді.

Сондықтан Құран төрт әйел алуға есік ашқанымен жүгі ауыр болғандықтан жалғыз әйел алуға ынталандырып: *«Әділетсіздік жасаудан қорықсаңдар біреуін гана алыңдар»*,<sup>441</sup> – дейді.

Ислам дінінде көп әйел алу – парыз, уәжіп, яки сүннет түрінен емес, берілген рұқсат қана.

Әсіресе кейде бір елде соғыстан соң көптеген әйелдер жесір, қыздар жетім қалуы мүмкін. Яки қоғамда халық саны азайып кетуі де мүмкін. Мінекей осындай жағдайда көп әйел алудың демографияға қосар үлесі мол. Сондай-ақ кейде бір ердің әйелі жазылмас дертке шалдығуы мүмкін. Егер бір әйел ғана болуы керек деп шектелетін болсақ ері зинаның құрығына шалынуы ықтимал. Егер ажырасатын болса, әйелдің тағдыры қиынға соғады. Іһәм кейде бір-біріне ынтызар болған екі ғашық қосылғанда әйелі бедеу болуы мүмкін. Ал ерінің бала сүйіп, ұрпағым болса деп армандайды. Міне осындай жағдайда ер кісі екінші әйел алатын болса кейінгі әйелі науқас әйеліне қамқор болса,

---

<sup>439</sup> Бухари, Һибә, 15.

<sup>440</sup> Әбу Дәууд, Никах, 38.

<sup>441</sup> «Ниса» сүресі, 3.

ердің кейінгі әйелінен туған бала екі әйелге де ортақ бала болып қалмақ. Бұдан басқа да хикметтер бар.

### ***Тақуаның әңгімесі...***

Хазіреті Фатима мен хазіреті Әлидің алғашқы кездерінде аз ғана кейбір келеңсіз жайттар болмаса одан кейінгі өмірлері бір-бірлеріне ыстық ықыласпен, терең сүйіспеншілікпен өтті. Хазіреті Әли әрқашан Пайғамбарымыздың жанында болып оған көмекші болғандықтан үйдегі жоқшылыққа хазіреті Фатима сабырлық танытып, үй істерін жалғыз өзі атқара білді. Бір ауыз да хазіреті Әлиге «неге отбасыңа нәпақа іздемейсің?» деп қарсы келген емес. Өйткені оның Ислам жолында көп істер атқарып жүргенін жақсы білетін.

Ол – Ақырғы пайғамбардың ең жақсы көретін қызы еді. Сол себепті Аллаһ елшісі: *«Фатима – менің бір бөлігім. Оны қуандырған мені қуандырар, оны ренжіткен мені ренжітер»*,<sup>442</sup> деген болатын. Сөйте тұра Фатиманың үй шаруашылығына жәрдемдесер ешкімі жоқ болатын. Су тасудан, диірмен тасын айналдырудан қолдары күс болып, иықтары да жара-жара болатын. Хазіреті Әли мұны көріп, қатты мұңайып, бірақ қолынан еш нәрсе келмей жүретін. Бұл ауыртпалық ұзақ уақыт бойы жалғасты.

Негізінде, оның мінезі әкесінің мінезіне қатты ұқсайтын. Өз ісін өзі істеуі де әкесіне тартқандығы еді. Жүріс-тұрысына дейін әкесінен айнамайтын<sup>443</sup>.

### **Ердің құқы мен жауапкершілігі**

Әйелдің ерінің үйінде отыруы, үй іштерінің жұмыстарын жасауы, баласын тәрбиелеуі бағыну алаңына жатады. Әйел себепсіз ерінің төсекке шақыруын кері қайтара алмайды.

<sup>442</sup> Бухари, Фәда'илу'л-Асхаб, 12,16; Муслим, Фәда'илу'с-Сахабә, 93-94.

<sup>443</sup> Бухари, Менакиб, 25; Муслим, Фәда'илу'с-Сахабә, 98-99.

Әйелдің еріне бағынуы керектігіне мына аят дәлел: **«Ерлердің әйелдерге хақтары сияқты, әйелдердің де ерлерде белгілі хақтары бар»**<sup>444</sup>. Аллаһ елшісі (*аләһиһис-саләту уәс-сәләм*) бір хадисінде: **«Егер біреудің біреуге сәжде етуін қалағанымда әйелдің еріне сәжде етуін әмір етер едім»**,<sup>445</sup> – дейді. Басқа бір хадисінде болса: **«Бір әйел ері разы күйінде қайтыс болатын болса, жаннатқа кіреді»**<sup>446</sup> дейді. **«Ері әйелін төсекке шақырғанда келмей ері оған ашуланып таңды атырса, періштелер таңға дейін әлгі әйелге лағнет жаудырады»**,<sup>447</sup> – дейді.

Әйел ерінен рұқсат алып сыртқа шығуы тиіс. Әйтсе де ерлі-зайыптылар бір-біріне сенімді болып, түсінісе білетін болса ері оған ерік бере алады. Задында әйелдің үйде отыруы қамауға алынды деген сөз емес. Әйел үшін үй ең қайырлы орын. Үйі оның мешіті, бақыт ұясы. Хадисте: **«Әйел орануы қажет болмыс. Үйден шығысымен шайтан оған көз тастайды. Әйел үшін Хақ Тағаланың рақымына ең жақын жер үйінің іші»** дейді<sup>448</sup>.

Сондай-ақ, әйел нәпіл ораза ұстайтын болса ерінен рұқсат сұрауы керек. Аллаһ елшісі (*аләһиһис-саләту уәс-сәләм*): **«Әйел үшін ерінің жанында болғанда рұқсатсыз нәпіл ораза ұстауы және үйіне күйеуінің рұқсатын алмай бөгде біреудің үйіне кіруіне рұқсат беруі жөн емес»**<sup>449</sup> дейді.

Әйел өз абыройын қорғағанындай ері үйде жоқ кезінде оның абыройын, үйін, малы мен бала-шағасын да қорғауы қажет. Бір хадисте: **«Әрбірің шопандай жауапкерсіңдер. Баршаң да қарамағыңа жауаптысыңдар. Ел басшысы**

<sup>444</sup> «Бақара» сүресі, 228.

<sup>445</sup> Әбу Дәууд, Никах, 40; Ханбәл, 4 том. 381 бет.

<sup>446</sup> Ибн Мәжә, Никах, 4; Тирмизи.

<sup>447</sup> Бухари, Бәдул-халқ, 7.

<sup>448</sup> Тирмизи, Рада.

<sup>449</sup> Бухари, Никах.



– қарамағына жауапты. Ер адам – отбасының басшысы. Ол отбасына жауапты. Әйел – ерінің үйінің басшысы, меншігіне жауапты. Қызметші – мырзасының мал-мүлкінің басшысы, иелігіне жауапты. Әрқайсысың жауапкер, әрбірің қарамағыңа жауаптысыңдар»,<sup>450</sup> – дейді.

Нәм ерлі-зайыптылар бір-бірлерімен түсінісіп, жақсы өмір сүру жолдарын іздестіруі қажет. Ерлі-зайыптыларды бір-бірлеріне жамандық жасауға құқылары жоқ. Бір хадисте Пайғамбарымыз (*аләйһис-саләту уәс-саләм*) былай дейді: «Бұл дүниеде бір әйел еріне жапа шектірсе сол ердің қияметте жары болатын қор қызы әлгі жапа шектірген әйелге дауыстап: «Аллаһ сені жермен-жексен етсін. Бұл адамға жаманшылық жасама. Ол сол дүниеде сенің қасыңда болған қонақ. Жақында ол сенен айырылып бізбен жүздеседі» дейді»<sup>451</sup>. Басқа бір хадисте Пайғамбарымыз (*аләйһис-саләту уәс-саләм*): «Әйелдердің ең ізгісі – өзіне қараған шақта сені сүйіндірген, әмір еткен кезде саған бағынған және сен жоқ кезде өзін және сенің мал-мүлкіңді қорғаған әйел» дейді<sup>452</sup>. Сосын Аллаһ елшісі мына аятты оқиды: **«Еркектер әйелдерді басқарушы. Өйткені Аллаһ бірінен-бірін артық етті. Сондай-ақ олар малдарынан да пайдаландырады. (Әйелдерге мәңір, нәпақа береді). Ал енді жақсы әйелдер – мойынсұнушылар, Аллаһ қорғауға бұйырған көмескі нәрселерді (абыройын) қорғаушылар. Ал енді өздеріңе бас көтеріп, шығарған шатағынан жалыққан әйелдерге келсе, оларға насихат айтып жөнге салуға тырысыңдар. Егер олар сонда да бой бермейтін болса төсегінде оңаша қалдырыңдар. Егер сонда да беті бері қарамайтын болса ұрыңдар. Ал егер олар**

<sup>450</sup> Бухари, Жум'а, 11; Муслим, Имарә, 20.

<sup>451</sup> Тирмизи, Рада; Ханбал. Тирмизи, Рада; Ханбал.

<sup>452</sup> Әбу Дәууд, Зәкәт. 32.

*сендерге мойынсұнса онда оларды ренжітіп, көңілін қалдыруға сылтау іздемеңдер. Расында Аллаһ өте ұлы, тым асқақ»<sup>453</sup>.*

Аятта *«Еркектер әйелдерді басқарушы»*, - деп айтылған. Бұл – ер кісі ойына не келсе соны істейтін үйдің билеушісі деген сөз емес. Керісінше, шаңырақтың отағасы, басшысы, әйелі мен бала-шағасын асыраушысы деген сөз. Аяттың жалғасында *«Өйткені Аллаһ бірінен-бірін артық етті»*, - деп айтылған. Яғни ер кісінің де әйелдің де өздеріне ғана тән қасиеттері бар. Мысалы, ер кісі үй-ішін асырауда, басқаруда әйелден артық болса, әйел баласын құрсағында тоғыз ай көтеру, туған сәбиіне түн ұйқысын төрт бөліп оған аналық мейірімін көрсету жағынан артық.

Ендеше, үйдің отағасы әйелі өзіне қарсы келіп тым шектен шығатын болса оны тәрбиелеуге құқы бар. Құранда әйелдің еріне бағынбай өз бетімен кетіп, оған қарсы шығуын *«нушуз»* сөзімен берген. Бұл жердегі мағынасы *«үйде дау, шу шығару»*, *«еріне қарсы келіп, оны беттен алу»*, *«оған мүлде бағынбай кері іс-әрекет жасау»* дегенге саяды. Осы аятқа қарай ері әйелін былайша жөнге келуге шақырады:

**Бірінші:** Насихат айту. Әйел күнде үйде дау шығарып, шаңырақтың берекесін ала берсе онда күйеуі сабыр сақтап оған аят, хадистерден мысал келтіріп, насихат айтып, оның жауапкершіліктерін есіне салады. Бұған қатысты мысалдарды жоғарыда айтып өттік. Егер әйелі сонда да сөз тыңдамай өз білгенін істей берсе, онда екінші кезекке көшеді.

**Екінші:** Төсегінде оңаша қалдыру. Әйел еріне бағынбай бетімен кетсе ері оны белгілі бір уақытқа дейін

---

<sup>453</sup> «Ниса» сүресі, 34.

оны төсегінде жалғыз қалдыра алады. Аятта: **«Сонда да бой бермейтін болса, төсегінде жалғыз қалдырыңдар»**, – дейді. Төсекте жалғыз қалдыру – әйелімен бір төсекте жатпау яки бір төсекте жатса да теріс қарап жатып алып онымен төсек қатынасын жасамау сияқты іс-әрекеттер.

Алайда осы насихат ету мен төсекте бөлек жату мәселесі бәрі бірнеше күн ішінде бола қоймайды. Әйелі күйеуіне қарсы шығып өз бетімен кеткенде оған жасалатын насихат ұзаққа созылуы мүмкін. Бір бұзық адамды түзеу мақсатымен жасалған насихат кейде бірнеше ай, яки бірнеше жыл уақыт алуы мүмкін. Ендеше әйелді де жөнге салуды аз мерзімге сыйдыруға болмайды. Оған жасалған насихат әр түрлі жолдар арқылы бола алады. Өзі айтумен қатар өзгелер арқылы да айтқызуы мүмкін. Сондай-ақ төсекте жалғыз қалдыру да ұзақ жалғасуы ықтимал. Өйткені атам қазақ «үйлену оңай, үй болу қиын» деп текке айтпаған. Бір екі күн сынап «шаңырақ құра алмайды екенбіз» деп талақ етіп, басқа әйел ала беруге болмайды. Бұл мұсылмандыққа жатпайтын қылық. Оның үстіне ортада бала болатын болса оның әр бір тамған көз жасына ақыретте есеп беруге тура келеді.

Иә, төсек айырғанмен ерлі-зайыптылар арасында үнсіздік үстемдік ете алмайды. Бір-біріне теріс қарап, сөйлеспей жүруге болмайды. Пайғамбарымыз (*аләйһис-саләту уәс-саләм*): **«Ешбір мұсылман үш күннен артық мұсылман бауырына қырын қарауы адалдыққа жатпайды»**,<sup>454</sup> – дейді.

**Үшінші:** Әйелін жөнге салу мақсатымен ұруы. Әйелді төсекте оңаша қалдыру да ешқандай нәтиже бермейтін болса, онда ең ақырғы шара жөнге салу мақсатымен денесіне із, дақ түспейтіндей етіп ұруына болады. Қыз бен

<sup>454</sup> Бухари, Өдәб, 52.

жігіттің өз алдына отау құруы оңай шаруа емес. Ібіліс екі жұптың арасын айырған әзәзіл шәкіртіне ең жоғары баға беруі тегін емес. Бір отбасы шағын мемлекет. Осы отбасылардан ел құралады. Ендеше бір қоғамда бір шаңырақтың шайқалуы қоғамның бүлінуіне жол ашады. Сондықтан ел арасында бүгін отау құрап, күн өтпей ажырасып жүргендер Ібілістің ісін жеңілдетуге ат салысқан жандар. Аллаһ Тағала ерлі-зайыптылардың ажырасуына әсте жақсы қарамайды. Сол себепті оларға осындай кезеңдерден өту жолдарын қойған. Ал енді «некелесу де халал, талақ ету де халал» деп осы кезеңнің бәрін аттап өтіп айына бір, жылына екі рет ажырасып, үйленіп жүргендер шарифатпен ойнаған деуге әбден болады.

Бір жігіт серт беріп отау тіккен соң сол шаңырақты шайқалтпау – оның мәрттігі мен беріктігінің, арының белгісі. Бақандай мығым болып, сол шаңырақты ақырғы сәтке дейін ұстап тұру керек. Аллаһ Тағала бостан-босқа әйелге басшы етіп, үй ішінің отағасы еткен жоқ. Ер жігіт үйленген соң шекара күзетіндегі сақшыдай өз отбасына әзәзілдердің кіріп кетуіне жол бермеуі қажет. Атам қазақ «қыз кезінде бәрі жақсы, жаман әйел қайдан шығады?!», – дейді. Ендеше еріне бас көтеріп, өз бетімен кеткен әйел тегі дұрыс болса, оны жөнге салады.

Мінекей сол себепті күн ертең әйелі жесір, баласы не әкесіз не шешесіз жетімдей өспеуі үшін ақырғы шараны пайдаланып, әйеліне із қалдырмай ұрып жөнге шақырады. Бұл ұру – шаңырақтың шайқалуының дабылы. Әйелге «есінді жи, өзіңе кел, күн ертең бармағыңды шайнап, өзіңнен жиіреніп жүрме» дегеннің белгісі. Болмаса Ислам дінінде адам ұру қағидасы жоқ. Пайғамбарымыз *(алайһис-саләту уәс-сәләм)* хадистерінде: *«Аллаһтың құлдарын*

ұрмаңдар»<sup>455</sup>, «Мұсылмандарды ұрмаңдар»<sup>456</sup>, «Әйелдерді сабаушы болмаңдар»,<sup>457</sup> – дейді. Хазіреті Айша анамыз да: «Аллаһ елшісі (аләйһис-саләту уәс-сәләм) өз отбасында ешбір әйелін де ешбір қызметшісін де ұрған емес»,<sup>458</sup> – дейді. Ендеше, бұл сүннетке жатады. Тіпті бір хадисінде Аллаһ елшісі әйелін ұрудың қаншалықты жиіркеншті қылық екенін айтып: «Араларыңда біреу әйелін құл сияқты сабап, сосын қас қарайып түн болғанда, онымен төсек қатынасын жасаушы болмасын», – деп қатаң айтқан<sup>459</sup>.

Оның үстіне Исламда кейбір қылмыс жасағандарға дүре соғу жазалары берілген. Мысалы бойдақ адам зина жасайтын болса, оған жүз дүре, ар-намысын сақтаған әйелге зина жасады деп жала жапқанға – сексен дүре, арақ-шарап ішкен адамға – сексен дүре соғылады. Бұл дүрелер уахи мен сүннет бойынша денеде жара, із қалмайтын етіп теріге ғана әсер ететіндей дәрежеде соғылады. Мұндай жазалар Аллаһ елшісі кезінде де, төрт халифа кезінде де іске асқан. Ендеше, отау иесі, әйелдің басшысы, «кіші ел» саналған отбасының сақшысы ер кісі болғандықтан әйеліне түзеу үшін денесіне жарақат түспестей етіп ұру осындай жаза түрі болуы да мүмкін. Һәм бұл кейде ата-ана өз бетімен бұзық болып, тым еркелеп шектен шыққан жас баласын тәрбиелеу мақсатымен ұрғанға да ұқсайды. Басына ұруға тыйым салынады.

Сондай-ақ әйелін ұру өзге діндерде де кездеседі. Мысалы көне шіркеу құқықтарында арнайы бір себеппен әйелін жеңіл-желпі ұруға болатындығын қабыл ет-

<sup>455</sup> Әбу Дәууд, Никах; Ибн Мәжә, Никах; Дарими, Никах.

<sup>456</sup> Ханбәл, 1 том. 404.

<sup>457</sup> Әбу Дәууд, Никах.

<sup>458</sup> Муслим, Фәдәил.

<sup>459</sup> Бухари, Никах, 93. Муслим. Жәннат.

кен. Он екінші, он үшінші ғасырларда Францияда күйеуі әйелін жараламау шартымен ұра алатын. Англияның көне заңдарында да ердің әйелін жөнге салу мақсатымен ұру құқығы бар еді.

Атақты тәпсірші Куртуби Құрандағы әйелді ұру аятын: «Із қалмайтын етіп жеңіл-желпі ұру. Бұл ұру оған жасаған жақсылық қана. Егер ері әйелін ұрып бір жерін жарақаттайтын болса онда әйелге құн төлейді. Қоштасу қажылығында Аллаһ елшісі: *«Сақ болыңдар! Әйелдерге жақсылықты насихаттаңдар. Олар сендердің қастарыңда көмекшілерің болып, айқын жамандық жасамайынша оларға тек ізгілікте бола аласыңдар. Егер ашық жамандық жасайтын болса оларды төсектерінде жалғыз қалдырыңдар. Және із қалмайтындай етіп жеңіл-желпі ұрыңдар. Егер бағынатын болса, онда олардың көңілін қалдыруға бір сылтау іздеуші болмаңдар»*<sup>460</sup> дейді.

Басқа бір хадисте де: *«Заңды мәселеде сендерге қарсы келетін болса із қалмайтындай етіп әйелдеріңді ұруларыңа болады»*,<sup>461</sup> – дейді.

Міне, осы «сахих» хадистерге қарасақ, Аллаһ елшісі тікелей ұру туралы аяттың тәпсірін жасаған. Яғни *«із қалмайтын етіп жеңіл-желпі ұру»*. Тіпті табиғиндардың үлкен Ата ибн Әби Раббах деген ғұлама сахаба ибн Аббастан *«із қалмайтындай етіп ұрудың»* мәні қандай деп сұрағанда ол: *«әйелді мисуак сияқты бір нәрсемен ұру»* деп жауап берген. Сондай-ақ мұндай шара кейде бір ер кісінің әйелі тым шектен шығып, күйеуіне бой бермей тіпті оны масқаралап, оған қол көтерген шақта да жасалуы мүмкін.

---

<sup>460</sup> Бухари, Әнбия, 1, Никах, 80; Муслим, Рада, 62; Тирмизи, Рада, 11.

<sup>461</sup> Муслим, Хаж, 147.

Ал ер кісі «Құранда әйел ұру бар екен» деп әйелін себепсіз ұратын болса, мұндай жағдайда әйелдің қазыға, немесе мұсылман емес елде сотқа шағым жасауға тұтастай құқықы бар. Оның үстіне әйелін жазықсыз ұру – кісі ақысына жатып, бұл өмірде әйелінің кешірімін алмаса күн ертең мақшарда өтеуін еселеп сауаппен қайтарады. Яғни ерінің әйелінің ұруы немесе оған қатты сөз айтып жүрегін жаралауы – кісі ақысына жатады. Тіпті, ғұламалар «егер күйеуі үйге себепсіз кешігіп түн жамылып келетін болса, әйелі оның осы қылығын мақшарда қозғап, күйеуін есепке тарта алады» дейді. Пайғамбарымыз әйелді еріне аманат еткен. Аманатқа қиянат – қашан да үлкен күнә.

Һәм күйеуін ұрған әйелдің де жағдайы нақ осылай кісі ақысына жатады.

Егер осыдан кейін де түзелмесе, онда төрешілік кезеңге өтеді. Құранда:

وَإِنْ خِفْتُمْ شِقَاقَ بَيْنِهِمَا فَابْعَثُوا حَكَمًا مِنْ أَهْلِهِ وَحَكَمًا مِنْ أَهْلِهَا  
إِنْ يُرِيدَا إِصْلَاحًا يُوَفِّقِ اللَّهُ بَيْنَهُمَا إِنَّ اللَّهَ كَانَ عَلِيمًا خَبِيرًا

**«Егер екеуінің арасының ашылуынан қауіптенсеңдер, еркектің ағайынынан бір төреші, әйелдің ағайынынан бір төреші жіберіңдер. Егер ол екеуі жарастыруды қаласа, Аллаһ да, екеуінің арасын үйлестіреді. Күдіксіз Аллаһ толық білуші, анық хабар алушы»,**<sup>462</sup> – дейді. Егер ерлі-зайыптылар бір-бірімен тату-тәтті өмір сүре алмаса, онда екеуінің бірі қазыға арызын айтып, төреші тағайындатуға құқы бар. Бұл кезде қазы ерлі-зайыптылардың туыстарынан мұсылман, ер, сенімді және үйленудің қадір-қасиетін, негіздерін жақсы білетін адамдар арасынан лайығын таңдайды.

<sup>462</sup> «Ниса» сүресі, 35.

Әбу Ханифа, ибн Ханбәл бойынша төрешілерге ерлі-зайыптылар арнайы өкілдік бермейінше оларды ажырастыруға үкім бере алмайды. Өйткен олар өкіл болғандықтан соның шеңберіне шыға алмайды. Аяттағы өкілдердің атқаратын ісі «татуластыру» ғана. Алайда оларға арнайы өкілдік берген болса, онда ажырасулары мүмкін.

### Өкіл арқылы үйлену

Ақыл-есі түзу және балиғат жасына жеткен жігіт пен қыз тікелей неке қиюға қатысып үйлене алатындары сияқты, өкіл арқылы да үйлене алады.

Некеде өкілдіктің растығы мына хадиске сүйенеді. Умму Хабибә Эпиопияға хижрат жасайды. Сонда сол жерде күйеуі қайтыс болып өзі жалғыз қалады. Осыдан хабар алған Аллаһ елшісі эпиопиялық Нәжәсиге хат жазып Умму Хабибәні өзіне некелеуді қалайды. Бұл жерде Нәжәсидің үйлендіруі өкіл сипаты арқылы екені анық. Өкіл сөз немесе жазу арқылы міндетті атқара алады. Адам біреуге өкілдік берген кезде куә қажет емес. Бірақ куәнің болуы сақтық үшін қажет болуы мүмкін.

### Тақуаның әңгімесі...

Бір деректе Жабир ибн Сәмура былай дейді: «Бір күні Аллаһ елшісі (*саллаллаһу аләйһи уә сәлләм*) жанымызға келіп бізбен бірге отырды. Сөз арасында:

- Фатима науқастанып қалды деді. Біз осыны естіген кезде қатты уайымға түстік. Деруе:
- Пайғамбарым! Фатимаға барып көңілін сұрасақ болмай ма? дедік.

Пайғамбарымызбен бірге тұрдық да Фатиманың үйіне қарай бет алдық. Барсақ есік жабық тұр екен. Аллаһ елшісі Фатимаға дауыстап:



- Жамылғынды жауып есікті аш! Саған көңіл айтып келген бір топ адам бар деді. Фатима:
- Пайғамбарым! Үстіндегі киімімнен басқа ешқандай жамылғым жоқ деді. Осы кезде Хақ пайғамбар үстіндегі шапанын шешті де есікті қиялап ашып ішке қарай лақтырып жіберіп:
- Мына шапанды алып үстіңе жамыл деді. Фатима киген соң бәріміз ішке кірдік. Фатиманың хал-жағдайын сұрадық. Біраз отырған соң тұрып шығып кеттік. Сыртқа шыққан соң сахабалар өз арасында «Пайғамбардың қызының халіне қарандаршы! Қандай күйге түскен» деп ішкі уайым-қайғыларын бөлісті. Олардың осы сөздерін естіген Аллаһ елшісі:
- Ол қиямет күні әйелдердің биісі атанады, деді»<sup>463</sup>.

---

<sup>463</sup> Әбу Нуайым. Хиләтул-әутәр. 2/42.





## VIII БӨЛІМ

# ТАЛАҚ

*«Ей, пайғамбар! Әйелдерді талақ еткілерің келсе гиддат ішінде талақ етіңдер»*

*«Талақ» сүресі*

*«Ләззат алу мақсатымен ғана жиі-жиі әйел ауыстырған еркектерге, жиі-жиі күйеу ауыстырған әйелдерге Аллаһ лағынет етсін»*

*Шәріп хадис*





## ТАЛАҚ ТҮРЛЕРІ

Ислам дінінде неке өмір бақи жалғасу ниетімен жасалады. Белгілі бір мерзім үшін жасалатын «мұта» некеге ғалымдар оң көзбен қарамаған. Әйтсе де отбасын құрған кейбір ерлі-зайыптылар арасында некенің бұзылуы яки талақ етілуі мүмкін. Ислам діні некені орынсыз бұзуды дұрыс санамаған. Тіпті Аллаһ Тағаланың қарғысына душар болатындығын білдірген. Пайғамбарымыздың (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) хадистерінде: *«Аллаһ Тағалаға талақтан басқа сүйкімсіз болған еш нәрсені адал етпеді», «Аллаһ Тағалаға адалдың ең сүйкімсізі – талақ»<sup>464</sup>, «Ләззат алу мақсатымен ғана жиі-жиі әйел ауыстырған еркектерге, жиі-жиі күйеу ауыстырған әйелдерге Аллаһ лағынет етсін», «Маңызды бір себепсіз ерінен ажыраспақ болған әйелге жаннат иісі харам»<sup>465</sup>, «Кімде-кім бір әйелді күйеуіне айдап салған бізден емес»<sup>466</sup> – деп айтылады.*

Исламда неке мынадай жағдайларда бұзылады 1. Талақ, 2. Екі жақтың ризалығы (мухалә), 3. Қазының үкімі, 4. Өлім, 5. Діннен шығу, 6. Ерінің әйеліне «зина жасады» деп айып тағып осы істі анықтау үшін ант ішулері (мулаанә) 7. Төрт айдан астам уақыт әйелінен бөлек қалуға ант ішу (Илә).

### Талақ негіздері

Талақ – араб тілінен енген сөз. «Ажырасу, некелерін бұзу» деген сөз. Құранда талақ сөзі екі жерде кездеседі.

<sup>464</sup> Әбу Дәууд, Талақ, 3; Ибн Мәжә. Талақ,

<sup>465</sup> Әбу Дәууд, Талақ, 3.

<sup>466</sup> Ханбәл, 2 том. 397.

وَإِنْ عَزَمُوا الطَّلَاقَ «Егер олар талақ етуге ниет етсе»<sup>467</sup>, الطَّلَاقُ مَرَّتَانِ «Талақ екі мәрте»<sup>468</sup>. Сондай-ақ он шақты аятта болса «татлик» түбірінен шыққан сөздер берілген. Мысалы:

يَا أَيُّهَا النَّبِيُّ إِذَا طَلَّقْتُمُ النِّسَاءَ فَطَلِّقُوهُنَّ لِعَدَّتِهِنَّ

**«Ей, пайғамбар! Әйелдерді талақ еткілерің келсе, гиддат ішінде талақ етіңдер»**,<sup>469</sup> – дейді.

Ислам дінінде талақ ету тізгінін ер кісіге берген. Аят пен хадистерде берілген тәсіл осыны айғақтайды. Мұның екі негізгі себебі бар. Біріншіден, егер талақ ету мүмкіндігі әйелге берілетін болса, онда ажырасулар көбейіп кетер еді. Өйткені әйел өте сезімтал жан. Ол кейде ашуланған, яки мазасыз немесе сол секілді әр түрлі жағдайларда сезімге беріліп күйеуін талақ етуі мүмкін. Оның үстіне талақ үш мәрте беріледі. Егер әйелге берілсе ол осы үш мүмкіндігін бір сәтте орындап жіберуі ықтимал. Тіпті күйеуі нашар, өзі аса сезімтал болса күнде талақ етуі мүмкін. Екіншіден, отбасының дүниелік жүгі ердің мойнына артылғандықтан, ол талақ мәселесінде аяғын аңдап басуға мәжбүр. Ислам дінінде ері әйеліне неке кезінде не болмаса одан кейін де талақ ету мүмкіндігін беруіне де болады.

Исламнан бұрын арабтар әйелдерін қалаған кезде талақ етіп, қалаған шақта қайта алатын. Отау құруды, шаңырақ көтеруді ойыншыққа айналдырған осы әрекеттеріне Хақ дін тыйым салып, үш талақпен шектеген. **«Талақ екі рет...», «егер ер әйелін үшінші мәрте талақ етсе, бұдан кейін оған, ол басқа ерге тимейінше халал болмайды»**<sup>470</sup>.

<sup>467</sup> «Бақара» сүресі, 227.

<sup>468</sup> «Бақара» сүресі, 229.

<sup>469</sup> «Талақ» сүресі, 1.

<sup>470</sup> «Бақара» сүресі, 229-230.

Талақтың рүкіні мен шарттары: Рүкін – бір нәрсенің негізін құрайтын бөлшек. Талақтың рүкіні әйелін талақ етердегі айтылатын арнайы сөзі мен тәсілі. Яғни тікелей «сені талақ еттім», «біз ажырастық» деп ашық білдіргені секілді ауыспалы мағынамен «үйден кет», «бұдан былай көзіме көрінуші болма» деген сөздер. Сондай-ақ, талақтың шарты да бар. Шарт – негізгі бөлшектерден тыс бірақ сол негіздердің құралуына арқау болған бөлшектер. Мысалы, намаз оқудан бұрын оның дәрет алу деген шарты бар. Ендеше, талақтың да іске асуы үшін оған мынадай шарттар қажет. Талақ ететін ердің ақыл-есі түзу және ояу болуы. Талақ етілетін әйелдің сол ерге некесі қиылған әйелі немесе «ғиддат» мерзіміндегі әйелі болуы шарт.

### Талақтың шарттары

Талақ ант секілді. Оның рүкіні мен шарттары толық болса дереу іске асады. Әрі оны кері қайтарып ала алмайды. Сондықтан ердің әйеліне қатысты үш талақ ету құқықының әрбірі пайдалану арқылы азаяды. Үшіншіде болса қайтадан үйлену үшін әйелдің біреуге тұрмысқа шығып, онымен төсек қатынасын жасап, сонан соң ажырасса ғана қайтадан қосылуына мүмкіндік туады. Енді осы туралы жеке-жеке тоқталып өтейік.

#### *Талақ еткен адамда қажетті шарттар*

**Бірінші:** Талақ еткен адамның күйеуі немесе оның талақ етуге өкілеттік берген адам болуы қажет. Одан өзге ешкім әйелді талақ ете алмайды. Кейбір жағдайларда қазының ажырасуға үкім беруі талақ бола алады.

**Екінші:** Талақ еткен адамның ақыл-есі түзу, балиғатқа жеткен болуы. Ақыл-есі жарым немесе жынданған адамның, не болмаса балиғат жасына жетпеген баланың

талақ етуі жарамсыз саналады. Аллаһ елшісінің (*аләһһис-саләту уәс-саләм*) кішкентай бала және ақыл-есі жарым адамның талақ етуі жарамсыздығын білдірген<sup>471</sup>.

### ***Талақ етілетін әйелде болуы тиіс қажетті шарттар***

**Бірінші:** Исламда талақ ету билігі ер кісіге берілген, бірақ неке қиылар кезінде немесе үйленген кезде ер әйеліне талақ билігін беруіне болады. Ер кісі біреуге әйелін талақ етуге өкілдік бере алады. Бірақ ер осы өкілдігін қайтып алуына құқы бар. Алайда, әйеліне берген талақ құқықын қайта ала алмайды<sup>472</sup>. Сондай-ақ, әйел кейбір себептермен қазыға барып некені бұздыра алады.

**Екінші:** Талақ етілетін әйелдің шарттары. Талақ әйелге қатысты болғандықтан дұрыс (*сахих*) некенің болуы яки әйелдің бір немесе екі талақтан соң «ғиддат» күту мерзімінде болуы қажет. «Ғиддат» күтіп отырған әйелдің әлі некесі бұзылмағандықтан, оны үшінші мәрте талақ етуге құқы бар. Бұл – ханафилардың көзқарасы.

## **Талақ етуде ерекше жағдайлар**

### ***1. Әзіл талағы***

Талақ етуде сөз де, сөздің мағынасы да аса маңызды рөл атқарады. Сондықтан сөз, жазу немесе ишаратсыз талақ етуді жүрекпен, іштен айтып ниет етуі жарамсыз саналады. Басым көпшілік мүштәһидтерге қарай талақ етудің, талақтың мәнін білдіретін сөздер арқылы жасауы қажет. Сол себепті ері әйелін жүрегімен талақ етуді ниет етсе осы ниетін тілі немесе жазу арқылы білдірмейінше, талақ іске

---

<sup>471</sup> Касани, а.а.е., 3 том, 100. Ибнул Хуммам.

<sup>472</sup> Касани, а.а.е., 3 том, 113.



аспайды. Бұған Әбу Һурайраның жеткізген мына хадисі дәлел: *«Сөзсіз Аллаһ үмбетімнен жасамағандарын немесе тілдерімен білдірмейінше, жүректеріндегі әзәзілдіктері мен жасауға зорланған нәрселердің үкімін жойды»*<sup>473</sup>.

Кейде талақ етуді ниеттеніп емес, жай ғана талақ ету сөздерін пайдаланып әзілдеп айтуы мүмкін. Мысалы, бір ер әйеліне әзілдеп немесе мазақтап, «мен сені талақ еттім» десе не болмаса әйелі оған әзілдеп «мені талақ етсейші» десе оған күйеуі де ойнап «иә, талақ еттім» дейтін болса, Әбу Ханифа мен Имам Шафиғи бойынша, талақ іске асып, екеуі сол сәтте ажырасып кетеді. Өйткені әзілдеп айтса да талақ ету сөзін біле тұра айтып тұр<sup>474</sup>. Бұған мына:

وَلَا تَتَّخِذُوا آيَاتِ اللَّهِ هُزُؤًا

**«Аллаһтың аяттарымен ойнамаңдар»**<sup>475</sup> – аяты дәлел. Имам Мұхаммед бізге Аллаһ елшісінің *(аләйһис-саләту уәс-сәләм)*: *«Үш нәрсенің қалжыңы да, расы да жүзеге асады (яғни шындық есептеледі): талақ, азат ету және неке»*, – дегені жеткен<sup>476</sup> дейді. Абдуллаһ ибн Масғуд (р.а.) жеткізген риуаятта пайғамбарымыз *(аләйһис-саләту уәс-сәләм)*: *«Шын мәнінде, талақ етудің ойыны мен шындығы бірдей болғанындай неке қиюдың да қалжыңы мен расы парпар (есептеледі)»*, -дейді. Әл-Хасан риуаят еткен хадисте Аллаһ елшісі *(аләйһис-саләту уәс-сәләм)*: *«Кімде-кім ойнап, не қалжыңдап талақ қылса немесе ойнап неке қылса, ол оған рұқсат етіледі (яғни жүзеге асады)»*, -дейді. Ибн Масғуд (р.а.): *«Кімде-кім ойнап талақ қылса, неке қиса немесе (кұлды) азат етсе, ол оған рұқсат етіледі (ол шынайы*

<sup>473</sup> Бухари, Талақ, 11.

<sup>474</sup> әс-Сабуни, а.а.е., 1 том. 310.

<sup>475</sup> «Бақара» сүресі, 231 аят.

<sup>476</sup> Әл-Хужжәту лишШайбани, 3-том, 177-бет

жүзеге асқаны)», -деп айтқан.<sup>477</sup> Ата: «Кім ойнап неке қиса немесе талақ қылса, ол есептеледі (шынайы жүзеге асады)» және «талақ пен некеде қалжың жоқ (жүрмейді)», -деген.<sup>478</sup> Әбу Дарда (р.а.): «Үш нәрседе: некеде, талақта және құл азат етуде қалжыңдаушы рас айтушы (есептеледі)», -деп айтқан.<sup>479</sup>

Әбу Дәрдә (р.а.): «Жаһилия заманында бір ер әйелін талақ етіп, кейін «мен сені әзілдеп талақ еткен едім» дейтін. Сондай-ақ құлды азат етіп немесе бір әйелге үйленіп кейіннен «мен мұны әзілдеп жасадым» дейтін. Осыған орай аталмыш аят түсті»<sup>480</sup> дейді. Әбу Һурайра жеткізген мына хадисте де Аллаһ елшісі (аләйһис-саләту уәс-сәләм): «*Үш нәрсе бар. Бұлардың шыны да шын, әзілі де шын. Үйлену, талақ ету және (рижиг) айну талақта әйеліне оралу*»<sup>481</sup> дейді. Абдуллаһ ибн Аббасқа бірде бір адам келіп: «Мен әйелімнен жүз талақпен ажырастым. Менің осы ісім дұрыс па?» дейді. Сонда ол: «Әйелің үш талақтан кейін-ақ сенімен ажырасқан. Тоқсан тоғыз талақ арқылы Аллаһтың аяттарын мазақ етіпсің»<sup>482</sup> деп жауап береді.

Имам Мәлик бойынша ниетсіз әзілдеп айтқан адамның талағы жарамсыз саналады. Талақта ниет қажет. Сөз жеке өзі ниетсіз жеткілікті болмайды. Аятта: «***Егер олар талақ етуге шешім қабылдаса...***» деп айтылады. Бұл аяттағы «азамә» етістігі ниет ету, шешім қабылдау мағынасына саяды. Сонымен қатар Аллаһ елшісі «амалдар ниеттерге қарай» дейді. Бұл хадистегі ниет жалпыға тән

<sup>477</sup> Әл-Мусаннаф Абдурраззақ, 4-том, 133-бет, әл-Әсәр-10244

<sup>478</sup> Әл-Мусаннаф Абдурраззақ, 4-том, 133-бет, әл-Әсәр- 10243

<sup>479</sup> Әл-Мусаннаф Абдурраззақ, 4-том, 133-бет, әл-Әсәр-10245

<sup>480</sup> Қурғиби, Ахкамул-Куран, 3 том. 103 бет.

<sup>481</sup> Әбу Дәууд, Талақ, 9; Тирмизи, Талақ, 9.

<sup>482</sup> Мәлик, Муатта, Талақ. 1.

айтылғандықтан талақ мәселесін де қамтиды. Иә, малики мәзһабының көзқарасы.

Ал, ханафилер болса ниет адамның ішкі әлеміне қатысты нәрсе. Ол амалдардың ақыреттегі жағдайын белгілеуде негізгі рөл ойнайды. Сондықтан сыртқы көрініске қарай үкім берілетін тақырыптарда ниетке қарамайды деген пікір айтады. Яғни неке мәселесі дүниеауи мәселе секілді. Неке – ерлі-зайыптылардың өз ара «ортақ өмір сүрейік» деген келісім шарттары. Ал, дүниелік келісім шарттарда ниетке қарамайды. Бір нәрсеге шынайы яки әзілдеп қол қоятын болсаңыз ол расталады. Сіз ертеңгі күні сот алдында «ойнап қол қойып едім» деп бас тарта алмайсыз. Ендеше, неке де сол сияқты. Сондықтан үйленуде де талақ етуде де рүкін мен шарттары болса ислами тұрғыдан жарамды болады. Егер бір ердің қателісіп немесе тілі жаңылысып айтатын болса, онда іске аспайды, өйткені бұл жерде талақ мәселесі қозғалып тұрған жоқ<sup>483</sup>.

## **2. Зорлық талағы**

Бұл тақырыпқа қатысты екі көзқарас бар.

**Бірінші:** Әбу Ханифаның көзқарасы. Әбу Ханифа, Нәхәи, Сәури және Омар ибн Абдилазиз тәрізді мүш-тәһидтердің көзқарасына қарай біреудің қысымы мен зорлығына шыдай алмай талақ жасаған адамның талағы жарамды болып табылады. Өйткені зорлық негізінде ерікті жоққа шығармайды. Қорыққан адам екі жаман іс-әрекеттің бірін еркі арқылы таңдайды. Бұл жерде оның ризалығының болмауы нәтижені өзгертпейді. Оның таңдауы жеткілікті. Ғалымдар мынадай дәлелдерді алға тартады. Құранда:

<sup>483</sup> Зуһайли, а.а.е. 7/369.

فَإِنْ طَلَّقَهَا فَلَا تَحِلُّ لَهُ مِنْ بَعْدُ حَتَّى تَنْكِحَ زَوْجًا غَيْرَهُ فَإِنْ طَلَّقَهَا

«*Ері әйелін (үшінші мәрте) талақ етсе, әйелі озан басқа бір ермен үйленбейінше адал болмайды*»,<sup>484</sup> – дейді. Бұл аятқа қарайтын болсақ ерікті мен еріксіз талақ арасында ешқандай айырмашылық жасамаған. Аллаһ елшісі де: «*Кішкентай бала мен ақыл-есі жарымнан тыс барлық талақ жарамды*»,<sup>485</sup> – дейді. Осы хадисте «мәжбүрленген адам» туралы сөз айтылмаған. Бұдан өзге мына хадис те бар. Еріне ашуланған бір әйел ол ұйықтап жатқан кезде көкірегіне отырып алып қанжарды тамағына таяп: «Мені үш мәрте талақ ет, әйтпесе осы қанжармен осып жіберемін» дейді. Осыдан кейін ері оны талақ етіп сосын Аллаһ елшісіне барып үкімін сұрайды. Хақ пайғамбар: «*Талақта түс ұйқысының үкімі жоқ*»<sup>486</sup> – деп жауап беріп талағының жарамды екенін айтады.

Басқа тұрғыдан да ханафилар зорлықпен талақ етуді әзілмен айтқан адамның талақ етуімен салыстырған. Әзілдеген адам талақтың сөзін айтып, үкімін меңземейді. Ендеше зорлықпен айтқан адам да осы тәрізді. Өйткені ол нәтижеге разы емес. Бұл жерде талақта ниеттің қажет еместігін көрсетеді.

Әйелін бір яки екі мәрте талақ еткен ерді әкесі әйеліне оралуға зорлайтын болса бұл да жарамды болады.

Бірақ ханафилер зорлықпен жаздырылған талақтың жарамсыз екендігін алға тартып, бұл тек сөз арқылы ғана іске асады дейді.

**Екінші:** Шафиғи, Мәлики және Ханбалилердің көзқарастары бойынша зорлықпен жасалған талақ жа-

<sup>484</sup> «Бақара» сүресі, 230.

<sup>485</sup> Касани, а.а.е., 3 том. 100.

<sup>486</sup> Ибнул-Хуммам. а.а.е., 3 том. 39.

рамсыз болып табылады. Олар былайша дәлел айтады. Құранда: *«Теріске шығаруға зорланып, амалсыз осы істі тілімен ғана жасаған, бірақ жүрегі иманға тұнып тұрған адамнан басқа кімде-кім иман келтірген соң Аллаһты теріске шығарып, көңілін күпірге ашатын болса оған Аллаһтың ашуы және оларға зор азап бар»*,<sup>487</sup> – дейді. Осыған орай зорлықпен күпір сөз айтқан адамның сөзі жарамсыз болатын болса бұдан төмен деңгейдегі талаққа қатысты сөздер әлдеқайда жарамсыз болуы керек. Һәм хадисте: *«Сөзсіз Аллаһ үмбетімнен қателесу, ұмыту және жасауға зорланған нәрсенің үкімін жойды»*<sup>488</sup> дейді. Ханафилер бұл хадистің жалпылама еместігін алға тартады.

Көпшіліктің сүйенген тағы бір мынадай хадисі бар. *«Иглақ» (зорлау, қорқыту, ашу-ыза) кезінде талақ және құл азаты болмайды»*<sup>489</sup>. Хадистегі *«Иглақ»* сөзі – қатты ашу яки қайғыру, не істерін білмей қатты сасу мағынасына саяды. Адам қатты қорқып не болмаса қатты ашуланған кезде өзіне ие бола алмайды. Ендеше, бұл жағдайда оның талағы жарамды болмауы керек. Османлы мемлекеті де ақырғы кездерінде көпшіліктің пікірін негізге алып: *«Зорлықпен жасалған талақ жарамсыз»*- деп, заң қойған<sup>490</sup>.

### Мас адамның «талағы»

Бұл туралы да ғалымдар арасында екі көзқарас бар. **Бірінші:** Ханафиляр және Шафиғилардың жаңа көзқарасы Һәм Маликилердің кейбір көзқарасы және Ханбалилердің

<sup>487</sup> «Нахл» сүресі, 106.

<sup>488</sup> Бухари, Талақ, 44, Ибн Мәжә.

<sup>489</sup> Әбу Дәууд, Талақ, 8; Ханбәл.

<sup>490</sup> Дөндүрен. а.а.е. 368 бет.

мықты көзқарасына қарай мас адамның талақ етуі жарамды болып саналады. Бірақ мастықтың мүбаһ адал жолмен болмауы керек. Дәлел: Аятта: *«Талақ – екеу»*<sup>491</sup>. *«Ері әйелін (үшінші мәрте) талақ етсе, әйелі оған басқа бір ермен үйленбейінше адал болмайды»*<sup>492</sup>. Осы аяттарда мастық туралы сөз болмаған. Хадисте: *«Кішкентай бала мен ақыл-есі жарымнан тыс барлық талақ жарамды»*<sup>493</sup>.

Басқа бір аятта да:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا لَا تَقْرُبُوا الصَّلَاةَ وَأَنْتُمْ سُكَارَى حَتَّى تَعْلَمُوا  
مَا تَقُولُونَ

*«Мас болып тұрғандарыңда өздеріңнің не деп тұрғандарыңды білгенге дейін намазға жақындамаңдар»*,<sup>494</sup> – дейді. Осы аятта мас адам сөз етіліп, олардың діни әмір мен тыйымдарға мойынсұну міндетті екендіктері ишарат етілген. Ендеше, мас адамның талағы жарамды.

Мас болудың екі түрі бар.

1. Мүбаһ, адал бір тамақты жеуден, яки сусынды ішуден мас болып не болмаса мас қылатын нәрсені зорлықпен, яки қорқытылып ішіп мас болып талақ ететін болса жарамсыз болады. Бұл тұрғыда мәзһабтардың ауызбірлігі бар. Мысалы, тым көп бал жеу яки кейбір жемістен жасалған сусынды ішу арқылы мас болу осыған жатады.

2. Харам етілген бір сұйық затты ішіп мас болу. Шарап, арақ, коньяк, сыра, т.б яки анаша тәрізді нәрселерді пайдаланып мас болып, талақ ететін болса бұл жарамды болады. Мысалы, мас адам біреудің малын ұрласа яки біреуге

<sup>491</sup> «Бақара» сүресі, 229.

<sup>492</sup> «Бақара» сүресі, 230.

<sup>493</sup> Касани, а.а.е., 3 том. 100.

<sup>494</sup> «Ниса» сүресі, 43.

тіл тигізсе, заң алдында жауап береді. Оның мастығына қарамайды. Ендеше, мас адамның әйелін талақ етуі де дәл осылай жарамды болмақ. Мастың бұл іс-әрекетінен жауапты болуы «қылмыс өзге қылмысты заңды ете алмайды» ұстанымына сүйенеді. Мастық күнә саналғандықтан үзір болып табылмайды.

Мас адамның күпір сөз айтуы оны діннен шығармайды<sup>495</sup>.

**Екінші:** Мастың талақ етуін жарамсыз санағандардың дәлелі. Хазіреті Оспан, Омар ибн Абдулазиз, Ханафилерден Зүфәр, Тахауи және Кәрхия, сондай-ақ Имам Шафиғи мен Ахмед ибн Ханбалдан жеткен кейбір деректеріне көз салатын болсақ, мас адамның талағы жарамсыз болып табылады. Олар былайша дәлел келтіреді. Мастық ақыл мен ерікті жоқ қылады. Сондықтан бұл ақыл-есі жарым адамға ұқсайды. Ақыл-есі кем, кішкентай баланың және адал жолмен мас болған адамның талағының жарамсыз болуының сыры олардың ақыл-есі толық орнында болмауынан туындайды. Ендеше, мастық да дәл осылай. Оның үстіне мас адам күпір сөз айту арқылы діннен шықпайтын болса оның талағы да жарамсыз болуы керек.

Басқа бір дәлел Майыздың оқиғасы. Майыз Пайғамбарымызға келіп өзінің зина жасағанын айтып мойындағанда Аллаһ елшісі сахабаларға қарап: Майыздың мастығын тексеріңдер деп бұйрық береді. Егер ол сөзін мастықпен айтқан болса онда ол жауапты болмай, сөзі жарамсыз саналатын еді. Ендеше, осы хадис мастың жасаған сөзі мен іс-әрекетіне жауапты еместігін көрсетеді<sup>496</sup>. Османлы мемлекетінің де заңында осы көзқарасты негізге алып: «Мастың талағы жарамсыз», - деп жазылған.

<sup>495</sup> Касани, сол жерде.

<sup>496</sup> Касани, сол жерде.

Иә, мұсылманға арақ-шарап мәңгілік харам. Оны ішкен адам үлкен орны толмас күнәға батады. Арақ-шарап ішкен адам өзіне де, отбасына да, тіпті қоғамға да көп зиянын тигізеді. Сөйте тұра әзәзілдің құрығына ілініп, шарап ішіп, мас болып, әйелін талақ ететін болса, онда оның сол сөзді ақыл-есі орнында болып, әлде есін білмей айтқандығын есепке алып соған қарап пәтуа беру абзал болуы мүмкін. Әсіресе бұл жағдай дінге енді ғана бет бұрып келе жатқан қазақ халқында жиі кездеседі. Осылай болса иманы жаңа ғана толысып, дінін бірте-бірте үйреніп келе жатқан халыққа екінші көзқарасты ұстану ең азбалы болса керек.

### **Талақтағы сөздер**

Талаққа қатысты айтылған әртүрлі сөздер оны іске асыра алады.

**Бірінші:** Мағынасы айқын сөздер. Талаққа қатысты айтылатын айқын да, анық сөздер «айқын сөздер» деп аталады. Мысалы «сені талақ еттім», «сенімен ажырастым» т.б. сөздер.

**Екінші:** астарлы, ауыспалы мағынада айтылған сөздер. Мұндай сөздер арқылы талақ етуде не талақ ниетінің болуы не болмаса сол сөздің ішінде талақты меңзейтін мағына болуы тиіс. Мысалы, «ғиддатыңды күт», «Аллаһ талақ етуді қалады», «сен менің әйелім емессің» т.б. сөздер. Мұндай сөздер (рижиғ) «айну» талақты ғана іске асырады. Яғни бір талақты білдіреді. Алайда «Сен маған харамсың», «Сен менен құтылдың» «бар да басқа біреуге тұрмысқа шық» деген сөздер үш талақты (байын)



талақты білдіреді. Әйтсе де көбінесе қанша талақ еткені ниетіне қарай болуы да мүмкін<sup>497</sup>.

Ханафилар бойынша, сөз астарлы ауыспалы мағынада айтылса, екі жағдайда талақ іске асады.

1. Ерінің астарлы сөздерде талақ етуді ниет етуі. Мысалы, ері әйеліне «сенімен әңгіме бітті, дереу үйді тәрк ет» деп, талақ етуді меңзейтін болса, (байын) үш талақ іске асады.
2. Талақ ету ниетінің халі арқылы білінуі. Бұл үш жағдайда болады. Ашулы халі, талақ туралы ерлі-зайыптылардың өзара сөйлесуі және ризалық халі.

**Ашулы халі:** Ерлі-зайыптылар кейде күн көріс қамы қиындап өз-ара ұрысып ашу үстінде ері әйеліне «ғиддат күт», «үйден кет» т.б, сөздер айтатын болса талақ іске асады. Талақ етуде ниеттің болуы немесе болмауы нәтижеге әсер етпейді. Бірақ күйеуі мұндай жағдайда «мен талақты меңзеген жоқ едім» дейтін болса Аллаһ құзырында расталады. Яғни өзінің ар-ұятына қарай пәтуа беріледі.

**Талақ туралы сөйлесу.** Ерлі-зайыптылар талақ туралы сөз таластырып отырған кезде әйелі талақ етуді қаласа, күйеуі «ғиддат күте баста», «сенімен байланысым қалмады» т.б, сөздер айтатын болса, ниетіне қарамай талақ іске асады. «Кет, шық, тұр орныңнан» секілді сөздер айтатын болса, ерінің ниеті зерттеледі.

**Ризалық халі.** Егер жайшылық кезде ері әйеліне талақ туралы ауыспалы мағынада сөз айтатын бол-

<sup>497</sup> Касани, сол жерде.

са, ниеті болмағандықтан талақ іске аспайды. Ері «талақты меңземедем» деп ант етсе расталады<sup>498</sup>.

Шафиғи мен Маликилерде астарлы сөздерде ниеті болмайынша талақ іске аспайды. Ері: «мен бұл сөзіммен талақты ниет етпедім» – дейтін болса дереу расталады.

Сөз түйіні ері әйелін талақта айтылатын арнайы сөздермен талақ етіп, артынша «мен бұл сөздермен талақты меңземеген едім» немесе «талақ етуді ниет етпедім» дейтін болса не болмаса «бұл сөзіммен басқа бір нәрсеге ниет еткен едім» деп ақталатын болса, Ислам сотында бұлардың ешбірі назарға алынбай талақ іске асады. Ал, Аллах Тағала мен өз арасында ерікті болып қалады. Яғни осы сөздерді талақтан басқа бір мағынада пайдаланғандығына сенетін болса, онда әйелімен бірге әрі қарай өмір сүруіне болады. Алайда, өзіне сенімді емес болса әйелімен бірге өмір сүре алмайды. Сондай-ақ, ерінің «мен әйелімді қорқыту үшін ажырасуға қатысты сөздерді пайдаланған едім» деуін куә арқылы дәлелдемесе сотта расталмайды<sup>499</sup>.

### **Хат арқылы талақ ету**

Ислам дінінде ерлі-зайыптылар бір-бірлерінен ұзақ тұрып-ақ ажырасуларына болады. Ханафилерде ері әйеліне хат жазып сол хаттың сыртына әйелінің мекен-жайы мен аты-жөнін жазып хатта: «Сені талақ еттім» яки «Сенімен ажырастым» деген сияқты айқын талақ етуді білдіретін сөздермен жазатын болса, ниеті талақ ету болмаса да талақ іске асады. Бірақ ері әйелінің аты-жөні мен мекен-жайын жазбай тек қана бір қағазға «әйелім пәленше сені талақ еттім» деп, жазатын болса, бұл сөз айқын талақ етуді біл-

---

<sup>498</sup> Касани, сол жерде.

<sup>499</sup> Дөндерен, 370 бет.

дірумен қатар «астарлы сөзбен талақ ету» түріне саналады. Сондықтан бұл жерде ерінің талақ туралы ниетінің қандай екендігі зерттеледі. Өйткені ері бұндай жазуды басқа бір ниетпен де жазуы мүмкін.

Хаттағы жазу әсілінде сол хаттың жазылған күнінде жүзеге асады. Бірақ хатқа «осы хат жеткен кезде» яки «осы хатты алған сәттен бастап сені талақ еттім» деген сияқты сөздер болса, сол хат жетпейінше талақ іске аспайды. Көптеген мүштаһидтердің көзқарасы бойынша ері әйелін талақ еткенін бір қағазға талақ ниетімен жазатын болса, талақ іске асады. Егер жазуды басқа бір ниетпен жазатын болса онда талақ іске аспайды. Яғни талақ ниетімен жазған адам оны аузымен айтқанмен бірдей болмақ<sup>500</sup>. Бұған дәлел – Пайғамбарымыздың Исламды жаюда қолданған әдістеме. Ол көптеген патшаларға хат жазып оларды дінге шақырған.

### Өкіл арқылы талақ ету

Ері әйелін бір өкіл арқылы талақ ете алады. Ол бір адамға «әйелімді талақ етуге сені өкіл еттім» деп оған талақ етуге өкілдік береді. Бұдан кейін әлгі өкіл әйелге барып талақ еткеннен бастап әйел талақ етіледі. Сондай-ақ, елші жіберуге де болады. Бірақ елші ерінің айтқан сөзін айна қатесіз жеткізуі тиіс. Ері елшіге: «әйеліме бар да оны бір «рижиф» (қайту) талақпен талақ еткенімді айт» десе, елшісінің осы хабарды айна қатесіз әйеліне жеткізуі арқылы талақ іске асады<sup>501</sup>.

<sup>500</sup> Ібн Абидин, а.а.е; 2 том; Зухәйли, а.а.е. 6 том.

<sup>501</sup> Касани, Ибн Абидин.

## Саңырау мен мылқаудың талақ етуі

Саңырау мен мылқаудың үйленуі арнайы белгілермен болғаны секілді ажырасулары да осыны білдіретін белгілермен іске асады. Хат танитын саңырау мен мылқаудың талақ етуі туралы түрлі көзқарас бар. Кейбірі мылқаудың жазу арқылы талақ етуді жөн көрсе, кейбір ғалымдар белгімен талақ ете алатынын айтады.

Көптеген ғалымдар бойынша сөйлей алатын саңырау адамның белгімен жасаған некесі де талағы да дұрыс болмайтынын айтады<sup>502</sup>.

## Бір сөзбен үш рет талақ ету мәселесі

### *1. Көпшіліктің көзқарасы*

Төрт мәзһаб имамына және Ислам фақиһ ғалымдарының көпшілігі бойынша ері әйелін бір сөзбен үш рет талақ ететін болса, үш талақ ету де іске асады. Осыдан кейін «айқын талақ» болып ері үш рет талақ ету құқығынан айырылады. Яғни осыдан кейін сол ажырасқан әйелі басқа біреуге тұрмысқа шығып сонымен бірге болып, одан кейін онымен ажырасып содан соң арнайы күту мезгілі «ғиддатты» бітіргеннен кейін ғана бұрынғы ерімен қайта қосылу мүмкіндіне ие бола алады. Осындай көзқарастар хазіреті Омар, хазіреті Әли, Ибн Омар, Ибн Аббас және Ибн Мәсғұд тәрізді сахабалардан бізге жеткен.

Ибн Аббас, ибн Мәсғұд және Абдархман ибн Ауф сияқты сахабалардан басқаша бізге жеткен көзқарас та бар<sup>503</sup>.

---

<sup>502</sup> Ибн Абидин, сол жерде.

<sup>503</sup> Зуһайли, а.а.е. 7/407.

## 2. Азшылықтың көзқарасы

Зәйдия ағымы және ибн Тәймия мен Ибнул Қажум әл-Жәузия сияқты ғалымдар «бір сөзбен үш рет талақ ету – бір талақ ету болып саналады» деген көзқарасты ұстанады. Олар бұған мынадай дәлел келтіреді.

**Бірінші:** Құранда «*Талақ екі мәрте... Егер ері үшінші мәрте талақ ететін болса әйелі басқа біреуге тұрмысқа шықпайынша адал болмайды*»,<sup>504</sup> – дейді. Ендеше осыған қарай талақ бөлек-бөлек айтылған сөздермен іске асуы керек. Өйткені Аллаһ Тағала «талақ екі» деп айтпаған «*талақ – екі мәрте*»- деп айтқан. Ендеше осы жағдай бір мәрте үш талақ етудің заңды еместігін көрсетеді. Ері әйеліне: «Сені үш талақпен талақ еттім» - дейтін болса бұл тек бір талақ қана болып есептеледі. Өйткені ері талақ етудегі үш мәрте құқығының біреуін ғана пайдаланып тұр. Ол бір мәрте кезінде талақ деп, қанша айтса да бір мәрте болып саналып, қалған құқығы сақталады.

**Екінші:** Сондай-ақ, осы ғалымдар сүннеттен де дәлел келтіреді. Ибн Аббастың бізге жеткізген бір хадисінде Руқанә ибн Абди Язид деген сахаба бір жерде әйелін бір сөзбен үш рет талақ етеді де артынан осы айтқанына қатты мұңайып Пайғамбарға жеткізеді. Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) оған қалай талақ еткенін сұраған кезде ол: «үш рет талақ еттім» дейді. Хақ пайғамбар «*бір жерде ме?*» деп сұрағанда «иә» деп жауап береді. Сонда Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*): «*Бұл бір ғана талақ болады. Сол себепті қаласаң қайтадан әйеліңе оралуыңа болады*» дейді. *Артынша Руқанә әйеліне қайта оралады*<sup>505</sup>.

<sup>504</sup> «Бақара» сүресі, 229-230.

<sup>505</sup> Ханбәл, Муснәд, 1 том, 265; Асқалани, Фәтхул-бәри, 9, 346; әш-Шәукәни.

Басқа бір хадисте Руқанәнің үш рет талақ етпегенін айтып, ант ішкен соң Хақ пайғамбар оған әйеліне оралуға рұқсат бергені де айтылады<sup>506</sup>.

Сондай-ақ, осы хадисті жеткізген ибн Аббастың бір жерде жасалған үш талақтың «үш талақ» болып саналатындығы жөнінде пәтуасы туралы хабар да бар. Бір адам ибн Аббасқа келіп «мен әйелімді жүз талақпен талақ еттім. Енді не істейін?» деп сұрайды. Сонда ибн Аббас: «әйелің сенен үш рет талақ болыпты. Қалған тоқсан жеті талақ арқылы Аллаһ Тағаланың аятын келеке етіпсің» деп жауап береді<sup>507</sup>.

Һәм ибн Аббастың басқа бір жеткізген хабарында былай айтылған «Аллаһ (*аләһһис-саләту уәс-сәләм*), Әбу Бәкір кезеңін және Омардың халифалық шағының алғашқы екі жылында бірден үш талақ айту бір мәрте болып саналатын. Кейіннен Омар: «Сөзсіз адамдар өздеріне берілген осы мезгіл туралы мәселеде асығыстық танытты. Осыны оларға жарамды деп тапсақ» деді де, осыны өздеріне заңды деп есептеді»<sup>508</sup>. Яғни осы хабар бір сөзбен жасалған үш талақтың бір саналғаны Пайғамбар және Әбу Бәкір заманы және хазіреті Омардың алғашқы екі жылында жарамды болғаны көрсетілген. Әрі хазіреті Омардың кейіннен бір кезде үш талақты «үш талақ» болсын деп санауы сол кездің саяси мәселесіне қатысты болғанын көрсетеді.

Өйтсе де ибн Аббастың осы хабарын көптеген муштаһид ғалымдар былайша бағалаған.

**Бірінші:** Бұл хабар – бір кісінің әйеліне бір жерде үш рет «сен талақсың, сен талақсың, сен талақсың» деген сөздерімен талақ етуіне қатысты мәселе. Өйткені

---

<sup>506</sup> Қараңыз; Әбу Дәууд, Тирмизи және Ибн Мәжә.

<sup>507</sup> Мәлик, Муатта, Талақ.

<sup>508</sup> Муслим, Иман, Әбу Дәууд, Әдәб; Тирмизи, Бирр; Ханбәл.

бұл кісінің екінші, үшінші мәрте айтқан сөздері алғашқы айтқан сөзін қуаттау, растау ниетімен айтатын болса онда бір ғана талақ іске асады. Егер қайталау ниетімен айтқан болса, онда үш талақ бірдей іске асады. Міне, Пайғамбар және Әбу Бәкір кезінде айтылған осындай сөздер қуаттау, растау мақсатымен айтылатын. Ол кезде адамдар тақуа, салихалы, сенімді болатын. Кейіннен хазіреті Омар кезінде жағдай өзгеріп, бір сөзбен үш талақ ету елде кең жайылып бара жатқан соң халифа Омар екінші, үшінші сөздерді қуаттау емес, қайталау ниеті деп санайтын үкім шығарды. Онсыз да Омардың аталмыш сөзі осыны көрсетеді.

**Екінші:** Ибн Аббастың жеткізген бұл үкімі ерлі-зайыптылардың неке қиылған соң бір-бірімен төсек қатынасы болмай тұрған кезде ғана жарамды болады. Басқа бір хабарда ибн Аббас Хақ пайғамбар және Әбу Бәкір заманында ерлі-зайыптылар алғашқы төсек қатынасын жасамай тұрып, ері әйелін үш рет талақ ететін болса, бұл талағы бір мәртеге саналғанын айтады.

**Үшінші:** Кейбір деректе былай деп те айтылған: Хазіреті Омар осы мәселе туралы сахабалармен ақылдасады. Ақырында бір уақытта үш рет талақ етудің бір талаққа жатады деген үкім Аллаһ елшісінің кезінде алынып тасталғаны білініп, халифа соған қарай пәтуа береді<sup>509</sup>.

Сондай-ақ, бұдан басқа да көптеген деректер айтылған. Ендеше, осыларды саралап қарайтын болсақ бір уақытта үш рет талақ етудің бір талаққа жатады деген айқын аят жоқ. Дәлел ретінде айтылған хадистің де үкімінің басым көпшілік ғалымдар жоғарыда айтылғандай анығын айтып өткен. Оның үстіне келесі кезекте бір жерде үш талақ

<sup>509</sup> Зуһайли, а.а.е. 7/409.

етудің үш талаққа жататыны туралы басым көпшілік ғалымдардың көзқарастарын берейік.

### Бір жердегі үш талақ

Ханафи, Шафиғи, Ханбали, Мәлики мәзһабтары бір сөзбен яки әр түрлі сөздермен бір жерде үш талақ етуді «үш талаққа» жатқызған. Олардың дәлелдері төмендегіше:

**Бірінші:** Құраннан дәлел. *«Талақ екі рет. Сонда не туралықпен ұстау немесе жақсылықпен ажырасу керек»*<sup>510</sup>. Бұл аятта екі талақтың жеке-жеке жасалуына ишарат бар, бірақ бір мәртеде жасалуына тыйым салған сөз жоқ.

**Екінші:** Сүннеттен дәлел. Ибн Омардың хадисі. Хазіреті Омардың ұлы Абдуллаһ әйелін хайыз кезінде бір талақпен талақ етеді. Бұл хабарды Пайғамбарымыз естіген шақта Абдуллаһтың әйеліне оралуына болатындығын һәм бұдан кейін талақ еткісі келсе, хайыздан тазарған күндерде жасауын айтады. Абдуллаһ «Егер әйелімді үш рет талақ еткенімде оған қайта оралу мүмкіндігім болатын ба еді?» деп сұрайды. Сонда Аллаһ елшісі (*аләйһис-саләту уәс-саләм*): *«Жоқ, әйелің айқын талақпен талақ етілетін еді де сен күнәкар болатын едің»*- деп, жауап береді. Бухаридің хадисіндегі хабар былайша берілген. Абдуллаһ ибн Омардан осыған ұқсас мәселе сұралғанда ол: *«Әйеліңді үш рет талақ еткеніңде басқа біреуге тұрмысқа шыққанша ол саған харам болатын еді»*- деп жауап береді<sup>511</sup>.

Басқа бір хадисте ер адам әйелін үш талақ айтып талақ еткен кезде мұны Аллаһ елшісі есітіп қатты ашуланып

---

<sup>510</sup> «Бақара» сүресі, 229.

<sup>511</sup> Бухари, Талақ.



орынан тұрады да: «Мен әлі араларыңда тұрып, әлде біреулер Аллаһтың кітабымен ойнағаны ма?», – дейді<sup>512</sup>.

Әбу Хафс әл-Махзуми әйелі Фатима бинти Қайсты бір кезде үш рет талақ етеді. Хақ пайғамбардан Фатима үшін «ғиддат» нәпақасы туралы сұрағанда ол: «нәпақа қажет емес, тек «ғиддат» қажет» дейді. Егер Хақ пайғамбар үш талақты бір санағанда «ғиддат» нәпақасының берілуін айтатын еді. Шафиғилар осы хадиске сүйеніп әйелге нәпақа қажет еместігін алға тартқан.

Хазіреті Әли шейіт болған соң орнына хазіреті Хасан халифа болады. Сол кезде оның әйелі Айша бинтул-Фадл оны халифа болуымен құтықтайды. Сонда хазіреті Хасан қатты ашуланып: «Мұсылмандардың әмірі – Әлидің өлтірілгені үшін қуанып, сол қуанышыңды білдіріп тұрсың ба? Сен үш мәрте талақсың», – дейді де әйелін талақ етеді. Кейіннен «егер мен мына хадисті атамнан естімегенімде сенімен қайта үйленетін едім», - деп *«Кімдекім әйелін «ғиддат» ішінде үш рет яки бір сөзбен үш рет талақ ететін болса, бұдан кейін сол әйел басқа біреуге тұрмысқа шықпайынша оған адал болмайды»*,<sup>513</sup> – деген хадисті айтады.

<sup>512</sup> Нәсәи, Талақ.

<sup>513</sup> Бәйхақи, Сунәнул-Кубра.





## ІХ БӨЛІМ

# ТАЛАҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ

*«Талақ екі мәрте. Сонда не туралықпен  
ұстау немесе жақсылықпен ажырасу  
керек»*

*«Бақара» сүресі*





## 1. «РИЖИҒ» (ҚАЙТУ) ТАЛАҒЫ

Ер кісі әйелін бір мәрте талақ ететін болса, «ғиддат» күту мерзімі аяқталғанға дейін жаңа неке қимай-ақ һәм жаңа «мәһір» бермей-ақ райынан қайтып, әйеліне қайта қосылуына болады. Яғни әйелі «ғиддат» мерзімінің бітуін күтіп отырған кезде күйеуі оған барып некені ары қарай жалғастыруды білдіруі жетіп жатыр. Бұдан кейін олар ары қарай бұрынғыша ерлі-зайыпты болып өмір сүре береді. Құрандағы «**талақ екі мәрте**» деген аят бойынша талақ етудегі үш құқының бірінен айырылады. Әрі қарай тағы бір рет талақ ететін болса, әйелі «ғиддат» күту мерзімі кезінде ердің өз ойынан қайтып әйеліне оралуына болады. Алайда, ер кісі осы екі талақ ішінде әйеліне «ғиддат» мерзімі аяқталғаннан кейін ойынан бас тартатын болса, онда мақсатына жете алмайды. Өйткені осы екі талақтың «ғиддат» мерзімі аяқталған кезде бұл талақ айқын талаққа айналып кетеді. Егер ерлі зайыптылардың қиған неке-лері күту «ғиддат» мерзімімен бірге аяқталған соң қайта қосылғылары келсе, жаңадан неке қиюларына тура келеді. Үйленген соң ер кісінің талақ құқығы жұмсағанына қарай азаяды.

Осы неке қимай-ақ қайтуына болатын мәселеге қатысты Құранда екі аят бар. Әуелгісі:

الطَّلَاقُ مَرَّتَانِ فَإِمْسَاكَ بِمَعْرُوفٍ أَوْ تَسْرِيحٍ بِإِحْسَانٍ

**«Талақ екі мәрте. Сонда не туралықпен ұстау немесе жақсылықпен ажырасу керек»<sup>514</sup>.**

<sup>514</sup> «Бақара» сүресі, 229.

**«Талақ болған әйелдер, үш етеккір мерзімін күтеді...  
Әйелдерін қайта алуға өз ерлері лайығырақ»<sup>515</sup>.**

Осы аяттар бойынша ер кісі «ғиддат» күтіп отырған әйеліне өз қалауымен ғана орала алады.

Хадисте де бірде Пайғамбарымыз жары Хафсаны талақ етеді. Сол кезде Жебірейіл келіп оған: *«Хафсаға қайта орал, өйткені ол көп ауыз бекіткен, көп намаз оқитын әйел»*,<sup>516</sup> – дейді.

### **«Рижиг» (қайту) талағының үкімдері**

1. Талақ саны азаяды. Ері әйелін бір талақпен талақ еткен болса, ері қарай екі құқығы қалады.
2. Талақ еткен әйел разы болса да, болмаса да ері «ғиддат» ішінде отырған әйелімен жаңа неке қимай, жаңадан мәһір де бермей соған қайта орала алады. Егер ері әйеліне «ғиддат» мерзімі біткен соң баратын болса, онда бұл «айқын талаққа» айналады. Бұдан кейін неке қимайынша ерлі-зайыптылар бірге бола алмайды.
3. Некелік байланыс «ғиддат» біткенге дейін жалғасады. Яғни «ғиддат» аяқталғанша ерлі-зайыптылар бір-біріне харам болмайды. Осы кезеңде ері әйелімен төсек қатынасын жасай алады. Бірақ төсек қатынасын жасаған кезден бастап бұл ерінің әйеліне қайтуы болып саналады.
4. «Ғиддат» мезгілі кезінде ерлі-зайыптылардың біреуі көз жұматын болса онда олар бір-бірлеріне мирасқор бола алады.

---

<sup>515</sup> «Бақара» сүресі, 228.

<sup>516</sup> Әбу Дәууд, Талақ; Нәсәи, Талақ; Ханбәл, Муснәд.

## 2. «БАЙЫН» (АЙҚЫН, АҚЫРҒЫ) ТАЛАҚ

### «Байын» (айқын) талақтың түрлері

Талақ кезінде некеліктері аяқталған және жаңа бір неке болмайынша ерлі-зайыптылық өмірді жалғастыруға мүмкіндігі жоқ талақты «байын» (айқын) талақ» деп атайды. Бірақ ерлі-зайыптылардың осы ажырасулары «кіші ажырасу» және «үлкен ажырасу» болып екіге бөлінеді.

**Бірінші.** Кіші ажырасу. Бұл ердің талақ еткен әйеліне «ғиддат» күту мезгілі ішінде немесе одан кейін жаңа бір неке мен жаңа мәһірмен қайта қосылу мүмкіндігі бар талақ. «Ғиддат» ішінде оралатын болса оған неке қажеті жоқтығын жоғарыда айтып өткенбіз. Ал мынадай төменгі жағдайларда жаңа неке мен мәһір керек. Олар атап айтқанда ерлі-зайыптылар алғашқы төсек қатынасын жасамай тұрып ажырасуы, арнайы ақы беру арқылы талақ, әсірелеп қатты сөзбен талақ етуі немесе ерінің нәпақаны тауып бере алмауы, яки қазыға әйелдің арыз беруі арқылы ажырасу түрлері осыған жатады. Осы түрлерді төменде жеке-жеке қозғап өтеміз.

**Екінші:** Үлкен ажырасу. Басқа біреуге тұрмысқа шықпайынша үйлену мүмкіндігі жоқ талақ түрі. Бұл туралы да жоғарыда бірнеше мәрте айтып өткенбіз. Ері әйелін бір рет яки әр түрлі уақыттарда үш рет талақ ететін болса берілген үш талақ ету құқын бітіріп, араларында айқын және үлкен ажырасу пайда болады. Мұндай кезде әйел өзінің «ғиддат» мезгілін аяқтап, басқа бір ерге тұрмысқа шығып онымен бірге төсек қатынаста болып одан кейін өлім, талақ т.б секілді әр түрлі себептермен сол ерінен ажырасып одан кейін «ғиддат» мезгілін бітірген соң ғана

бұрынғы еріне қайта тұрмысқа шығуына мүмкіндік туады<sup>517</sup>.

### «Байын» (айқын) саналған талақтар

Бірінші: Күйеудің әйелімен үйленген соң төсек қатынасын жасамай тұрып қандай да бір себеппен сол әйелін талақ ететін болса бұл талақ – «байын талаққа» яғни «кіші ажырасуға» жатады. Ерлі-зайыптылар төсек қатынасын жасамаған соң әйелінің «ғиддат» мерзімін күтіп отыруының қажеті жоқ. Өйткені «ғиддат» мерзімі әйелінің жүкті болуының анықталуы үшін жасалатын нәрсе. Әрі бұған Құранда дәлел бар: *«Ей, иман келтіргендер! Егер әйелдерді некелеп алған соң оларға қосылмай тұрып талақ ететін болсаңдар, онда оларға «ғиддат» мерзімі қажет емес»*<sup>518</sup>.

Мұндай кезде ері ажырасқан әйелімен «тағы да құқым» бар деп әйеліне бір жақты өзінің еркімен қайта қосыла алмайды. Сондықтан бұл «рижиф» (қайта оралу) түріне емес «байын» (айқын) талаққа жатады. Яғни қайта қосылу үшін әйелдің де еркі қажет.

**Екінші:** Әйелдің арнайы ақы беру арқылы жасалған «байын» талақ. Құранда: *«Ей, мұсылмандар! Екеуінің Аллаһтың шегін орындай алмауынан қауіптенсеңдер онда әйелдің еріне бодау беруінде екеуіне де күнә жоқ»*,<sup>519</sup> – дейді.

Әйелдің ақы төлеу арқылы талақ етуінің мақсаты әйелге некенің аяқталуына мүмкіндік беру және ерінің өз қалауымен ғана қайтадан әйеліне қосылуына кедергі жасау. Мұндай мақсат тек «байын» (айқын) талақ арқылы

---

<sup>517</sup> Ибн Қудәмә, әл-Муғни, 8/470.

<sup>518</sup> «Ахзаб» сүресі, 49.

<sup>519</sup> «Бақара» сүресі, 229.



ғана іске асады. Яғни олар қайта қосылатын болса әйелінің де рұқсаты қажет болмақ.

**Үшінші:** Әсірелеп қатты сөзбен батырып талақ ету немесе астарлы сөздер арқылы талақ ету түрі. Мысалы, «Сен «байын» бір талақпен боссың, қатаң бір талақпен боссың, бұдан кейін саған оралуы мүмкіндігі жоқ бір талақпен боссың, сен талақтың ең қатаңымен боссың, сен таудай бір талақпен талақ болдың, сені ең жиіркеншікті бір талақпен талақ еттім» сияқты сөздермен талақ ету «байын» айқын талақты іске асырады.

Сондай-ақ астарлы сөздермен талақ етуде егер ниеті болса «байын» талақ іске асады. Мысалы «шық, ата-ананың үйіне бар да қайта оралушы болма, енді боссың, төркінің орал» сияқты сөздер осы түрге жатады. Бірақ басым көпшілік мүштеридтердің көзқарастарында осы талақ түрі «байын» талаққа жатпайды. Бұл тек ханафилерде ғана<sup>520</sup>.

### «Байын» талақтың үкімдері

Кіші ажырасу жағдайында. Бір немесе екі «байын» талақ арқылы кіші ажырасу іске асады. Олардың нәтижесі мынау.

1. Талақ болу арқылы неке аяқталады. Бірақ қайтадан үйленуіне болады.
2. Талақтың саны азаяды.
3. Әйел «ғиддат» біткенге дейін ерінің үйінің бір бөлмесінде тұра алады. Ерінің оған деген нәпақасы да жалғасады.

<sup>520</sup> Касани, а.а.е. 3/101.

4. Қайтыс болу яки ажырасқанға дейін кешіктірген мәһір нақты қолма-қолға айналып оны сол кезде беруі тиіс.

### Үлкен ажырасу жағдайында

Ері әйелін бір сөзбен үш талақ яки үш уақытта үш талақ айтатын болса «байын» үлкен талақ іске асады. Бұлардың үкімі былай.

**Бірінші:** Ерінің әйеліне деген құқығы бітеді.

**Екінші:** Неке сол сәттен аяқталады. Қайта қосылу үшін әйелі басқа біреумен тұрмыс құрып ажырасуы керек.

**Үшінші:** Әйел «ғиддат» біткенге дейін ерінің үйінің бір бөлмесінде тұруына болады. Ерінің оған деген нәпақасы жалғасады.

**Төртінші:** Ерлі-зайыптылар арасында мирас жалғаспайды.

**Бесінші:** Кейінге қалдырған мәһір дереу беріледі.

Мұндай кезде олардың арасындағы неке біткен соң «ғиддат» уақытында әйел ерінің алдына орамалсыз жүре алмайды. Кешегі ерлі-зайыптылар бұдан былай бір-біріне жат болып табылады<sup>521</sup>.

### Талақ әдебі

Ислам дінінде отбасы мәселесінде «өмірлік» ұстанымын негізге алған. Сондықтан дінде уақытша яки «мута» некелеріне ешқандай рұқсат бермеген. Бірақ ерлі-зайыптылардың бәрі әрқашан бір-бірін түсініп бақытты өмір сүре бермейді. Бес саусақ бірдей емес. Отбасы болған соң ыдыс-аяқ сылдырамай тұра алмайды. Міне,

---

<sup>521</sup> Зуһайл, а.а.а. 7/440.

дін осындай келеңсіз мәселелерді алдымен бейбіт жолмен шешуді, ерлі-зайыптылардың сабырлық танытып қажет болса өз жақындарынан төреші тағайындап мәселені шешіп ерлі-зайыптыларды қайта жарастыру тәсілдердерін қарастырған. Әйтсе де кейде ерлі-зайыптылар бір-бірлерін мүлде түсіне алмай бірге өмір сүре алудан қалуы мүмкін. Міне осындай шақта ғана Ислам діні оларға ажырасу мүмкіндігін берген.

Жалпы ханафи мәзһабында талақ мәселесі мүбаһ әрекетке жатады. Өйткені төмендегі аяттардың жалпы мағынасы осыған саяды. *«Әйелдеріңді некелескеннен кейін олармен жыныстық қатынас жасамай тұрып яки олармен мәңір жайында келіспей тұрып талақ ететін болсаңдар мұнда тұрған ешқандай азаттық жоқ»*<sup>522</sup>. *«Ей, Пайғамбар! Әйелдерді талақ еткілерің келсе оларды «гиддаттары» ішінде талақ етіңдер»*<sup>523</sup>. Бұдан бөлек Пайғамбарымыздың (*аләйһис-саләту уәс-саләм*) да Хафса деген әйелін талақ еткені сондай-ақ көптеген сахабалардың да әйелдерін талақ еткені бар. Егер талақ ету харам болғанда Пайғамбар да сахабалар да талақ етпейтін еді.

Бірақ бұның бәрі кез-келген уақытта ер кісі әйелін яки ерлі-зайыптылар бір-бірін қалаған уақытта талақ ете береді деген сөз емес. Тіпті аталмыш бірінші аятта талақ етудің ерлі-зайыптылар бір-бірімен жақындаспай тұрғанда мүбаһтығын ал екінші аят талақтың уақытын айтып тұр. Яғни талақ мүбаһ болғанмен адал ас ішу секілді мүбаһ емес. Атам қазақтың «үйлену оңай үй болу қиын» дегенінде осы мән жатыр. Сондай-ақ Пайғамбар да сахабалар да талақ еткен болса зәру жағдайларға байланысты талақ

<sup>522</sup> «Бақара» сүресі, 236.

<sup>523</sup> «Талақ» сүресі, 1.

еткен. Тектен-текке ажырасу отбасы мүшелерін өмір бақи айықпас дертке, орны толмас өкінішке алып баруы мүмкін. Сондықтан ибн Абидин көпшілік ғұламалардың пікірін негізге алып «Талақтың негізі – харам. Бірақ оны мүбаһ ететін жағдайлар мен шарттар туындайтын болса ғана адал бола алады. Сол себепті некелік нығметтен орынсыз бас тартудың ешбір негізі жоқ. Жайдан-жай ажырасу нағыз ақымақтық, Хақ Тағаланың берген ырыс-несібесін аяқ асты ету деген сөз. Сондай-ақ отбасы мен бала-шағасына азап шектіруден басқа еш нәрсе емес» дейді<sup>524</sup>.

Оның үстіне талақ Ислам дінінде Аллаһ Тағала және Оның елшісінің ризалық шеңберіндегі іс-әрекет емес. Әсіресе әйел салихалы кісі болса оны талақ еткеннен не пайда? Құранда *«Егер әйелдерің түзеліп сендерге бағынатын болса онда оларға қарсы бір жол іздеуші болмаңдар»* дейді. Яғни «жо-жоқ тақуа әйел болса да, тәубе етіп түзелсе де соңғы кезде менің жүрегім қаламай жүр. Бұрынғыдай сүйе алмаймын. Оған деген көңілімде махаббатым сөніп қалды» деп шиттей бала-шағасымен бірге талақ етіп әйелді бақытсыздыққа итермелеуші болмаңдар. Хақ пайғамбар да бір хадисінде *«Аллаһтың ең көп ашуын шақырған адал іс – талақ»* дейді. Яғни «Менің дінде талақ етуге құқым бар» деп орынсыз әйелін талақ еткен адам Хақ Тағаланың қаһарына ұшырайды. Қазіргі таңда да елімізде төрт мәзһабқа жатпайтын жат ағымдар бар. Олар қалаған кезде әйел алып, көңілі ұнатпаған кезде талақ етіп басқа әйелге үйленіп жатады. Бұлар «талақ – мүбаһ іс» деп дінмен ойнап жатқандарын білмейді. Бірде Пайғамбарымыз бір адам әйелін үш рет бірден талақ еткенін естіген кезде ашуланып: *«Мен әлі араларыңда тұрсам да Аллаһтың кітабымен ойнағандары ма?»* деп қатты ашуланады. Сонда

---

<sup>524</sup> Ибн Абидин, а.а.е; 2/271.

бір сахаба орнынан қарғып тұрып: «Пайғамбарым! Оны өлтірмейік пе?» деп сұрайды<sup>525</sup>.

Пайғамбарымыз (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) басқа бір хадисінде де: «Қандай да бір әйел ешқандай себепсіз еріне өзін талақ етуді сұрайтын болса онда оған жаннаттың иісі харам болады»- деп қатаң ескерткен<sup>526</sup>.

Алайда Ислам дінінде ерлі-зайыптылар бірге өмір сүре алмайтындай шекке жететін болса мұндай кезде оларға ажырасуға рұқсат береді. Осындай кезде ері әйелін хайыздан тазарған соң онымен жыныстық қатынас жасамай бір рет талақ ететін болса бұл дінде «ең жақсы талақ ету түрі» болып саналады. Өйткені әйелін оның нифас яки хайыз кезінде яки хайыздан соң жыныстық қатынас жасап талақ ететін болса бұл талағы жарамды болса да бұл талақ «бидғат» талақ болып саналады. Бұндай талақ ханафилер бойынша тахримән мәкрүһ ал көпшіліктің көзқарасы бойынша харам болып табылады<sup>527</sup>. Мұның сыры әйелдің «ғиддат» мерзімінің ұзамауы. Өйткені хайыз кезінде талақ етілген әйелдің хайыз кезеңі «ғиддат» кезеңіне жатпайды. Оның үстіне хайыз кезеңі әйелдің еріне деген тартымдылығының аз кезеңі. Ал оның хайыздан таза күндері ерін өзіне тартып тұратын күндер. Егер ері осындай күндерде де әйеліне көңіл аудармайтын болса онда олардың арасында жарастықтың жоғала бастағаны деген сөз<sup>528</sup>.

Нәм Ислам дінінде сүннетке лайық талақ ету үш талақты бірден бір уақытта айтпай әйелдің үш бөлек таза күндерінде айтуы. Бұл туралы ғалымдар арасында бір

<sup>525</sup> Нәсәи, Талақ, 6.

<sup>526</sup> Әбу Даууд, Талақ; Ибн Мәжә, Талақ.

<sup>527</sup> Бухари, Талақ.

<sup>528</sup> Ибнул-Хуммам, 3/28. Ибн Қудамә, 7/98.

ауыздылық бар<sup>529</sup>. Оның үстіне Пайғамбарымыз (*аләйһис-саләту уәс-сәләм*) бір адам әйелін бірден үш талақпен талақ еткенін естіген кезде қатты ашуланып орнынан тұрып кетіп: «*Мен әлі араларыңда тұрып әлдекімдер Аллаһтың кітабымен ойнағаны ма?*»,<sup>530</sup> – деген.

Ендеше Ислам дінінде ерлі-зайыптыларға зәру жағдайларда ғана ажырасуға рұқсат берген. Онда да ері бірден үш рет талақ етпей бір рет қана талақ етуі тиіс. Өйткені ашуланып сүннетке ұймай бірден үш талақ ететін болса, артынан ашуы басылған соң қатты өкініп, саусақтарын шайнап қалуы мүмкін. Үш рет талақ еткен адам қайта сол әйеліне үйлене алмайды. Ол үшін әйелі өзге біреуге тұрмысқа шығып онымен бірге болып одан кейін ажырасып, одан соң ғиддат күтіп содан соң ғана қосылу мүмкіндігі турады. Ал ері бір ғана талақпен талақ ететін болса өзіне келіп ес жиып, бала-шағасының ертеңгі күнін ойлағанда қалған екі талақ ету мүмкіндігі болғандықтан «ғиддат» күту мерзімінде отырған әйеліне қайта қосыла алады.

Егер ері әйелін «рижиғ» яғни бір талақпен талақ ететін болса, одан кейін әйелі «ғиддат» мерзімін күтеді. Осы «ғиддат» мерзімі бітпей жатып ері қайта ойланып әйеліне қайта қосылғысы келсе онымен ешқандай қайтадан неке қимай қосыла алады. Өйткені ханафилер бойынша «ғиддат» мерзімі кезінде некелік үкімдер бұзылмай жалғаса береді. Тіпті бұл кезде әйелдің ризалығы да қажет емес. Бірақ ханафилер бойынша ерінің әйеліне оралғанын білдіруі мұстахап амалға жатады. Ерінің оралғанын қатысты ешқандай өзге куәларда қажет емес.

---

<sup>529</sup> Сол жерде.

<sup>530</sup> Нәсәи, Талақ.

## Ердің әйеліне талақ ету құқығын беруі

Ислам дінінде талақ ету құқығы ерге берілген. Бірақ сонымен қатар кейбір зәру жағдайларда әйелдің де қазыға шағым жасап ажырасуларына болады. Нәм ер де талақ ету құқығын әйеліне де беруіне болады. Егер ері әйеліне мұндай құқықты беретін болса кейіннен қайтып ала алмайды. Яғни мұндай жағдайда қалаған уақытта әйелі де талақ құқығын пайдаланып некелерін бұза алады. Бұған дәлел Құран мен сүннет. Құранда Аллаһ Тағала: **«Пайғамбар! Жұбайларыңа: «Дүние тіршілігін оның сәнін көксесеңдер, дереу келіңдер, сендерге бір нәрселер беріп, көркем түрде ажыратайын» де. Егер Аллаһты, Елшісін және ақырет жұртын қаласаңдар, әрине, Аллаһ сендерден жақсылық істегендерге зор сыйлық дайындайды»** - деп айтылады<sup>531</sup>. Бұл аят Пайғамбарымыздың (аләйһис-саләту уәс-сәләм) жарлары «біздің де төрт құбыламыз түгел болып, мал-мүлкіміз болса» дегендеріне қатысты түскен. Осы аят бойынша Аллаһ елшісі оларды өз еріктеріне қалдырды. Қаласа ажырасып көп дүние алып бөлек өмір сүре алатын еді. Хазіреті Айша: «Аллаһ елшісі бізді өз еркімізге қалдырды. Ал біз Аллаһ пен Оның елшісін таңдадық» дейді.

Ер кісі әйеліне талақ ету құқығын неке қиярда бере алады. Әйел еріне: «бір талақ ету құқығын алу арқылы саған тұрмысқа шықтым», – дейтін болса, ер кісі де «иә, қабыл еттім» дейтін болса ұсыныс жүзеге асады. Шаңырақ құрған шақта да осындай құқықты бере алады<sup>532</sup>.

Бірақ мұндай оқиға тарихта аз кездеседі. Өйткені әйелге талақ құқығын беру отбасын қауіп тудырумен

<sup>531</sup> «Ахзаб» сүресі, 33/28.

<sup>532</sup> Касани, 3/113; Ибнул Хуммам.

бірдей. Әйелдің жаратылысы қашан да нәзік және сезімтал. Ол кейде ашуланған шақта өз-өзіне ие бола алмай артық сөздер айтуы мүмкін. Тіпті мұндай жағдай хайыз, нифас кездерінде көп кездесуі мүмкін. Сондықтан кейбір сезімтал әйелдер күніне бір емес бірнеше мәрте талақ етуі ықтимал. Ислам дінінің әйелге де талақ құқығын беруге мүмкіндік беруі дінде ер мен әйелдің тепе-теңдігінің көрсеткіші.

### **Некенің қазының шешімі арқылы аяқталуы**

Ислам дінінде сондай-ақ әйел қазыға шағымдану арқылы да ерінен ажырасуына болады. Бірақ мұндай жағдайда ажырасуына қатысты айқын дәлелдер болуы қажет. Қазы да ерлі-зайыптылардың себептерін зерттеп соған қарай шешім шығарады. Бұларға төмендегі себептерді айтуға болады.

**Бірінші:** Науқас, яки себеп. Ханафилардан бөлек көпшіліктің көзқарасы бойынша ерлі-зайыптылардың әрбірінің себебі болу арқылы қазыға шағымдануына болады. Өйткені науқас арқылы бір-бірлерінен зиян көруі мүмкін. Әбу Ханифа мен Әбу Жүсіпке қарай әйелдің қазыға шағымданып некелерін бұздыру үшін ерінің белі жоқ, күш-қуаты жоқ және сиқырланып қалуы сондай-ақ ерінің жынысының беймәлім болуы секілді шарттар болуы қажет. Имам Мұхаммед бойынша, әйел ерінен қандай да бір өзіне зиян тиетін кемшілік пен науқас көретін болса қазыға шағымдана алады.

Имам Шафиғи мен Мәлики бойынша ерлі-зайыптылардың әрбірінде жыныстық қатынасқа қатысты кемшілік, яки жарыместілік, алапес сияқты жиіркенішті науқастарда қазыға шағымдана алады.



**Екінші:** Ерінің нәпақа таба алмауы. Әйелдің нәпақасы еріне тиесілі. Ханафилер бойынша ерінің кедейлігі үшін қазы некелерін бұзып ерлі-зайыптыларды ажырата алмайды. Мұндай кезде әйелдің сабырлық танытуы тіпті қаласа ерінен рұқсат алып жұмыс істеуі, яки ерінің біреуден қарыз алып нәпақа табуы қажет.

Шафиғи, Мәлики, Ханбали бойынша ері нәпақа таба алмайтын болса әйелдің қазыға шағымданып талақ ету мәселесін қозғауына болады. Аятта: *«Талақ еткен әйелдеріңе зұлымдық жасау үшін ұстаушы болмаңдар»*,<sup>533</sup> – дейді.

Сайд ибн әл-Мусәййәбке (ө. 93/711): «Әйеліне қажетті нәпақасын таба алмаған кісі сол әйелімен ажыратыла ала ма?» деп сұрағанда, «Сүннетке қарай» деп жауап берген. Бұл сөзімен Пайғамбардың сүннетіне қарай ажырастыра алады» дегенді меңзеген<sup>534</sup>. Сондай-ақ хазіреті Омар әйелдерінен бөлек өмір сүрген еркектер туралы әскер қолбасшыларына хат жазып: «Оларды терге! Не напақасын берсін, не болмаса талақ етсін. Талақ ететін болса оларға тиесілі бұрынғы жиналып қалған нәпақаларын да берсін» деп әмір етеді<sup>535</sup>.

**Үшінші:** Ерінің үйін тастап кетіп қалуы: Ерінің үйін тастап кетіп қалуынан әйелінің қиыншылыққа тап болып фитнәға түсу қаупі туындаса, қазыға шағымданып некелерін бұздыру мәселесі туындайды.

Ханафилер мен Шафиғи бойынша ер кісінің үйін қысқа мерзімге немесе ұзақ мерзімге тастап өз бетімен кетіп қалуы, әйелінің қазыға шағымданып талақ ету

<sup>533</sup> «Бақара» сүресі, 231.

<sup>534</sup> Зуһайыл, 7/513.

<sup>535</sup> Сол жерде.

құқықын тудырмайды. Мұндай кезде қазыға арызданып ерін таптырып нәпақасын алуы тиіс.

Ал егер ері үйден кетіп өлі-тірі екені белгісіз болса, онда «жоғалған» үкім іске асады. Мұндай жағдайда Әбу Ханифа және Шафиғи бойынша әйелі ерінің құрдастарының өміріндей уақыт күтуі қажет. Ал Имам Мәлик бойынша жоғалған ердің әйелі төрт жыл күтеді. Мәлики және Ханбалилер бойынша ері үйін ұзақ уақыт тастап кетіп әйелі осыдан қиындық көретін болса, ері осы уақыт аралығына жететін мал-мүлік тастап кетсе де әйелінің қазыға ажырасу туралы арыздану құқығы туады. Дәлел: *«Исламда зиян және зиянға зиянмен қайтару да жоқ»*, - деген хадис<sup>536</sup>.

Мұнымен қатар хазіреті Омар халифа болып тұрған кезінде әйелдерінен бөлек кеткен еркектер туралы хат жазып не нәпақа берсін не оларды талақ етсін деп әмір еткені бар.

Имам Мәлик бойынша үйден ұзақ уақыт кетудің мерзімі бір жыл яки одан көп мезгіл болып мұндай кезде ерінің қайда екені табылатын болса, қазы оған үйіңе қайт немесе талақ ет яки нәпақа бер деп ескертеді.

Ханбалилер бойынша бұл мезгіл алты ай немесе одан да көп. Дәлел хазіреті Омардың берген әмірі. Әйел қазыға шағымданып дәлелдейтін болса оларды ажыратады<sup>537</sup>.

**Төртінші:** Мәликилерден тыс көпшіліктің көзқарасы бойынша ерінің абақтыға қамалуы немесе тұтқындалуы яки дұшпанның қолына түсуі талақтың себебіне жатпайды. Өйткені бұл туралы ешқандай аят пен хадис жоқ. Мәликилер бойынша ері себепсіз әйелінен бір жыл немесе

---

<sup>536</sup> Ахмәд ибн Ханбәл. Муснәд.

<sup>537</sup> Ибн Қудамә, әл-Муғни; Зуһайыл.

одан да көп бөлек қалса әйелінің қазыға шағымдануына құқығы бар.

**Бесінші:** Бір-бірімен қатты тіл табыса алмау және қиыншылық көрсету. Ерінің әйеліне қатты тіл тигізіп балағаттауы, оны ұрып соғып денесіне із қалдыру немесе жарақаттауы және Аллаһтың харам еткен бір істі жасауға зорлауы немесе себепсіз оған қырын қарауы қысым көрсетуге жатады.

Ханафи, Шафиғи, Мәликилер бойынша бір-бірлерімен түсінсе алмау және қиыншылық көрсету жағдайлары ажырасудың себебі бола алмайды. Мұндай жағдайда кінә әйелде болса ері Құрандағы тәсіл бойынша амал етіп сонда да әйелі түзелмейтін болса өзі талақ ете алады. Ал әйел ерінен таяқ жеп, сөз еститін болса қазыға арызданып ерін түзете алады. Бұл жерде дереу ажыраса қоюдың ешбір қисыны жоқ.

Мәликилер бойынша мұндай жағдайда әйел қазыға арызданып ажыраса алады. Дәлел: «Исламда зиян және зиянға зиянмен қайтару да жоқ» деген хадис<sup>538</sup>.

Османлы құқығы Мәликилер бойынша заң қабылдаған.

### **Ислам дініне кіру, яки діннен шығудың некеге әсері**

Әбу Ханифа, Әбу Жүсіп және Имам Мәлик бойынша ерлі-зайыптылардың бірі Ислам дінінен шығатын болса неке өздігінен бұзылады. Бұл жерде сотқа шағымдану қажет емес.

Шафиғи және Ханбалилер бойынша некенің бұзылуы «ғиддат» біткенде жүзеге асады. Сондықтан діннен безген

<sup>538</sup> Ахмәд ибн Ханбәл. Муснәд.

жұбай «ғиддат» мерзімі ішінде қайта Исламға оралатын болса, неке бұзылмай жалғасын табады.

Егер әйел Ислам дінін қабылдап ері кәпір болып өмір сүрсе, Ислам қазысы оған да мұсылман болуға ұсыныс жасайды. Егер ол да Ислам дінін қабылдаса әйелі оның жұбайы болып қала береді. Ал егер дінді қабылдамайтын болса, қазы оларды ажыратады. Өйткені мұсылман әйелдің кәпір бір еркекпен бірге тұруына болмайды.

Отқа табынған немесе дінсіз бір әйелмен бір ер кісі мұсылман болса, әйелін де Исламға кіруге насихаттайды. Қабыл етсе бірге өмір сүреді. Болмаса қазы оларды ажыратады. Өйткені мұсылман ердің отқа табынушы немесе атеист бір әйелмен некелесуі жарамсыз.

Ал егер әһлі кітаптан бір әйелдің ері мұсылман болса, некелері бұзылмайды. Өйткені мұсылман ер әһлі кітаптан қыз алуына болады<sup>539</sup>.

---

<sup>539</sup> Зуһайл, 7/623.



## Х БӨЛІМ

# ҒИДДАТ

*«Талақ болған әйелдер үш етеккір мерзімін күтеді»*

*«Бақара» сүресі*

*«Жүкті әйелдердің гиддаттарының ақыры – сәбилерін дүниеге әкелулері»*

*«Талақ» сүресі*





## ГИДДАТ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

Гиддат – (сөздікте) белгілі сан, талақ етілген, яки ері қайтыс болған әйелдің қайтадан тұрмыс құруы үшін күтуі қажет мезгіл деген мағынаға саяды. Шарифат терминінде ханафилар бойынша, некелік тұрмыстың әсерінен түгелдей арылуы үшін өлшемі белгіленген мезгіл деген сөз. Ал көпшілік ғұламалар бойынша ғиддат – әйелдің жүкті болып, яки болмағандығының білінуі үшін яки ері қайтыс болғандықтан әйелінің арнайы бір мезгіл күтуі деген сөз. Басқа бір сөзбен айтқанда ажырасқан әйелдің басқа біреуге тұрмысқа шығу мүмкіндігіне ие болуы үшін белгілі бір уақыт күтуге мәжбүр мезгілі.

Алайда ерлі-зайыптылар некелерін қиып бірақ бір-біріне жақындамай тұрып қайта дереу ажырасатын болса мұндай әйелге ғиддат күтуі қажет емес. Құранда:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِذَا نَكَحْتُمُ الْمُؤْمِنَاتِ ثُمَّ طَلَقْتُمُوهُنَّ مِنْ قَبْلِ  
أَنْ تَمْسُوهُنَّ فَمَا لَكُمْ عَلَيْهِنَّ مِنْ عِدَّةٍ تَعْتَدُونَهَا

**«Мұсылман әйелдерді некеленіп оларға қосылмай тұрып талақ ететін болсаңдар онда оларға сендер санайтын ешқандай гиддат жоқ»<sup>540</sup>** деп айтылады.

Қысқаша айтқанда, Ислам дініндегі «ғиддаттың» хикметі әйелдің ажырасқан күйеуінен жүкті болып немесе болмағандының айқындалуы немесе Аллаһтың қойған заңына бағынып, сауап мақсатымен күтуі я болмаса күйеуінен бөлек қалғанына қайғыру не болмаса осы

<sup>540</sup> «Ахзаб» сүресі, 33/49.

аралық уақытында күйеуінің қайтадан әйеліне оралуына мүмкіндік беруі. Осы хикметтің бірі ретінде егер әйел ажыраса салып басқа біреуге тұрмысқа шығатын болса, туған баланың кімге тиесілі екені беймәлім немесе екі ортада дау туатын еді. Енді ғиддаттың түрлеріне келейік:

**Бірінші: Талақ етілген әйелдің ғиддаты:** Ажырасқан әйел жүкті емес және хайыз болатын жаста болатын болса онда ол үш хайыз және тазару мезгіліне дейін ғиддат күтеді. Құранда: «*Талақ болған әйелдер үш етеккір мерзімі күтеді*» деп айтылады<sup>541</sup>. Ханафилер мен ханбалилер бойынша Құрандағы «қуру» сөзі үш хайыз мезгілі деген мағынаға келеді. Ендеше әйел хайыз болмай тұрып таза күйінде күйеуінен ажырасатын болса үшінші хайыздан тазарған кезде ғиддат мезгілін аяқтайды. Ал әйел хайыз кезінде талақ етілген болса онда оның сол хайыз кезі бірінші хайыз мезгіліне жатпайды. Одан бөлек үш хайыз мезгілін күтуі тиіс. Бірақ бұл әйелге ауыр тиетін болғандықтан күйеуінің мұндай хайыз кезінде талақ етуі дінде «бидғат» саналып сүннетке теріс іс-әрекет болып саналады<sup>542</sup>.

Сөз соңында, әйел шамамен айда бір рет хайыз көретін болса талақ ғиддат мезгілі үш ай уақытында жүзеге асады<sup>543</sup>.

**Екінші: Ері қайтыс болған әйелдің ғиддаты:** Егер әйелдің күйеуі қайтыс болып, ал әйел жүкті болып қалатын болса онда оның ғиддат мерзімі сәбиді дүниеге әкелісімен аяқталады. Ал егер әйел жүкті болмаса онда оның ғиддат мерзімі төрт ай он күн. Құранда:

---

<sup>541</sup> «Бақара» сүресі, 2/228.

<sup>542</sup> Касани, 3/191; Ибнул Хуммам; Ибн Қудамә, әл-Мұғни, 7/449.

<sup>543</sup> Хамди Дөндүрен, а.а.е, 460 бет.



وَالَّذِينَ يُتَوَفَّوْنَ مِنْكُمْ وَيَذَرُونَ أَزْوَاجًا يَتَرَبَّصْنَ بِأَنْفُسِهِنَّ أَرْبَعَةَ  
أَشْهُرٍ وَعَشْرًا

**«Сендерден қайтыс болып артында қалдырған әйелдердің өздері; төрт ай он күн ғиддат күтеді»** деп айтылады<sup>544</sup>. Мұның мұнша уақыт күту себебінің сыры – жоғарыда айтқанымыздай тұрмыс құру нығметінен мақұрым қалып күйеуінен айырылған соң оңаша қалып аза тұтуы. Бұл жерде әйел хайыз көрсе де немесе хайыз көрмейтін кәрі жаста болса да бір-біріне жақындамаса да нәтиже өзгермейді. Өйткені бұл туралы айқын аят тұр.

**Үшінші: Жүкті әйелдің ғиддаты:** Ерінің қайтыс болуы яки күйеуінен ажырасқан кезде жүкті болған әйелдің ғиддаты босанған кезге дейін жалғасады. Бұл туралы ғалымдар арасында ауызбірлік бар. Аллаһ Тағала Құранда:

وَأُولَاتُ الْأَحْمَالِ أَجَلُهُنَّ أَنْ يَضَعْنَ حَمْلَهُنَّ

**«Жүкті әйелдердің ғиддаттарының ақыры – сәбилерін дүниеге әкелулері»**,<sup>545</sup> – дейді. Өйткені жүкті болған әйелдің құрсағы тек босанған кезде ғана тазарады. Пайғамбар заманында Харис қызы Субәйға жүкті болған кезінде күйеуі қайтыс болып он күннен соң босанады. Сол кезде Хақ пайғамбар оған ғиддатының аяқталғанын айтып қаласа тұрмысқа шыға алатынын айтады<sup>546</sup>.

Ал егер жүкті болған әйел түсік тастайтын болса түсіктің түр-түсі белгілі болса ғиддат аяқталады. Болмаса түсік арқылы ғиддат аяқталмайды. Өйткені күмәнмен

<sup>544</sup> «Бақара» сүресі, 2/234.

<sup>545</sup> «Талақ» сүресі, 65 аят.

<sup>546</sup> Бухари, Талақ, 39.

ғиддат бітпейді. Мұндай кезде ол өлім ғиддатын яки үш айлық ғиддатты аяқтайды<sup>547</sup>.

**Төртінші: Балиғатқа жетпеген не болмаса кәрі әйелдердің ғиддаты:** Жасы балиғатқа жетпеген немесе елу бес жасынан асқандықтан хайызы тоқтаған не болмаса тумысынан хайыз көрмеген әйелдің ғиддат уақыты үш айдан тұрады. Құранда:

وَاللَّائِي يَكْسِنَنَّ مِنَ الْمَحِيضِ مِنْ نِسَائِكُمْ إِنْ أَرْبَبْتُمْ فَعِدَّتُهُنَّ ثَلَاثَةَ  
أَشْهُرٍ وَاللَّائِي لَمْ يَحِضْنَ

*«Етеккірден қалған әйелдеріңнен күмәндансаңдар, олардың ғиддат мерзімі үш ай. Және хайыз көрмеген әйелдердің де мерзімдері сондай»,<sup>548</sup>* – деп айтылады.

Ал егер ажырасқан әйел хайыз күндері бұзылып үнемі қан ағып үзірлік халге келетін болса онда ол әйелдің ғиддат мезгілі ханафилер бойынша жеті айдан тұрады. Бірақ әйел өзінің хайыз күндерінің уақытын білетін болса соған қарай амал етіп ғиддатын аяқтай алады.

**Бесінші: Күйеуі жоғалған әйелдің ғиддаты.** Ері үйінен шығып қайта оралмаған, шет елге кетіп бейхабар кеткен, соғысқа қатысып соғыс аяқталып елге сарбаздар оралған кезде оралмау осы «жоғалған» топқа жатады. Ханафилер бойынша жай күндері жоғалып ешкім өлгенін айқын білмейінше ол адам тірі болып есептеледі де әйелі ғиддат мерзімін күтпейді. Әйелі ерін сол ерінің құрдастары қайтыс болғанға дейін күтеді. Бірақ әйел күйеуінің өлгенін немесе өзін талақ еткенін сенімді біреуден немесе бір құжаттан оқып білетін болса, сол сәттен бастап ғиддат күтіп біткен соң тұрмысқа шыға алады.

<sup>547</sup> Хамди Дөндүрен, а.а.е, 461 бет.

<sup>548</sup> «Талақ» сүресі, 65/4.

Ал мәлики мен ханбалилер бойынша жоғалған адамның тірі екендігінен үмітін үзген сәттен бастап төрт жыл күтеді. Осыдан кейін әйелі қазыға арызданып жоғалғандығының анық-қанығын және ажырасу шешімінің берілуін талап ете алады. Қазы ерлі-зайыптыларды ажырататын болса әйел төрт ай он күн ғиддат мезгілін күтеді. Хазіреті Омардың да осындай көзқараста болып, осыны іске асырған<sup>549</sup>. Бірақ жоғалған адамның жасы жетпіске жетпейінше мал-мүлкіне мирасқор бола алмайды. Османлы мемлекеті де әйелдің жағдайына қарай мәлики мәзһабына сай үкім шығарған<sup>550</sup>.

Негізінде көбінесе жоғалу соғыс кезінде болады. Соғысқа қатысқан сарбаздар мен тұтқындар оралып одан кейін бір жыл өтіп күйеуі бұл кезде де бейхабар кететін болса онда әйелі қазыға арызданып ажырасады. Әйел өлім ғиддатын күтіп одан соң тұрмысқа шыға алады. Осыдан кейін бір күні аяқ астынан күйеуі келе қалса ол жаңа некені бұза алмайды.

### ***Тақуаның әңгімесі...***

Хазіреті Мұса бір күні жолда кетіп бара жатып, бір шопанға жолығады. Шопан: «Ей, жомарт Иесі Аллаһым! Сен қайдасың? Мен саған құл, жолыңа құрбан болғым келеді. Аяқкіміңді тігіп, шаштарыңды тарайын. Киімдеріңді жуып, биттеріңді сығайын. Ей, Ұлы Раббым Аллах! Саған сүт берейін. Барлық ешкілерім саған құрбан болсын! деп тұрған еді. Хазіреті Мұса (а.с): «Сен кіммен сөйлесіп тұрсың?» деп сұрайды. Сонда шопан: «Жер мен көкті жаратқан Аллах Тағаламмен тілдесіп тұрмын» деп жауап қатады. Хазіреті Мұса осыны естіп оған қатты ашуланып, Аллах Тағалаға бұлай айтуға болмайтындығын бетіне басады. Шопан істе-

---

<sup>549</sup> Ибн Рушд, 2/52.

<sup>550</sup> Хамди Дөндүрен, а.а.е, 463 бет.

ген қылығына қатты өкініп, басын төмен салып, сахараға жүгіре жөнеледі.

Аздан соң Хазіреті Мұсаға: «Құлымды Бізден ажыраттың. Біз пенденің сөзіне емес, жүрегіне, көңіліне қараймыз» деген Аллаһ Тағаладан уахи-хабар келеді. Хазіреті Мұса дереу сахараны шарлап, әлгі шопанды тауып алып, айтылған қуанышты хабарды жеткізеді.





**XI БӨЛІМ**  
**ӘР ТҮРЛІ МӘСЕЛЕЛЕР**





## ӘР ТҮРЛІ МӘСЕЛЕЛЕР

1. *Әйеліңді талақ жасағаннан кейін тыйым салынған әйелдерге қашан үйлене беруге рұқсат етіледі?*

Талақ болған әйелінің ғиддат уақыты аяқталғаннан кейін әйелдің сіңілісіне немесе әпкесіне немесе нағашы әпкесіне немесе т.б. тыйым салынған туысқандарына үйленуіне рұқсат беріледі. Ғиддат уақыты аяқталмай үйленуге рұқсат жоқ.

2. *Мұсылман емес қызға үйленуге бола ма?*

Иә, егер ол қыз кітап иелерінен болса ғана. Яғни ол қыз илаһи (христиан және яһуди) діндерге сенетін болса. Одан басқаларға үйленуге болмайды. Бұған Аллаһ Тағаланың: *«...Әрі сендерден бұрын Кітап берілген (христиан, яһуди) дерден де мұхсанәт (абыройлы) әйелдермен маңрлерін беріп, бой суытушы, астыртын көңілдес болмай үйленулерің халал етілді...»*<sup>551</sup> -деген аяты дәлел.

Бұл аяттағы «мұхсанәт» деген сөздің мағынасы салихалы, діндар әйелдер дегенді білдіреді.

Сол сияқты мажусиліктерге де үйленуге болмайды. Бұл туралы Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-сәләм): *«мажуси әйелдеріне үйленбеңдер, олардың сойғанын (малдарын) жемеңдер»*, - деген.

Сондай-ақ пұтқа табынушыларға да үйленуге рұқсат жоқ. Аллаһ тағала Құран Кәрімде: *«...Мүшрік қатындармен олар иман келтіргенге дейін үйленбеңдер. Азат мүшрік қатыннан мүмін күң артық. Егер сендерді қызықтырса да. Және иман келтіргенге дейін, мүшрік ерге мүмін әйелдерді де үйлендірмеңдер. Егер олар сен-*

<sup>551</sup> Мәйда сүресі, 5-аят.

**дерді қызықтырса да. Мүширік азат ерден мүмін құл артық»<sup>552</sup>**, -деген.

Сондай діні жоқ әйелдермен де үйленуге болмайды.

*3. Ислам діні не үшін мұсылман ерге мұсылман емес әйелдерге үйленуге рұқсат береді де, керісінше мұсылман әйелдің мұсылман емес ерге тұрмысқа шығуына тыйым салады ?*

Бұған жоғарыда айтылғанындай Ислам дінінің мұсылман ер адамға христиан не яһуди дініндегі қызға үйленуге рұқсат беріп, ал христиан не яһуди дінін ұстанатын ер кісінің мұсылман қызға үйленуге рұқсат болмайды деген сөздері дәлел болады.

Себебі мұсылманның мұсылман болуының шарттарының бірі Мұса мен Исаға, сондай-ақ пайғамбарымыз Мұхаммедке (аләһис-саләту уәс-сәләм) және оларға түсірілген кітаптарға сенуі шарт. Сондықтан христиан не яһуди дінін ұстанатын әйелдің сеніміне, пайғамбарына және кітабына тіл тигізуіне болмайды. Егер де кітабына, пайғамбарына тіл тигізетін болса, исламнан шыққан болып саналады. Ондай болса, мұсылман ер адам өз әйеліне азап шектірмейді, дініне және оның сеніміне әрі ойлау бостандығына бөгет болмайды. Осылайша оның үйінің босағасы берік, отбасылық өмірінде тыныштық пен ынтымақ және өзара түсіністік орнайды. Айрандай ұйыған отбасы қоғамға жақсылық жағымен әсер етеді.

Ал христиан не яһуди дініндегі ер кісінің мәселесі керісінше келген. Олар біздің пайғамбарымыз Мұхаммедке (аләһис-саләту уәс-сәләм) оған түскен кітапқа және дініне де иман келтірмейді. Онымен қоймай мұсылман әйелге үйленген жағдайда оның сенім-нанымына,

---

<sup>552</sup> Бақара сүресі, 221-аят.



діни көзқарасына, пікіріне кері іс-әрекет жасап, оның пайғамбарына, кітабына, дініне тіл тигізіп балағаттауы мүмкін. Ер кісі қандай жағдайда әйелден жоғары тұратыны белгілі.

Болған оқиғалардан мысал келтіретін болсақ, әлемде бұқаралық ақпарат құралдарында Мұхаммед пайғамбарымыздың (аләйһис-саләту уәс-сәләм) бейнесін салып мазақ етіп, тіл тигізіп Ислам және мұсылмандар үшін келеңсіз әрекеттерге жол беруде.

### **Мұсылман емес ер кісінің мұсылман әйелге үйленуіне рұқсат етуі**

Ислам діні әйелдің өз дінінде еркін амал етуіне рұқсат етеді. Ал отбасындағы тіршілік екеуіне ортақ яғни отбасының бұзылуына, ұрыс-керіс шығуына ешбір негіз жоқ. Ал мұсылман емес кісінің мұсылман әйелге үйленуі әйелдің діни құқықтарын шектеп, тіл тигізеді, көптеген зардаптар келтіреді. Қалай дегенмен де ер кісінің отбасындағы сөзі, беделі басым екені белгілі. Жанынан артық болған пайғамбарына, дініне тіл тигізуіне әйелдің де шыдап тұруы мүмкін емес. Осыдан кейін ұрыс-керіс туып, арты отбасының бұзылуына алып барады.

### **Күйеуі қайтыс болған әйел не істеуі керек?**

Егер ол әйел мұсылман және балиғат жасына жеткен болса, зинадан сақтанып, әтір пайдаланбай ғиддат уақытын күтеді. Күйеуінің өмірден озғанына өзінің қайғылы екенін танытады. Күйеуі қайтыс бола сала басқа ер кісімен некелесуі дұрыс емес. Бірақ өзіне қажетті нәрселерді табу үшін үйінен шығуына рұқсат етіледі. Егер жұмыс істейтін болса, жұмысын жалғастыра береді. Күйеуінің дүниеден

өтуіне байланысты жұмысын тоқтатса, өмір сүруі үшін нәпақасын қайдан алады.<sup>553</sup>

Егер әйел ражиғи талағымен талақ етілсе, онда ол әйелге боянуға, иіс су себу сияқты әрекеттерді жасауға болады. Бірақ ертелі-кеш үйінен шықпайды. Ерлі-зайыптылық қарым-қатынасты жақсартуға қам жасайды. Ғиддат уақыты біткенше тамағы ерінің мойнында болады.

### **Қудалық түсумен үйленуді қалағанын білдіру**

Ер кісі әйелге өзінің үйленгісі келетінін айтуына да, іштей жасыруына да болады.

Қызға сөз салғанда даналықпен белгі беріп: «Мен үйленгім келеді», «Маған салихалы әйел кезіксе», «Аллаһ саған қайырлы отағасын бергелі тұр» деп немесе «Сен өте әдемі, салихалы қызсың» деп айтқаны абзал. Бірақ «Мен сенімен некелескім келеді» немесе «Саған үйленгім келеді», - деп бірден айта салмағаны жөн.

### **Күйеуі талақ еткен немесе қайтыс болған әйел не істеуі керек?**

Әйелге өзіне тиісті ғиддат уақыты біткенінше тұрмысқа шықпай күтуі міндет саналады.

Етеккірі келіп жүрген әйелдің ғиддат мерзімі талақ етілгеннен кейін келетін үш етеккір кезеңі. Ал талақ етілген кезінде келіп жүрген етеккірі есепке алынбайды. Егер талақ берілген кезде әйел етеккірден таза болса, онда алдағы келер етеккірінен бастап есептеледі.

Ал балиғатқа толмауына немесе керісінше жасының ұлғаюына байланысты етеккірі келмейтін әйелдер *хижра*

---

<sup>553</sup> Бидаяту әл-Мубғади, 86-бет.

жыл санауы бойынша үш ай, жүкті әйелдер баласы дүниеге келгенше күтеді.

Егер күйеуі қайтыс болған әйел екіқабат болмаса, онда ол әйел нижра жыл санауы бойынша төрт ай күтеді.

Егер әйелдің жағдайы өзгертін болса, онда оның үкімі жаңадан басталады.

Егер де әйел етеккірі келмей тұрып мерзімін есептей бастаса, кейін етеккірі келіп қан көретін болса, онда ол әйелдің ғиддат мерзімі жаңадан басталады. Өткені есепке алынбайды.

Егер әйелдің етеккірі келіп жүріп, ғиддат мерзімін есептей бастаса, бірақ екі етеккір өткеннен кейін қан тоқтап қалатын болса, онда ол әйел ғиддат мерзімін жаңадан бастайды, өткені есепке алынбайды.

Жоғарыда айтылған жағдайларда ғиддаттің уәжіп болуына Аллаһ тағаланың Құран Кәрімдегі: *«Талақ болған әйелдер, үш етеккір мерзімі күтеді»<sup>554</sup>*; - *«Сендерден қайтыс болып (артында) қалдырған әйелдердің өздері; төрт ай он күн (ғиддат уақытын) күтеді. Әрқашан олардың белгілі ғиддаты бітсе, олардың өздеріңе байланысты істеген істерің (үйлену үшін киініп, түзелуінің) сендерге жауапкерлігі жоқ. Аллаһ не істегендеріңнен толық хабар алушы»<sup>555</sup>*; - *«Етеккірден қалған әйелдеріңнен күмәндансаңдар, олардың «ғиддаты» мерзімі үш ай. Және ғиддат көрмеген әйелдердің мерзімдері де сондай. Ал және жүкті әйелдердің мерзімдері олар босанғанға дейін. Кім Аллаһтан қорықса, оның ісіне оңайлық жасайды»<sup>556</sup>*-деген аяты дәлел.

<sup>554</sup> Бақара сүресі, 228-аят.

<sup>555</sup> Бақара сүресі, 234-аят.

<sup>556</sup> Талақ сүресі, 4-аят.

Талақ етілген немесе күйеуі қайтыс болған әйел бірден ғиддат мерзімін санайды. Егер күйеуі әйелін талақ етсе әрі оны әйелі ғиддат уақыты өтіп кеткеннен кейін білсе, сол ғиддат уақыты деп саналады, жаңадан ғиддат уақытын күту қажет болмайды.

### **Күйеуі талақ еткен әйелін қалай қайтарып ала алады?**

Егер ер кісі әйелін рижиг талақ жасаса немесе екі рет талақ етіп, кейін әйелін қайта алғысы келсе, әйелінің ғиддат мерзімі аяқталмаса, онда: «сені қайтардым», - деген сияқты сөзбен қайтарып ала алады. Немесе оны сүю сияқты жағымды қылықтар арқылы қайтарып алуына болады. Бұндай жағдайда куәлердің болуы - мұстахап. Куәсіз қайтару да дұрыс болып саналады.

Әйелдің ризашылығының шарт болмағаны сияқты жаңадан неке қиып, мәһір төлеу де міндет емес.

Ал егер ер адам әйеліне бір немесе екі рет талақ бергеннен кейін ғиддат уақытын аяқтаған кезде оны қайтарып алғысы келсе, онда ол жаңадан некесін қиып, маһрін төлеуі керек.

### **Ерлі-зайыптылардың бірі жасаған зинасы туралы үйленердің алдында айтуға міндетті бола ма?**

Ислам діні шарифат бойынша адамның айыбын ашуды қаламайды, керісінше оны жасыруға тырысады. Жасалған күнәны және оны жасаған адамды шарифатта да жасырады. Пайғамбарымыз (аләйһис-саләту уәс-саләм): *«Егер кімде-кім осы дүниенің күнәларының бірін жасаса, Аллаһ оны ашпайын-*

ша оны жасырсын. Аллаһқа тәуба етсін, Аллаһ оның тәубесін қабыл етеді», -деген.

Сондай-ақ күйеуі әйелінің өткен өмірін қазбалап, қандай болғанын айтып беруін талап етуі дұрыс емес. Әйел де оған жауап беруге міндетті емес.

Әйелдің де күйеуінен зина жасағаны, жасамағаны туралы айтуын талап етуі дұрыс емес. Тіпті ерлі-зайыптылардың бірі қазының алдында зина жасағанын мойындаған күннің өзінде қазы: «Сен ұмытып, қателесіп, шатасып тұрсың»-дегені сияқты сөздермен райынан қайтаруға әрекет етуге тырысуы керек. Бұған Пайғамбарымызға (аләйһис-саләту уәс-саләм) бір кісі келіп зина жасағандығын айтқан кезде оған: «Мүмкін сен оны сүйген боларсың, мүмкін қолың тиген болар...», -деген сөздері дәлел.

### **Қыз бен жігіт некелерін тойдан бұрын қиюларына бола ма?**

Қалыңдық жігіттің үйіне келін болып түсерден бірекі апта бұрын ғана некелерін қиюларына болады. Әрі бұл екі жақтың ата-аналарының рұқсатымен болуы керек. Көптеген мұсылман елдерінде қыз бен жігіт тойға әзірлікті бірге жасайтындықтан некелерін тойдан бұрын қиып қояды. Алайда тойдан бір яки бірнеше ай бұрын некелерін қиюларына болмайды. Ал ата-аналарының батасын алмай мүлде қиюға болмайды. Өйткені, некелері қиылған қыз бен жігіт «ерлі-зайыптымыз» деп күндердің бір күні жақындасып қоюлары мүмкін. Содан соң көп ұзамай бір-бірімен жараса алмай ажырасып кетулері мүмкін. Олардың некелерінен бейхабар құдалар кейіннен есітіп білсе арты дауға ұласары анық. Той болмағандықтан бұл ел-жұртқа «азаматтық неке» болып қана көрінбек. Әсіресе, тойдан бұрын қыздың аяғы ауыр болып қалса, қанша тақуа бол-

са да бұл жағдайды түсіндіре алмайды. Атам қазақтың «үйлену оңай, үй болу қиын» деген қанатты сөзінде терең сыр жатыр.

### **Ата-анадан бейхабар неке қиюға бола ма?**

Біздің мәзһабта ата-ананың рұқсаты некенің шарты емес. Қыз бен жігіт өзара келісіп куәлар арқылы некелерін қиса жарамды болады. Бірақ Исламда қыз бен жігіттің ата-аналарының батасы мен ризалығын алуы – парыз. Егер қыз бен жігіттің ата-аналары олардың қосылуларына ризалық танытпаса үйленбегендері абзал. Ата-аналарының теріс батасын алған қыз бен жігіттің некелері дұрыс болса да, өмірлері баянды болмауы мүмкін. Өйткені, мұсылманның мақсаты – Аллаһтың ризалығы. Ал сол ризалық ата-анаға қатысты. Яғни Аллаһтың ризалығы – ата-ананың ақ батасында. Сондықтан қыз бен жігіт бір-біріне деген махаббат пен Аллаһ пен ата-анаға деген махаббаттың бірін таңдауына тура келеді...

Ал, неке қиятын молда яки мешіт имамына келсек, олар әсте қыз бен жігіттің ата-ана яки заңды өкілдерінің рұқсатынсыз некелерін қиюына болмайды.

## ТЕРМИНДЕРГЕ ТҮСІНІК

**Әһлі кітап:** Христиан мен яһуди дінін ұстанғандар.

**Әурет:** Қарауы харам, жабылуы парыз мүшелер. Ер кісілер үшін кіндік пен тізенің арасы, әйелдер үшін бет-жүзі, білекке дейінгі екі қолы және тобыққа дейінгі екі аяғынан басқа барлық жерлері.

**Байын талақ:** Некелері аяқталып, жаңа бір неке болмайынша ерлі-зайыптылық өмірді жалғастыруға мүмкіндігі жоқ талақ түрі.

**Бәйинә:** Айқындылық.

**Гиддат:** Ажырасқан яки күйеуі өлген әйелдің некелік тұрмыстың әсерінен түгелдей арылуы үшін өлшемі белгіленген мезгіл.

**Зиммәт әһлі:** Ислам мемлекетінде тұратын мұсылман емес адамдар.

**Зина:** Ойнастық. Ислам дініндегі үлкен күнәлардың бірі.

**Ижмағ:** Ислам ғұламаларының белгілі бір мәселенің үкімінде ортақ көзқарас.

**Иқрар:** Растау, мойындау.

**Ихрам:** Қажылық яки умра немесе екеуін бірге жасау ниетімен, басқа уақыттағы халал кейбір істерді, қажылық пен умра уақытында кісінің өзіне харам қылуы.

**Кәффарат:** Жасаған күнәсінің орнын жақсылықпен толтыру.

**Мажуси:** Пұтқа табынушы.

**Махрам:** Әйелдің тұрмысқа шығуы харам жақын туысы

**Мәкрүһ:** Жағымсыз, ұнамсыз жаман іс-әрекет. Дәрет мен ғұсылда суды ысырап ету, т.б.

**Мәһір:** Үйлену кезінде ер кісінің әйелге осы атпен берілетін, яки кейіннен берілуі көзделген дүние яки ақша.

**Мүбаһ:** Жасалуы мен жасалмауында діни жағынан ешқандай тосқауыл болмаған, яғни жауапкердің еркіндегі іс-әрекеттер. Мәселен, тамақ ішу, ұйықтау, т.б.

**Мұта:** Аз ғана мерзім үшін қиылған харам некенің бір түрі.

**Нас:** Діни мәтіндер. Құран мен сүннет.

**Нифас:** Әйел адам босанған кезде жатырынан келген қан.

**Парыз:** Анық және бұлтартпас дәлелдермен әмір етілген діни іс-әрекеттер мен міндеттер.

**Рәжм:** Тасборан: Зина жасаған үйленген ер кісі мен әйелге яки жесір мен әйелінен айырылған ер кісіге сүннетпен белгіленген жаза түрі.

**Рижиф талақ:** Әйеліне қайта қосылу мүмкіндігі бар талақ түрі. Яки бір ер кісі әйелін бір яки екі мәрте талақ ететін болса, «ғиддат» күту мерзімі аяқталғанға дейін жаңа неке қимай-ақ, һәм жаңа «мәһір» бермей-ақ райынан қайтып әйеліне қайта қосылуы.

**Рүкін:** Негіз.

**Сүннет:** Парыз бен уәжіптен бөлек Аллаһ елшісі жасаған, «жасаңдар» деп әрі жасалуына ризалығын білдірген іс-әрекеттер.

**Талақ:** Ерлі-зайыптылардың бір-бірімен ажырасуы.

**Тәсәттур:** Әйелдің орамал тартуы, ақжаулық.

**Уәжіп:** Орындалуы дәл парыз секілді талап етілмеген, қуатты дәлелдермен анықталған іс-әрекет пен уәзипалар.



**Уәли:** Қамқоршы, заңды өкілі.

**Фасид неке:** Жарамсыз, бұрыс неке.

**Пәтуа:** Құран мен сүннеттен белгілі бір ережелерге сүйеніп, шығарылатын үкім.

**Хад жазасы:** Исламда қатаң тиым салған істерді жасаған адамға берілген жаза түрі.

**Хадана:** Жасының кіші яки жарым ес сияқты себептермен тікелей өз істерін жасай алмаған баланы қамқорлыққа алу.

**Хайыз:** Әр айдың белгілі күндерінде әйелде пайда болып, кейбір ғибадаттарға кедергі жасайтын қан.

**Харам:** Жасалуы мен пайдалануы Исламдық тұрғыдан қатаң тиым салынған нәрселер.

**Хитба:** Құда түсу, сөз салу.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

**Абдул Мәжид Азизул-зандани**, Китабу Тәухидул-Халиқ. Дарус-Салам, Египет, 1994 ж.

**Абдул-Фаттах Әбу ғудда**, Әр-Расулул-Муаллим уа Әсалибуһу фит-талиим. Дарул-Башаирул-Исламия, Байрут, 1997 ж.

**Алауддин әс-Сәмәрқанди**, Тухфәтул-Фуқаһә. I-III. Бәйрут.

**Афиф Әбдул-Фаттах Таббара**, Рухуд-динил-Исламий. Дарул-ғилм Лилмәлаййн, Бәйрут. 1995.

**Ахмәд ибн Ханбәл**. әл-Муснәд. Египет.

**Әбу Дәууд**, әс-Сунән. Египет.

**Әбу Исқақ әш-Шатиби**, әл-Муафәқат. I-IV. Бәйрут.

**әд-Дәримиди**, Әбу Мухаммәд ибн Абдуррахмән. әс-Сунән. Египет.

**әл-Бәйхақи**, Әбу Бәкир Ахмәд ибн әл-Хусәйн. әс-Сунәнул-Кубра. I-X

**әл-Ғазали**, Ихая улумуд-дин.

**әл-Жәзири**, әл-Фикһ алал-Мәзһабил-Арбаа. I-V. Египет.

**әл-Кәсәни**, Бәдәиус-Сәнәий фи Тәртибис-Шәрәий. I-V. Бәйрут.

**Әл-Марғинани**, «әл-Ғидая»,

**әл-Мәусили**, Мәждуддин Абдуллаһ, әл-Ихтияр ли Тахлилил-Мухтар. I-V.

**әл-Хаким ан-Нисабури**, Әл-Мустадрак ғала ас-Сахихайни, Дар әл-кутуб әл-ғилмия, Бәйрут, 1990.

**ән-Нәсәи**, Әбу Абдиррахман ибн Шуайб. әс-Сунән. әс-Сарахси, әл-Мәбсут. I-XXX Бәйрут.

**әт-Тирмизи**, Мухаммәд ибн Иса. әс-Сунән. Египет.

**әш-Ширбини**, Муғнил-Мухтаж. Египет.

**Б. Асылбеков**. Қымыз шипалы сусын. 12-13 беттер. Алматы, 1986.

**Бухари**. Әбу Абдиллаһ Мухаммәд ибн Исмайл. әл-Жамус-Сахих, Станбул, 1907.

**Елмалы**, Хамди Языр, Хақ дини Куран дили. I-X Станбул.

**Жәләуддин әс-Сиуити**. әл-Итқан фи Улумил-Қуран. Бәйрут, 1996.

**Зәйләи**. Нәсбур-Рая ли Хадисил-Һидая. I-IV

**Ибн Абидин**, Мухаммәд Әмин, Рәддул-Мухтар алад-Дуррил-Мухтар. I-V. Египет.

**Ибн Әби Дауд**. Әбу Бәкир Абдуллаһ. Китабул-Мәсәхиф. Египет, 1936.

**Ибн Кәсир**. әл-Бидәиә уән-Ниһәиә. Станбул, 1994.

**Ибн Қудамә**, әл-Муғни, 6/572. Египет, 1970.

**Ибн Манзур**, Мухтасару тарихи Димашқ.

**Ибн Манзур**. Лисанул-Араб.

**Ибн Мәжә**, Әбу Абдиллаһ Мухаммәд ибн Язид. әс-Сунән. Египет.

**Ибн Рушд**, Бидәятул-Мужтәһид уә Ниһәятул-Муқтасид. I-III. Станбул.

**Ибн Хажар әл-Әсқалани**. Фәтхул-Бәри би Сахихил Бухари. Египет.

**Ибн Хишам**. Сиратул-Расул. Египет, 1929.

**Идрис Шенгүл**. Куран үзеріне. Измир. 1994.

**Қайрат Жолдыбайұлы**, Дін мен Діл. 90-93 беттер. Алматы. 2010.

**Мәлик ибн Әнәс**, әл-Муатта. Египет.

**Мәннәнүл-Қаттан.** Мәбәһис фи Улумил-Қуран. Бэйрут.

**Муслим.** Әбул Хусәйн ибн Хажжаж. Сахих. Станбул.

**Мустафа Сайдул-Хан,** Мухиддин диб-мусту, Әл-ақидатул-Исламия. Дарул-Кәлимут-таййб, Дару ибни Кәсир, Байрут, 1996

**Мухаммед әл-Ғаззали,** әс-Суннәтун-нәбәуия бәйнә әһлил-фиқһ уә әһлил-хадис

**Рази.** Мухаммед ибн Омар ибн Хусәйн Фахрәддин. Мәфәтихул-Ғайб. Бэйрут.

**Сайд Хауа,** Аллаһ. Дәрус-Сәлам, Египет, 1998 ж.

**Субхи Салих,** Мәбәһис фи улумул-Қуран, Бэйрут.

**Хайрәддин Караман.** Халаллер мен харамлар. Станбул, 2008.

**Хаким.** әл–Мустәдрәк.

**Халифа Алтай.** Құран Кәрім қазақша және түсінігі. Сауд Арабия, 1991.

**Хамди Дөндүрен,** Делиллериле аиле ілмихалы, Станбул. 1995.

**Хәйсәми,** Нурәддин Али ибн Әбу Бәкир. Мәжмәуз-Зәуәид. Египет.

## МАЗМҰНЫ

|               |   |
|---------------|---|
| АЛҒЫ СӨЗ..... | 3 |
|---------------|---|

### І БӨЛІМ

#### ХАЛАЛ МЕН ХАРАМ

|  |    |
|--|----|
| ХАЛАЛ МЕН ХАРАМНЫҢ АРАЖІГІ .....                                     | 9  |
| Құрлықтағы жан-жануарлар.....  | 10 |
| <i>Құрметті қонаққа және марқұмға арнап мал союға бола ма?</i> ..... | 11 |
| <i>Борсықтың майын ем ретінде ішуге бола ма?</i> .....               | 18 |
| Судағы жан-жануарлар .....   | 18 |
| Әрі құрлықта, әрі суда өмір сүретін жан-жануарлар .....              | 19 |
| Жан-жануардың еттеріне қатысты кейбір мәселелер .....                | 19 |
| Бие сүті мен қымыздың үкімі қандай? .....                            | 20 |
| Малдың сойылуы .....   | 24 |
| Мал союдың сүннеттері .....  | 27 |
| Қазіргі қасапханалардағы мал сою .....                               | 28 |
| Аң аулау .....   | 30 |
| Аңшы және аулауға қатысты шарттар .....                              | 31 |
| Ауланатын аңға қатысты шарттар .....                                 | 32 |
| Аңшылыққа үйретілген хайуан.....                                     | 33 |
| Ішімдік және сусын түрлері .....                                     | 35 |
| Ішімдікпен емделудің харамдығы .....                                 | 37 |
| <i>Ішімдік қойылатын тойларға баруға бола ма?</i> .....              | 38 |
| <i>Алкогольсіз сыра және квасты ішуге бола ма?</i> .....             | 42 |
| Темекінің үкімі .....  | 45 |
| <i>Насыбай мен қорқор туралы не дер едіңіз?</i> .....                | 49 |
| Жібек киім мен жібек матаны пайдалану.....                           | 49 |
| Алтын-күміс тағу.....  | 52 |
| Әтір және соған ұқсас сұйық заттардың үкімі.....                     | 61 |
| Сурет пен мүсіннің үкімі .....                                       | 63 |
| Музыканың үкімі.....   | 70 |

|  |    |
|--|----|
| Хазіреті Пайғамбардың ынталандырған спорт түрлері .....    | 76 |
| <i>Көкпар тартудың үкімі қандай?</i> .....                 | 77 |
| Нарды ойыны .....  | 78 |
| Шахмат .....   | 79 |
| <i>Тоғызқұмалақ туралы не айтасыз?</i> .....               | 80 |
| <i>Бильярд пен теннис</i> .....                            | 80 |
| Құмар ойыны .....  | 81 |
| <i>Ендеше қазіргі ұтыс ойыны да құмарға жата ма?</i> ..... | 81 |
| Моншаға түсудің әдептілігі мен үкімі .....                 | 83 |

## II БӨЛІМ ОТБАСЫ БӨЛІМІ

|  |     |
|--|-----|
| ТУЫСТЫҚ ТЕГІ .....                                       | 87  |
| Баланың ата-тегінің айқын болу жолдары .....             | 88  |
| 1. <i>Дұрыс үйленудегі ата тектің дұрыстығы</i> .....    | 88  |
| 2. <i>«Фасид» – бұрыс үйлену</i> .....                   | 91  |
| 3. <i>Күмәнді төсек қатынасы</i> .....                   | 91  |
| Ата-текті анықтаудың жолдары .....                       | 92  |
| Сүт ему және сүт туыстығы .....                          | 95  |
| Сүт емудің шарттары .....                                | 98  |
| Хадана .....   | 101 |
| ҚАМҚОРЛЫҚ (ХАДАНА) ҚҰҚЫҒЫНА ИЕЛІК ЕТУШІ<br>ТУЫСТАР ..... | 103 |
| 1. Қамқорлық құқығына иелік етуші әйелдер .....          | 103 |
| 2. Қамқорлық құқығына ие ер кісілер .....                | 105 |
| <i>Қамқорлық құқындағылардың ерекшеліктері</i> .....     | 105 |
| <i>Қамқорлық құқығының тоқтатылуы</i> .....              | 107 |
| Күту шығынының өтеуі .....                               | 108 |
| Ажырасқан кісілердің баланы көру құқығы .....            | 109 |
| Қамқорлық мерзімінің тоқтауы .....                       | 109 |

## III БӨЛІМ ИСЛАМДА КИІНУ ТҮРЛЕРІ

|   |     |
|---|-----|
| ТӘСӘТТҮР (ОРАМАЛ ТАРТУ, АҚЖАУЛЫҚ) ..... | 115 |
| Құраннан дәлелдер .....                 | 115 |
| Сүннеттен дәлелдер .....                | 118 |

|  |     |
|--|-----|
| Бүркенуге тиісті ерекшеліктер.....                                       | 120 |
| Ер кісілердің киіміне ұқсамауы .....                                     | 122 |
| Ерлердің орануы.....   | 122 |
| Баланың әурет жері .....   | 123 |
| Әйел қалай орануы керек?.....  | 123 |
| <i>Ер кісінің әйел адамға массаж жасауының да үкімі осылай ма?</i> ..... | 125 |
| Әйелдің жақындары (махрамдары) .....                                     | 125 |
| Ер кісінің әйелге қарауы.....  | 127 |
| Әйелдің ер кісіге қарауы.....  | 128 |
| Амандасу түрі .....  | 130 |
| Қол алысып амандасу .....  | 132 |
| Хақ пайғамбар бият (серт) кезінде әйелдерге қол бермеуі.....             | 133 |

#### IV БӨЛІМ

#### ЗИНА ЖАЗАСЫ және ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

|   |     |
|---|-----|
| ЗИНА ЖАЗАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ.....                              | 137 |
| Зина үшін шарифаттағы жаза.....                                 | 138 |
| <i>Зина жазасын іске асыру шарттары</i> .....                   | 139 |
| Жүз дүре соғу жазасы .....                                      | 141 |
| Рәжм (тасборан) жазасы .....                                    | 142 |
| Хақ пайғамбардың рәжм жазасын іске асыру мысалдары.....         | 143 |
| Зинаның қазы құзырында анықталуы.....                           | 145 |
| 1. <i>Зинаның растау жолымен анықталуы</i> .....                | 145 |
| 2. <i>Төрт куәмен анықтау</i> .....                             | 146 |
| Зина жазасын жүзеге асыру шарттары .....                        | 147 |
| 1. <i>Ислам мемлекетінің болуы</i> .....                        | 147 |
| 2. <i>Рәжмді жүзеге асыруда алдымен куәлардың бастауы</i> ..... | 147 |
| Дүре жазасының шарты.....                                       | 148 |
| Қызтекелік.....   | 148 |

#### V БӨЛІМ

#### ХИТБА, СӨЗ САЛУ, ҚҰДА ТҮСУ

|  |     |
|--|-----|
| АТАСТЫРУ, СӨЗ САЛУ, ҚҰДА ТҮСУ.....             | 153 |
| Үйленетін ер мен әйелдің бір-бірін көруі ..... | 154 |

|   |            |
|---|------------|
| Күйеу жігіт пен қалыңдыққа тыйым салынған нәрселер....  | 157        |
| Құда түсу мен атастыру .....  | 158        |
| Құда түскісі келетінін жасыра тұру .....  | 158        |
| Құда түсіп қойған қалыңдыққа басқа адамның құда түсуінің үкімі .....  | 161        |
| <i>Егер екінші кісі заңсыздық жасап, қалыңдыққа құдалық түсіп қойғанына қарамастан оған үйленсе, оның үкімі қандай? .....</i> | <i>162</i> |
| <i>Қалыңдыққа күйеу жігіттің жаман сипаттарын айтып ескертуге бола ма? .....</i>  | <i>163</i> |
| Жар таңдаудағы мұстахап ерекшеліктер.....   | 164        |
| 1. Діндар, тақуа болуы.....   | 164        |
| 2. Көп балалы болуы.....  | 165        |
| 3. Тұрмыс құрмаған қызбен үйлену.....   | 165        |
| Хитбаның бұзылуы .....  | 167        |
| Шығын төлемі .....  | 168        |

## VI БӨЛІМ НЕКЕ БӨЛІМІ

|   |            |
|---|------------|
| НЕКЕ .....  | 173        |
| Үйленудің заңдылығына қатысты дәлелдер .....                                  | 175        |
| Күйеу жігіттің жар таңдауы .....  | 177        |
| Қалыңдыққа қандай ер азамат абзалырақ? .....                                  | 182        |
| Үйленудің үкімі .....   | 184        |
| Үйленудің шарттары.....   | 185        |
| Некенің негіздері.....  | 185        |
| Неке ұсынысын қабылдаудағы қажетті шарттар.....                               | 186        |
| Неке келісінде дұрыс және бұрыс арнайы шарттар.....                           | 188        |
| Үйленудің «дұрыс» шарттары.....   | 189        |
| Куәгері қызметі .....   | 190        |
| Жасырын некенің үкімі.....  | 192        |
| <i>Қажсылық кезінде ихрамдағы адамның некелесуіне рұқсат беріле ме? .....</i> | <i>192</i> |
| Үйленуде ризалық және қалаудың болуы.....                                     | 199        |
| Үйлену кедергілері.....   | 201        |
| Өмірлік үйлену кедергілері .....  | 201        |



|  |            |
|--|------------|
| 1. Қан туыстығы .....  | 201        |
| 2. Қайын жұрттық ( <i>сихри</i> ) туыс.....  | 202        |
| <i>Ерлі-зайыптыларға бала асырап алуына болмай ма? ...</i>                             | <i>203</i> |
| 3. Сүт туыстығы .....  | 204        |
| Уақытша үйлену кедергілері .....   | 204        |
| 1. Дін айырмашылығы.....   | 205        |
| 2. Үш талақтан туған үйлену кедергісі .....  | 206        |
| 3. «Ғиддатқа» қатысты үйлену кедергісі.....  | 207        |
| 4. Көп әйелге қатысты үйлену кедергісі.....  | 208        |
| 5. <b>Қайынжұрттық (<i>сихри</i>) туыстарынан туған<br/>    үйлену кедергісі .....</b> | <b>209</b> |
| 5. <i>Өзгемен тұрмыс құрудан туған кедергі</i> .....                                   | <i>210</i> |
| НЕКЕ ЖӘНЕ ҮЙЛЕНУ РӘСІМІ .....  | 211        |
| Некенің қиылу түрі .....   | 211        |
| Некеде діни яки ресми бір қызметкердің болуы .....                                     | 216        |
| Неке рәсімінде сөз сөйлеу (хұтба) мен дұға .....                                       | 217        |
| Үйленуді жұртқа жария ету және той жасау мәселесі .....                                | 220        |
| Отбасын құрудың мақсаты .....  | 221        |
| Ерлі-зайыптылардың жақындасу әдептілігі.....   | 234        |
| Құрсақтан түсік тастау.....  | 234        |
| Суррогат ана .....   | 236        |
| Үйленудің әдептері .....   | 239        |
| Үйлену түрлері .....   | 241        |
| 1. Дұрыс ( <i>сахих</i> ) неке.....  | 241        |
| 2. Бұрыс ( <i>фасид</i> ) неке .....   | 245        |
| <i>Бұрыс некенің нәтижелері</i> .....  | <i>246</i> |
| 3. Жалған ( <i>батыл</i> ) неке.....   | 247        |
| «Мұта» (қызықтау) неке .....   | 247        |
| Азаматтық неке.....  | 249        |

## VII БӨЛІМ

### ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ БІР-БІРІНЕ ДЕГЕН ҚҰҚЫЛАРЫ

|                        |     |
|------------------------|-----|
| МӘНІР .....            | 255 |
| Нәпақа .....           | 259 |
| Әйелінің нәпақасы..... | 260 |

|  |     |
|--|-----|
| «Гиддатты» әйелдің нәпақасы.....               | 263 |
| Бала-шағаның нәпақасы.....                     | 263 |
| Әкенің ұлына қарау шарттары.....               | 264 |
| Ата-анасы мен өзге де жақын туыстары.....      | 264 |
| Жақын туыстарына нәпақа беруінің шарттары..... | 265 |
| Әйелдің жеке құқығы мен жауапкершіліктері..... | 266 |
| Төрт әйел алған ер кісінің әділдігі.....       | 269 |
| Ердің құқы мен жауапкершілігі.....             | 271 |
| Өкіл арқылы үйлену.....                        | 280 |

## VIII БӨЛІМ ТАЛАҚ

|  |            |
|--|------------|
| ТАЛАҚ ТҮРЛЕРІ.....   | 285        |
| Талақ негіздері.....   | 285        |
| Талақтың шарттары.....                                       | 287        |
| <i>Талақ еткен адамда қажетті шарттар.....</i>               | <i>287</i> |
| <i>Талақ етілетін әйелде болуы тиіс қажетті шарттар.....</i> | <i>288</i> |
| Талақ етуде ерекше жағдайлар.....                            | 288        |
| 1. Әзіл талағы.....  | 288        |
| 2. Зорлық талағы.....  | 291        |
| Мас адамның «талағы».....                                    | 293        |
| Талақтағы сөздер.....  | 296        |
| Хат арқылы талақ ету.....                                    | 298        |
| Өкіл арқылы талақ ету.....                                   | 299        |
| Саңырау мен мылқаудың талақ етуі.....                        | 300        |
| Бір сөзбен үш рет талақ ету мәселесі.....                    | 300        |
| 1. Көпшіліктің көзқарасы.....                                | 300        |
| 2. Азшылықтың көзқарасы.....                                 | 301        |
| Бір жердегі үш талақ.....                                    | 304        |

## IX БӨЛІМ ТАЛАҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ

|   |     |
|---|-----|
| 1. «РИЖИҒ» (ҚАЙТУ) ТАЛАҒЫ.....          | 309 |
| «Рижиг» (қайту) талағының үкімдері..... | 310 |
| 2. «БАЙЫН» (АЙҚЫН, АҚЫРҒЫ) ТАЛАҚ.....   | 311 |
| «Байын» (айқын) талақтың түрлері.....   | 311 |

|   |     |
|---|-----|
| «Байын» (айқын) саналған талақтар .....                 | 312 |
| «Байын» талақтың үкімдері.....                          | 313 |
| Үлкен ажырасу жағдайында.....                           | 314 |
| Талақ әдебі .....                                       | 314 |
| Ердің әйеліне талақ ету құқығын беруі.....              | 319 |
| Некенің қазының шешімі арқылы аяқталуы.....             | 320 |
| Ислам дініне кіру, яки діннен шығудың некеге әсері..... | 323 |

## **X БӨЛІМ**

### **ФИДДАТ**

|                          |     |
|--------------------------|-----|
| ФИДДАТ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ..... | 327 |
|--------------------------|-----|

## **XI БӨЛІМ**

### **ӘР ТҮРЛІ МӘСЕЛЕЛЕР**

|   |     |
|---|-----|
| ӘР ТҮРЛІ МӘСЕЛЕЛЕР .....  | 335 |
| Мұсылман емес ер кісінің мұсылман әйелге үйленуіне<br>рұқсат етуі.....                            | 337 |
| Күйеуі қайтыс болған әйел не істеуі керек? .....  | 337 |
| Құдалық түсумен үйленуді қалағанын білдіру.....   | 338 |
| Күйеуі талақ еткен немесе қайтыс болған әйел не істеуі<br>керек? .....                            | 338 |
| Күйеуі талақ еткен әйелін қалай қайтарып ала алады?.....  | 340 |
| Ерлі-зайыптылардың бірі жасаған зинасы туралы<br>үйленердің алдында айтуға міндетті бола ма?..... | 340 |
| Қыз бен жігіт некелерін тойдан бұрын қиюларына бола<br>ма?.....                                   | 341 |
| Ата-анадан бейхабар неке қиюға бола ма? .....   | 342 |
| ТЕРМИНДЕРГЕ ТҮСІНІК .....   | 343 |
| ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР .....  | 346 |

*Ескеру үшін*

*Ескеру үшін*

*Ескеру үшін*

*Ескеру үшін*

*Ата әс-Сынбати*  
*Мұхитдин Исаұлы*

**ОТБАСЫ ҒЫЛЫМХАЛЫ**  
(ХАНАФИ МӘЗҒАБЫНЫҢ НЕГІЗІ БОЙЫНША)

*Редакторлары:*  
*Күлпара Жұмағали*  
*Дәкібай Айдарбекұлы*